

Гүлжиян кажы Ханафияқызы

ӨМІР ӨТКЕЛДЕРІ, УАҚЫТ ӨРНЕКТЕ

Естелік-әңгіме

Екібастұз қаласы
2010 жыл




Гүлжиян қажы Ханафияқызы

ӨМІР ӨТКЕЛДЕРІ, УАҚЫТ ӨРНЕКТЕРІ

Естелік-әңгіме

Екібастұз қаласы
2010 жыл





УДК 821.512.122

ББК 84 (БҚаз)

X - 19

Ханафияқызы Г.

Өмір өткелдері. Уақыт өрнектері-----Екібастұз,

2010

298 Бет

ISBN 978-601-7113-14-8

Жетпіске аяқ басқан, көрген-білгені мол, санасы сергек Гүлжиян Ханафияқызының осы кітабында дүние есігін ашпай жатып анасынан айырылып, өмір бойы ана бейнесін іздеумен өткен бала махаббаты шынайы бейнеленген.

Сондай-ақ кітапта ата салтымыздың сақталуы, үлкеннің кішіге, кішінің үлкенге ізеттілігі, адамдар арасындағы жылы қарым-қатынас әдемі өрілген. Автор өз естелік-әңгімесінде адамдар жан-дүниесіне терең бойлауға құштар. Тәлімі терең, тағылымы зор бұл кітаптың оқырман көңілінен шығары даусыз.

Кітаптың редакторы Дария Ертайқызы Жұмаділова
Кеңесшісі Совет Жанкелдіұлы


УДК 821.512.122

ББК 84 (БҚаз)

X 4702250200

00(05)-09

ISBN 978-601-7113-14-8



АЛҒЫ СӨЗ

Бұл кітапты өнерім асып, қайратым тасыған шақта емес, зейнеткерлік жасқа жетіп, өткен күндерді ой елегінен өткізе отырып, қайта оралмас жастық шақтың қадірін түсінген кезде жазып отырмын.

“Ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсін” демекші, бүгінде өзім де бала сүйіп, әже атанғанда ғана тоғыз ай, тоғыз күн көтеріп, тар құрсағын кеңітіп, тас емшегін жібіткен әзиз анамның мен үшін орны бөлек екенін ұғындым.

Ана десе толқымайтын жүрек, тасымайтын қан, тербелмейтін сезім болмауы мүмкін емес.

Анамнан екі жасымда қалсам да, жылдар өткен сайын анама деген сағынышым арта түспесе, бір кеміген емес. Анаң көзден кетсе де, көңілден кетпейді екен. Анамның қайтыс болғанына алпыс бес жылдан асса да, өзім әже атансам да, тіпті анамды түстеп білмесем де, «Накия» деген есімді естісем. жүрегім елжіреп, селт ете қаламын.

Абай ағамыз “Атадан - алтау, анадан - төртеу” дегендей, анамның артында қалған жалғыз жәдігері болған соң, балаларыма, немерелеріме, шөберелеріме келелі өсиетім қалсын, өмір бойы анасын аңсаумен өткен аналарының, әжелерінің өзегін өртеген сағыныш-мұңы жүректеріне жетсін деген ізгі оймен 60 жастан асқанда көрген-түйгенімді қағазға түсіре бастадым.

Өмірде жетімдік көрмесең де, туған ағанды аңсайды екенсің.

Бұл кітабымды аяулы анашым Накия Ахметжанқызының 85 жасқа толуы мен өмірден өткеніне 65 жыл толуына, сондай-ақ соғыс уақытында және соғыстан кейінгі жылдары екі жастан он бір жасқа дейін қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, туған қызындай бауырына басып тәрбиелеген екінші анам Шәкімге арнаймын.

Міне, биыл босағаларын аттағаным 50 жыл толып отырған ағам Жанкелді мен енем Бағилаға арнадым.

Ертісім менің, Ертісім!

Әр адамның үш жұрты болады. Өз жұрты, нағашы жұрты және қайын жұрты. Совет екеуміздің де үш жұртымыз жеті атамыздан бері осы Ертістің топырағында өсіп-өнген. Әр адамның туған жері «Мысыр шаһары» демекші, өзімнің, Советтің, әке-шешемнің, ата-енемнің, барлық балаларымның туған жері Ертіс ауданы болғандықтан, бұл жер бізге жер жәннаты іспетті.

Әкем, мен және қызым Бибігүл үшеуміз де жылқы жылы туғанбыз, осы орайда Ертіс өзенінің көрінісі мен су ішіп жатқан жылқыларды кітаптың мұқабасына беруді лайық көрдік.

Ертіс деген қала бар

Ертіс деген қала бар, білесің бе?
Қуат жатыр қаншама бұл есімде!
Қалалар көп елімде, өзен де көп,
Сақтап жүрер, дейсің ғой кім есінде.
Болмаса да зәулім үй зер төгілген,
Көңіл күйін бұл қала шерте білген.
Қарт өзеннің ғажайып жағасында,
Жасыл торғын тоғаймен көмкерілген.
Болмаса да тауың онша ғаламатқа,
Қайран қалма бөленген дала - баққа.
Қолтықтасып қайыңдар қыз-жігіттей,
Келе жатқан секілді қала жаққа.
Болмаса да кең сарай баспанасы,
Қаланы осы есіңнен тастамашы!
Иса ақынның жырындай ағыл-тегіл,
Мол астықтың бұл да бір астанасы.

А. Шамкенов

Аркада аққан күміс алтын арна,
Ер ерке Ертісімдей өзен бар ма?
Суылдап, сабырлы оймен жатыр ағып.
Жарқырап көз жіберіп айналаға.
Күй төгіп, кернейлетіп ағады Ертіс,
Білдірмей заман сырын бағады Ертіс,
Ертісім - еркіндіктің бесігі бұл,
Ер жігіт, ерте тұр да Ертіске түс.
Жаһанның жатқан бұл бір көк жойқыны.
Еркі қып, еркелетіп қойған мұны.
Тербеліп толқынында ән сап өскен.
Қайтып та сорлы болсын қазақ ұлы!

Қ. Аманжолов

Ертісім менің, Ертісім

Жарқырап аққан өзенім,
Жайраңдаған арудай.
Жалғаған ел өзегін,
Суы жанға дәрудай.
Сол өзеннің жағасын,
Қоныс қылған ауылым.
Отыз ұлттың баласын,
Тоғыстырған ауылым.
Жазы мен Түгел батырым,
Жауын жайпап өткен жер.
Исадай өр ақыным,
Селдетіп жыр төккен жер.
Өзіңе бас иемін -
Асыр салып өскен жер.
Айдарымнан киелі
Бакыт лебі ескен жер.

*Қайырмасы:
Ертісім менің, Ертісім,
Өр мінезді, өр пішін.
Елдігіңе ел сүйінген
Көңілімнің көркісің.*

Қызу думан қырларда,
Ер дихандар айбыным.
Алтын таулар қырманда,
Сарқылмайтын байлығым.
Шалқып жатса дәулетім,
Мен де өзгеден ереkpін.
Мен де өзгеден ереkpін-
Жайқалған бәйтерекпін.
Малға толы жайлауым,
Құт-береке дарытқан.
Миллионер байларым,
Жомарттығын танытқан.
Күні шығып, түні өткен,
Тәуелсіздік түлеткен.
Жан жайлауын жайнатып,
Жүрегіме гүл еккен.

*Қайырмасы:
Ертісім менің, Ертісім,
Өр мінезді, өр пішін.
Елдігіңе ел сүйінген,
Көңілімнің көркісің.*

М. Жаманбапинов

Қыпшақ Алдеке кожекелер шежіресі.

Алдекеден - Тағанак - Алтыбай - Құлмырза
Құлмырадан 4 бала: Жамақай, Сүлеймен, Кенжалы,
Кенекозы.

I. Жамақайдан: Құлжабай - Ахметжан.

Ахметжаннан - Мағрипа, Накия, Токпан, Ақпан.

Ақпан - Бикен, Ұмсынған, Қайырғали, Зайда, Нұрбай.

Нұрбай - Нұрбайда 2 қыз, Қайырғалида 2 қыз, Зайдада 2
ұл. Ұмсынғанда 2 қыз, 1 ұл, Бикенде 2 қыз, 1 ұл. Ұмсынған,
Нұрбай, Гайша да (Қайырғалидың жолдасы) дүниеден
озған.

Мағрипа мен Токпаннан ұрпақ жоқ, өздері дүниеден ерте
озған.

Накиядан - Адамхан (Ер Қайсар) 1945 жылы өмірде 40
күн тұрып, өмірден озған.

Накиядан - Гүлжиян (Мен).

Жамақайдан - Мұстафа - Баянды - Өмірбек.

II. Сүлеймен - Әбайділда. Әбіш, Жүніс.

Әбайілладан - Қонақбай - Дүйсенбай, Бейсенбай,
Боранбай, + 3 қыз.

Жүністен - Зейніш, Шәріп, Күлшім.

Зейніштен - Талапкер, Қазбек.

Талапкерден - Марат, Талғат, Жанат + 2 қыз.

Әбіштен - Айбике, Жаңаберді, Табылды, Шамшит.

Айбикеден - Мүгілсім, Майра. Жаңабердіден ұрпақ жоқ.

Табылдыдан - Руза, Исхақ, Снат.

Снат - ерте дүниеден озған, ұрпақ жоқ.


Рузадан - Иманәлі, Кенжетай, Қабышкен.

Қабышкеннен - Сәуле, Сәуледен - Азамат, Ләззат.

Исқақтан - Жұмабай, Жұмаділ, Мамила, Әмина, Зура,
Жаңылған, Қымбат.

Жұмаділден - Қайыр, Тайыр.

Әбіштен - Шамшиттен - Әйтім, Әлімжан, Бейсен, Қасен.



Бағыла, Күліш, Құттыбикеден (Тәтті апа) - Қабира, Матай.

Қабирадан - Бақыттан - Бека, Баяннан - 2 ұл, Маралдан - 1 ұл, 1 қыз, Қарлығаштан - 1 ұл, 1 қыз, Серік - Арман, Әйгерім, Самал.

Матайдан - Қанат, Жанат, Ләззат, Зәуреш.

Әйтiмнен - Набирадан - Әбіш, Қабыш, Қалижан, + 3 қыз.

Әйiмжаннан - Кабікеннен - Сәкен.

Бейсеннен - Қасымжан, Қасымжаннан 10 бала: Ерболат, Галы, Бауыржан, Мейрам, Болат, Қайрат, + 4 қыз.

Қасен - Сәруар, Тiлеубердiден - Зәмзагүл. Әлібек, Бақытбек, Ғабдулмақсат.

Күліштен - Күлайдан - Күлтай - Әсел, Әсет, Алмаз.

Күлайдан - Қуаныш - 1 қыз, өзі 2008 жылы дүниеден озды.

Айнаштан - 1 ұл, + 1 қыз.

Қарлығаштан - 1 ұл, + 1 қыз.

Шәмшигтен - Бағыла. Бағыладан - Дәметей, Совет.

Дәметейден - Ләззат, Ерболат, Қайрат, Гүлшат.

Ләззаттан - Ғалия, Ерболаттан - Ризат, Әзиза, Айдана, Еркнат.

Қайраттан - Талғат, Рахат, Мақсат. Гүлшаттан - Жанела, Жанкелді.


Советтен - Тасболаттан - Алан, Ғалығайдар, Әбукожа, Ғалығайдардан - Иасин.

Бекболат - Алия, Сания, Абдулмұрат, Әли-Ислам.

Бибігүлден - Жәмила, Алмаз, Әмина.


Айгүлден - Нұрислам, Нүргүл, Накия (Менің анамнің есімі).





I тарау

Қалыптасу жолында



Сыйлаған өмір балаға,
Бас имес кімдер анаға.
Тәлімің мәңгі қалады,
Жаңғырып ой мен санада.

Бірінші бөлім

АНАМ НАҚИЯ

Кейде жүрісінен еш жаңылмайтын уақыттың аяқ алысын аңдамай, өткен күндерді күні кешегідей сезініп жүріп, талай жылдардың бір-ақ сәтте артта қалғанын ұғасың. Мұндайда алдамшы уақыттың жүрісін қалай ғана байқамай қалғаныңа қайран қаласың. Алайда күнделікті тіршіліктің кам-қарекеті уақыттың көзді ашып-жұмғанша зуылдап өтіп жатқанын түйсінуге мұрша бермейтіні де рас.

Сонау жылдардың еншісінде кеткен біздің бал дәурен балалық шағымыз Ертіс өзенінің жағасында өтті. Атамекеніміздің сұлу табиғаты көңілімізге үнемі қуаныш нұрын себетін. Қыстыгүні бала біткен өзеннің қар басқан мұзында ойнайтын едік. Ертіс өзенінің жағасында өткен балалық күндер бүгінгі күндердің бұлдыр тұманы арасынан қуаныштың ізі қалған жарқын шақтай елестейді. Кейде өмірдің ауыр сәттерінде балалық шақтың жарқын көріністері алыстан қол бұлғап, сананы сансыратқан ойдан арылтып, көңілді жадыратады.

Анам Накия Ахметжанқызы 1924 жылы Ертіс ауданы Кеңес ауылында туған. Әкесі Ахметжан Құлжабайұлы 1887 жылы туған. Руы – қыпшақ – алдеке, молда болған. Бесінші атасы Алтыбай әулие кісі болған деседі. Ертіс өңірінің көнекөз қариялары: «Ертіс өзені ол кезде кемерінен шығып, бура жал толқындары жағаға ұратын. Ол уақытта халық тек өзен арқылы параходпен қатынайтын» деп әңгімелеп отыратын. Алтыбай әулиенің әулиелілігі сол - камшымен суды бір тартса құп-құрғақ өткел ашылады екен. Анамның шешесі Ұмындық Смағұлқызы қанжығалы руынан. Әжесі

Ыбыш Смағұлдың апасы Жүнісқызы менің енем Бағиланың шөбере ағасының әйелі жеңгесі болады. Анам Бағила енеме немене сіңлі болып келеді. Бір қызығы, менің анам Накия 4-ші, 5-ші класта туысы Бағила енемнің қолында оқыпты. Кейін енем “Накия марқұм қандай еді, шіркін, зерек еді» деп аузының суы құрып әңгімелейтін. «Нақияның шешесі Ұмсындық мата, жіп, сабын, сіріңке сияқты ұсақ-түйектер тапшы заманда жіпті өзі иіріп, іс тігетін, шекпен токитын, өте шебер, парасатты адам еді” деп әңгімелеуден жалтықпайтын.

Сол кезде үй шаруасы, төрт баланың камымен жүріп, енемнің сөзіне құлақ коймаппын. Амал не, бүгінде анамның көзін көргендерден ешкім қалған жоқ. Қазір анамды сұрайтын да адам қалмады. Өкінгеннен не шара?! Енем Бағила дүниеден өтіп, өзім әже болғанда “Шіркін анам тірі болғанда ғой” деп тамағыма ашы өксік тығылады. Анам жайлы білетінім мардымсыз болғандықтан балаларыма ол жайлы не айтарымды білмей, ынғайсыз күй кешемін.

Әкемнің айтуынша, Ахметжан нағашы атамыз бәйбішесі Ұмсындық Смағұлқызынан Мағрипа, Накия атты екі қыз көреді. Ол күнде “аға өлсе - іні мұра” дегендей шарифат заңына жүгінген заман. Ағасы қайтыс болған соң жеңгесі Әліш Сыздыққызына /1887-1959 жылдары/ үйленеді. Әжемізден Токпан, Ақпан деген екі ер бала көрген. Мағрипадан ұрпақ жоқ. Накиядан мен, 1929 жылы туған Токпаннан ұрпақ қалмады. Ұлы Отан соғысына қатысып, қан майданда опат болды.

Ал 1926 жылы туған Ақпан нағашым қазір Павлодарда тұрады. 84 жаста. 1944 жылы әскер қатарына алынып, 1949 жылы елге аман-сау оралады. Ұлы Отан соғысының және еңбек ардагері. Накия 1941 жылы Павлодар педучилишесін бітірген.

Накия анам тұңғыш ашылған Ертіс қазақ орта мектебінің алғашқы мұғалімдерінің бірі.





Нақия Ахметжанқызы «құйрықты жұлдыздай жарқ етіп, жасындай жарқыраған» айтыс өнерінің ақиығы, суырып салма ақын Құдайберген Әлсейтовтің нағашы қарындасы. Анамның бойында да ақындық қабілет жақсы дамыған. Ол бала кезінде өз айналасына ақын ретінде жақсы танылған. Нақия өленді көп жазған, бірақ сақтамаған.

Анам марқұм 5-класта Ертіс ауданында оқып, кейін үстіне киетін жібі тұзу киімі болмағандықтан 6-класка бара алмаған. Анамның сол кезде шығарған өлеңі төмендегідей:

Тар заман кездестірген біздің баққа,
Жалғыздық биылғы жыл түсті басқа.
Жанашыр жетіп тұрған алда аға жоқ,
Көз салар жетпей жатса, қарындасқа.


Оқуға биылғы жыл бара алмадым,
Білімді тегін берген ала алмадым.
Тұрмыстын ауырлығын ойлай-ойлай,
Жетпейтін болғаннан соң қарайладым.

Әкем де өзі жалғыз, аға-іні жоқ,
Болатын бермесе де көңілге тоқ.
Қайтейін өтіп кеткен толып жатыр,
Келмейді айтқанменен бізге олар жоқ...

\Ары қарай сақталмаған\.

1938-1939 жылдары Нақия анам сегізінші класты үздік бітірген. 1940 жылы Павлодар педучилищесіне бастауыш мұғалімдерін дайындайтын жазғы, қысқы курсына түседі. Екі жылдан кейін аталмыш оқу орнын үздік тәмамдап, Ертіс қазақ орта мектебіне 2-4 кластардың мұғалімі болып орналасады.

1940 -1945 жылдары қазақ орта мектебінде еңбек еткен анам осы мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ханафия Асқаровпен танысып, оған тұрмысқа шығады. Мектеп директоры Қали Мұхамедиев 1941 жылы сұрапыл



соғысқа аттанғанда, орнына менің әкем директор болады.

Келесі 1942 жылы 25 ақпанда мен дүниеге келіппін. Ұлы Абай: «Жас - қартаймақ, жоқ тумак, туған өлмек тағдыр жоқ, өткен өмір қайта келмек. Басқан із көрген қызық артта қалмақ. Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек. Өмір ол - үлкен мектеп» дейді ғой.

1939 жылы фин соғысында жараланып броньда отырған әкемді 1944 жылы “писарлікке жарайсың” деп қайтадан соғысқа әкетіпті. 1945 жылы сәуірдің аяғында анам босанып, бір жұмадан соң өзі дүниеден өтеді. Ер баланы нағашы атам азан шақырып, атын “Адамхан” деп қойыпты. Әскердегі әкем ұлды болғанын естіп, баланың атын “Ерқайсар қойындар” деп хат жолдайды. Нақия дүние салған соң, қырық күннен кейін Ерқайсар да шетінеп кетеді. Анам мен бауырым, нағашы атам Ертіс ауданындағы Кеңес Қожеке зиратына жерленген. Ата-ананың қадірін тіршілікте білетіндер де, білмейтіндер де баршылық. Қолда барда алтынның қадірі жоқ, қолдан шығып кеткен соң өмірдің өтіп кеткенін кеш түсінеміз.

1997 жылы ұлдарым Тасболат пен Бекболат Әбуғожиновтар нағашы атам, анам және бауырым Адамханның (Ерқайсар) басын көтерді. 1946 жылы көз жұмған нағашы атам Ахметжан үшеуі бір кесененің ішінде.

«Қайран анашым, бауырым, нағашы атам, нағашы шешелерім - Ұмсындық, Әліш, егер сендерге тіл бітсе, «52 жылдан бері қайда жүрдің?» деп сұрақтың астына алар едіңдер. Қайтейін, заманның ағымы мойын бұрғызбады, кінәлі екенімді мойындаймын. «Игіліктің ерте-кеші жоқ» демекші, кеш болса да перзенттік парызымды өтеп, балаларыма, немерелеріме, күйеу балаларым мен келіндеріме мәңгілік мекендеріңді көрсеттім. Әруақтарыңды құрметтеп, рухтарыңа бас иіп, дұға бағыштадық. Біздің қолымыздан басқа не келеді.

1944 жылы әкемді соғысқа аттандырған аяғы ауыр

анам мені амалсыз әкемнің немере ағасы Кәбіштің қолына беріпті.

Бүгінде Алла өзі оңға бастап, осылай істеуді ұйғарған шығар деп ойлаймын. Әкем Ханафия Асқаров 1945 жылы майданнан аман-есен оралып, екінші рет үйленді. Екінші анамыздан тоғыз бала көрді. Мен бесінші сыныпқа көшкенде, Кәбіш әкем анам Шәкіммен ақылдасып, мені туған әкем-Ханафияның қолына оқуға берді.

«Өзінді көрген өлсе де, әкенді көрген өлмесін» деген ғой аталарымыз.

Әнебір жылдары «Кутузов» кеңшарында болғанымызда, 103 жастағы Мылтықбаева Айжан әженің және анаммен бірге бір класта оқыған Сәру Орынбаевалардың аузынан анам туралы жылы сөз естіп, ерекше бір қуаныш сезімге бөлендім.

Айжан әжей 1940-1945 жылдары Ертістегі №2 қазақ орта мектебінде шешем Нақиямен бірге мұғалім болып қызмет еткен екен. Өкініштісі, мектептің 40, 50, 60 жылдық мерейтойларында бастауыш сыныптың білікті мұғалімі болған Нақия Ахметжанованың есімін ешкім ауызға алмады. Биылғы жылдың маусым айында Ертістегі №2 қазақ орта мектебінің 70 жылдық мерейтойы аталып өтті. Міне, осыған орай әкем Ханафия Асқаровтың облыстық «Сарыарқа самалы» газетінде «Қалдырған ізің мәңгілік» атты мақаласы жарық көрді. Онда анам Нақияның адамдық, ұстаздық келбеті жайлы мағлұмат берілген. Анам жайлы білетінімнің ұзын-ырғасы осы.

Екінші анам Шәкім шешем мені анамның бауыры Ақпан нағашыммен қатыстырды. Әліш әжем 1959 жылы дүние салды. Әжем марқұм мен келген сайын зират басына апарып, анама, атама және бауырыма құран оқитын еді.

2007-2008 жылдары анамның алдындағы борышымды өтейін деп қажылыққа барып қайттым. «Анам Нақияға тие берсін» деп бедел қажылық шарттарын орындап келдім.

Нағашы атам мен нағашы әжелерім Ұмсындық пен Әлішке умра қажылықты орындадым.

Екінші бөлім

НАҒАШЫМ АҚПАН

Анам Накияның кейінгі шешесінен туған екінші бауыры Ақпан нағашым 1926 жылы Кеңес ауылында дүниеге келген. Ол 1944 жылы Ұлы Отан соғысына алынып, кейін жаңғыртуда болып, 1949 жылы әскерден оралды. 2007 жылдан бері Павлодар қаласында тұрады. 1950 жылы Үміт Ахметжанқызына үйленді. 1962 жылы Кеңестен Ертіске көшіп келді.

1951 жылы Бикен атты қызы, 1953 жылы Ұмсынған атты қызы дүние есігін ашты. Бикен әкемнің нағашылары қыпшақ күрлеуіт руынан Сұңғатқа тұрмысқа шықты. Екі қызы, бір ұлы бар. Ертісте тұрады, немерелері бар. Бикен аудандық білім бөлімінде бухгалтер, Сұңғат бірнеше жыл «Ертіс нұры» газетінің редакторы қызметін атқарды. Ұмсынған Қашыр ауданында тұрмыс құрған, үш баланың анасы. Балалары үйленіп, немере сүйді. Қызы Баянауылда, ұлы мен тағы бір қызы Қашырда тұрады. Ұмсынғанның ғұмыры қысқа болды. Күйеуі Арыстан екінші рет үйленген, балалы-шағалы.

Нағашымның бірінші әйелі Үміт 1956 жылы дүние салды. Ол 1957 жылы екінші рет үйленді. Екінші әйелі Әліш әжеме жайсыздау болып, нағашым «шешемді ренжітпеймін» деп ажырасып кетті. Ол әйелінен Бағлан деген бір қыз көрген. Бірақ ол көп ұзамай, шетінеп кетті. 1959 жылы Әліш әжем төсек тартып жатып қалды да, соқа басы қалған нағашым үшінші рет күйеуі өліп, төрт баламен үш қыз, бір ұл отырған Әсия жеңгеймен бас қосты. Ол кезде жеңгейдің ата-енесі тірі еді, олар балаларды шешесіне бермей, алып

калса да, балалары кейін аналарын тауып келді. Нағашым да оларды жатсынбай, туған балаларындай тәрбиеледі. Әжем Әсия жеңгей босағаны аттаған соң, сол жылдың желтоқсан айында көз жұмды.

Нағашым Әсия жеңгейден Қайырғали, Зайда, Нұрбай атты балаларды сүйді.

Қайырғали үйленген, Ертісте тұрады. Жұбайы Ғайша аудандық еңбекпен қамту мекемесінде есепші. Бір қызы өзімен бірге жұмыс істейді. Екінші қызы Ақсу қаласында, тұрмыста. Жиені өсіп келеді. Ғайша келін 2009 жылы қазан айында дүниеден өтті.

Екінші қызы Зайда ері Айнабаймен бірге Павлодарда тұрады. Зайда ауруханада медбике, Айнабай отставкадағы майор. Екі ұлы үйлі-баранды. Нұрбай келіншегі Алтынаймен екеуі екі қызды тәрбиелеп өсірді. Екеуі де жоғары оқу орындарында студент. Нұрбай 2005 жылы дүниеден озды.

Қанжығалы Абыз – Шомақтың шежірісі

Абыздан 7 ұл. 1. Жанжігіт, 2. Есен, 3. Таймас, 4. Шүрек. 5. Есенәлі, 6. Абдан, 7. Дархан. Шомақтан - 6 ұл: 1. Боқты, 2. Добал, 3. Қатықшы, 4. Айтқұл, 5. Сейітқұл батыр, 6. Тағанас.

Боқтыдан - 13 ұл: 1. Өміртай. 2. Бәсел, 3. Бекен, 4. Жанқозы, 5. Бозғозы, 6. Тыңқозы, 7. Ақтас, 8. Жантас, 9. Шойтас, 10. Бестай, 11. Домалақ, 12. Мәйке, 13. Сұңқар.

Өмірбайдан - Жәментік, Оспан, Жақсылық.

Жақсылықтан - 4 ұл: 1. Лекер сопы, 2. Шәкіби, 3. Тәтім би, 4. Саржан.

Лекерден - 1. Мұхамбет сопы, 2. Қорабай сопы /ұрпақ жоқ/, 3. Рысбай /ұрпақ жоқ/, 4. Жетпісбай.

Жетпісбайдан - Иман - Бірлік - Ербол, Ерлан. Қожамжар - Елтай, Әлтай + 3 қыз. Серік - Азамат, Анар. Майра - Советтің Қасен нағашысының баласы Тілеуберді де тұрмыста, Габдулмақсат атты ұлы бар. Зайра - Сұнғат, Бектас.

Мұхамбеттен - Баязит, Уәлит, Асқар, Тәңкіш

Баязит - Кәбіш - Жұмабай - Серік, Берік, Дамир, Салтанат, Ләззат, Махаббат. Бәйбішесі Шәкім, екінші шешем Қамила менің өкіл әкем мен шешелерім (Кәбіш пен Шәкім, Қамила).

Уәлит - Жағыпар - Ғалижамал.

Тәңкіштен ұрпақ жоқ. Аскардан - Ханафия - Гүлжиян - Тасболат, Бекболат, Бибігүл, Айгүл.

Тасболаттан - Алан, Абукожа, Ғалығайдар - Иасин.

Бекболаттан - Әлия, Сания, Абдулмұрат, Әлиислам.

Бибігүлден - Жәмила, Алмаз, Әмина.

Айгүлден - Нұрислам, Нүргүл, Нақия.

Ханафиядан - Адамхан (Еркайсар 1945 жылы қайтыс болған), Шернияз (1976 жылы қайтыс болған), Шернияздан - Марат, Мараттан - Жанар, Мадияр.

Исатай, Исатайдан - Жанна, Әлия, Дінмұхаммед.



Дінмұхаммедтен - Дініслам.

Гүлнар, Гүлнардан - Әл-Фараби, Мұрат.

Махамбет (1986 жылы дүниеден озды) - Махамбеттен - Тәнкіш (Юля), Ернар (Андрей) - Перизат.

Гүлмайдан - Мақсұт, Марат, Мұрат, Мұратбек, Дос, Гүлнұр.

Мақсұттан - Әкпар қажы, Қарман.

Марат 1,5 жасында дүниеден озды.

Қайрош - Шәкәрім, Бауыржан.

Қайырдан - Есмағамбет, Қазбек, Гүлсара, Қайыр (1996 жылы дүниеден озды).

Дулат (2006 жылы дүниеден озды).

Жамбыл, Жамбылдан - Ерік.

Күләйім (1964 жылы дүниеден озды).

Слям - (1965 жылы дүниеден озды).

Мейрам - (2005 жылы дүниеден озды).

Гүлбарам - Әмина, Қанат.

Нақияның нағашылары:

Қанжығалы - Мәмбет қазы - Ораз - Шомақ - Добал /Бокты бабаның туған інісі/ - Әлімбет - Жәңке - Жүніс - Жүністен - Смағұл, Ыбыш

Ыбыш - Ахметжан нағашы атамның анасы.

Смағұлдан Ұмсындық /Нақияның анасы, Ұмсындық Ыбыш әжеміздің ағасының қызы/, Ахметжан, Ахметжаннан - Зүбайра, Мағыз. Мағыздан - Майдан, Балжан, Омар, Зубайрадан - Мейіз.

Смағұлдан - Қосман (Жұмажан) - Көрімжан.

Майданнан - Ғалымжан - Рүстем, Руслан - Аслан, Қайрат, Марат.

Ғомар - Әсет, Нұрсұлтан, Жансұлтан.



*Сарғайса да дәптердің ақ парағы
Өткен күндер тарих болып сақталады.*

ТҮП ҚАЗЫҒЫМ - ӨЗ ЖҰРТЫМ

«Таудан аққан тас бұлақ,
Кұймай қоймас теңізге,
Жақсыдан жақсы тумай қалмас,
Тартпай түбі негізге.
Ұстаз болу - сезімнің ақындығы.
Ұстаз болу - жүректің батылдығы.
Ұстаз болу - өмірдің күн шуағы.
Азбай - тұғын адамның асылдығы»

**«Арғы атаң Абыз - Шомақ мырза болған
Бергі атаң Боқты - Добал - малға толған».**
Әлсейітұлы Құдайберген ақын



ӘКЕМ ХАНАФИЯ

Әкем Ханафия Асқарұлы 1917 жылы Ертіс ауданы № 3 ауылда туған. Руы - канжығалы, Абыз-Шомақтан тарайды. Шомақтан Бокты (1735-1839), Боктыдан Өміртай (1760), Өміртайдан Жаксылық (1785), Жаксылықтан Лекер (1810), Лекерден Мұхаммед (1835), Мұхаммедтен Асқар (1886), Асқардан Ханафия тарайды.

Әңгіменің желісін әріден бастасак. Арғы атамыз Шомақұлы Бокты би \шын аты Бакты би\ - 12000 жылқы айдаған бай әрі көсем, әрі шешен, әрі әйгілі батыр. 104 жыл өмір сүрген. Бокты заманында он екі әйел алған. Әр әйелдің балалары он екі рулы ел болып мұсылман дінін таратқан.

Кенес өкіметі кезінде қожа-молдаларды қуғындап, намаз оқуға, құрбандық шалуға тыйым салынғаны тарихтан белгілі. Діни кітаптар жойылып, өртелді. Біздің үйде Баязит (1880) атамнан Кәбіш (1900) атама мұра болып қалған 1900 жылы «Казан» баспасында басылып шыққан «Мұхамедия» кітабы сақталды. Мен бұл кітапты Екібастұз тарихи өлкетану музейінің 10 жылдығына сыйға тарттым.

1902 жылы жарық көрген араб әліпбиінің грамматикасын дінбасы шейх Әбсаттар Дербісәліге өз қолыммен тапсырдым.

❖ كتاب مستطاب ❖

مُسْتَطَابٌ

از تصنیفات قطب المارفين

مجلد چلبی


❖ التلب به بازجی زاده ❖

ملنزم الطبع محمد جان الکریمی مع شقیفه شریف جان وحسن بمعاینهم
المؤسسه فی ۱۳۱۸ الهجرية الموافقة لسنه ۱۹۰۰ الميلادیه بقران
بوکتابنک باصهسته وخت ویرلدی سانکت پیتربورخده ۳ نجی آپریلده
۱۹۰۰ نجی یلده

Дозволено ценз. С.-Петербургу, 3 апреля 1900 года.

КАЗАНЬ.

Типография Торгового Дома братьев Карповых.
1900 г.



اشبه رسم محمديه تك ١٥ بجي حقيقه سبه متعلقدر

النُودُجُ

في النحو

تمتلك يامن جعل النحو مفتاحا لابواب البيان * ونصلى ونسلم على نبيك الذي هو انمودج نوع الانسان * وعلى آله واصحابه الذين شرحوا مفاهيمه وبينوا كلماته باحسن تبيان * اما بعد فان الانمودج للعلامة جابر الله ابي القاسم محمود بن عمر الزمخشري مع وجازة لفظه واتساق نظمه كتاب مفيد في النحو غاية الافادة وشرحه للفاضل زين العرب جمال الدين محمد بن عبد الغنى الاردبيلي شرح موضح حاو للفوائد خار عن الزوائد ولما كان شرحه هذا مستعملا ومتمم اولاً في ديارنا بين الطلبة والعلماء ومقبولاً لدى الفضلاء والكملاء شرح في طبعه وتمثله مزينا هو امسه بالمعاشية الشريفة للمولوى داود عليه رحمة الودود التى لا بد منها لمن نظر فيه واستعمله ومزىلا بالمعاشية الجديرة بالسماة بتحرير الفوائد وهى مفيدة للمتبعين غاية الافادة مرهوبة ومعينة لاهل الاستفادة

طبع بالمطبعة الكريمة ببلدة قزاق سنة ١٣٢٠

بمصارفهم

طبعسى پيتربورخ سينزورى طرفندن ١٩٥٢ هجى سنه ننگ ١ هجى آبريل ننگ مرغندر

Допущено цензурой С.-Петербургъ, 1 апрѣля 1902 года

Типо-литографія Т. Д. Ер. Каримовыхъ въ Казани.

Әулиелік Алла Тағаланың пендесіне көзі тірісінде берілген керемет сыйы. Күні бүгінге дейін тамыры өте тереңге кеткен осы құпияны адамзат баласы аша алмай келеді.

Дегенмен ел арасында ондай адамдар баршылық.

Абыз-Шомақ бабаларымыздан төрт сопы, он алты қажы тараған.

Солардың бірегейі - Қызылағаш болысында \Ертіс ауданы Кереку уезі, қазіргі Павлодар облысы\ барша халық пір тұтқан Бейсенбай қажы, оның ұлы Сәлмен қажылар. Сәлмен он сегіз жасында Ғималидден қазіреттің медресесін үздік бітірген. Сәлменнің ұлы Зейнішті де /Зейнолла\ Ертіс, Ақтоғай, Железинка, Қашыр, Ақсу аудандарының халқы ерекше құрмет тұтты. Әкем осы дерекке қатысты «Даналық, тектілік және әулиелік» кітабында төмендегідей жазады:

«...Бала күнімнен анық білетінім, атақты Мұхамбет сопы - менің атам. Бүкіл Қызылағаш болысы, әсіресе №3 ауылының тұрғындары Сәлмен қажыны пір тұтатын еді. Жас келіндер түгілі кексе әйелдер қажыдан жүздерін жасыратын. Сәлмен қажы әйелдердің жүздерінің жасырғанын қазақы ибалылық деп санаса да, бәріне рұқсатын беріпті».

«...1925 жылдың жазында Қараөткелдегі Ертіс ауданының №3 ауылындағы Сәлмен қажының үйіне ГПУ-дің екі қызметкері кіріп келеді. Төрде құран оқып отырған қажыға:

- Сізді Ертістегі аудандық ГПУ-ға шақыртып жатыр. Тездетіп жиналыңыз,- дейді. Қажы бұлардың түрме үйіне шақырып тұрғанын түсініп, киінеді де, қонаққа шақырғандай қамсыз сапарға аттанады.

ГПУ бастығы Фатхуллин қажыдан кабинетінде жауап алады.

- Сіз Кеңес өкіметіне қарсы діни үгіт, тәрбие жұмыстарын жүргізіп жатырсыз. Үйіңізге сізге үшкіртуге, тұмар алуға, жаназаға шақыруға келген адамдар жырттылып айырылады, ауыл кеңесінен сіздің үйге келетіндер көп сияқты. Қазірден

бастап сіз қамауға алынасыз.

Сәлмен қажыны түрмеге қамайды, ол бөлмеде аса қауіпті қылмыскер отыр екен. Кілттеген ГПУ қызметкері келіп тексерсе, кілт ашық, бөлмеде жалғыз Сәлмен қажы ғана отыр екен. Қауіпті қылмыскер жоқ. Бұл нағыз «ЧП». Кінәліні іздейді. Табылмайды. Қайта кілттеп кетеді. Таңертең екінші бір қылмыскерді осы бөлмеге қамауға әкелсе, құлып тағы ишық. Енді не шара? Соңғы кісіні басқа камераға қамап, қажыны жалғыз қалдырады.

- Сіз қашпаңыз, жеке отырасыз.

- Адам баласы Алланың ажалынан қашып құтылмақ емес, ал түрмеден қашқанға өкіметтің құрығы ұзын,- дейді қажы. Тағы кілттейді. Бірақ кілт ашылып қала береді. Бұл адам сенбес оқиғаны ГПУ-ге хабарлайды. Сәлмен қажыны Кереку түрмесіне жөнелтеді. Керекуде де Сәлмен қажыны қамаған камералардың кілті ашылып қала берген. Түсініксіз. Жұмбақ.

Облыстық ГПУ бастығы кабинетіне Сәлмен қажыны алдырып, екеуара әңгімелеседі.

- Сіз бүгін үйіңізге қайтасыз. Үйіңізде тек өз басыңыз діни рәсімдерді \намаз оқу, ораза ұстау\ істей беріңіз. Бірақ ел ішінде дін насихатын жүргізбеніз,- деп азат қағазын беріп, үйіне қайтарады.

Сәлмен қажыны қамаған түрме камераларының кілті неге ишылып қала берген. Бұл жұмбақ күні бүгінге дейін құпия болып қалды...»

Сәлмен қажы өнер иелерін, қиссашыларды ерекше сыйлап өткен. Мүсек ақын, Құдайберген ақын, Балғабай мен Мүһмүн сияқты өз еліндегі өлеңші-қиссашыларды ықыласпен тыңдап, үйінен оларға дәм беріп аттандырған. Сәлмен қажының жазба мұрасынан бізге жоғалмай жеткені балаларының, немерелерінің, жақындарының туған күні, айы және жылы туралы деректер.

Сонау Мекке сапарында тұла бойына қонған әулиелік

касиет Меккеде түнеген түні жатқан орнына түскен дәм жидек жеміс\ оны әулие қажы дәрежесіне жеткізді. Оның жалғыз ұлы Зейніш 1977 жылы дүние салды».

Сәлмен қажы тірі кезінде атамызға басы ауырып, балтыры сыздаған, бала көтермеген адамдар дертіне шипа іздеп келеді екен. Бірде қажының алдына балаға зәру туысқаны келеді. Қажының ұлы Зейніш үйленген. Сол екі аралықта оның бір-екі баласы шетінеп кетсе керек. Зейніш кекеш, тұтықпа екен. Бірақ құран оқығанда, осы кемшілігі құлаққа ұрмайды, судыратып оқитын болс керек. «Әулие болсаң менің балаларымды неге ажалдан аман алып қалмадың», - деп арақідік күйінішін де айтатын көрінеді.

Зейніш атам мен Дүрия әжемнің қосылуы да қызық. Дүрия әжемнің айтуынша, ол он екі-он үш жас шамасында қатты науқастанып, Сәлмен қажыға емделеді. Сонда атамыз Дүрияға: «Сен екі-үш жылдан соң маған келін боласың» дейді. Мінезі өткір, еті тірі Дүрия атамызға: «Мен сенін кекеш балаңа тұрмысқа шықпаймын» десе керек. «Бірақ адамның айтқаны келе ме, Алланың әмірі жүре ме, ой дүние-ай, мен он алты жасымда осы үйге келін болып түстім», деп отырушы еді Дүрия апа.

Үмітін үкілеп, ұзын көйлек киіп келген келіншек қажының алдында отырады. Қажы үшкіре бастаған кезде келіншек етегін аша береді екен. Сонда қажы «Кет албасты, жап етегіңді» деп айқайға басыпты. «Далаға тұра ұмтылған келіншек кейін ұл да, қыз да көрді» деп айтып отырушы еді атам Жанкелді.

Сәлмен қажы өмірден өтеді. Бірде Жанкелді атам жол апатына ұшырап, ас іше алмай қалған соң Зейнішке барады. Зейніш ата науқасты қарап «Дүрия от жак. Мынаның пешке бір тығып алатын ауруы бар екен», - дейді. «Шынымен өртеп жібере ме?» деп, иманым қасым болды дейді атам күліп. «Дүрия апамыз атамның айтқанын екі қылмай, пешті жакты, отын алып, пештің ішіне кіргізіп жатқызды. \Аулада бір кісі

сиятындай пеш салып қойған ғой\, Содан белім басылып, тәуір болдым», - дейді атам.

Зейнішке қатысты атамнан естіген әңгімелерімнің бірі. 1950 жыл болса керек. Зейніш атам сол үйде қонып жатады. Ертеңінде Жанкелді атам ұлы Советтің \Совет менің жолдасым\ түнде сөйлейтінін, жүретінін айтып шағымданады. «Жарайды, көрейік» дейді атамыз. Совет түнде әдеттегісіне басып, сөйлеп жүре берген кезде аркадан шапалақпен бір тартады. Содан бері Совет науқасынан құлан таза айығып, түнде тұрып, сөйлеуді доғарыпты.

2006 жылы қаңтарда жол апатына ұшырап, Павлодардың жанындағы № 499 ауылдағы сынықшы Жакып қажыға бардық. Бұрын емделмесек те Жакып қажының аты бізге жақсы таныс болатын. Үйіне келіп, балаларымен, келіндерімен таныссақ, кіші баласының әйелі Қараөткелден екен. Маған жақын сіңлі болып келеді. Содан Жакып қажы: «Мен құдама барғанда, әуелі зиратқа барып зиярат етемін. Ол жерде жеті әулие, бес қажы жатыр. Ол кімдер?» - деп сұрады.

Біздің білетініміз, Бейсенбай қажы, әйелі Бүкі қажы, Сәлменқажы, Бейсенбай қажы, баласы Зейніш әулие. Сәлмен қажы баласы Алтыбай әулие \Әлдеке қыпшақ біздің нағашы атамыз Алтыбайдан Тағанақ, Құлмырза Жамақай, Құлжабай, Ахметжаннан менің шешем Нақия\, Советке Алтыбайдан Тағанақ, Құлмырза, Сүлеймен, Әбіш, Шамшиттен, Бағила - Советтің шешесі. Избасты әулие - менің Шәкім шешемнің итасы Избастының баласы Сатыбалды, Сатыбалды қызы Шәкім.

Жакып қажының сөзі намысымызды қамшылап, сырқатымыздан айыққан соң сол жылдың шілде айында «Қараөткелге» әдейілеп ат шалдырдық. Зират басында Зейніштің ұлы Мұрат шырақшы екен. Барсақ, зираттың есігі құлыптаулы. Өзіміз сыртынан білгенімізше құран оқып, Қарақұдыққа бет түзедік. Келсек, Мұрат алыстан

касиет Меккеде түнеген түні жатқан орнына түскен дәм \ жидек жеміс\ оны әулие қажы дәрежесіне жеткізді. Оның жалғыз ұлы Зейніш 1977 жылы дүние салды».

Сәлмен қажы тірі кезінде атамызға басы ауырып, балтыры сыздаған, бала көтермеген адамдар дертіне шипа іздеп келеді екен. Бірде қажының алдына балаға зәру туысқаны келеді. Қажының ұлы Зейніш үйленген. Сол екі аралықта оның бір-екі баласы шетінеп кетсе керек. Зейніш кекеш, тұғықпа екен. Бірақ құран оқығанда, осы кемшілігі құлаққа ұрмайды, судыратып оқитын болс керек. «Әулие болсаң менің балаларымды неге ажалдан аман алып қалмадың», - деп аракідік күйінішін де айтатын көрінеді.

Зейніш атам мен Дүрия әжемнің қосылуы да қызық. Дүрия әжемнің айтуынша, ол он екі-он үш жас шамасында қатты науқастанып, Сәлмен қажыға емделеді. Сонда атамыз Дүрияға: «Сен екі-үш жылдан соң маған келін боласың» дейді. Мінезі өткір, еті тірі Дүрия атамызға: «Мен сенін кекеш балаңа тұрмысқа шықпаймын» десе керек. «Бірақ адамның айтқаны келе ме, Алланың әмірі жүре ме, ой дүние-ай, мен он алты жасымда осы үйге келін болып түстім», деп отырушы еді Дүрия апа.

Үмітін үкілеп, ұзын көйлек киіп келген келіншек қажының алдында отырады. Қажы үшкіре бастаған кезде келіншек етегін аша береді екен. Сонда қажы «Кет албасты, жап етегіңді» деп айқайға басыпты. «Далаға тұра ұмтылған келіншек кейін ұл да, қыз да көрді» деп айтып отырушы еді атам Жанкелді.

Сәлмен қажы өмірден өтеді. Бірде Жанкелді атам жол апатына ұшырап, ас іше алмай қалған соң Зейнішке барады. Зейніш ата науқасты қарап «Дүрия от жақ. Мынаның пешке бір тығып алатын ауруы бар екен», - дейді. «Шынымен өртеп жібере ме?» деп, иманым қасым болды дейді атам күліп. «Дүрия апамыз атамның айтқанын екі қылмай, пешті жақты, отын алып, пештің ішіне кіргізіп жатқызды. \Аулада бір кісі

сиятындай пеш салып қойған ғой\ . Содан белім басылып, тәуір болдым», - дейді атам.

Зейнішке қатысты атамнан естіген әңгімелерімнің бірі. 1950 жыл болса керек. Зейніш атам сол үйде қонып жатады. Ертеңінде Жанкелді атам ұлы Советтің \Совет менің жолдасым\ түнде сөйлейтінін, жүретінін айтып шағымданады. «Жарайды, көрейік» дейді атамыз. Совет түнде әдеттегісіне басып, сөйлеп жүре берген кезде аркадан шапалақпен бір тартады. Содан бері Совет науқасынан құлан таза айығып, түнде тұрып, сөйлеуді доғарыпты.

2006 жылы қаңтарда жол апатына ұшырап, Павлодардың жанындағы № 499 ауылдағы сынықшы Жақып қажыға бардық. Бұрын емделмесек те Жақып қажының аты бізге жақсы таныс болатын. Үйіне келіп, балаларымен, келіндерімен таныссақ, кіші баласының әйелі Қараөткелден екен. Маған жақын сіңлі болып келеді. Содан Жақып қажы: «Мен құдама барғанда, әуелі зиратқа барып зиярат етемін. Ол жерде жеті әулие, бес қажы жатыр. Ол кімдер?» - деп сұрады.

Біздің білетініміз, Бейсенбай қажы, әйелі Бүкі қажы, Сәлімен қажы, Бейсенбай қажы, баласы Зейніш әулие. Сәлімен қажы баласы Алтыбай әулие \Әлдеке қыпшақ біздің нағашы атамыз Алтыбайдан Тағанақ, Құлмырза Жамақай, Құлжабай, Ахметжаннан менің шешем Нақия\ . Советке Алтыбайдан Тағанақ, Құлмырза, Сүлеймен, Әбіш, Шамшиттен, Бағила - Советтің шешесі. Избасты әулие - менің Шәкім шешемнің итасы Избастының баласы Сатыбалды, Сатыбалды кызы Шәкім.

Жақып қажының сөзі намысымызды қамшылап, сырқатымыздан айыққан соң сол жылдың шілде айында «Қараөткелге» әдейілеп ат шалдырдық. Зират басында Зейніштің ұлы Мұрат шырақшы екен. Барсақ, зираттың есігі құлыптаулы. Өзіміз сыртынан білгенімізше құран оқып, Қарақұдыққа бет түзедік. Келсек, Мұрат алыстан

келген қонақтарды зиратқа, атам басына әкеліпті. Мұратпен кездесе алмасақ та, оның анасы Дүрия жеңгемізбен жолымыз түйісті. Біздің бұйымтайымызды естіген соң Дүрия әже: «Атам бәрін ескіше жазып кеткен, ол Мұраттың қолында. Қажы-әулиелерді Мұрат болмаса, мен анық білмеймін», - деп жауап берді.

Еліне сыйлы Дүрия анамыз да былтыр дүние салды. Ел-жұрты қазыналы әжені наурызда ақ жуып, арулап мәңгілік мекеніне аттандырды.

Нарманбет ақын сипаттағандай «Ең бай ауыл Абыз-Шомақ» қалмақтарды «Алтай таудан асырған» қазақ жасақтарының оралуын Баянауылдағы Сабындыкөлдің басында күтіпті. Баянауылда халық жиналып, Қазбек би, Бөгенбай батыр, Бұқар жырау, Үмбетей жырау сияқты ел тұлғалары қатысқан ұлы той өтеді. Осы тойда «Абылайхан» атой салып, жауды қырған, ерекше ерлігімен көзге түскен Әбілмансұр Абылай хан аталып, ақ киізге көтеріледі.

Бұл жайлы Олжабай Нұралы ақын «Сабалақ» деген поэмасында:

Сабалақ осыны айтып сырын ашты,
Ұлы жүздің адамының басын қосты.
Қазақтың баласына кек әперген,
Өзі - хан, аты - Абылай болсын десті.
Бұл сөзге бәтуәсін берді халық,
Ендігі жыл келмекке сөз байласып,
Баянаула, Сабындыкөл басында,
Үш жүзге шықты Абылай хан сайланып.
Мәжіліс күткен сыйы, құрмет еткен жері -
Қанжығалы Абыз-Шомақ ауылы еді...

Сондай-ақ өленнің келесі жолдары да Абыз-Шомақтың батыр ұлдарына деген құрметті айғақтай түседі:

Алты ата Ажыбайдың Абыз-Шомақ бірі,
Бай болған, шаруа мүлкі өте ірі,

Тоқсан бие сойыпты сол жиында,
Қазақтың той тойлаған шаттық күні.
Темір сандық аузын жайып ашқан,
Кең мырзалық сол күні мол тасыған,
Сый тартқан үш жүздің баласына,
Қасқа мен жайсаңдарға топтан асқан.

\\Ералы Сакқұлақұлы ақын\\1846-1932\\.

«Абыз-Шомақ» толғау.

Күніне жылқының өзінен 90 ту бие, есепсіз қой сояды. Абылайды хан көтеру екі жұмаға созылыпты. 1500-дей ту бие сояды. Үш жүздің бар қауымы Абылайды ақ киізге отырғызып, хандыққа сайлайды.

Осы жиында Абылай хан ағайынды Абыз-Шомаққа Ертіс өзені бойынан «Ханкелді», «Кенжебай», «Шопы», «Бокты көлін», «Қаракұдық», «Қараөткөл», «Сарыбай» жерлерін беріпті. 2005 жылы тамызда Баянауылда Сабындыкөлде «Абылайхан шоқысы» деген жерде 1734 жылы жеңіс тойымен Абылайханды хан сайлаған тойды Қанжығалы Абыз- Шомақ өткізген шүлен тойды еске алуға арналған ескерткіш тас қойылды. Бұл тас Н. Ә. Назарбаевтың «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша профессор Ерлан Арын, профессор Жамбыл Артыкбаев, Әбілқас Түгелбаев және Абыз-Шомақ бабамыздың ұрпақтарынан қойылды. 2005 жылы жарық көрген Жамбыл Артыкбаевтың «Қазақта Абыз-Шомақ мырзалар болған» атты кітапшасы сол тойда таратылды.

Абыз-Шомақ елі Ресей патшалығы кезінде Қызылағаш болысының №3 ауылы атанды. Қызылағаш болысына қарасты №3 ауылының тұрғындары, жергілікті Шомақ ата ұрпағы ата тегін, дінін, материалдық рухани қазынасын көзінін қарашығындай сақтап, қорғап, ХХІ ғасырға жеткізді. Соның бірі - Бокты Шомақұлының бейіті.

«2005 жылы Бокты бидің ұрпақтары осы жерде үлкен кесене тұрғызды. Бокты бабаны ұрпақтары жадында мәңгілік

қалдыру мақсатында қабірінің басында әкемнің қырық жыл бұрын шығарған өлеңі тасқа қашалып жазылды:

Шомақұлы әрі бай, әрі би Бокты батыр,
Алып тұлға бұл шындық алып жатыр.
Үш жүзді тұлпар мініп майдан еткен,
Әкемнің әкесі Асқар 1886 жылы туған.

Асқар атамыздың алған бәйбішесі күрлеуіт Дүйсенбайқызы Зағи Тәнірберген немересі өте діни сауатты адам болған. Зағи әжеміздің сіндісі Ұмындықты жасынан діни оқытқан, 102 жасқа келіп дүниеден өтті. «Молда кемпір» дейтінбіз, негізінде молдалық құрды, үйіне келсең «Кітапта солай жазылған» деп уағыз айта бастайтын. «Лаухул - мақбозда» - деп жалғастыратын. Папамның атасы Мұхаммедтің бауырында өскен, атамыздың бәйбішесі Мәкен Тәбекқызы - бадай руынан, Аманжол Шамкеновтың апалары, ағасы Жүсіп би, болыс, өте шешен кісі болған. шарапаты біздерге де тиіп жатқан шығар. Әжесінің бауырында өскендіктен күрлеуіттен бадайды жақын нағашы санайды әкем. «Атам ағаштан түйін түйген шебер адам болатын. 1953-1954 жылдары атамның ағаштан жасаған үстелін, ыдыс-аяқ қоятын сөресін Ертісте Ықылас атамның үйінен өз көзіммен көрген едім. Қолы шебер атам 1932 жылы аштыққа ұшырап, көз жұмады. Кейін атамның шебер қолынан шыққан бұйымдарды туған-туыстары өзара бөлісіп алады», деп жазады әкем естелігінде.

Әкесі өмірден озған соң, әкем Ханафия ауылдағы төрт сыныптық мектепте Нұғыман Алшыновтан білім алынды. Ол кісі кейін осы өңірде алғаш Ленин орденінің иегері атанған ұстаз екен. Әкемді қазіргі Иса Байзақов ауылындағы шаруа жастары мектеп-интернат үйіне тапсырады. Үздік оқушы ретінде Алматының ауылшаруашылық институтының дайындық бөліміне жібереді. Оны тәмамдағаннан кейін сол жоғары оқу орнының студенті атанады. Институтта үздік оқыған әкем Мирзоян стипендиясын алып отырған.




Жылдар өте келе ағартушылыққа бет бұрған әкем мұғалімдікке сұранады. Тілегі орындалып, барған жері Талғарға жақын жеті сыныпты Рахат мектебінде жағрапиядан сабақ береді. Одан екі жылдық мұғалімдер курсына тәмамдап, өз өтінішімен Талдықорғанға қарасты Алакөл орта мектебіне жолдама алады. Сөйтіп, 5-10 сыныптарға қазақ тілінен сабақ береді. Көп ұзамай әскер қатарына шақырылады.

«...- Бұл 1939 жылдың қарашасы еді. Өрімдей жастар Винница қаласында қысқы әскери дайындықтан өттік. Содан бізді финдермен болған қан төгіс шайқасқа жіберді. Өз басым сол жылдың желтоқсанынан келесі жылдың наурыз айына дейін майданда болдым. Ақ халат киген жауынгерлер Маннгергейм бекінісіне талай шабуылдар жасадық. Ақыры, аяғыма снаряд жарықшағы тиіп, әскери ауруханаларда біраз азап шектім.

Тізедентөменет пен сүйекке тереңдей батқан жарықшақты Ленинградтағылар, Белоруссия дәрігерлері де ала алмады. Алты ай бойы әуре сарсаңға салды. Ақыры үшінші топтағы мүгедек ретінде еліме қайтарды. Ертіс ауданына қайтып келіп, қалап алған сүйікті ісіме қайта кірістім», - деп еске алады.

Әкем 1940 жылы фин соғысында жараланып Ертісте № 2 қазақ орта мектебінде оқу ісінің менгерушісі болып орналасады, қазақ тілі мен қазақ әдебиетінен сабақ береді. 1941 жылы маусым-шілде айларында мектеп директоры Қали Мухаммедиевті Ұлы Отан соғысына алып кетеді. Қали Мухаммедиев әскерден хат жазғанда мені «капитализм бөлтірігі аман ба?» деп жазатын деп отырады әкем. Тарихта әйгілі Ұлы Отан соғысы басталғанда алғашқы кезде жаралы жауынгер ретінде әкемді қозғамайды. Ол осы екі ортада мектеп директоры, аудандық газеттің жауапты хатшысы қызметтерін атқара жүріп, майдандағыларға көмек үшін азық-түлік, киім-кешек жинауға да біраз үлес қосады.

Алайда, әскер күші жетіспегендіктен 1944 жылдың күзін-



де әкемді де әскер қатарына шақыртады. Алматыға барғанда көп жүрістен күп боп іскен аяқтарын көріп, ондағылар кері қайтарса, жергілікті әскери комиссариат қоярда-қоймай кері майданға аттандырады. Соңында кешегі жаралы жауынгер Румыниядан бір-ақ шығады. От кеше жүріп мадиярлар жерінен өтіп, Чехияға барады. Жеңісті Дрезден қаласында қарсы алған әкем Польша, одан әрі Мәскеулетіп, елге бет түзейді. Омбыға жеткенде, өрепкіген көңілін баса алмай, аман-есен келгеніне қуанып, сағынышпен кең далаға көз салады.


«...Қарап отырсам, пойызымыздың тоқтайтын түрі жоқ. Бізді Шығыстағы майдан даласына әкетіп барады. Содан Монғолияның Гоби шөлінен бір-ақ шықтық. Бәрінен бұрын сондағы шөлден қаталағанымыз-ай. Елден: «Әйелің қайтыс болды», - деген жеделхат алып, көңілім құлазыды. Қолбасшымыздың қолынан «Ерлігі үшін» медалін алып, елге аман-есен жеттім-ау», - деп әңгімелеп отырушы еді әкем.

Зұлматты жылдары от пен оқ кешкен әкем “қантөгіс майданнан елге оралам ба, жоқ па?” деп, іштей уайым қылса керек. Күндердің күнінде әкем түс көріпті. Түсін жақсылыққа жорыған әкем: “Ұрыс даласынан аман-сау қайтамын. Бөбегім Гүлжиянмен, туыстарыммен қайта қауышатын күн туады” деп, көрген түсін өлең жолдарына түсіріпті.

Бақыт елесі

Күн батты қызыл шапақ нұр бөленіп,
Сәулесін көк, жасылды жерге төгіп.
Маужырап айналаны ауа басып,
Аспаннан сығалады ай да төніп.

Жазғы түн желсіз, тымық маужыраған,
Жұпар иісі төгілген тау-жырадан.
Күндізгі еңбек, өршіл ой ұмыт болып,



Жас дене тыным алса қалжыраған.
Шыққалы үйден мені көп ой басқан,
Ұйықтамай жазғы түнде таңға айқасқан.
Қан соғыс, тозған туыс, келешек күй,
Бәрі де тербетіп ұйкым кашқан.

Дәл бүгін ішкі қиял түйілгендей,
Жүрекке қуаныш сезімі білінгендей.
Сезімді ой тербеткен ұйқы жеңіп,
Қиялды канатта көз ілінгендей.

Салынған кешкі төсек, әйнек алды,
Самалымен ыстық дене құмарланды.
Сұлу ай сәулесімен бет сүйгенде,
Тәтті ұйқы ақ төсекте бойды алды.

Көрген түс көлеңкесі нұр көңілдің,
Түс те болса қиялы болжаушы ердің.
Оқушы зейін сала тыңдай отыр,
Тамаша көрген түске енді келдің.

Келіппін... қалың орман елсіз жерге,
Аңнан басқа онда адам көрмес пенде.
Қара аю, қорқау қасқыр, аш жолбарыс,
Жендеттер - бәрі сонда жүрген бірге.

Адастым елсіз орман - ажал іші,
Тап берсе аждаһалар дария күші.
Кенеттен душар болған жалғыз жігіт,
Не болмақ зұлым жауға жұмсар күші.

Келемін... көрдей орман қараңғы түн,
Жарқырап сәуле шашқан көрінбес күн.
Қара бұлт, күркіреген найзағайлар,

Таңданам қайда кеткен ажалды түн,
Боз торғай ән шырқаған аспан өрлей,
Көбелек бәйшешекке қонған көнбей,
Естіледі құлағыма әсем әндер,
Өмірің таусыла ма көрге енбей.

Серпіліп күн нұрына әреп тұрдым,
Таңданып айналама мойын бүрдым.
Алдым күн, туған айым артыма тұр,
Құттықтап бақыт күнін мен көз тұрдым.


О жағым жиі қонған өзім елім,
Туған жер, кіндік кескен, бақша-бөнім
Өз үйім, көз алдымда бар туысым,
Ұл құшып далада тұр сіздің келің.

Астымда мінген екем бәйге аттан,
Оқжетпес Ақбоз тұлпар қонған аттан,
Көп аттан күншілік жер оған келің,
Тұлпарға тәңір берген күс қанынан.

Жорғалай Ақбозбенен елге кірдім,
Елде той бар екенін енді білдім,
Жіберген екен деймін ат бәйгеге,
Түскен соң жаңа есіме, тонка жүрдім.

Домалап қарсы алдымнан жидығып бибек,
Папалап балапанша ұшып келеді,
Бұл менің жалғыз қызым Гүлжияшым,
Кеткенде апыл-тапыл басын жүр еді.

Дауысымен сол сәбидің жүрек билікші,
Дегенде қуаныштың оты шалқып,
Ояндым “Күнім” деген от үнімнен.



Калыпты сүт пісірім таң да атып.
Қара орман... аждаһалар онда көрген.
Болжадым жойқын соғыс бізге келген.
Болды ғой адасқандай ел мен ердің,
Шетінде бақытта Отан бейбіт өрген.

Бомбадан кара түтін шықпады ма?
Ажалдың оғы осылай жықпады ма?
Бейбіт ел қарай алмай бақыт күнге,
Дәм көрмей түкпірлерге бұқпады ма?


Күн көзін дәрі түтін баспады ма?
Бейбіт ел елсіз жерге аспады ма?
Жан түгіл опасыздан ан да шошып,
Ес кетіп жөнді-жөнсіз қашпады ма?

Кездескен көз жеткісіз ақ дария,
Өткен ғой қауіп ажал байқап қара.
Болжасаң ертеңіні еске алып,
Адамға судан сұмдық қауіп бар ма?

Болдық кой теңіздегі толқын қуған,
Көз жасы кекті жүрек бетін жуған.
Соғыс деген дәл қайық теңіздегі,
Ит жығыс, шыбын жанды белге буған.

Қауіптен халық аман өтеді екен,
Қара бұлт бізден көшіп кетеді екен.
Алдынан күн, артынан ай туғандай,
Бақытқа әлем халқы жетеді екен.

Еліне ерлер аман қайтады екен,
Ертек қып жеңістерін айтады екен.
Өмірге жаңа адам қайта туып,



Тарихты ерлікпенен байытады екен.
Хикая ел көрмеген, заман білмес,
Жазылып келешекке тартады екен.
Тіл жетпей суреттеуге оқиганы,
Шешенге сынның зоры артады екен.

Жас сәби жар көтерген ел бакыты,
Жар өзі жорығанға ер бакыты.
Көп тілегі көл болып туған ұлдың,
Қазақ ұлы «Ер Қайсар» болсын аты.

Тұлпар ат түсте мінген бакыт болмақ,
Ат деген ер қанаты әуелден-ақ.
Ақылдыға болаттай қанат бітсе,
Ол адам жер мен көкке қожа болмақ.

Тұлпар мініп бәйгенің алдын келген,
Емес пе соңғы жеңіс саған берген.
Күші азда қан майданда әліп жинап,
Ойлашы қай тарихта, қашан жеңген!

Жау жеңіліп ауылға,
Қайтатұғын күн болар.
Ата-ана кездесіп,
Сәлем берер күн болар.
Аға-ініні құшақтап,
Амандасар күн болар.
Бойына қысып бөбекті,
Мауық басар күн болар.
Тәтті көңіл сырласың,
Аялайтын күн болар.
Көрген-білген майданда,
Ертегідей жыр болар.

Сәуір 1948 жыл.



Елге хат

Ата-ана алдында
Міне кірем майданға, жаздым хатты,
Қорлады елді зұлым жау, жанға батты.
Кешім сұрап өтініп, ойға батып,
Жау кирасын, біз жеңдік, ойға тәтті.
Сүйтсе де соғыс - ажал, өлім шашты,
Өмірден кім жиренер, өлім - ащы.
Қаңғырған оқ - ажалың қапылыстан,
Сондықтан кешірім сұрау емес ащы.
Кеш әке, шалыс басқан кезім болса,
Кеш, ана ерсі айтқан сөзім болса.
Кеш елім, өтей алмай үмітінді,
Өмірім ерте үзіліп, жазым болса.
Мен барамын тура ажалға, зұлым жауға,
Арыстандай жүрек бер осындайда.
Жерде талқан етеміз фашист сұмды,
Құтырған ол корқау ғой шапқан Айға.
Қазылар көрі оның өз жеріне,
Әзірше есіріп жүр өз елімде.
Бауырды - орыс, белорусь түгел қорлап,
Украин қалды астымда, отты жерде.
Кердеңдеме сен хайуан, жазан жетер.
Жаның шығар кеуденнен, қазақ жетер.
Елу жылда - ел жаңа, елу айда,
Түгін қалмас тәнінді құмырсқа жер.
Мен аттандым туған елім, зор майданға,
Ел тағдыры шешілер сол майданда.
Ерлер берер жазасын Гитлердің,
Атқан оғым дәл тисе қак маңдайға.

1945 жыл ақпан айы, II Украин майданы

1945 жылы қыркүйек айының басында, қараша айының аяғында майданнан аман-есен оралған әкем сол жылы 1922 жылы туған екінші шешем - Өміре қажынан немересі Шамшиқамар Жүнісқызына үйленеді. Шамшиқамар шешемнің руы - қыпшақ. Ол кісі сол кезде Ертісте әйелдер кеңесінің төрайымы қызметін атқарған. Оның айтуынша, менің анаммен жақынырақ араласқан секілді.

Шамшиқамар шешеміз де әр жылдары мектеп бухгалтері, аудандық білім бөлімінде бухгалтер, балабақша мені ерушісі болған. 1963 жылдан 1977 жылдар аралығында Ақтоғай ауданы Рассвет совхозында тұрды.

1946 жылы 2 шілдеде бауырым Шернияз (1976 жылы қайтыс болды), 1948 жылы ақпанда Негай, 1950 жылы 27 қаңтарда Гүлнәр, 1951 жылы 4 маусымда Махамбет (1986 жылы қайтыс болды, Находкада жерленген), 1953 жылдың 13 қазанында Гүлмайдан дүниеге келді.

1954 жылдың желтоқсанында Суворовта Мария дүниеге келді (1956 жылы сәуір айында қайтыс болды, Суворовта жерленді). 1956 жылы 6 маусымда Катрощ туған. 1958 жылдың 26 қаңтарында Қайыр (1996 жылы қайтыс болды), 1959 жылдың 10 қыркүйегінде Дулат (2008 жылдың 22 наурызда қайтыс болды). Шернияз, Қайыр, Дулат Ақтоғай ауданы Қожамжар кеншарында жерленген. 1960 жылдың маусым айында Шамшиқамар шешеміз дүниесіз болды. Арағы Иса Байзақов кеншарында.

Әкем Ұлы Отан соғысынан оралғанын кейін 1945 жылдың қарашасынан 1947 жылдың қыркүйегіне дейін Ертіс аудандық білім бөлімінің меңгерушісі, 1947-1948 және 1953-1955 оқу жылдары қазіргі Ақтоғай ауданына /ол кезде Куйбышев ауданы/ оқу бөлімінің меңгерушісі, 1950-1952 жылдары Ертіс ауданына қарасты қазіргі Қаракұдық кеншарында (бұрынғы Каз ССР 10 жылдығы атастығы совхоз) мектеп директоры, 1955-1956 оқу жылдары Суворов кеншарындағы орта мектепте оқу ісінің меңгерушісі, 1956-

61 жылдары Иса Байзақов атындағы совхозда М.Горький атындағы орта мектепте оқу ісінің меңгерушісі қызметтерін атқарды. Сөйтіп, Ертістің білім беру саласында 18 жыл қызмет етті.

1961 жылдың тамыз айында әкем үшінші рет төсек жаңғыртты. Шешеміз Қаракесек руынан. Есімі - Шәрбан Жұмабайқызы. Сол шешемізден 1963 жылы Жамбыл бауырым, 1967 жылы Гүлбарам, 1969 жылы Мейрам \2005 жылдың тамыз айында қайтыс болды\ бауырымыз дүниеге келді. 1962 жылы Күләйім, 1965 жылы туған Слям екеуі де 1 жасқа келмей қайтыс болды. 1965 жылдан 1977 жылдар аралығында Рассвет совхозында Жандай Тіленшин мектебінде қазақ сыныптарына орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берді.

Шәрбан шешеміз 2005 жылдың 8 наурызында пәниден бақиға аттанды.

Әкем анаммен үш жыл, екінші шешем Шамшиқамармен 15 жыл, үшінші шешем Шәрбанмен 43 жыл отасқан.

Өзім Шамшиқамар шешемнің қолында 1953 жылдың қыркүйегінен 1960 жылдың 1 қаңтарына дейін 10-сыныпты бітіргенше тәрбиелендім.

1960 жылдың қаңтарында тұрмысқа шықтым.

Екінші шешемнің қазасы оңай тимесе керек, сол жылы әкем қатты ауырып, Алматыда емделді. Ең кіші бауырым Дулат екінші шешемнен тоғыз айлығында қалды. 1961 жылдың тамыз айына дейін бауырым менің қолымда тәрбиеленді.


1961-1964 жылдан бастап әкем мүгедектік құжаттарын рәсімдеді, 1965-77 жылдары Ақтоғай ауданына қарасты Қожамжар ауылындағы Тіленшин орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берді. 1977 жылы зейнеткерлікке шықты. Кейін өзінің туған жері Ертіске қоныс аударады. Зейнеткерлікке шықса да қол қусырып отыра алмай, Ертіс, Ақтоғай, Павлодар, Екібастұз кеңшарларында шәкірттерге

Ахмет Байтұрсынов әліппесі бойынша араб графикасынан сабақ береді.

1980 жылдан Павлодар қаласында тұрады.

1997 жылы әкем шау тартқанына қарамастан сексен бір жасында «Ертіс өрендері», арада жыл өтпей жағып «Алаш зиялылары» /1999 жылы бұл кітабы Қазақстан Журналистер Одағының лауреаты атанды/ атты екінші кітабын, 2000 жылы «Даналық, тектілік және әулиелік әлемі» атты кітаптарын көпшілік қауымға ұсынды. Бұл кітаптар ұлттымыздың біртуар азаматтары жайлы толғаныстарымен, маржан сөздерді тереңнен теруімен, тарихымызды, шежіремізді өрнектеуімен құнды. «Алаш зиялылары» кітабын 1999 жылы біз қажылыққа алып барып, елшімен кездесу бопында сыйға тарттық.

Әкем Дүниежүзі қазақтарының үш құрылымына да қатысқан. Түркістанның 1500 жылдығына барды. Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі. Қаламы қарымды әкем республикалық «Түркістан», «Ана тілі», «Шалқар», «Дауа», «Абай» журналы, «Руханият», облыстық «Аршаларқа самалы» газеттерінің штаттан тыс тілшісі болып қызмет етті. Өз қаржысына ұлттық мүддені көздеген «Ертіс дидары» газетін шығарды. Қанжығалы Абай Шымақ шежіресін өзі жазды. 2004 жылы Сауд Арабиясына барып, қажылық парызын өтеп келді. Мекке, Мәдинаны қажылық сапарға барған әкем өзімен бірге «Ана тілі», «Шалқар», «Қазақ әдебиеті», «Түркістан», «Дауа» газеттерінің бірнеше даналарын ала барып, ұлттық басылымдарымызды сол жақта насихаттады. Билік басындағылар ишанымға мұрын шүйіріп қарап, менсінбей жүргенде, әкемнің бұл ісін нағыз ерлік деп бағалауға болады. Республикамызға танымал қаламгерлеріміздің бірі Ербол Шәймерденовтың төмендегідей өлең жолдары әкемнің ұлтжандылығын айшықтай түссе керек:



Нұр толы жанар, бой сергек,
Сөйлейсін әлі кол сермеп.
Жылдардың жүгі жүнжітіп,
Ездерді ғана еңсермек.
Өмірге құштар, өнерге,
Өршілдер оған көнер ме?
Иманы кәміл жақсынын
Жүректе оты сөнер ме?
Ел жайын толғап әр кезде,
Қосасыз гауһар әр сөзге
Қаймағы елдің бұзылмас,
Қариялар сіздей бар кезде.
Шалқайса, біреу шалқайсын,
Сырнайсыз сыршыл Нартайсын.
Тоқсанға таяп әр қазақ
Қартайса, сендей қарғайсын.
Білетін ел мен ер толқын,
Шежіре қартым, шер қартым,
Отанды не екенін
Үйренсін сізден ел халқым.
Көзісіз жақсы көненің,
Сөз бен ойға кененім.
Өнерді сүйсе бұл қазақ,
Дәл сізше сүйсін дер едім.
Жаңаға жұғыс тетемін,
Иіліп ізет етемін.
Үйренген сізден өкінбес,
Өмір сүрудің не екенін!

Құрмет көрсетілді

Өткен сенбиде соғыс және еңбек ардагері, өлке тарихын зерттеуші, шежіреші, кешегі ұстаз, «Ертіс өрендері» атты кітаптың авторы Ханафия Аскаровтың сексен жасқа толғаны аталып өтті.



Облыстық кітапхананың үлкен залында өткен салтанатта мерейтой несін облыстық мәдениет басқармасының төрағасы М.М. Әбдірахманов, облыстық білім департаментінің бас маманы Н.К. Сәбденова, Қ. Сәтбаев қорының президенті О. Қ. Қожанов, облыстық әкімшіліктің ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі Ә. Жакина, Абай атындағы №10 кәсіп иесінің директоры Е.С. Жұматов, облыстық кәсіп мұнақарлық драма театрының бас режиссері Е.К. Тәпенев, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы С.Қ. Шектібай, Х. Асқаровтың бір кездегі шәкірті, кейін Ленин орденді прокурор атанған, қазір зейнеткер Т. А. Ағымбетов, облыс журналистері атынан Б. Жанымбетов, Қ. Садықов, Ө. Тастемханов, Ы. Құниязов, С. Әйтенов, айтыскер ақын Ш. Байғалина құттықтап, игі тілектер білдірді. Ресейдің Находка қаласында тұратын Қанекеннің ұлы Жамбыл сонау Қыыр Шығыстың жапонның «Ниссан» автомашинасын әкеліп, әкесіне «тұңшар» мінгізді. Бұдан кейін ағайын-туыстары сөйлеп, мерейтой несін қызу құттықтады.

№91 «Сарыарқа Самалы» газеті 5 тамыз 1997 жыл.

Ертіс өрендері

Ханафия Асқаров – ұстаз. Жасы сексеннен несе ли, күні бүгінге дейін ұстаздық етуден жалықпай келе жатқан адам. Халық жазушысы, жерлес ақын Мұзафар Әлімбаев «Ертіс өрендері» кітабының авторы Ханафияна «Ертіс өңірінің керекулік тарихын талмай зерттеуші, тамаша ұстаз», - деп бағалайды.

Ханафия Асқаров бұл кітабында Құдайберген мен Исанға катысты көп тың деректерді алдымызға тартады. Қияметер карттын Исаның ақындық тұлғасын ашу мақсатымен оның өнер ортасын танытуға, нәр алған өнер бұлағын тереңірек ашуға талпынысы қызықтырады. Исаның дарында әрі ор ақын болуына нағашы шешесі Жанбала мен нағашысы Рахметтің игі әсері мол болған. Автор өнерді өте кәсіптенген



Жанбаланың Исаға әсері зерттелмей келгенін баса айтады. Ханафия Исаның ұстаздарына толығырақ тоқталыпты. Башқұртстанның халық акыны Сайфи Құдаш «Жастық шақтың ізімен» деген кітабында «Ғалия» медресесін бітірген, өзі білетін жүз адамның тізімін жазып, олардың мамандықтарын көрсетіп, Башқұртстан, Татарстан, Қазақстанда жазушы, журналист редактор шешуші салаларда көрнекті қызмет атқарып жүргенін айтады. Сол жүздің бірі аса ұлағатты азамат Құсайын Күрлеуіұлы Исаның ұстазы екен. Құсайын Күрлеуітов пен Жандай /Жармұхамбет/ Тіленшиннің ашқан жаңа мектептері ХХ ғасырдың басында алғаш рет ашылған оқу орындарының бірі екенін аса көрнекті педагог-ғалым Төлеген Тәжібаев монографиясында атап көрсетті. Отызыншы жылдар қазақ поэзиясы үшін қиындыққа толы болды. Ақындарымыз еркін көсіле алмады. Десек те, акын Исаның «Құралай сұлу», «Ақбөпе» поэмалары сол дәуірдің шұрайлы шығармаларына жатады. Автордың Құдайберген Әлсейітов туралы да қажымай еңбектенгені байқалады. «Біз Құдайбергенді көзімен көрген, ақындар айтысын естіген, желдірмелерін жатқа айтатын қарияларды Павлодар, Омбы өңірінің бірталай жерлерінен іздеп тауып, пікір алыстық», - дейді автор. Сондай қариялардың бірі Екібастұз қаласында тұрған Кәрібай Аюбаевтың естелігін келтіреді. «Неше күн, неше түн өлең айтса да, бір айтқан өлеңін екінші қайталамайды, тыңдаушысы оның аузынан тек жаңа өлең естігендей болатын еді. Түйдек-түйдек өлең-жыр, бәйіттер, қиссалар, аталы сөздер, аңыз-әңгімелерге құрылған өлеңдер қайдан шығып жатқанына халық керемет таң қалатын» деп еске алады Кәрібай.

Қызылағаш болысының есімдері көпке мәлім арқалы азаматтарының аса зор ағартушылық еңбектеріне кітаптан мол орын беріледі. «Қызылағаш болатқомында,- деп жазады «Социалистік Қазақстан» газетінің журналисі

Ләзиза Серғазина, - журналистік өнерді Асаиынов Әменнен үйрендім. Ол - ғалым заңгер, ғалым тарихшы деп айтуға лайық үлкен интеллектуалды адам еді. Жас кезімде Әменнен үйренгенім өміріме рухани азық болды».

Бүкіл Қызылағаш болысы Әмен - Арын - Бердалыны үшеуін дараламай бірге атаған. Сол кездің осы бір абдал ағаматары еліне, халқына қандай қасиеттерімен қымбат еді, олардың биік парасаты, адамгершіліктері туралы көп жылдар бойы жинаған деректер мен естеліктерді оқырман қауымға ұсынуды Ханафия Асқаров ақсақал әрі борын, әрі нарыз санаған. Әмен Асаиынов мәдениеттің, білімнің іргетасы, күре тамыры, сүйенер тірегі - мектеп деп шешендігіне қана қоймай, оны асырып, ұйымдастыра да білген. Қызылағаш болысының барлық ауылдарында мектептер ашуға жұмылдырған. Соның нәтижесінде Қызылағаш болысында алғаш рет шаруа жастар мектебі ашылған. Бұл мектептер білім ордасы болып, ғылымға қанат қақтырған ашқан ұя болғанын мысалдармен дәйектейді.

«Қызылағаштың қырандары» деген болымда қиын-қыстау күндерде халыққа дұрыс бағдар нұсқаған, қараңғылықтың көгіне жарық алып ұмтылған ағаматардың ел үшін атқарған қызметін баса көрсеткен. «Өткен, шіркін, сол адамға жолыға алмадым-ау, көп мағлұматтарды білуші еді» деген өкінішті ойлары, Павлодар уезінен қуғын-сүргінге ұшырағандардың дұрыс мәліметі әлі күнге дейін мардымсыздығына назалануы, Жүсіпбек Аймауытовпен бірге Әмен - Арын - Бердалыны 1930 жылдың тыманында түрмеге қамауына қапа болуы... осылардың бәрі автордың құрбандар қасіретін жанымен ұғып, рухымен тілдескендей әсер береді. Олардың бүгінгі тірі жүрген ұрпақтарының мұн-зары мен қайғысына ортақтығын білдіріп, үн қосады. Өткен кезеңдегі айтулы тұлғалардың аршынды әрекеттері мен өмір жолдары туралы тың деректерді талмай тергіштеп, іздеп тауып жинау бар. Сол жиған - тергеннен, біткен мен

түйгенін бір жүйеге келтіріп, оқырманға жеткізу бар. Бұл оңай шаруа емес. Осы қиындықты жеңе отырып, Ханафия «Ертіс өрендері» кітабының біріншісін оқырмандарға ұсынса, енді оның екінші кітабы да баспаға дайын болып тұр.

Адам Мұхамеджанұлы,
«Сарыарқа Самалы» 1997 жыл
Екібастұз қаласы, Екібастұз совхозы

ЖАҢА КІТАПТЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ

Жақында «Атамұра» мәдени орталығында соғыс және еңбек ардагері, Кереку өңіріне танымал ұстаз, қарт шежіреші, жерлесіміз, Ертіс өңірінің тумасы Ханафия Асқарұлының «Алаш зиялылары» атты жаңа кітабының тұсаукесері болып өтті. Кешке қала әкімдігінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі бөлімінің меңгерушісі Сәуле Оразалықызы Есенғұлова, қаламыздың зиялы қауымы, ақсақалдар қатысты. Кеште Сәуле Оразалықызы кітап авторы Ханафия Асқарұлының еңбектері туралы айтып, кітап авторына шығармашылық табыс тіледі.

Жаңа кітаптың тұсаукесеріне келген Әси Жабағин, мешіттің имамы Құлмұхаммед қажы, Халел қажы, Көбен Төлепберген, қалалық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы Ж.Қоғабаяев т.б. сөз сөйлеп, Ханафия Асқарұлының ұстаздық өмір жолы, шығармашылық еңбегі және бұған дейін жарыққа шыққан «Ертіс өрендері», жаңадан шыққан кітабы «Алаш зиялылары» кітаптарына оң пікірлерін білдіріп, кеш иесіне жүрек жарды ақ тілектерін айтты.

Ханафия Асқарұлының «Тәуелсіз ел - бақытты ел», «Ана тілі - жеті дананың тілі» және «Ахмет Байтұрсынов» атты III бөлімнен тұратын «Алаш зиялылары» атты жаңа кітабында танымдық мақалалар, тарихи тұлғалар туралы тартымды материалдар бар. Кітапты Алматы қаласындағы «Шартарап» баспасы басып шығарған.



«Ауылында қарт болса, жазулы тұрған хатпен тең» демекші, соғысқа қатысып, одан кейінгі өмірін оқу-ағарту ісіне арнаған, өмірден көрген-түйгендерін, әсіресе туған өлкенің тарихын, Иса Байзақовтай /«Ертіс өрендері»/ дарынды тұлғаларымыздың өмір-шежіресін талмай зерттеп, жинақтап, сексен жастың сенгіріне шыққанда кітап етіп шығару - кез келгеннің қолынан келе бермейтін үлкен еңбек.

Олай болса, Ханафия Асқарұлының «Ертіс өрендері» атты кітабына алғы сөз жазған ақын, Қазақстанның халық жазушысы Мұзафар Әлімбаевтың сөзімен айтқанда «...бұл кітаптың көптің көңілінен шығарына әрі жастарымыздың таным-талабына қолғабыс боларына күмән тумаса керек» деуінде үлкен мән-мағына жатыр. Біз де дуалы ауыз ақсақалдардың айтқан пікірлері мен тілектеріне қосыла отырып, Ханафия Асқарұлына қаламыңыз мұқалмай, кейінгі ұрпақ қажетіне жарар толымды еңбектеріңіз жарыққа шыға берсін демекпіз.

С. Молдайып.

ШЕЖІРЕЛІ, БІЛГІР ҰСТАЗ

Осы Павлодар, Омбы өңірінде көпті көріп, көп жүрген, жақсы адамдардың аузынан шыққан асыл сөздерді жинақтап теріп, соны қағаз бетіне түсіруге қажымай, талмай еңбектенген адамның бірі - Ханафия Асқаров.

Мен Хақанды жақсы білемін. Бұл адам өмірдің соққысына қанша ұшыраса да мойып, жасымаған қайратты адамның бірі. Міне сол Хақанның өмір тарихы сияқты жазған екі кітабы менің қолымда. Ол маған «Ертіс өрендері», «Алаш зиялылары» кітаптарын ескерткіш ретінде өзінің қолтаңбасымен жазып берді.

Кешегі қызыл империяның кезінде қазақтың мұңын жоқтаған асыл, зиялы азаматтардың көзін жоғалтып, сөзін өшірген зорлық-зомбылық заман-ай. Олар өмірден өтті.



кетті. Бірақ олар қазіргі өмірге қайта келіп тірілді. Оларды кешегі көрген адамдар қайта тірілтті. Соның бірі Хақанның «Ертіс өрендері», «Алаш зиялылары» деген кітабында толық жазылған. Мұны оқыған кейінгі - ұрпақтарға тарихи дерек, асыл қазына. Мен, Хақанның 80 жасқа толған торқалы тойына шақыру қағазын алып едім. Бірақ бір себептермен бара алмадым. Өкініштімін.

Сол үшін мына бір-екі ауыз сөзімді арнадым:

Ханафия атың бар ел білетін,
Өзіңіздей жан бар ма көп білетін.
Өткен өмір тарихын жазамын деп,
Ел аралап, тынымсыз көп жүретін.
Өңірін бұл өлкенің түгел білдің,
Қағазға түсірем деп талмай жүрдің.
Кездесіп көпті көрген адамдармен,
Асыл сөзін теріп ап, өзін көрдің.
Бойында туа біткен қабілет бар,
Атадан дарығандық, асылдық бар.
Қанжығалы, Абыз-Шомақ ұрпағысың,
Қалайша өз бойыңда кемдік болар.
Хақанның оқысаңыз кітаптарын,
Қалайша жиып терген соның бәрін.
Оқысаң өткен күннің тарихы ғой,
Алаштың ардақтаған зиялыларын.

**Өзіңіздің өкшенізді басып келе жатқан қарт ұстаздың
бірі – Қайролла Қостанбеков
1999 жыл сәуір айы**

САҚА СОЛДАТ

Танымал, аяғы жеңіл, үнемі бір іс үстінде жүретін осы бір жұдырықтай кара шалымыз сексеннің сенгіріне келіп қалғаны каперімізге де келмепті-ау! Телефон шала калса:

- Бір жазбаларымды алып Алматыға жүріп бара жатыр едім, кара шаныраққа да соғамын ғой, сәлемдемең, жок па

еді?- дейтін. «Егемен Қазақстан» газетінің редакциясын осылай атайтын. Неге болмасын, ауылымыз алыста жатқан соң, ол кісіден беріп жіберетініміз табылады. Жедел жететін болған соң, хатымызды дайындап, әлгі Ханафия Асқарұлына қуана шабамын. Енді көшеде кездесе қалса:

- Облыстық газетке бара жатырмын, жазғандарым бар еді,- деп аман-саулықтан кейін қайда жортып бара жатқанын бірден сездіретін.

Ақсакалымыздың бұл шабыстарының нәтижелерін кейін өзіміздің «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Зерде», «Шалқар», «Сарыарқа самалы»... газеттерінің беттерінен оқып, білмейтінімізді біліп, оның тынбай ізденетініне қайран қалып жататынбыз. Кейде тіпті сол үнпарақтар арқылы «Мен казакпын» дегендердің намысына тиіп, «Бұларға сендер жазылмасаңдар, кім жазылады» дегендей алаштың бар азаматына үн қататынына риза болатынбыз. Ал «Абай», «Сарыарқа» журналдары дүниеге келгенде солардың Ертіс өңірінде таралуына күш салып, демеушілер де тауып, «Қолы жетпей жатқандар оқысыншы» деп, түбіртегін өз қолымен толтырып, кейбір зиялы қауымның басын қосып, «Бұдан былай өздеріңіз көре жағарсыздар» деп, зерделеріне құйып, таратып бергенде, қартымыздың ісіне танданатынбыз. Алғаш рет осыдан көп жылдар бұрын облыстық мұражайда кездесіп, назарыма іліккен Ханекенмен етене жақын, пікірлес болып кетерімді қайдан білейін. Бұл жолы ол Иса Байзақовтың пір тұтқан ұстазы, есімі көп жылдар бойы аталмай, көмескі қалып келген Құдайберген Әлсейітов ақыннан қалған белгі ретінде домбырасын тапсыруға себепші болған екен. Сол кісінің аруағы риза болсын дегендей, дүлдүл ақынның жоғын жоқтап, артында қалған мұраларын жинап жүргенін де естіп жаттық. Арасында жазықсыздан жазаланып, сталиндік зобалаңның құрбаны болған көзі ашық, көкірегі ояу ел азаматтарының тағдыры жайлы жазғандарын баспасөз

беттерінен оқып жүрдік. Жүрекпен тебіренбей, оқымасқа мүмкіндік бермейтін ол кесек-кесек туындыларға аруақтар риза болса, ал бүгінгі ұрпақ өздерінің бақыты үшін алысып, құрбандыққа барғандардан тәлім алып, олардың рухына бас иіп, қазіргі тірлігі үшін кімдерге қарыздар екендігін түсінгендей күй кешерін сергек көңілмен сезетінбіз. Сезетінбіз де, ақсақалмен кездесе қалғанда, алдымен алғысымызды айтатынбыз.

Кездесе қалғанда демекші, сондайда ақсақалымыздың омырауынан тастамайтын «Отан соғысы» орденіне көзіміз түсіп, қазбаламасақта «Үлкендерімізбен бірге от кешкен сақа солдаттарымыздың бірі боларсың» деп топшылайтынмын. Шаршамайтын шалымыз жуықта ғана тағы астанадан оралып, мыннан демеуші тауып, «Ер Дәулет» баспасына жинақ ретінде өзінің «Ертіс өрендері» атты туындысын тапсырып келгеніне «Құтты болсын!» айта барғанбыз. Әңгіме өрісі ақсақалымыздың ұзақ ғұмыры, мазасыз тірлігіне ауысып, сыздықтай отырып, сыр тартуға тура келді. Мақсатым - өзі жайлы сөз етпей, өзгелердің сіңірген еңбектерін көбірек тілге тиек ететін Ханекеннің өз басына назар аудару еді.

- Әкетіп бара жатқан ештеңем жоқ, әкем Асқар он саусағынан өнер тамған ауылымыздың сыйлы азаматы болыпты,- деп, бір ойланып қалды ол. – Туған жерім Қызылағаш болысы ғой. Қазіргі Ертіс ауданы. Үшінші ауыл дейтін Кенжебай елді мекенін жайлаппыз. Ағаштан түйін түйіп, темірден зергерлік жасайтын әкейдін жаңа ұйымдасқан колхозға үш ат жегіп, айналдыратын диірмен жасап бергені де есімде қалыпты.

Әкесі 1933 жылы дүние салған соң, ауылдағы төрт сыныпты мектепте Нұғман Алшыновтан білім алыпты. Ол кісі кейін осы өңірде алғаш Ленин орденді ұстаз атанған екен. Жетімдер қатарына қосылғанда, қазіргі Иса Байзақов еліндегі «Бауырмалдық» жеті сыныпты шаруа-

жастары мектеп-интернатының дәм-тұзын татады. Үздік оқушы ретінде одан Алматының ауыл шаруашылығы институтының дайындығынан өтеді. Оны тәмәмдағаннан кейін, сол жоғары оқу орнының студенті атанады. Алайда, аңсары ұстаздыққа ауа берген соң, мұғалімдікке сұранады. Тілегі орындалып, барған жері Талғарға жақын жеті сыныпты Рахат мектебі екен. Жағрапиядан сабақ береді. Одан мұғалімдік қысқа екі курсты тәмәмдап, өз тілегімен Алакөлге (Талдықорған) жолдама алады. Кәдімгідей 5-10 сыныптарға қазақ тілінен сабақ бере бастаған. Көп ұзамай әскер қатарына шақырылады.

- Бұл 1939 жылдың қарашасы еді. Өрімдей жастар Винница қаласында қысқа әскери дайындықтан өттік. Содан бізді финдермен болған кантөгіске әкеліп салды. Өз басым сол жылдың желтоқсанынан наурыз айына дейін майданда болдым. Ақ халат киіп, Маннергейм бекінісін талай шабуылдадық қой. Ақыры, аяғыма жарықшақ тиіп, әскери ауруханаларда біраз азап шектім. - дейді Ханекен. Тізеден төмен, ет пен сүйекке тереңдей батқан жарықшақты Ленинградтағылар да, Белоруссия дәрігерлері де ала алмапты. Алты ай әуреге салып, үшінші топтағы мүгедек ретінде еліне қайтарыпты. Ертіс ауданына келіп, қалап алған сүйікті ісіне қайта кіріседі.

Тағы да соғыс, тағы да ел азаматтары майданға аттанады. Алғашқы кезде жаралы жауынгер ретінде Ханекенді қозғамайды. Бұл екі ортада мектепте директор, аудандық газетте жауапты хатшы қызметтерін атқара жүріп, майдандағыларға көмек үшін азық-түлік, киім-кешек жинауға да біраз еңбек сіңіріп тастайды. Аз болар дегендей, өзінің қасқыр ішігін де сонда жіберіпті. Алайда ана жақта күш жетпей жатқанда, қойсын ба, 1943 жылдың күзінде мұны да әскерге шақыртады. Алматыға барғанда, көп жүрістен ісіп кеткен аяғын көріп, ондағылар кері қайтарса, мұндағылар қоярда қоймай, тағы аттандырады. Ақыры, кешегі жаралы

жауынгер Румыниядан бір-ақ шығады. От кешіп, мадиярлар жерін басып, Чехияға барады. Жеңісті Дрезден қаласында көреді. Күл-талқан болып кираған қалалар мен елді мекендерді жол бойы Польшадан, Украина жерінен көріп, Мәскеулетіп елге тартады. Аман қалғандарына қуанып, Омбыға жеткенде, өректіген көңілдерімен кең далаға сағынышпен көз салады.

- Қарасам, поезымыздың ол қалаға тоқтар түрі жоқ. Бізді Шығысқа қарай әкетіп барады,- дейді Ханекен бізге қарап бір езу тартып қойып, - Содан Монғолияның Гоби шөлінен бір-ақ шықтық. Бәрінен бұрын шөлден қаталаған қиын екен. Әйтеуір, елден «әйелі қайтыс болды» деген ағайындардан жедел-хат алып, қолбасшыларымыздың қолынан «Ерлігі үшін» медалімді алып, елге жеттім-ау!

Аяқтағы терен бойлаған жарақатын соғыстан кейін ғана алдырып, ағарту саласында көп жылдар еңбек етіп, зейнеткер аттанғаннан кейін қолына қару ретінде қалам ұстаған Ханекен одан бері де талай іс тындырғанын жоғарыда айттық. Кейбіреулердей үйін айналшықтап, тыныш жатудың жайын білмейтін сақа солдатты тағы да іс үстінде көрдім.

- Қазақ оралмандары жайлы өткен үлкен құрылтайдан ой түйіп, айтпағаным бар еді. Соны жазып бітіріп Алматыға жібергелі жатырмын,- дейді Ханекен.

Тағы да іштей риза болдым. Тағы да сақа солдаттарымызға саулық тіледім.

Байтұяқ Жанымбет, журналист

Әкем облысымызда Қазақ тілін дамытуда көп үлес қосып, оны насихаттауға ат салысты. Қазақ тілінің камқоршысы, қазақ тіліндегі баспасөздің жанашыры ретінде оны төменгі мақаладан көруге болады. Бірақ қазақ тілі қоғамының мерекелерінде марапаттаған кезде ескерусіз, елеусіз қалады. «Адамды мұратына жеткізетін, ана тілі мен ата дәстүрі. Ана тілің- арын бұл».

«Тіл келешегі қандай болмақ?»

Тілдің, ана тілінің қасиетін сөзбен айтып жеткізу қиын. Тіл адамға ғана біткен ырыс. Тіл - қатынас құралы. Тілсіз адамзат қоғамы өмір сүре алмаған болар еді. Қазақ халқының даналығы «Өнер алды - қызыл тіл» дейді. Қазақ халқы тілді тек қатынас құралы емес, шешендік өнер, өткір қару, тәрбие мектебі деп түсінген. Қазақ афоризмсіз сөз сөйлемеген. Қазақ тілі әлемдегі бай тілдердің бірі, түрік тілдес тілдердің бірегейі, қазақтың фольклоры - ауыз әдебиеті ең бай әдебиет. Ең үлкен деген халықтың батырлар жыры 3-4 тей-ақ. Мысалы: «Игорь полкі туралы жыр». Оның сөзінің көбі қазақ сөзі екенін әлем таныған полиглот - ақын Олжас Сүлейменов тамаша дәлелдеді.

Қазіргі қазақ тілінің сөздік құрамы түбірі қазақтың төл сөзі, оған қоса сонау алыстағы араб тілінен (қасиетті Құран сөзі арқылы), парсы тілінен (шығыс поэзиясы арқылы), тіпті орыс тілінен (көрші болған соң шаруашылық, жеңіл өндіріс қатысы болған соң) тағы басқа тілдерден, арғы жағы Ауғанстаннан, Иран, татардан енген сөздер. Бүкіл шығыс әдебиетінен сіңіріп қазақ сөзі болып кеткен сөздер. Қазақтың орамды, мақал-мәтел афоризмді, философиялық ойлы тілін ең жоғарғы классикалық сатыға көтерген ұлы ақын Абай Құнанбаев болды. Абай шығыс поэзиясын керемет меңгерген данышпан ақын. Араб, парсы, шағатай сөздерін орынды қолданған. Ұлы лингвист, арабист, XX ғасырдың ұлы реформаторы Ахмет Байтұрсынов Абайды «Қазақтың бас ақыны» деп осыдан 92 жыл бұрын әділ баға берді және «Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білуі керек» деп міндет артты. («Ақ жол» 222 бет. Х.А.) . Қазақ тіліне көптеген сөздер, элементтері еніп, қазақтың тілдік қорын молайтып, байытты. Әдеби тілімізге елеулі үлес қосып, зерттеу жасаған, қазақ сөздіктерін құрастырған ұзақ жылдар партия, кеңес органдарында үлгілі қызмет атқарған мемлекет қайраткері Нұртас Оңдасынов болды. Нұрекең

халқымызға «Арабша - қазақша» түсіндірме сөздік» (1974), екі кітап рухани мұра қалдырды. Автор «Тіліміздің елеусіз жатқан бай қоры, санаулы асылдары жаңа дәуірдің талабына сай іске асырылып, қазір үлкен мемлекеттік тілге айналып отыр. Мұны еш уақытта ұмытуға болмайды» дейді. Сөздіктерде әр сөз араб жазуымен жазылып, қазақ тілінде ұғымы түсіндірілген. Мысалдар белгілі ақын, жазушы, ғалымдардың шығармаларынан алынған. Мұның сөзі Нұртас Оңдасыновтың әдебиетіміздің, тіліміздің нағыз жанашыры екенін айқындайды және Құран жазуын - қасиетті жазу деп бағалайды. Ахмет Байтұрсынов «Төте жазуын», араб графикасын үкімет басшысы мемлекет қайраткері ретінде қолдағанын дәлелдейді. Қытай және шет елдермен қарым-қатынас жасауда араб графикасында газет шығару мұқтаждығы туып, 1976 жылдан бастап Алматыда /«Біздің Отан»/, («Шалқар», 1991) араб графикасымен шыға бастады. Н. Оңдасыновтың алғашқы, негізгі сөздіктерінің редакциясын басқарған Е.Б. Бекмұхаметов еді. Кейін, арада сегіз жыл өткен соң 1977 жылы Е. Бекмұхаметов өзі «Қазақ тіліндегі араб - парсы сөздіктерін» Алматыда шығарды.

Н. Оңдасыновтың аталған екі томдық сөздіктері оқытушылар мен оқушыларға, жазушылар мен журналистерге, үгітшілер мен насихаттаушыларға, жалпы Қазақстан интеллигенциясы қауымына тамаша көмегін тигізді. Мен 1977 жылдан бастап Нұралы «Араб тілі», 2-сынып «Мектеп» баспасынан шыққан (ол №9 мектеп-интернатта оқулық ретінде) оқулықты жаздырып алып, оқып, көп адамға араб графикасын үйреттім.

Н. Оңдасыновтың сөздіктері маған тамаша ауыз толтырып айтардай жеңіс әкелді. Павлодар облысының мекеме ұйымдарында курстар өткіздім. Ол курстан 300 адам оқып, араб графикасын үйреніп шықты. 1966 жылдан ұлы ғалым XX ғасырдың реформаторы түрколог-арабист А. Байтұрсыновтың «Төте жазу» әліппесін қазақ мектептерінде

2-сыныптан бастап оқып-үйрену қолға алынды. Төте жазу біздің әлемге аян төл жазуымыз, қазақ әліппесі. Қасиетті Құран әріпімен түзелген қазақ әліппесінен қашпау керек. Келешексіз әліппе жоқ, ал Ахаңның қазақ әліппесі өмірге келгелі 100 жылдан асты. Сонымен, араб графикасының негізі қазақ әліппесін үйренуге жұмылайық.

**Ханафия қажы Асқаров, «Руханият» газеті, 2004 жыл
Павлодар қаласы.**

Иә, мемлекеттік тілдегі баспасөзге кім жазылады? Әрине, қазақ тіліндегі баспасөзге - газетке, журналдарға қазақтар жазылып, үнемі оқуы тиіс екендігі белгілі. Өйткені ана тілімізде шығатын газет, журнал, көркем әдебиет, ғылыми басылымдар - біздің, қазақтардың рухани азығы, нәріміз. Қазақ тіліндегі радио, теледидар, театрлардағы ана тіліміздегі қойылымдар, ана тілінде білім беретін оқу орындары, әскерде қазақ тілінде берілетін бұйрықтар - бәрі қазақ халқына қызмет атқарады. Қазақ мемлекетінің қазақтікі екенін айғақтайды.

Кенестер Одағы Конституция бойынша большевиктер партиясы программасында әр ұлттың ана тілінде оқуына, жазуына, сөз бостандығына құқы бар дегеніме, іс жүзінде ұлт тілі, ұлт жазуы тежеліп, адымы, ауқымы үнемі қысқартылып отырды. Қазақ халқы өзінің төл жазуы ғұлама ғалым А. Байтұрсыновтың әліппесінен айырылып қалды. Біздің ауыз әдебиетіміз - фольклор, батырлар жыры, көне әдеби мұрамыз - нағыз асыл қазынамыз араб графикасымен жазылған, басылған. Олар әзірше қолдануда жоқ. Болса, тек араб графикасын меңгерген оқырмандар ғана оқи алады. Бүгінгі таңда кириллицамен жазылған, басылған ана тіліміздегі газет, журналдарды оқитын қазақтар да азайған сияқты. Сондықтан мемлекеттік тілдегі басылымдар аз таралып отыр. Соңғы кезде «Заманмен үндес заңғар басылым» айдарымен Темірхан Медетбектің «Айбатына айбат қоса

бер» атты мақаласы «Егемен Қазақстан» газетіне жаппай жазылуды насихаттайды. Автор: «Еңсемізді тік көтертпей келе жатқан проблема, осы - тіл... Бізден бұрын да талай адам айтқан - қазақ тілі өз деңгейіне көтерілмесе, ұлттық рух жөнді қалыптаспайды» деп, ағынан жарылыпты. Ана тіліндегі баспасөз құдіретіне жетер құдыретті құрал жоқ. Соғыста «Отаным үшін жан пида!» деген ұран оқпен жауды атқаннан да айбарлы, қаһарлы болды. Міне, сөз құдіреті, оны баспаға түсіріп, тарататын баспасөз құдіреті қандай! Ахан (Байтұрсынов) баспасөздің жауынгерлік құдіретін «Газет - елдің көзі, құлағы, сөзі, жүрегі» деп дәл анықтаған. Мен қазақ тіліндегі газет, журналдарды 1937 жылдардан бастап, үзбей оқимын, жыл сайын жазыламын. Қара шанырақ баспамыз «Егемен Қазақстанның» бір санын босатпай оқимын. Оның үстіне «Ана тілі», «Түркістан», «Қазақ әдебиеті», «Шалқар», «Сарыарқа самалы» газеттері және «Балдырған» журналына 2003 жылға тұтас бір жылдығына жазылдым. Менің осы басылымдар туралы айтарым:

«Ана тілі» газетін оқымаған ана тілінде ой-пікірін жеткізе алмайтын шала қазақ. «Қазақ әдебиетін» оқымайтындар көркемөнерімізден, әдебиеттен, халық тарихынан хабарсыз пенделер. «Балдырған» журналын алып оқымайтындар, бала тәрбиесінен, бала тілінен хабары жоқ болып өзі де, ұрпағы да алдамшы өмір сүреді. «Шалқар» газетін оқымағандар әлемдегі қазақтармен тілдесе алмайды. «Сарыарқа самалын» алып оқымайтындар облысымыздың өткені мен бүгінгісінен хабарсыз өтеді. Ал Екібастұз қаласынада 1992 жылдан бері шығатын «Отарқа» газеті - облысымыздағы қазақ тілді басылымдардың ішіндегі ең бірегейі. Бұл газетте адамның рухани өсуіне қажеттінің бәрі бар. Оны үзбей оқыған адам энциклопедиялық білім алады. Газет-журналдар - рухани азығымыз. Рухани аштықтың орны толмайды. Сондықтан мен үйге келген мейманға адал дәміммен бірге рухани азықты коса ұсынамын. Бұл - әр қазақтың қанына сіңуге

Ханафия Асқаров,
«Сарыарка самалы» 2004 жыл, Павлодар қаласы

*Үйінде көп жасаған қария болса - кітапқа жазылған
хатпен тең*

СӨЗ ТҮЙІНІ

Есті атамыз, ақылды бабамыз Айсекеңе
(Айсабек Тоғымұлына) 1878-1977-1999-ж.ж.

Шомақтың бел немересі
Кадірінді білдік пе?
Сөзге шешен, ақылға да дария,
Мадақтайық бабаларды қария.
Құпиясы, жалғаны жоқ сөзінің,
Жұмбақтамай бәрін айтар жария.
Әкеңді де, атаңды да еске алар,
Өзіңе арнап үлгі болар сөз табар.
Ашық сырлы, адал ниет бүкпес ол,
Айсекеңдей, Балтекеңдей, Нүрекеңдей,
Қарттар кадірін кім білді?
Үйіне келсең, кымыз, айран асы бар,
Бергізетін шапшаңдатып, асығар,
Дастарханда кезек-кезек сыр шашар,
Ақ ниетпен екпіндете Қара Ертістей тасыған.
Таусылмады ел туралы сұрағы,
Өмір бойы сағынып бәрін тұрады.
«Жуас колхоз», «Молда жігіт», «Мұғалім»-
Жеңгейлердің қойған сөзі дуалы.
Әлпештейік болашақты, баланы,
Әлпештейік оны тапқан ананы!
Әлпештейік, мадақтайық әр елде,
Өсиеті - үлгі, қамқор- пана

Данышпан болған бабаны!

Ханафия қажы Асқаров
Ұлы Отан соғысы ардагері, Павлодар қаласы
«Руханият» газеті, 3 мамыр 2007 жыл

Меккеге аттанды

Кеше қажылық парызын өтеу мақсатында облысымыздан он тоғыз адам Меккеге аттанды. Олардың қатарында: Ханафия Асқаров, Рамазан Теміров, Арғын Бабылбеков, Өзхан Сағындықов, ерлі-зайыпты Қасым Сәтпаев және Бибану Сәтпаева, Кәтіш Жұмаділова, Еркін Сәдуақасов, Шолпан Бисмелдинова, Күләш Бектаева, Болат Масығұтов, Қабиболла Мұхамедқалиев, Хасен Оспанов, Әсима Омарова, т.б. бар.

«Руханият» газеті 24 қаңтар 2004 жыл
«Сарыарқа самалы» қаңтар 2004 жыл

Қажылар аман-есен оралды

Бұдан бұрын хабарлағанымыздай, 24 қаңтар - 4 ақпан аралығындағы қажылық ғибадатқа Павлодар облысынан 19 адам аттанған еді. Бүгінгі таңда, қажылар туған еліне көгерінкі көңіл-күймен, аман-сау қайтып оралды. Олар: Ақсу қаласынан Смаилов Нұрлан, Нұрымова Күлбайрам; Баянауыл ауданынан Кәрімова Зайтқан, Омарова Әсима, Сағындықов Өзіхан;

Екібастұз қаласынан Мазғұтов Болат, Сәтпаев Қасым, Сәтпаева Бибану, Галиекберов Галимзат, Бабылбеков Арғын, Бекпаева Күләш;

Майкайың кентінен Жұмаділова Қатыш;

Май ауданынан Исакова Рымбике;

Павлодар қаласынан Асқар Ханафия, Теміров Рамазан, Бисмелдинова Шолпан, Оразов Теміртас, Садуақасов Еркін;

Павлодар ауданынан Мұхаметқалиев Қабиболла.



Сол сияқты, Павлодар облысы атынан Солтүстік Қазақстандық Оспанов Хасен Оспанұлы бар.

Қажылық ғибадатын орындап келгендерге тек сауабы тисін, денсаулықтарыңыз мықты болсын демекпіз!

«Руханият» газеті, 24 ақпан 2004 жыл

«Сарыарқа самалы» ақпан 2004 жыл

«Руханият» пен «Сарыарқа самалы» газеттерінде «Қажылар 2004 жылы 24 қаңтарда кетіп, 4 ақпанда оралды» деген хабарландыру жарияланған еді. Бірде Ерлан Ахметовтың «Павлодар облысының қажылары» кітабын парактап отырып, әкемнің белгісіз қажылар қатарында жүргенін оқыдым. Сонымен бірге 2008 жылы 23 қазанда Ертіс ауданының 80 жылдығына барғанымызда, аудан басшылары Петрученконың Ертіс ауданы туралы кітабын бізге сыйға тартты. Үйге келген соң кітапты оқып отырсам, әкем туралы еш дерек жоқ. М. Жаманбалинов ағамыздың «Әйгілі аудан - Ертісім» атты 2 томында да әкем туралы еш дерек берілмеген.

Әкем сол тойға Ертістен қажылыққа барғандар қатарында шақырылыпты. Жасы келген, оның үстіне 2006-2008 жылдары екі бірдей ұлының қазасынан қалжыраған әкем ауданның мерейтойына кешігіп барып, елеусіз қалған. Есімі ауданның тарихы туралы жазылған «Әйгілі аудан - Ертісім» кітабына кірмеген. Осы кітаптың III томы баспада деген. Алғашқы екі кітапқа әкемнің есімі кірмеген соң, мен «Егемен Қазақстан», «Сарыарқа самалы» газеттерінде дабыл көтеріп, Ханафия Асқаровтың Ұлы Отан соғысының ардагері екенін, әрі ауданның дамуына зор үлес қосқанын жазып, әкемнің еңбегін ескеруді өтіндім.





Екібастұз қаласының
тұрғыны Гүлжиян
Ханафияқызы

Көшірме: Облыстық мәслихаттың
хатшысы Р.Фафуровқа

Ертіс аудандық мәслихаттың
хатшысы Х.Зейнішевке

Құрметті Гүлжиян Ханафияқызы!

Сіздің өкеңіз Ханафия-ағаның еңбегі туралы хатыңызды алдық. Біз ол кісінің Ертіс ауданындағы атқарған қажырлы еңбек жолымен жақсы таныспыз, әсіресе журналистік саладағы атқарған ерен еңбектері жерлестеріміздің көңілінен шығуда. Ол кісі жасының ұлғайғанына қарамастан осы күнге дейін қаламы мұқалмай келеді, осыған байланысты біздер ол кісіге басымызды иіп, алғысымызды білдіреміз.

Ертіс ауданының 80 жылдық мерейтойы қарсаңында шыққан «Ертіс шаңырағы аясында» атты шыққан кітапқа білдірген наразылығыңызға келесідей түсініктер береміз.

Біріншіден Ханафия Асқаров құрметті қонақ ретінде мерекелік шараға шақырылған, бірақ мезгілінде келе алмады.

Бүгінгі күнде аудан көлемінде 23 ұлт өкілдері тұрып қажырлы еңбек атқаруда. Осыған байланысты мерейтойға арналған кітаптың негізгі мақсаты әртүрлі ұлт өкілдері, олар: қазақтар, орыстар, немістер, татарлар, тәжіктер, ирандар, чехтар және тағы басқалары, Кеңес Үкіметінің Батырлары, Еңбек ерлері, ауданның Құрметті азаматтары, ауданға ерен еңбектері сіңген жұмыскерлер мен ғалымдардың еңбектерін көрсету болып келген.

Сонымен бірге, осы кітап аудан көлеміндегі 80 жыл аралығында еңбек атқарған барлық адамдарды толығынан қамтуды мақсатқа алмаған. Редакция кеңесі ауданның атқарушы билік орнының ұйғарымы бойынша арнайы очерктер жарияланған.

Сонымен бірге ағымдағы жылдың қараша-желтоқсан айында Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі М.Жаманбалиновтің үш томдық «Әйгілі аудан Ертісім» атты кітабы баспадан шығады. Осы кітаптың 556-557 беттерінде Сіздің өкеңіз Ханафия Асқаровтың еңбек жолы туралы толығынан очерк жазылғанын хабарлаймыз.

Ізгі тілекпен «Ертіс шаңырағы аясында»
атты кітабының редакция кеңесі

Павлодар облысының әкімшісі

«ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



Ақимият Павлодарской области
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«УПРАВЛЕНИЕ КУЛЬТУРЫ
ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ»

140000, Павлодар, Академика А.Х. Маруцаева көшесі, 115
тел. факс: (8718 2) 32-35-96
E-mail: Dep.cultura@mail.ru

140000, Павлодар, ул. Академика А.Х. Маруцаева, 115
телефон факс: (8718 2) 32-35-96
E-mail: Dep.cultura@mail.ru

№ 1-13/2-12
10 қараша 2008 жыл

2008 ж. 03 қарашадағы № 6-09-1/1299 хатқа

Екібастұз қаласы
Қонаев көшесі 52 үй 1 пәтер
Г. Ханафияқызына

Құрметті Гүлжиян Ханафияқызы!

Сіздің облыс әкіміне жазған өтініш хатыңызбен мұқият танысып, мәдениет басқармасы төмендегідей хабарлайды.

Мәдениет саласында істейтін қызметкерлер Ханафия ағаны жақсы біледі. Ағамыздың “Ертіс өрендері”, “Алаш зиялылары”, “Даналық. Тектілік және әулие әлемі”, - атты еңбектерімен облыс жұртшылығы кеңінен таныс. Ағамыздың еңбектерін қалың оқырмандарға таныстыру облысымыздың музейлері мен кітапханаларында өткізілген болатын.

Сонымен қатар, Ханкеңнің А. Байтұрсынның тәте жазуын облысымыздың 300-ден аса азаматтарына дәріс бергені туралы мәдениет басқармасы хабардар. Ағамыз облысымызда қазақ тілін дамытуда көп үлес қосып, оны насихаттауға ат салысты.

Енді Сіздің өтінішіңізге орай, Ханкеңнің Ақтоғай және Ертіс аудандарында көп жыл жемісті еңбек еткенін ескерілмегіне кынжыламыз. Сондықтан, осы аудандардың мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдеріне аудандық музейлерде ағамыздың құжаттарын, басқа да материалдарын жинастырып халыққа таныстыру тапсырылды.

Бастығы

А. Қанафина

Ислам. 324182

ЕРТІС АУДАНЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

«ЕРТІС АУДАНЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ
ТІЛДЕРДІ ДАМУ
БӨЛІМІ»
қос. мекенге тгіс мекемесі



АКИМАТ ИРТЫШСКОГО РАЙОНА

Государственное учреждение
«ОТДЕЛ
КУЛЬТУРЫ
И РАЗВИТИЯ ЯЗЫКОВ
ИРТЫШСКОГО РАЙОНА»

140500, Иртишский район, Калмыцкий ул., 107
Тел: 2-13-83, 2-20-97, факс: (8-71812) 2-20-97

140500, с. Иртишск ул. Калмыцкая 107
Тел: 2-13-83, 2-20-97, факс: (8-71812) 2-20-97

№ 1-11-208
2007 жылдың 11 сәуірі

Павлодар облысы
Екібастұз қаласы
Қонаев көшесі, 52 үй
1-пәтердің тұрғыны
Гүлжиян Ханафияқызына

Құрметті Гүлжиян Ханафияқызы!

Сіздің 2008 жылы қазан айында жіберген өтінішіңізге Ертіс ауданының Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі келесіден жауап береді:

Білім ауданымыз үшін Ханафия ақсақал аса қадірлі азамат екенін дүңім хылық білесіз. Осыған орай Ертіс ауданының 80 жылдығына арналған Мұбарак Жаманбалиновтің «Әйгілі аудан – Ертісім» атты үш томдық кітабы жуыр арада басыдан бастырылып шығарылады.

Сіздің әкеңіз жайлы толыққанды мағлұматтар легі осы пайғармалы енгізілгені жайлы хабардар етеміз. Кітаптар қолға жетімді түрде түскен келсе, Сіздерге міндетті түрде 1 данасын ескертпін ретінде табыс етеміз. Сондай - ақ, Ханафия ақсақалдың құжаттары, деректері, бір сөзбен айтқанда эхспонаттары иелікте болса, ауданымыздағы өлкетану мұражайына кен көлемде таныстыру мақсатында орналастыруға әзір екендігін мәлімдейміз.

Ізгі ниетпен бөлім бастығы

Е.Балтабасов

Екі соғысты бастан кешірген

Ертіс ауданының тумасы Ханафия Асқаров екі бірдей зұлмат соғысты бастан өткерген абыз қария. Бүгінде жасы тоқсан үшке қараған ақсақалдың бұрынғыдай емес, денсаулығы сыр берді. Көзінің көруі нашарлап, соғыс кезінде жарақат алған аяғын басу мұңға айналды. Әйтсе де ақсақалдың есте сақтау қабілеті жақсы. Тарих қатпарында қалған сонау фин соғысынан бастап, неміс басқыншыларына қарсы қанды шайқас туралы әңгімелегенде, жадының күштілігіне қайран қаласың.

- Қарағым, мен 1939 жылы фин соғысына қатысқан алғашқы қазақ сарбаздарының бірімін. Сол жылы өрімдей жастар Веница қаласында қысқы әскери дайындықтан өттік. Содан бізді финдермен болған қантөгіс шайқасқа жіберді. Ұрыс даласында сапер-байланысшы болып қызмет еттім. Бұл жұмыс айтар ауызға оңай болғанымен, қарша борап тұрған оқтың астында үзілген сымдарды жалғау жанкештілікті талап ететін. Ақ халат киген жауынгерлер Мангергейм бекінісіне талай шабуылдар жасадық.

1939 жылдың желтоқсанынан 1940 жылдың наурызына дейін ұрыс даласында жан алысып, жан берістік. Ақыры аяғыма снаряд жарықшағы тиіп, әскери ауруханаларда біраз азап шегуге тура келді. Тізеден төмен ет пен сүйекке тереңдей батқан жарықшақты Ленинградта, Белоруссия әскери госпитальдерінде дәрігерлер ала алмады. Алты ай бойы әуре-сарсаңға салды. Кейін III топтағы мүгедек ретінде еліме қайтарды. Ертіс ауданына қайтып келіп, қалап алған сүйікті ісіме қайта кірістім,- деп еске алады ауыр күндерді Ханафия ақсақал.

Ханафия Асқаров елге оралған соң, тура бір жылдан кейін тарихта әйгілі Ұлы Отан соғысы да басталып кетеді. Мылтық ұстауға жарамды 18 бен 40 жас аралығындағы ер-азаматтар майданға шақырылады. Алғашқы кезде жаралы жауынгер ретінде Ханекенді қозғамайды. Ол осы екі ортада

мектеп директоры, аудандық газеттің жауапты хатшысы қызметтерін атқара жүріп, майдандағыларға көмек үшін азық-түлік, киім-кешек жинауға да біраз үлес қосты.

Жанашырлық танытқаны сонша, өзінің қасқыр ішігін де киім-кешектердің арасына қосып жібереді. Алайда, әскер күші жетіспегендіктен 1943 жылдың күзінде Ханафия Асқаровты тағы да әскер қатарына шақыртады. Алматыға барғанда көп жүрістен күп боп іскен аяқтарын көріп, ондағылар кері қайтарса, жергілікті әскери комиссариат қайта майданға аттандырады. Соңында кешегі жаралы жауынгер Румыниядан бір-ақ шығады. Алғашқыда жаяу әскер полкіне түскен Асқаров от кеше жүріп, мадиярлар жері арқылы Чехияға жетеді. Аласұрған фашистер ұлтрақтай жер үшін жанталасады. Адам қаны судай төгілген осы ұрыста Ханафия Асқаров басынан ауыр жарақат алып, ес-түссіз құлайды. Өліктердің арасында білінер-білінбес дем алып жатқан Ханафияны медбике тауып алып, госпитальге жеткізеді. Әскери госпитальде Ханафияның басына күрделі операция жасалады. Жарақатынан айыққан соң Х.Асқаров жауға ойсырата соққы берген Кенес әскерінің құрамында жеңісті Германияның Дрезден қаласында қарсы алады. Майданда жанқиярлық ерліктің үлгісін көрсеткен Ханафия атамыз соғыс жылдарында I, II, III дәрежелі «Отан» соғысы ордендерімен, «Ерлігі үшін» медалімен марапатталады.

- Алғашқы соғыс салған жара әлі жазылған жоқ. Жаралы аяғым сыздайды,- дейді Ханафия ақсақал.

Д. ЕРҒАЗИНА,
облыстық «Сарыарқа самалы» газеті

Әкемнің енбегі ескерілмеді

Менің әкем Ханафия Асқаров - фин соғысы мен Ұлы Отан соғысының ардагері. Ол кісі Батыстағы от кешуден оралғаннан кейін өзі туып өскен Ертіс аудандық білім

бөлімінің меңгерушісі, 1947-1948 жылдары қазіргі Ақтоғай аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі, 1952-1953 жылдары Ертіс ауданына қарасты қазіргі Қаракұдық кеншарында мектеп директоры, содан соң Суворов кеншарындағы орта мектепте оқу ісінің меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1965-1977 жылдары Ақтоғай ауданына қарасты Қожамжар аулындағы Тіленшин орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берді. 1977 жылы зейнеткерлікке шықты. Кейін өзінің туған жері Ертіске қоныс аударды. Еңбек демалысына шықса да қол қусырып отыра алмай, үйренем деушілерге Ахмет Байтұрсынов әліппесі бойынша араб графикасынан Ертіс, Ақтоғай, Павлодар, Екібастұз кеншарларындағы ынталы жастарға сабақ берді. Қазір Павлодар қаласында тұрады.

1997 жылы әкем шау тартқанына қарамастан 81 жасында «Ертіс өрендері», арада жыл өтпей жатып «Алаш зиялылары» атты екінші кітабын жарыққа шығарды. 2000 жылы «Даналық, тектілік және әулиелілік әлемі» атты туындысын көпшілік қауымға ұсынды. Бұл кітаптар - ұлтымыздың біртуар азаматтары жайлы толғаныстарымен, маржан сөздерді тереңнен теруімен, тарихымызды, шежіремізді өрнектеуімен құнды.

Әкем Дүниежүзі қазақтарының үш құрылтайына да қатысқан жан. Түркістанның 1500 жылдығына барды. Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, ол кісі «Түркістан», «Ана тілі», «Шалқар», «Руханият», облыстық «Сарыарқа самалы» газеттерінің штаттан тыс тілшісі болып қызмет етті. Өз қаржысына ұлттық мүддені көздеген «Ертіс дидары» газетін шығарды. 2004 жылы Сауд Арабиясына барып, қажылық парызын өтеп келді.

Саналы ғұмырын Ақтоғай және Ертіс аудандарында шәкірт тәрбиелеу ісіне арнаған әкем Ханафия Асқаров ұлтымыздың әдебиеті мен мәдениетінің дамуына шама-шарқынша жоғарыдағыдай үлес қосты. Оны кезінде


павлодарлық ғалым Жамбыл Артықбаев «Қазақта Абыз-Шомақ мырзалар болған» деген кітабында 1734 жылы Баянауыл өңірінің Сабындыкөл ауылында Абылайды хан сайлағанда Абыз бен Шомақ бидің күніне 90 ту бие сойып, той жасағанын жазған еді. Осының негізінде «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында 2005 жылы Сабындыкөлде Абылайхан жырғасына ескерткіш тас қойылды.

Мұны жазып отырғаным, мен жақында Ертіс ауданының тарихы туралы жазылған кітапты парақтап отырып, онда әкем жайлы жазылған деректерді кездестірмедім. Есесіне кезінде кара жұмыс атқарған, аз ғана уақыт қызмет істеген адамдардың есімдері енгізіліпті. Ал саналы ғұмырын Ертіс ауданының оқу-ағарту саласына арнаған Ханафия Асқаровқа кітаптан, аудандық музейдің бір сурет те болса тұратын жерінен орын берілмеген. Өзгесін айтпағанда, екі соғысқа қатысқан, соған байланысты «Ерлігі үшін» медалін алған әкем соғыс ардагерлерінің де тізіміне кірмеген.

Ертіс ауданының тарихы туралы жазылған кітап - игілікті іс. Мен оны қуаттаймын. Бірақ тарихқа киянат жасауға болмайды. Қазіргі жастар алдыңғы буын ағаларға қарап өседі. Егер біз өткенді бұрмалап, әділетсіздікке жол берсек, ұрпақтар сабақтастығын қалай, қайтіп жалғастырамыз?

Әкем Ханафия Асқаров бүгінде 92 жаста. «Еңбек ет те, міндет ет» демекші, қария саналы ғұмырын халқына арнады, Отанын қорғауға қатысты. Әкеміздің алдын көрген жүздеген жан қазір әр салада еңбек етіп жүр. Өзіміз аса қадірлейтін әкеміздің көзі тірісінде оған туған жері - Ертіс ауданы әкімдігі тарапынан құрмет көрсетілмеуі жанымызға батады.

**Гүлжиян Ханафияқызы,
«Егемен Қазақстан» газеті, 2008 жыл 26 қараша,**



Әкем Ертісте 18 жыл, Ақтоғайда 16 жыл тұрған, бірақ біздің хатымызға Ақтоғайдан хат та, хабар да келмеді. Павлодар қаласында 30 жылдан аса тұрып жатса да, оны қала басшылары елеп-ескерген емес. Соған налимын. Фариза Оңғарсынованың өленінде айтылғандай:

Билігі барды батыр ғып,
Ақшасы барды акын ғып,
Жарамсақтарды жақын ғып,
Жаны жақынды жатың ғып,
Өтуде күндер жалықтым.
Сұмдығы көпті сұңқар ғып,
Тұяғы барды тұлпар ғып,
Ұяты барды ұлтан ғып,
Марқасқаларды мылқау ғып,
Барады заман жалықтым.
Шешімі жоқты шешен ғып,
Көпіргендерді көсем ғып,
Көңілшектерді көсеу ғып,
Еркелегенді есер ғып,

Қай көшке ерді біздің ел? - демеске лаж жоқ.

Әкем жайлы әңгімемнің сонын Мұқағали Мақатаевтың төмендегідей өлең жолдарымен аяқтағым келеді:

«Фариза, Фаризажан, Фариза қыз,
... Том-том боп музейлерде тұрмасак та,
Шаң басқан архивтерден табылармыз».

Әкем 2006-2008 жылдары толысқан шақтарында ажалдың құрығына ілінген азамат ұлдарының қайғысынан шөгіп, қарттыққа бой алдырды. Қазір 93 жаста.



Сүйеу болар бауырың, сыздағанда балтырын

Бауырларыма келсем, Ертіс ауданы Ертіс ауылында өзімнен кейінгі туған бауырым - Шернияз Павлодардын малдәрігерлік техникумын бітірді.

Ертіс ауданы «Новоиванов» совхозында малдәрігері. Үйленген. Келін - Бибігүл Қалиасқарқызы, Аққу ауданында тұрады. Бауырым 1976 жылы пәни жалғаннан бақиға аттанды.

Марат деген ұлы үйленген, Жанар есімді қызы, Жанат есімді ұлы бар. Екеуі де жетіншіден сегізінші класқа көшті. Екінші бауырым Исатай 1948 жылы Куйбышев ауданы Ақтоғай кеншарында туған. Ертіс орта мектебінде жетінші сыныпты бітірген соң, 499 совхоз техникумының мелиаратив бөлімшесін тәмамдады. Ертіс ауданы «Ақкөл» совхозында мелиаратор болып еңбек етті. Қазір осы қалада. Ақсу ауданы «Пригородный» совхозының тумасы Айгүл келінімнің руы қозғанның сарысы. Бауырымның ұлы Дінмұхамед, үйленген Дініслам атты ұлы бар, қыздары Жанна, Әлия Астанада, қызметте.

Сінлім Гүлнәр 1950 жылы 26 қаңтарда туды. Павлодардын мектеп интернатын бітірді. Семейдің жеңіл өнеркәсіп техникумында оқыған. Екі ұлы бар. 1971 жылғы Әл-Фараби, 1976 жылғы Мұрат атты ұлдары бар. Қазір зейнеткер. Павлодар қаласында тұрады. Жолдасы Әулиехан құрылысшы, тас қалаушы.

1951 жылы жарық дүниеге келген Махамбет Ақтоғай кеншарында туған. Қожамжарда Тіленшин Жандай атындағы мектепті бітірген соң 1969 жылы әскери борышын Находка қаласында өтеді. Әскерден кейін сол жакта жұмыс істеп жүріп, орыс қызына үйленді. Андрей /Ернар/, Юлия /Тәңкіш/ атты ұл, қыз сүйді. Қайран бауырым 1986 жылы суға кетіп қайтыс болды.




Баласы Андрей оныншы класты бітірген соң Алматыдағы халықаралық қатынастар институтында оқыды. Өзімен бірге оқыған Динара атты қызға үйленіп, екеуі де Екібастұздағы «Заманбанкте» заңгер болып қызмет етті. Қазір Ақтауда тұрады. Олардың отбасында Перизат атты бүлдіршін өсіп келеді. Юля Находкада қалды, үйлі-баранды. Келініміз Нина 2006 жылы жарық дүниемен мәңгілік қоштасты.

Гүлмайдан 1953 жылы 13 қазанда Ертістегі перзентханада шыр етіп туды. Жандай Тіленшин атындағы орта мектепті тәмамдаған соң Шарбакты ауданы Арбиген ауылының азаматының етегінен ұстады. Алты баласы, он бір немересі бар. Өзі Екібастұз медициналық колледжінің түлегі. Арбигенде он жеті жыл бойы ФАП-ты басқарды. Кейін аласапыран заманда ауылдардағы ФАП-тарды жапқан кезде Екібастұзға көшіп келді. Осындағы «Жедел жәрдемде» фельдшерлік қызмет атқарған сіңлім 2007 жылы зейнеткерлікке шықты. Қазір Арбигенде. Бес ұл, бір қызды тәрбиелеп өсірді. Жолдасы Құдайбергенов Бектас Мешітбайұлы екеуі 30 жыл ғұмыр кешіп келеді.

1954 жылы туған Марат бір жарым жасында шетінеді. Суворов кеңшарында жерленген.

1956 жылы отбасымыз Қайрошпен толықты. Ақтоғайда Рассвет кеңшарында Жандай Тіленшин атындағы орта мектепті бітірген соң Қайрош Павлодар индустриалдық институтының машина құрылысы бөлімшесін тәмамдады. Қайта құрудың өтпелі кезеңінде бизнеске ауысты. Ол үйдегі келініміз Шамшия \шешеміздің де есімі Шамшия болған соң біз оны «Шама» дейтінбіз\). Павлодардың педагогикалық институтының түлегі. Мамандығы - филолог. Екі ұлының үлкені Шәкәрім Астанада орта мектепті бітіріп, қаржы полициясының оқуына түсті, екінші ұлы Бауыржан 8-сыныпта оқиды. Қайрош отбасымен Павлодар қаласында тұрады.

1958 жылы Иса Байзақов кеңшарында туған Қайыр



бауырымның орны ерекше. Жүргізушілік кәсіпті меңгерген бауырым Ертістен Екібастұзға іссапармен келіп жүретін. Кейін Екібастұздағы автобазаға ауысты. Ол кезде Гүлмайдан медициналық колледжде оқиды. Бірде қызық оқиға болды. Қайыр да, Гүлмайдан да менің қолымда. Қайыр таңғы сағат бесте тұрып жұмысқа барады. Ерте тұрып машина қыздыру керек. Сол себепті Қайыр үнемі ертерек жататын. Гүлмайдан болса, ел жатқанда сабақ оқығанды ұнататын. Содан не керек, қыз «Сабақ оқимын» деп жарықты жақса, бауырым «Жарықты өшір, мен ұйықтаймын!» деп екеуі шекісіп қалады. Шеткі жатын бөлмеден екеуінің жарқын-жарқын шығып жатқан дауыстарын естіп келсем, екеуі кәдімгідей кикілжіңге барып, бір-біріне дес берер емес. Мені көре сала сіңлім жыламсырап: «Осыны неге шақырдың, маған мүлде сабақ оқытпайды» деп шағым жасамасы бар ма. Үйде атам, енем, Совет, мен, төрт балам, Советтің апасының ұлы, Ерболат, Қайрат деген жиеніміз тұрып жатқан еді. Ешқайсысында үн жоқ. Үйде өлі тыныштық орнаған. Іштей налыған мен «Мына екеуіне де дауа жоқ екен, біз, Совет екеуіміз күй талғамай, қай жерден орын тисе, сол жерде қисая кетеміз» деп күйініп, ләм-мим деместен сыртқа шығып кеттім.

Сол бауырым 1984 жылы Ертістің қызы Айжанға үйленді. Қазбек, Есмағамбет, Гүлсара атты балалары бар. Гүлсара бұрын Баянауылда тұрған. Бауырым қазір Екібастұзға қоныс аударды. Қайыр 1996 жылы мәңгілік мекенінде тыныс тапты. Айжан келін басқа азаматпен шаңырақ көтерді. Бүгінде балалы-шағалы.

Екінші шешеміз Шамшиқамардың кенжесі Дулат 1959 жылы дүниеге келген. Дулат бауырым әскери борышын Қазақстанда Сарыөзекте өтеді. Әскерде жүріп, жүргізуші куәлігін алған Дулат бауырым Ертістен Екібастұзға келіп жүретін. Сөйтіп жүріп Екібастұзда Қинаяттың қызы Алтынмен танысып, 1985 жылы шаңырақ көтерді.



Алла бір шаранадан зарықтырып, жол-көлік апатында казаға ұшыраған бажасы мен балдызының үш баласын асырап, бауырларына басты. 2008 жылы 22 наурызда өзі де жол апатынан қайтыс болды.

Дулат туғанда мен он сегіз жаста едім. Сегіз айлық кезінде анасы дүние салды да, кішкентай Дулатты мен бауырыма бастым. Нәресте кезінде өзім қарап, жөргегін ауыстырып күткеннен кейін бе, осы бауырым өзіме ерекше ыстық.

Әкесі тоқсаннан асқанда, мен жетпіске жақындап, жер таянғанда, сүйікті бауырымның мезгілсіз дүниеден озуы жаныма батты, маған ауыр тиді. Қайғыдан қан жұтып отырғанда, көкірегімдегі шер жоқтау-жыр болып құйылды.

*«Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең».*

Абай.

Иллаһи әмин құдайым,
Шүкірлік етіп жылайын.
Бауырым деп жыласам,
Сөге де көрме ағайын.
Бір аяқ асты бөле ішкен.
Аз көрмесек сағынып «Көкелеп»,
Құшақтасып көріскен
Айырылдым кенже туыстан.
Дүние шіркін ғаламат,
Жан бауырым Аллаға аманат.
Иманың болсын саламат,
Артыңа берсін салауат.
Сапарыңды Алла оң қылып,
Тәнің де болса пейіште,
Қолдап жүрсін періште.
Қабірің нұрға бөленіп,
Тербетсін жұмақ бесігі.



Мақпалдан камзол қапсырдым,
Күмістен түйме жапсырдым.
Токсаннан асқан әкенді,
Жан бауырым кімге тапсырдың?
Бәйшешек шықсын басыңа,
Пайғамбар келсін басыңа.
Алдыңнан шықсын «Құлыным» деп,
Жан анаң Шамшиқамар, аға-інілерің Адамхан,
Шернияз, Махамбет, Марат, Слям,
Қайыр, Мейрам, қарындасың Күләйім.
Қайтейін жаным бөлек, бауырым-ай,
Көтеріп қалдым жүктің ауырын-ай.
Кетпейді көз алдымнан сенің бейнең,
Бақытқа отырсам да малынып-ай.

\\2008 жыл 25 наурыз\\

Жамбыл бауырым 1963 жылы қараша айында Қожамжар кеңшарында туды. Оныншы класты Павлодарда бітіріп, Киевтің жоғары милиция институтын бітіріп, Павлодар ішкі істер басқармасында қызмет атқарды. 1990 жылы үйленіп, Находкаға Махамбеттің балаларының қасына ауысты. Ерік атты ұлы оныншы класты бітіріп, Находкада оқуын жалғастырды. Келін Света Жазитқызы - Павлодардың қызы, ол да баласымен бірге.

1966 жылы Қожамжарда туған Гүлбарам қазір Павлодарда тұрады. Бір ұл, бір қыздың анасы. Жақында немерелі болды.

Кенже бауырым, 1969 жылғы Мейрам тоғызыншы тамызда туды. Павлодарда орта мектепті бітірген бауырымның денсаулығы болмағандықтан не оқи, не жұмыс істей алмады. 2005 жылдың сегізінші наурызында шешем Шәрбанды, сол жылы бірінші тамызда Мейрамды қара жердің қойнына тапсырдық.

«Анасыз жетім - нағыз жетім» демекші, мен соңғы

үшеуінің ата-анасы қасында деп оларға мән беріп қарамаушы едім. Осы бауырым қайтқанда әкем «Сенің осы балаға бір мейірімің болмады-ау» деп кейіді.

Бесінші бөлім

ӨКІЛ ӘКЕМ КӘБІШ ПЕН ШӘКІМ АНАМ ЖАЙЛЫ

Атам Кәбіштің әкесі - Баязит, шешесі - Мина Бортышқызы. Қазақта «Жақсыны жатқа жіберме» деген сөз бар. Мина әжеміз 1900 жылы туған баласы Кәбішке сіңдісі Сапияны әпереді. Сапия бір ұл, бір қыз туады. Ашаршылық жылдарында Баязит баба, Мина әже, Сапия екі баласымен ауызға салар қара түйір таппай, аштықтан көз жұмады. Кейін Кәбіш әкем Әмина деген бәйбішеге қосылады. Атам әскерге аттанғанда, келіншегі аман-есен оралуын күтпестен басқа адамның етегінен ұстап кете барады.

1941 жылы соғыстан оң қолынан жараланып оралған Кәбіш атам тұрмыста болса да бала көтермеген Шәкім апама үйленеді.

Анамның орнын басқан Шәкім Сатыбалдықызы (1914-1996 жж.) Ізбасты әулиенің немересі. 1914 жылы дүниеге келген, руы - соқыр керей. \Ертіс қаласында Ертіс өзенінің жағасында Ізбасты әулиеге ескерткіш тас орнатылған\). Нақия анам тоғыз ай көтеріп, екі жыл бағып-қаққаны болмаса, соғыс уақытында тұрмыс ауыр кезде бар бейнетімді Шәкім шешем көрді. Бойымда жылт еткен жақсы қасиеттерім болса, сол анамнан дарыған-ау деп ойлаймын.

Суворов кеңсарына қарасты № 4 бөлімшедегі Қызыл-сарайда тұратын Кәбіш атам мен Шәкім шешем жылда ауылдан 400-450 км. қашықтықта тұратын нағашыларымның үйіне апаратын. Жол ауыр. Ауылға сатылап жететін едік.

Жолда келе жатқанда шындығында солай ма, әлде мені олардан қызғана ма, кім білсін, «Нағашыларыңның биті

бар, қасындағы інісі таз, байқа, оларға жолама, биті, тазы жұғады», деп миыма құятын.

Біз келгенде қыздары Нақияның көзі кетсе де, «Жиеніміз келді» деп барлығы құрақ ұшып қарсы алатын. Сонда мен жолдағы әңгімелері есімде, биті, тазы жұғады деп оларға жоламайтынмын.

Нақияның шешесі Ұмсындық ерте қайтса керек. Атамның екінші бәйбішесі Әліш әже мені жаны қалмай күтіп, оң жағымнан бір, сол жағымнан бір шығатын.

Кейін арада бес жыл өткенде, нағашымның ауылына жолым түсті. Ол кезде атам Ахметжан дүниеден озған. Екінші сыныпты бітірген мен кәдімгідей естиярмын.

Мен келгенде әжем Әліш атам, анам, бауырым жатқан зиратқа апарып, оларға құран бағыштады. Әйтеуір сұрапыл соғыстың аяқталған уақыты. Майданнан оралған Ақпан нағашым ауылда есепші болып еңбек ететін.

Ақкөңіл әжем ақжарқын мінезімен нағашымды дүкенге жіберіп «Жиенге киім әпер, мал ата» деп, бәйек болып жүрді. Қолдарындағы түйенің жүнін беріп, нағашыма қоярдақоймай бұзау ататқызды. Сол жылы бұзауды қасқыр тартып кетті де, бізге тиесілі төлді келесі жылы алдық.

1953 жылы мен Қаракұдыққа оқуға келдім. Мерекелерде, демалыстарда әжем, шешем үшеуіміз нағашымның ауылына тағы да қыдырып бардық. Жаныма жақын нағашым үйленіпті. Үміт женгей мені жылыұшырай қарсы алды. Қыздары Бикен, Ұмсынғанға тез бауыр бастым.

Әжем жарықтық мені бауырына басып, мейірлене сүйді. Қуаныштан көңілі тасыған әжем менің сүйікті асымды әзірлеуге кірісті. Әжем екі табаның арасына салынған картопты пештің табына салып пісіретін. Дәмі тіл үйірерлік, керемет тәтті. Әлі күнге дейін дәмі аузымнан кетпейді. Шынымды айтсам, жетпіске келсем де осы тамақты дәл әжемдей пісіре алмаймын.

1952 жылы шілденің шіліңгір кезі. Аспан ми

айналдырардай ыстық. Баяу ескен самал жел бетінді аймалайды. Кәбіш атам трашпенкеге ат жегіп, «Қызыл сарайдан» «Ханкелді ата» қонысына мені алып жүрді.

Өзі ертеден құлағыма сіңісті аталарының әнін шырқап келеді. Мен ыстықтап қозғалақтап едім, атам үстіме тонды аударып жаба салды. Қазіргі Барлыбай совхозының орталығы саналатын Ханкелдіде баяғы қолдан жасалған аштықтан қырылған Абыз-Шомақ руынан туыстарымыз қалыпты.

Біз атамның немере інісі, енді ғана үйленген Иман ағатайымның үйіне ат басын тіредік. Сол күні Қаракұдықтан әкем Ханафия да жетті. Балалары Шернияз, Исатай, Гүлнәр кішкентай болғандықтан әкем жалғыз келіпті. Бізді көріп, сол жердегі ағайындардың барлығы жиналды. Иман ағатайым туыстарға мені, әкемді, екінші әкемді жағалай таныстырып шықты.

Біршамадан соң атам, әкем, Иман ағатайым және мен Бокты атамның бейітінің басына бардық. Одан әрі төртеуіміз атам көлін, жайлауды, өзімізге ертеден таныс жолдарды араладық. Сол уақытта қатты ауырып жүрген атам әлі онға толмаған маған қарап: «Ендігі естиярымыз сенсің. Сен атабабаның жерін есінде сақта, сөзімізді жадына тоқы» деп, әр шоқының басына тоқтап, біздің руымызға қатысты аса қажет деректерді әңгімеледі.

Кейін білсем, данагөй Кәбіш атам ар жақтан әкемді, бер жақтан мені шақыртып, осы сапарды әдейі ұйымдастырған екен.

Кім білсін, ертенгі күні әкесінің қолында оқуын жалғастырса, кейін тұрмыс құрып, ата тегін ұмытып кетер деп ойлады ма екен?

Артында ұрпағынын жоғына уайым шеккен атам 1952 жылы қайтадан төсек жаңғыртты, менің бесінші анам Камила апамен бас құрады.

1923 жылы Ертіс ауданы Голубовка ауылында туған Камила Қосыбаева тәтем обалы нешік, атама да, Шәкім

шешеме де жақсы қарады. Еңбегі жанып, 1966 жылы 22 наурызда «Ерен ерлігі үшін» медалімен марапатталды. 1967 жылы 12 наурызда Павлодар облысы Краснокутск ауданы Карл Маркс атындағы №2 сайлау округінен депутат болып сайланды. Сол жылы Мәскеуде өткен КСРО Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне қатысып, шоқтығы өсті.

Алла тағала атам мен тәтемнің тілектерін қабыл алып, 1953 жылы 30 қазанда Жұмабай деген ер бала көрді.

Қамила шешемнің руы Қосқұлақ - қыпшақ. Бір қызығы, шешеміз атамды емес, Шәкім апамды «шалым» деп отыратын. Атам қайтыс болғанда Қамила анамыз Шәкімді «шалым» деп өмірінің соңына дейін алақанында ұстады. Сол кезеңде бір шаңырақтың астында тату-тәтті тұрған әжелеріміздің ақылдылығына, парасаттылығына еріксіз риза боласың.

Абыз - Шомақтан - Боқтыдан - Өмірбайдан, Жақсылықтан, Лекер туса, Лекерден Мұхамед, Жетпісбай. Жетпісбайдан Иман. Мұхамедтен - Асқар атамыз. Асқардан - Ханафия. Иман ағатайымнан үш ұл, екі қыз бар.

Иман ағатайым бақилық болды. Ал жеңгеміз ағатайымнан кейін он бес-жиырма жылдан кейін өтті. Жеңгеміз Жанқайша Құсайынқызы 1955 жылдан Ақтоғай ауданы Жамбыл ауылында тұрды. Қазір ағатайымның шаңырағында Қожамжар бала-шағасымен тұрады.

Үш қызы Павлодарда, екеуі тұрмыс құрмаған, қызмет істейді. Қожамжардың әйелі Алтын, қолында ұлы Әлтай тұрады. Иман ағатайымның ұлы Бірлік Ерлан атты ұлымен Ақтоғайда тұрады. Ербол Екібастұзда, үйленген. Бір қызы Павлодарда, екінші қызы Астанада. Иманның үшінші баласы Серік, жолдасы Әсипа «Нұр» медициналық орталығында акушер-медбике. Ұлы Азамат Екібастұзда полицияда қызмет атқарады. Қызы Анар тұрмыста. Майрасы Советтін нағашысы Тілеубердіге тұрмысқа шықты. Ұлдарының аты



- Ғабдул-Максат. Зайраның жолдасы қайтыс болды. Сұңғат, Бектас атты екі ұлы бар, соларды тәрбиелеп отыр.


Уалиттен - Жағыпар - Ғалижамал 10 баласы бар. Суворов совхозында тұрады. 1932-1934 жж. ашаршылықта қайтыс болған. Баязит баба, Мина әже, Сапия әже Бортыш қыздары, 2 баласымен Суворовта жерленген. 2005 ж. бастарына құлпытас қойдық.

Мен 1953-1954 оқу жылында бірінші қыркүйекте бесінші класқа «Х ҚССР» совхозындағы әкемнің қолына бардым. Шәкім апам мені әкеме бергісі келмей «Суворовта 60 км. жерде он жылдық мектеп бар, сонда оқысын» деп еді, әкем Кәбіш: «Бөтен үйге барғанша, әкесінің қолында болсын, ана балаларға үйреніссін, туыстары екенін білсін, ертең бір-бірлеріне жат болып кетеді. Каникулға әкесінің үйінен келді ме, өзге үйден келді ме, бәрібір емес пе?!»- депті апамның сөзіне құлақ аспай.

Мен кеткен соң, бір айдан кейін туған Жұмабайды Ғалия деген қызға үйлендіріп, жеті-сегіз немере көрді. Апамның екі немересі қайтыс болды, үш қызы тұрмысқа шықты. Махаббат деген кіші қызы қазір Екібастұзда. Балабақшада қызмет етеді. Үш ұлы үйленген жоқ. Жұмабай бауырым 2005 жылы 6 наурызда елу екі жасында қайтыс болды. Бастарына кесене көтердік. Сол жаққа жолым түскенде, бастарына барып зиярат етемін. Атам мен Қамила Ханкелдідегі бабалар зиратында жатыр. Шәкім шешем мен Жұмабай Барлыбайда жерленді.

Мұхаммедтен туған Баязит, Уәлит, Асқар, Тәңкіш. Баязиттен Кәбіш. Уәлиттен Жағыпар. Асқардан Ханафия. Тәңкіштен ұрпақ жоқ. Мұхаммедтің бәйбішесі Мәкен Тәбекқызы. Жүсіп Тәбекұлы әжеміздің бауыры, Бадай руынан, би-шешен болған. Аманжол Шамкеновтың бабалары.

Үшінші шешем Шамшиқамар Жүніскызы Әмре қажының ұрпағы. Жүністе төрт әйел бар екен. Әйелдер кейде өзара



келіспей қалса, нағашы атамыз төртеуін де талдан тоқылған бір қорапшаға отырғызып, арбаға ат жегіп қоя береді екен. Кешке төртеуі татуласып, түк болмағандай, әңгіме-дүкен құрып, үйге оралады екен. Сол бірінші әйелінен Мұстафа атты ұлы Совет өкіметі кезінде қуғындай берген соң, Өскеменге көшіп кетті. Оның бес-алты баласы, немерешөберелері сол Өскеменде тұрады.

Жүніс нағашы атамыздың екінші әйелінен Шамшиқамар шешеміз туған. Ол кісінің анасы ілгеріде есік көрген. Ол жолдасы Жұман атадан Айша, Сәкенді сүйді. Сәкеннен - Ерден, Күлдірайхан, Қайша Екібастұзда тұрады. Айша нағашы апамыз Жұмабектің Манап деген баласына тұрмысқа шыққан. Сәкен нағашым, Зия жеңгей, Айша нағашы апамыз қайтты. Айша нағашы апайдан ұрпақ жоқ.

Жүністің інісі Қажақат екі әйел алған адам. Бірінші әйелінен бір қыз сүйді. Ол бүгінде балалы-шағалы. Екінші әйелі Төлеген (Төте дейтінбіз), қарасаң көз тоймайтын өте әдемі, аппақ келіншек еді. Текті жерден шыққан. Ол кісіден Қабдолла, Мәжит, Олжабай, Зәкен деген ұл-қыздары туды. (Зәкеннің жолдасы Құбаш, келіні Шоқтай, Қабдолла, Мәжит, Олжабай нағашыларымыз қайтыс болды). Қабдолла нағашым мен атамның қолында тұрғанда «жиен» деп келіп жүретін.

Кейде менің қолыма ақша ұстататын. Мен: «Күміс бер, ақшаның керегі жоқ» деп жылайтынмын. Өйтетін себебім, ол кезде кішкентай қыздарға кеудеше тігеді де, «көз тимесін» деп теңге, күміс, көз тана, жыланбас тағып беретін. Біздің үйге ұста келгенде, кебіс, мәсі, етік тіктіреді. Сол ұста бақырдан, күмістен сақина соғатын. Мен жылағанда, соны есепке алатын болсам керек. Шәкім шешем менің өтінішімді орындап, кішкентай саусағыма бір-екі бақырдан, күмістен сақина соқтырып берді.

Нағашымның әйелі Шоқтай тәтем - бала көтермеген әйел. Тәтем де, Шоқтай да мені көргенде «жиеніміз келді»

дел, қасыма ұршықтай үйірілетін. Төтем «қарның ашып қалады» деп жұмыртқа, қаймақ пісіріп, тәтті-дәмдіні аузыма тосатын.

Қабдолла нағашымыздың інісі Олжабай қайтыс болған соң «аға өлсе- інісі мұра» деген қағиданы ұстанып, келінін екі қызымен алды. Кейінгі зайыбынан екі ер бала, бір қыз бала көрді. Шоқтай жеңгеміз ағаға өкпелеп, басқа адаммен тұрмыс құрды. 2008 жылы қыркүйек, қазан айларында Шоқтай, Өркен, Зәкеннің жолдасы Құбаш, Зекен де қайтыс болды.

Бүгінде балалық шағымда айрықша із қалдырған Қабдолла нағашы да, Шоқтай тәте де дүниеден өтті. Ағамның Асылжан деген қызы Советтің жиенімен тұрмыс құрды. Мәжит нағашымыз алпысыншы жылдары Қоскөлге көшіп келген. Қалған балалары сонда. (Қажымұрат нағашымыз бала-шағасымен бірге Сілетіде тұрады. Бәрі қайтыс болды, кім қалғанын да білмеймін, қатынас жоқ). Бір қызы Қоскөлдің жігітімен көңіл жарастырған, бүгінде бала-шағасымен Павлодарда тұрақтады.

Мен Шәкімнің руы керейлерді, Шамшикамар шешемнің руы қыпшак: қосайдар, қосқұлақтарды, Шәрбан шешемнің руы қаракесектерді, Нақия анамның руы алдеке кожекелерді өмір бойы нағашыларым деп таныдым.

Жоғарыда жазғанымдай, алтыбай әуліден Тағанак тарайды. Тағанактан Құлмырза. Құлмырзадан төрт бала: Жамақай, Сүлеймен, Кенекозы, Кенжалы. Жамақайдан Құлжабай, одан Ахметжан, Ахметжаннан Нақия. Сүлейменнен Әбіш пен Табылды. Әбіштен Шәмшиден, одан Бағыла. Бағыла анамыздан Совет. Бағыла анамыздан Дәметей, Совет, Нақиядан Гүлжиян. Сүлейменнің екінші ұлы Табылды. Табылдыдан Руза (Исқақ, Смат екінші әйелінен туған).

Табылды нағашымның бірінші әйелі Нақияның шешесі Ұмсындықпен егіз. Руза мен Нақия егізден туған бөле әрі

немене апалы-сіңлілі. Ахметжанның әкесі Құлжабайдың бәйбішесі Ыбыш осы екі қыздың әкесінің апасы. Үлкен әжеміз өзінің сіңлілерінің біреуі Ұмсындықты ұлы Ахметжанға, сыңарын қайнысы Табылдыға береді.

Руза нағашы апам Накиямен туған бөле. Әрі немене апасы. Ұмсындық әжемнің бауыры Мағыз Кеңесте тұрады. Мен бойжетіп, тұрмысқа шыққаннан кейін Руза нағашы апам да қайтты.

Ал нағашым Мағыздың әйелімен, оның балаларымен 2003 жылдан бері араласамыз.

Нағашым Мағыз о дүниелік болды. Мағыздың әкесінің інісі Жұмажанның қызы Көрімжан 1972 жылдан бері Екібастұзда тұрады екен. Мен оны білмей келіппін. 1992 жылы ұлым Бекболат Қуаныштың қызы Ләйләға үйленді. 1998 жылы Қуаныштың анасы, Бекболаттың атасының шешесі пәниден бақиға озды. Жаназаға халық көп жиналды. Менің әкем Ханафия да марқұмға арналған дұғаға қатысты. Көңіл айтып келгендерге шай беріп отырғанбыз, әкемнің білмейтін адамы жоқ қой, ол Әшім Раздықовтың қарындасы Шәмшия әжемізге: «Қосманның қызы аман ба, Мағызбен араласып жүре ме?» деп сұрамасы бар ма. Шәмшия әже: «Ол қайдан Қосманның қызы болсын, ол Айдарханның қызы», - деді. Сол-ақ екен әкем: «Әке қанық, шеше анық, сен неге олай айтасың, о дүниеде не деп жауап бересің, басқасы басқа дәл сен кімнің қызы кім екенін білесің» деп, үлкен кісіні жазғырды. Шәмшия апа «Мағызды білем ғой» деп ақтала бастады. Көршілес бөлмеде отырған мен әңгіменін шет жағасын құлағым шалып қалған соң, артынан шындықты білуге асықтым.

Артынан Шәмшия ападан естуім бойынша, Қосман нағашым Ақтоғайда мұғалім болып қызмет істеп жүргенде, Шәмшияның ағасы Әшім Раздықов Ақтоғай аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарыпты. Шәмшия әже ол кезде он алты-ақ жаста, Қосман нағашымның

оқушысы екен. Бірде мұғалім Шәмшия әжеге «Бір қызға апарып бер» деп, қолына хат ұстатады.


- Қыз дегенің қу ғой, қарағым, -деп күлді әже, ол хатты жолда өзі оқып, қызға бермей, кері оралады да, мұғалімге келіп, оны сүйетінін, егер көңілі қаласа, тұрмысқа шығуға әзір екенін айтады. Мұғалімі келісіп, екеуі отау көтереді. Екінші жылға айналғанда, нағашым кенеттен көз жұмады. Ол екінші рет нағашымның досы Айдарханға тұрмысқа шығады.

- Екінші рет ойламаған жерден күйеуге шықтым. Бірінші күйеуімнен айырылған соң, төркініме келдім. Біраз уақыттан кейін жүкті екенімді білдім. Ағам үлкен қызметте жүрген соң, сүйекке таңба болмасын, үйде отырып бала туғаным жарамас деп, осындай шешім қабылдадым, - депті Шәмшия әже. Көрімжанның мұғалімнің қызы екені рас. Әкең дұрыс айтты. Баланың кімдікі екенін анасынан артық білетін адам болушы ма еді.

Сөйтсем, Шәмшия әженің екінші күйеуі Қуаныш құданын немере ағасы екен.

Көрімжан апа бала көтермепті. Мағыз нағашым «туыстығымыз жалғассын» деп, өзінің бөлесі Бердалы Қазыбаевты Көрімжан апаға үйлендірген екен. Ол қаладағы тері-венерологиялық диспансерде бас дәрігерлік қызмет атқарыпты. Апам бала көтермеген соң, ол басқа әйелмен көңіл жарастырған. Екінші әйелінен бір қыз көрген ол 1996-1998 жылдары көз жұмған. Көрімжан апамның екінші әкесінен туған Бақтылы деген сіндісі он баласынан бір ұл, бір қызын апамыздың бауырына салыпты. Шешесі Шәмшия, Көрімжан апа сол балаларының қолында тұрады екен.

Енді Көрімжан апаға: «Мен шешемнен екі жаста қалдым. Одан кейінгі шешелерімнің төркінін нағашылап жүрдім. Әкем бүгін сұрамаса, туған нағашы апамның жиырма алты жыл қасымда жүргенін білмеппін. Сіз ұлдан, мен қыздан туғанбыз. Туыспыз ғой. Жақын жүрейік» десем, Көрімжан



шым:

- Қарағым, мен іште келіп, екінші әкемнің тәрбиесін көрдім. Осы уақытқа дейін Қуаныштарға апа болып келдім. Енді өзім естіп-білмеген әкемнің туысын таптым деп жар салу менің Көрімжан атыма жараспас. Қуаныштың көзінше туыс деп жоламай-ақ қойшы, қарағым, - деп өтінді.


Әйтсе де бұл қуанышым ұзаққа барған жоқ. 2000 жылы апамды тапқаным екі жыл толмай жатып, Көрімжан апамнан айырылып қалдым. Сол жылы біздің екінші күйеу біламыз да ажалдың тырнағына ілініп, өзіміз қара жамылып қала бердік. Күйеу баламызды өзінің туып-өскен жеріне, Шымкент қаласына жерледік. Әке-шешесі, туыстарына апардық. Одан жолдасым Совет ауырып, апаммен қатынасымыз үзіліп қалған еді.

Кейін «Апай науқас» деп естіп, көңілін сұрай барсақ, Павлодарда операция жасатып келген беті екен. Диагнозы да адам шошырлық, асқазан катерлі ісігі. Бұрынғыдай емес, жағы солып, жүдеп қалыпты.

Арада біраз уақыт өтті. Бір күні біздің үйге апамның бауырына салған ұлы Ербол келіп тұр. «Апам сізді шақырады» дейді. Дереву киініп, Советтен рұқсат алып, үйіне жетсем, апам төсекте жатыр екен.

- Қарағым Гүлжиян, - деді жүзіне мейірімі төгіліп, - Қатар жүрсек те, бір-біріміздің туыс екенімізді білмей келіпсіз. Енді танысып, араласа бастағанда, маған ажал сағаты жақындады. Өлген соң берді деп көңілінде қалар.

Қарама-қарсы кереуетте отырған сіңлісі Бактылыға «Әкел ана шапанды. Шешесінің көзіндегі көріп жүрсін» деп, көрші бөлмеден шапанды алдыртты. Мен ыңғайсызданып қалдым. Не аларымды, не алмасымды білмей, алмасам өмірінің соңында өкпелер деп ойлап, «Апа, ауру батпандап кіріп, мысқалдап шығады. Сіз ертең-ақ аттай шауып кетесіз. Баяғыда менің атам да осылай бауырына тас жиналып ауырып, дәрігерлер «бір - екі күннен кейін қайтыс болады»



деген соң, Нечаева, Т.Ж.Ауталипов бәріміз үйге әкеліп, жаназаға қамдандық. Жылқыны алдыртып сойып, кешке көрші шалдарды шақырып, атам олармен бірге сорпа ішіп, ертеңіне өзін сергек сезініп, ауруынан айығып, аяғынан тұрып кеткен еді. Сізге де шипасын берер»,- деп жұбаттым. Бір күн өтіп, екінші күні сәскеде «Қайтыс болды» деген хабар жетті.

Сөйтіп, нағашы апаммен ғұмырының соңында бір-екі жыл ғана араласып үлгердім.

Ойлап қарасам, тағдыр маған нағашыларыммен екі-үш жылдан артық араласуды жазбапты. Шәмшия әжеміз де екі-үш жылдан кейін 86-88 жас шамасында дүниеден озды. Бақтылы апаммен қарым - қатынасымыз жақсы.

Ал Руза апам жайлы газет бетінде жарияланған мақаланы мен әлі күнге дейін бойтұмардай сақтап келемін. Осы мақаланы оқырман қауымның назарына ұсынғанды жөн көріп отырмын.

Өмірі өнегелі жан

Қазақ қызы

Осы әңгімеге арқау болған қазақ қызы да ғасырлар бойы ұлан-ғайыр даламызда еркін ескен желдей халқымыздың ерлерімен қатар ел қорғаған, қол бастаған, ел басқарған дара аналарымыздың бірі.

Алдымыздағы жылда туғанына 100 жыл толғалы отырған бұл кісі туралы әлі талай әңгімелер айтылар. Әңгімені әрмән қарай созбалаққа салмай, айтылмақ сөздің төркініне келсек, шертілер хикая бүгінгі күннен бір ғасыр бұрын, яғни 1907 жылы Ертіс ауданының “Кеңес” колхозында туған Әбсәләмова Руза Табылдықызы жайында болмақ.

Қазіргі таңда «қылышынан қан тамған дәуір еді» деген катігез теңеу қоса айтылып, еске алынатын Кеңес заманында /солай болғанына ешкім дау айтпас/ өмір сүріп, жасқаншақ

көңгің қатарында қалып қоймай, билікке араласқан қайсар кишік қыздарының бірі - Әбсаламова Руза Табылдықызы еді. Бұл кісінің өмір жолы жайлы мәліметтер Мұбарак Жаманбалиновтың Железинка ауданы жайында жазған кітабында да айтылған. Бірақ толық мәлімет берілмеген. Біздің қолымызға Руза Табылдықызымен қызметтес, жерлес болған аудан жұртшылығының көпшілігіне жақсы таныс Шарипов Ахметуәли ақсақалдың естелік хаты түсті.

Жоғарыда айтқанымыздай, 1907 жылы Ертіс ауданында дүниеге келген бұл кісі 1936 жылдары Железинка ауданының /ол кезде Урлютюб ауданы/ Комаровка ауылына колхоз ұйымдасқанда көшіп келген деп жазады Ахметуәли ақсақал. Колхоздың аты - “1 Май” /қазіргі Комаровка/ болып аталған. Осы ұжымдық шаруашылықта сауыншы болып еңбекке араласқан Руза апа уақыт өте бригадир, ферма меңгерушісі болып жұмыс істейді. Бұл Ұлы Отан соғысы жылдары еді. Сол соғыста жұбайы Әпсәлямов Ералы еңбек армиясына шынып, ал 1926 жылы туған үлкен ұлы Әпсәлямов Иманәлі Ералыұлы 1944 жылдары соғысқа аттанып, майдан дашасынан оралмады. Әпсәлямов Иманәлі Ералыұлы, әскери ішені ефрейтор, Сталинградтың маңайын минадан тазартуда қаза болып “Бауырластар бейітінде” жерленген.

Екінші ұлы Қабышкен одан Сәуле жолдасы Сатыбай екеуі Азамат, Ләззат атты 2 баласымен Павлодарда тұрады. 3 немересі бар. Үшінші баласы - Кенжетай ерте қайтыс болған.

Бұл туралы аудандық әскери комиссариатқа 1949 жылы хабарланған.

Ал, Руза апайдың өзі 1948-1949 жылдарда “1 май” колхозында басқарма бастығы болып қызмет еткен. 1950 жылы Захаровка селолық кеңесіне төрайым болып сайланып, осында 1960 жылға дейін қызмет атқарады. Бастауыш білімі ғана болса да, сол кездерде аудан бойынша басшылық қызметте істеген жалғыз қазақ әйелі

еді. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін Железинка ауылына көшіп келеді. Бұл кісіге дербес /персональный/ зейнетақы тағайындалған. Сол кездерде аудандық партия комитетіне мүшелікке өтіп, коммунист атанды. 12-13 жыл ауылдық кеңестің депутаттығына сайланған. Облыстық партия конференцияларына делегаттыққа да сайланған. Сонымен бірге 1957-1961 жылдары Қазақстан тұтынушылар Одағына мүше болып сайланды. Алматыда өткізілген жиналыстарға шақырылып жүрген», - дейді естелік хат жолдаушы.

Өзінің соғыстан кейінгі қиын кезеңдегі екпінді еңбегі үшін көптеген марапатқа ие болған. Сонымен қатар бұл кісі туралы танитындар тура, ер мінезді, алған бетінен қайтпайтын жан еді деген естеліктер айтады. Руза Табылдықызы 1971 жылы дүниеден өткен. Өкінішке қарай бұл кісі жайында аудандық, облыстық мұрағаттарда ақпараттар сақталмаған, ал қайсыбір ақпараттар түрлі себептермен жоғалып кеткен.

**М. Керей,
Железинка аудандық газетінің редакторы**



Анам Нақия, әкем Ханафия



Екінші шешем Шәмшиқамар және әкем



Үшінші шешем
Шәрбан, әкем



Ақпан нағашым



Шәкім төртінші
шешем болса,
бесінші шешем
Қамила

Енем Бағила
(алтыншы
шешем), атам
Жангелді





Мен, Кәбіш
атам, Шәкім
шешем, бауырым
Жұмабай

Анам Накия, мен,
Иасин, Айгүл,
анамның атын
алған жиенім
Накия





Оннан солға қарай I қатарда Алан,
Дінмұхамбет, Жанна, Мұратбек, Әлия
II қатарда мен, әкем, Исатай, Айгүл
III қатарда Совет, Гүлнар, Гүлмайдан, Дос, Шәмшия
IV қатарда Дулат, Бекен, Қайрош



Шәкім шешемнің басына құлпытас қойдық
I қатарда солдан оңға қарай Жұмабай, баласы Дамир
II қатарда Гүлжиян, Совет, Күлғайша апай.



Нағашы атам Ахметжанның,
нағашы шешем Ұмсындықтың, анам Нақияның,
бауырым Адамханның (Ерқайсар) бейіті



Атам Жангелді мен енем Бағиланың зиратында



Иман ағатайымның жолдасы Жанғайша баласы Қожамжар, келіндері Алтын, Күләш, қыздары Майра, Зайра, ұлы Серік, немерелері Қарлығаш, Әлия, Самалмен бірге



Солдан оңға қарай: Серіктің ұлы Азамат, Бірлік, Қожамжар, Серік



Хангелдіде
Боқты бабамызға
қойылған құлпытас

Баянауылдағы
Сабындыкелде
Абылайхан
шоқысында Абыз-
Шомақ бабаларға
ұрпақтарынан
қойылған құлпытас





Бокты баба ұрпақтары құлпытастын қасында



Мұбарак
Жаманбалинов Бокты
бабаның құлпытасын
ашып, бетіне жапқан
жамылғыны алды.
М. Жаманбалиновтың
сол жағындағы -
менің әкем



ШЕЖІРЕ



Дүйсеннен - Базарбай - Жағышар, Саттар, Ыдырыс

**Жағышардан - Қалау - Әкрам, Әкім, Нұржан, Әсіма,
Шайзат, Мәрзия**

Әкрамнан - Темірлан, Меруерт, Дина, Әсел

Әкімнен - Ерлан, Нұрлан

Нұржаннан - Дамир

Саттардан - Қиман, Қисан, Майра

**Қиманнан - Бауыржан, Оразалы, Мұқарам, Ералы,
Сәлима, Бағлан, Шолпан, Талғат**

Бауыржаннан - Жанат, Марат, Ақмарал

Оразалыдан - ұрпақ жоқ

Мұқарам - Әсет, Дәурен

Ералы - Мақсат, Мұрат, Бекзат

Талғат - Айгүл, Әсел, Мадина

Қисаннан - Нұралы, Амангелді, Ғалия, Әлия, Әлима

Нұралыдан - Азамат, Санат

Амангелдіден - Айнұр, Айдана

Мийрадан - Тоқтар, Мұхтар, Айгүл, Сәуле

Ыдырыстан - Зайда, Роза, Ләйля, Совет

Дүйсеннен - Әйтiмбет

Әйтiмбеттен - Аманбай, Сейiтбай, Кәкiш, Сембай



Сембайдан - Қайыржан, Қарашаш

Аманбайдан - Қапар, Қапардан - Қанат, Жанат,

Жанар

Қанаттан - Шыңғыс, Дінмұхаммед, Наркиз

Жанаттан - Ділназ, Аружан

Сейітбайдан - Марияш (ұрпақ жоқ), Мұхтар

Мұхтардан - Серік, Раушан, Әсия

Серіктен - Елдана, Асылхан

Раушаннан - Айым

Кәкіштен - Майра, Жастілек, Бакөк, Ағыбай,

Абылай, Алма, Данияр

Аманбайдан - Құлғайша, Күляш, Майдашаш

Құлғайшадан - Айнаш, Қайрат, Айман, Роза,

Гүлмира

(Қайрат Сарыкөл, Талдыкөл разрездерінің
директоры)

Қайраттан - Ахат, Асығат, Жанат

Ахаттан - Кәмел, Хасан

Күләштан - Шолпан, Сәуле, Майдашаштан - Айнұр,

Арман, Анар, Айнұрдан - Сайдаша, Жасмин

Әбікожадан

Әшім, Мырзабай, Мырзатай, Мырзакелді, Рысбике,
Жанкелді.

Мырзагелдіден - Нұрғайша, Ракен, Зикен, Рақыш,
Мақон

Нұрғайшадан - Зарқын, Алтыншаш, Қаламқас,
Жантемір, Жанболат, Бақытжан

Зарқыннан - Жансұлтан, Нұрсұлтан, Нүргүл


Ракеннен - Ботакөз. Зикеннен - Батима, Жанна,

Дәметкен, Серік, Гүльнар

Дәметкеннен - Арман. Алтыншаштан - Мақсат,
Елдана

Жанболаттан - Диас





Рақыштан - Айнагүл, Арман, Алмагүл, Нүргүл,

Нұрлан

Арманнан - Мәликә, Алмагүлден - Темирлан, Асәнәлі

Жангелдіден - Дәметай, Совет

Дәметайдан - Ләззат, Ерболат, Қайрат, Гүлшат.

Ләззаттан- Ғалия. Ерболаттан - Ризат, Азиза, Айдана,

Ерқанат

Қайраттан - Талғат, Рахат, Максат

Гүлшаттан - Жанеля, Жангелді

Советтен - Тасболат, Бекболат, Бибігүл, Айгүл.

Тасболаттан - Алан (Алижан), Ғалы - Ғайдар,

Әбікожа

Ғалы-Ғайдардан - Иасин

Бекболаттан - Абдулмұрат, Әлиислам, Әлия, Сәния

Бибігүлден - Жәмила, Алмаз, Әмина

Лйгүлден - Нұрислам, Нүргүл, Накия (менің

ишамның аты)

«Ұрпағы бар адамның есімі ұмытылмайды» дегендей ишамның артында қалған жалғыз тұяқ болғандықтан ишамның аты аталып жүрсін деп жиеніме есімін бердік.

Әшім, Мырзабай (обадан қайтыс болыпты), Мырзатай атаны 1916 жылы Ертіске ақтар келіп кіргенде, Карел-Полка көшесінде атып өлтіріпті деп атам Жанкелді айтып отыратын.

Есенқожадан - Жекей - Нұрыш

Нұрыштан - Думат, Мұстафа, Тоқай жиендер

Әбілдадан - Мұқыш - Қомаркен - Марат, Қымбат

Мараттан - Руслан, Тимур, Ринат

Қымбаттан - Қуандық, Қайрат.



ШАҢЫРАҒЫМ ШАТТЫҚ МЕКЕНІМ - ҚАЙЫН ЖҰРТЫМ

Атам «Бұлтқа мінген қожамыз» деп отырушы еді. Өкінішке қарай, қожалардың шежіресі әлі жазылған жоқ.

Әкесінен алты айлығында қалған атамнан естуімше, арғы атасы Өтеміс - Құлыбай - Дүйсен, Әбікожа, Әбілдә, Есенқожа.

Есенқожадан - Жекей - Нұрыш апамыздан - Тоқай, / (Дулат, Мұстафа, Фатиха қайтыс болдык/. Балалары Екібастұзда тұрады. Тоқай да балаларымен Екібастұзда. Бұрын бәрі Өлентіде тұрған.

Әбілдадан - Мұқыш - Қомаркен. Қомаркеннен - Марат, Қымбат.

Қомаркен 1926 жылы Ертісте туған. Әкесі Мұқыш, шешесі Қампи - қыпшақ байжігіт. Әке-шешесі 1932 жылы қайтыс болды. Дәметкеннен ұрпақ жоқ. Мұқыштан - Шәкен, Шәкеннен - Нұрмаш, Павлодардың ар жағында бір совхозда тұрады. Қомаркен алты жасында атам Жанкелдінің қолында өскен. 1944 жылы соғысқа шақырылады, соғыстан кейін қалпына келтіру жұмыстарына қатысып, 1949 жылы елге оралады. Демалысқа келгенде, атам Минскі жақтан орыс қызына үйленіп жүрер деп, Павлодардың кітапханашылық техникумын бітірген, біздің үйде қонақта жатқан Қайыр деген қызға үйлендіреді. Демалысы аяқталған соң, жас келіншегін өзімен бірге ертіп жібереді.

1950 жылы елге біржолата оралады. Сол жылы желтоқсанда Марат атты ұл көреді, бірақ ол бала араларына дәнекер бола алмады. Дәм-тұздары жараспай, Қайыр жеңгеміз бес айлық ұлымен Көкшетау облысы Қызылту ауданындағы төркініне кетіп қалады. Қомаркен ағамыз соңынан Көкшетауға барса да, жеңгеміз баланы көрсетуден

бис тартыпты. Көкшетауда шипажайда жұмысқа орналасқан итпиміз баланы көремін бе деген үмітпен жүргенде, басқа көпшіекпен көңіл қосыпты. Бес жылдай Көкшетауда тұрқтаған ағамыздан хабар-ошар болмаған соң, ауылдағы туыстары Бүкілодақтық іздестіру жариялайды. «Көкшетауда, Шортандыда» деген хабар құлақтарына тиген соң, атам Жанкелді қызы Дәметаймен бірге ағамызды мекенжайына іден барады. Ағамыз атаммен бірге елге оралады. Ал өкпінші жеңгеміз ағамызға ермей, сол жақта қалады.

Қомаркен ағамыз менің үшінші шешем Шәрбанға үшінші рет үйленіп, бір жарым жылдай тұрады. Араларында бала болмаған соң, бұл неке де ұзаққа бармайды. Кейін Қомаркен кінжығалы бадай руынан Манти атты азаматшаға үйленеді. Ол кісі бір ұл туады, әлгі бала бір жасқа толмай шетінеп кетеді. Артынан көрген Қымбат деген қызы бүгінде Омбы кіншесына коныс тепті.

Қуандық, Қайрат деген ұлдары бар. Ата-енесі, қайындары Омбыда бір мөлтек ауданда тұрады. Жолдасы Рашидпен титу-тәтті ғұмыр кешуде. Өзі емханада қызмет істейді.

Біз 2003 жылы Омбыға денсаулығымызды тексертуге барғанда, Қымбаттың үйіне тоқтадық. Бірде Қымбат: «Қызылту ауылы бізден 180 шақырым жерде. Онша алыс емес. Мен Маратқа әдейілеп екі-үш рет бардым. Нағашы ишлары мені жолатқылары келмеді. Марат мені қарындасым деп мойындамады», - деп мұңын шақты. «Аға, апа, Маратпен өнді сіздер жолығыңыздаршы» деген соң көңілін қимай, біз де Мараттың ауылына бет түзедік.

Барсақ, шешесі Қайыр, екі нағашы апасы жүр екен. Марат үйленінті. Галя атты келіншегін көрдік. Галяның шешесі Ринса Ивановнамен таныстық. Мараттың Ринат, Тимур, Руслан атты үш ұлы бар екен. Мен келін болып түскенге дейін он жыл бұрын болған оқиға ғой. Атам үнемі: «Сендер жие болдыңдар, мен денсаулығыма байланысты баланы өнше жеткізе алмадым. Совет саған тапсырарым, егер

мүмкіндігі болса, сол баланы тауып алшы» деп, аманат еткен еді. Сөйтіп, аяқ астынан сәті түсіп, елу үш жыл көрмеген жеңгесімен, інісімен қайта қауышты. Қымбат та бауырын көріп маз-мәйрам. Біз жағдайды түсіндіріп, жеңгемізді, бауырымызды елге, Екібастұзға қонаққа шақырдық. Келесі жылы жеңгеміз, Марат Ринат атты кенжесімен Екібастұзға, үшінші жылы Омбыдағы Қымбатқа, кейін Екібастұзға Руслан атты үлкен ұлымен келді. Тимур атты ортаншы ұлы үйленгенде, біз де бардық. Бірнеше жылдан соң арамызда жылы қарым-қатынас орнады. Төртінші жылы Марат өзі келіп, Екібастұзға жұмысқа орналасты. Бесінші жылы отбасымен Екібастұзға көшіп келді. Қазір кеніште жұмыс істейді. Немересі Динара желкілдеп өсіп келеді. Тимур мен Ринат Екібастұз кенішінің электрцехында, Галя келін сонда ФАП-қа орналасты. Елу үш жыл көрмеген туыс осылай бір-бірімізбен қауыштық.

Әйтiмбеттен - Аманбай, Сейiтбай, Кәкiш.

Аманбайдан - Күлғайша, Күләш, Қапар, Майдашаш

Күлғайшадан - ұлы Қайрат, Айнаш, Айман, Роза, Гүлмира.

Қайрат - Ахат, Асығат, Жанат.

Айтпақшы, Қайраттың атасы отбасымыздың досы - Әси Жабағин

Біз Екібастұзға көшіп келген соң, өрісіміз кеңейіп, жергілікті тұрғындармен біте қайнасып, араласа бастадық. Жоғарыда жазғанымдай, әкесінен ерте айырылған Қайрат жиеніміз біздің үйде тұрды. Туған баламыздай бауыр басып кеткен Қайрат Екібастұзда оқып жүргенде осы өңірге сыйлы Әси Жабағиннің қарындасы Күлжанның қызы Мәнелге үйленді. Мәнелдің әкесі қайтыс болғандықтан құда орнын Әсекең басты.

Әси аға және оның жұбайы Нағима /Нәйня/ ауыздарын ашса көмейлері көрінетін ақжарқын, кең пейілді жандар еді. Үйлеріне қонақ келсе, екеуі балаша маз болып, жарысып

өміспен ала жөнелетін. Сәлден соң Әсекең: «Екеуіміз жарымын сойлей беріппіз. Енді мына қонақтарға сөз берейік», - деп тектілік танытып, әңгімені негізгі арнаға бұратын.

Жарасымды әзіл айта білетін ерлі-зайыптылардың әңгімелері де бірінен бірі қызықты болып, тыңдаушысын өш жылықтырмайтын.

Осыға мен Нәйня бізді құдайындай сыйлап, ауызашардан, иіт шайынан, омыртқадан, той-думаннан, құрмалдықтардан қалдырмайтын. Әкесінің тәрбиесінде өскен Күлжан күдікшімыз басқа туыстары келсе де, елегізіп, «Өзімнің туған құдаларым қайда?» деп бізді ерекше құрмет тұтатын.

Аталған мейрамдарда Ысқақ қажы қатым шығарып, құран оқитын. Ол бата бергенде Мұхаммед пайғамбардан бастап, сахабаларын, ұстаздарын, әулие-әмбиелерді, соңында әруақтарды түгел тізетін. Сонда Әсекең марқұм: «Ысқақ, Мұхаммед сахабаларын, ұстаздарын бәрін өзі жарылғады емес пе. Сіз неге құранды оларға бағыштайсыз. Одан да олардың есімдерін қысқартып, Алланың шарапатын бізге сұрмайсыз ба?» - деп қалжыңдап қоятын.

Бірде Исекең Фатиха сүресін оқып, артынан батасын берді. Әсекеңнің қырағы көзі мұны да қалт жібермей: «Исеке, сіз «Фатиханы» әбден жауыр қылдыңыз ғой. Басқа сүре жоқ па?» - деп уытты тілімен түйреп өтті.

1999 жылы біз алғаш рет Мекке-Мәдинаға сапар шегіп, қажылық парызымызды атқарып келдік. Ол кезде біздің қолдан қажылыққа барғандар он-он бес адамға жететін.

Бізді туған-туыстарымыз, құда-жекжаттарымыз, дос-жұрандарымыз қошеметтеп қарсы алды.

Біектің алдына машинамен келдік. Совет қажы рульде. Мен машинадан түсіп жатқанмын. Әсекең осы сәтті пайдаланып: «Көрдіндер ме, Гүлжиянның жүргізушісі - қажы. Араларында Гүлжиянға жететін қажы бар ма?» - деп жиналғандарды күлкіге кенелтті.

Ол жылы Қайраттың үйіне қонаққа бардық. Нәйняны

дерт мендеп, үйінде төсек тартып жатып қалды. Әсекең Қайраттың үйіне жалғыз келді. Ол қонақүйде ер адамдармен әңгіме-дүкен құрып отырды. Мен алыс сапарға шыққаннан ба, жолды көтере алмай, ауырыңқырап жүр едім. Бір кезде Әсекеңнің дауысы жарқын-жарқын шығып, «Гүлжиян, Гүлжиян!» деп екі рет шақырды. Мен «Әсекең неге шақырды екен» деген оймен сол бөлмеге бардым.

Әсекең әріден орағытып әңгіме айтып келді де «Біз Нәйнямен 53 жыл бірге өмір сүрдік. Бірде мен Нәйнядан осы жылдар аралығында біз қандай қате жібердік деп сұрағанда, ол «Ерлі-зайыптылық өмірде қателестік деп ойламаймын», деп жауап берді. Мен «Жоқ. Қате жібердік» дедім. «Ол қандай қате?» деп сұрағанда, мен: «Қазір қартайдық. Сенің денсаулығың күннен-күнге төмендеп барады. Жас кезімде тоқал әпергеніңде, қазір ол сені де, мені де күтер еді» дедім. Гүлжиян, өзінді шақырған себебім, сені де ауру айналдырып жүрген сияқты. Біздің қателігімізді қайталап жүрмендер. Совет жас, қазірден бастап ойлан, бәйбіше ретінде Советке лайық тоқал қарастырып, еріңе рұқсат бергенің дұрыс», - деп сөзінің соңын әзілмен аяқтады.

«Дуниенің қызығы сіз бен біз» дегендей, қамшының сабындай қысқа ғұмырда Әси және Нағимамен жарасымды құда, шынайы дос ретінде қоян-қолтық араластық.

Бүгінде қосылған қос аққудай тату-тәтті ғұмыр кешіп, тағылымды өмір сүрген Әси мен Нәйняның орны ойсырап тұр. Тірлігінде әрі құда, әрі шынайы дос бола білген Әси мен Нәйняның жарқын бейнелерін сағына еске аламыз.

Күләш апай жолдасы Қабылқақ жездеймен Павлодарда тұрады. Екі қызының біреуі Қарағандыда, екіншісі Ертісте. Қапар мен Күлзираның Қанат, Жанат атты екі ұлы бар. Қанаттың келіншегі Гүлнәр Нақияның апасынан туған бөле. Наркиз, Шыңғыс, Дінмұхамед атты балалары бар. Қапардың екінші баласы Жанат Қостанайда тұрған. Қазір Екібастұз қаласында тұрады, Жанат «МАЭС-1» (ГРЭС-1) қызмет

істейді. Келіншегі Айгүл, қыздары Ділнәз, Аружан.

Әйтiмбеттiң екiншi баласы Сейтбайдың бәйбiшесi Күлшайра. Сейтбай ағамыз соғыстан жараланып келiп, елу бiрiншi жылы жарақат салдарынан көз жұмды. Көп ұзамай бәйбiшесi де дүниеден озды. Мәрияш 6-7-класта оқып жүргенде, Мұхтар алты-жетi жасында Аманбай атты немере ағасының үйiнде тәрбиеленедi. Мәрияш 10-сыныпты бiтiрген соң, тұрмысқа шығады. 1956-1957 жылдары перзент сүйiп, көп ұзамай өзi де, нәрестесi де қайтыс болады. Мұхтар 1972 жылы 11-класты бiтiрiп, қаржы техникумына түседi. Оны тәмамдаған соң, Ертістегі жинақтау банкті басқарады. 1994-1995 жылдары жинақтау банкі жабылады. Мұхтар аудандық сақтандыру мекемесiне ауысып, онда инспектор, кейiн экономист қызметтерiн атқарады. Балқаш келiнiмiз екеуi Раушан, Серiк, Әсия атты балаларды тәрбиеледi. Раушан Ертісте тұрмыста. Екi баланың анасы. Серiк Гауһар деген қызға үйленiп, Елдана, Асылхан деген ұл-қызын тәрбиелеуде. Астанада тұрады. Денсаулығы сыр берген соң, Мұхтар 2006 жылы Астанаға көшiп келдi. Әсияның қолында. Әсия бiр банкте қызметкер. Мұхтар мен Балқаш зейнеткерлiкте.

Майдашаш Аманбайқызы Екiбастұзда тұрады. Екi қыз және Арман деген ер баланы тәрбиелеп отыр. Екi қыздан екi жиенi өсiп келедi.

Базарбайдан Жағыпар, Саттар, Ыдырыс. Ыдырыстың балалары, немере, жиен, шөберелерi бар. Семейде тұрады. Саттар бәйбiшесi Мәнзурадaн Майра, Қиман, Қисан деген балаларды көрдi.

Майра ағамыздың бес-алты баласы бар. Балалары Баймолдин кеңшарында. Ағамыз бен жездемiз бүгiнде мәңгiлiк мекенiнде тыныс тапты.

Қиман аға жолдасы Бәткен тәтемен жетi-сегiз бала тәрбиеледi. Үш қызы Екiбастұзда тұрады. Қалған балалары Қашыр ауданында. Немере-жиендерi бар. Ағамыз бен

істейді. Келіншегі Айгүл, қыздары Ділнәз, Аружан.

Әйтiмбеттiң екiншi баласы Сейтбайдың бәйбiшесi Күлшайра. Сейтбай ағамыз соғыстан жараланып келiп, елу бiрiншi жылы жарақат салдарынан көз жұмды. Көп ұзамай бәйбiшесi де дүниеден озды. Мәрияш 6-7-класта оқып жүргенде, Мұхтар алты-жетi жасында Аманбай атты немере ағасының үйiнде тәрбиеленедi. Мәрияш 10-сыныпты бiтiрген соң, тұрмысқа шығады. 1956-1957 жылдары перзент сүйiп, көп ұзамай өзi де, нәрестесi де қайтыс болады. Мұхтар 1972 жылы 11-класты бiтiрiп, қаржы техникумына түседi. Оны тәмамдаған соң, Ертістегi жинақтау банкті басқарады. 1994-1995 жылдары жинақтау банкі жабылады. Мұхтар аудандық сақтандыру мекемесiне ауысып, онда инспектор, кейiн экономист қызметтерiн атқарады. Балқаш келiнiмiз екеуi Раушан, Серiк, Әсия атты балаларды тәрбиеледi. Раушан Ертісте тұрмыста. Екi баланың анасы. Серiк Гауһар деген қызға үйленiп, Елдана, Асылхан деген ұл-қызын тәрбиелеуде. Астанада тұрады. Денсаулығы сыр берген соң, Мұхтар 2006 жылы Астанаға көшiп келдi. Әсияның қолында. Әсия бiр банкте қызметкер. Мұхтар мен Балқаш зейнеткерлiкте.

Майдашаш Аманбайқызы Екiбастұзда тұрады. Екi қыз және Арман деген ер баланы тәрбиелеп отыр. Екi қыздан екi жиенi өсiп келедi.

Базарбайдан Жағыпар, Саттар, Ыдырыс. Ыдырыстың балалары, немере, жиен, шөберелерi бар. Семейде тұрады. Саттар бәйбiшесi Мәнзурадaн Майра, Қиман, Қисан деген балаларды көрдi.

Майра ағамыздың бес-алты баласы бар. Балалары Баймолдин кеңшарында. Ағамыз бен жездемiз бүгiнде мәңгiлiк мекенiнде тыныс тапты.

Қиман аға жолдасы Бәткен тәтемен жетi-сегiз бала тәрбиеледi. Үш қызы Екiбастұзда тұрады. Қалған балалары Қашыр ауданында. Немере-жиендерi бар. Ағамыз бен

жеңгеміз дүние салды.

Қисан жеңгеміз Бақтылы екеуі де о дүниелік болды. Әлия атты қызы Екібастұзда. Ұлдары Нұралы әйелі Зәурешпен. екі ұлы - Азамат, Санат балалы-шағалы. Аманкелді - әйелі Алма, қыздары Айнұр, Айдана. Барлығы Қашырда балалы-шағалы.

Жағыпар ағамыз да, бәйбішесі Әшен де, баласы Қалау да қайтқан.

Қалау ағамыз бәйбішесі Үміттен үш қыз, үш ұлы бар. Нұржан ұлы қайтыс болды, Дәмір атты ұлы бар. Қызы Әсима мен Қосман күйеу баламыздан екі қызы, бір ұлы, жиен-немерелері бар. Жиен-немереден жиен-шөберелері бар. Үміт жеңгемізде ұлдарынан жеті немере, тоғыз жиен-немере бар. Үміт жеңгеміздің Әкрам атты тұңғыш ұлының қызы Меруерт немересімен Екібастұз қаласында тұрады. Әкрамның жұбайы Қадиша, олардан - Дина, Әсел, ұлы Темірлан 9-сыныпта оқиды, Қашыр ауданының тұрғыны. 1949 жылы Қамеркен ағамыз Қайыр жеңгемізді атамның шаңырағына түсірсе, 1954 жылы Қалау ағамыз атамның үйінде Үміт жеңгеміздің бетін ашқан.

Екінші ұлы Әкімнің әйелі Орынгүл, Ерлан, Нұрлан атты екі ұлдары бар. Қашыр ауданы Комуннар ауылының тұрғыны. Нұрлан 10-сыныпта оқиды. Ерлан Семей медакадемиясында 3-курста оқиды. Қызы Шайзат пен Бауыржан күйеу баламыздан екі қыз, бір ұл жиен-немерелері бар. Қызы Мәрзия бала-шағасымен Шымкентте тұрады.

Сембай ағамыздың Жүкеш бәйбішесінен Қайыржан, Қарашаш атты балалары бар. Қарашаш Ертісте. Қайыржан ағай жолдасы екеуі Ертіс ауданына қарасты «Қайманачиха» совхозында тұрады. Он баласы бар. Ағай қайтқан соң жеңгей балаларымен Ертістегі қайын сіңлісінің қасына көшіп келді.

Жанкелді атамның әкесі Әбуқожа бағамыз «Қарғалы» деген жерде жерленіпті. Еліне әйгілі молда болыпты.

Жанкелді атам 1899 жылы туған, 1987 жылы дүние салды. Атам алты айында әкесінен, алты жасында шешеден жетім болды. Атам алты ағайынды - Әшім, Мырзабай, Мырзатай, Мыршкелді, Рысбике, Жанкелді. Әшім ағасы Тәбек бидің қарындасы Ақжарқынға үйленеді, қарама-қарсы құда болып, Рысбике қарындасын Тәбектің інісіне /менің әкемнің инашшысына/ береді. Ақжарқын әжеміз бала көтермепті. Шариғат заңында бала тумаған әйелге қырық уықтан бір уық бөліп беріп, төркін жұртына апарып тастайды екен. «Қырдан қыздың артықшылығы жоқ» деп қайын жұрты да Рысбике апамызды екі қызымен төркін жұртына қайта әкеліп тастапты. Апамыз Рысбикеден екі қыз: Шәрбан мен Шәриша туған. Шәрбаннан - Мапышкен, Мапіштен - Зару, Мәкәсі, Құралай, Ақбет, Салтанат, Серік. Зару Екібастұзда № 26 орта мектебінде директорлық қызмет атқарды. Қазір Павлодар қаласында педагогика ғылымдарының кандидаты, институтта сабақ береді. Аманжол Шамкеновтың тұмстарынан Мапышкен жиен апай Қалкаманда Күлшаринов Қасымжан ағамызға тұрмысқа шыққан. Екеуі де о дүниелік болған. Шәрипадан - Боранбай.

Мырзақелді атам 1897 жылы Ертіс ауылында туған. Құжатта менің атам Жанкелді екеуі егіз деп жазылған. Екеуі өте қозыдай Омбыда да, ашаршылық кезінде де бір-бірінен айырылмапты. «Тіпті еншімізді бөлмей бір үйде тұрдық, Омбыдан Ертіске көшіп келгеннен кейін ғана бөлек тұрдық» деп отырады. Менің атам баланың кенжесі ғой, алдындағы төрт ағасына еркелеп өскен. Бірақ мен келін болып түскенде атам ағасында бірдеңе жоқ болса, апарып бөлісіп отыратын. Мырзақелді атам өте жұмыскер, шебер еді. Мал ұстаймыз ғой. Орашалақ атам қолына шаруашылық заттарын алып, бірдеңе жөндеймін десе, қолын ұрып жаралап, айғайды ешпеген. «Бағила, шүберек әкел! Қолымды байла, қанатып ұрып алдым. Мырзақелдіні шақыр. Келіп істеп берсін!» деп ешпеген. Жазда қысқы мал азығын дайындау қамымен шөп

шабуға барады. Ол уақытта шөпті қол қырғымен шабамыз. Арасында дем аламыз. Арбаның астында көленкелеп жататын Мырзакелді атам тұрып жұмыс істеуге бара жатса, атам әлі де жата тұрғысы келіп: «Мырзакелді, осы арбаның дөңгелегінің шабағы нешеу, санашы» дейді ғой, сонда атамның қулығын сезе қойған Мырзакелді ата: «Қайдағы жоқты ойлап таппай, түрегел!» деп ұрсады екен.

Мырзакелді атам шаруақор, бүкіл істі сол кісі тындырады. Ал менің атам келіссөзге, саудаға ыңғайлы еді.

Мырзакелді атамда Нұрғайша, Ракен, Зикен, Рақыш, Мәкен атты бес бала болды. Шәкира әжеміз қаржас-жәдігер. Нағашысы - Нияз. Баянауылдың қызы. Қаныш Сәтпаевқа аталас.

1952 жылы Шәкира әжеміз ұлы Рақышты ертіп, еліне төркіндеп барса, Қаныш аға келіп жатыр екен. Ағайындарының үйінде қонақта отырса, Қаныш аға Рақышқа құлақ ұсыныпты.

Үш қыздың арасында екі ер баласы шетінеген соң, әжеміз ұлына ырымдап нағашы атасының есімін қойыпты. Әжеміз әкесінің атын атауға аузы бармай Рақышты «Қақат» дейді екен. Біз де солай атап кеттік.

Мырзакелді атамның үлкен қызы Нұрғайша Ертіс ауданы Кутузов совхозында ерінің босағасын аттағаннан кейін он-он бес жылдай бір перзентке зар болды. Тілегі Алланың құлағына шалынды ма, бірінен кейін бірі сегіз бала көтеріп, тоғызыншы балаға жүкті болып жүргенде қайтыс болды. Қазір екі қызы, бір ұлы Екібастұз қаласында тұрады. Екінші қызы Ракен, Ракеннің Ботакөз атты қызы бар. Ол да осы қалада.

Үшінші қызы Зикеннің Бәтима, Жанна, Дәметкен, Гүлнәр атты қыздары, Серік атты ұлы бар. Зикен ұлы Серікпен бірге тұрады. Қызы Дәметкеннен туған жиені Арман да ержетті. Бұдан екі жыл бұрын Зикеннің жолдасы Аманкелді дүниеден озды.



Жалғыз ұлы Рақыш та біздің қалада орын тепті. Тілеулес келініміз жаракаттану бөлімшесінде ұзақ жылдар медбике болып еңбек еті. Қазір зейнеткерлікте. Айнагүл, Арман, Алмагүл, Нұргүл, Нұрлан атты ұл-қыздарды тәрбиелеп отыр. Арман үйленген. Алмагүл тұрмыста. Екі жиен, Мәлике атты бір немерені сүйді. 2009 жылы 15 тамызда Рақыш (Қақат) қайным да дүниеден озды.

1950 жылы туған бесінші баласы Ертіс 1964 жылы дүниеден озды.

Атам Жанкелді сөзге шебер, «жеті рет өлшеп, бір ақ рет пішетін» ақылды кісі болатын. Соғыс жылдарында әскери комиссариатта атқосшы, аштық жылдары Омбыда ұн тартатын комбинатта жүкші, 1954 жылы көлік апатынан II топтағы мүгедектер қатарында, 1954-55 жылдары дүкенде күзетші болып жұмыс істеп, соңғы жұмысынан 1960 жылы 60 жаста зейнеткерлікке шықты.

Бәйбішесі Бағыла менің шешем Нақиямен туыс болып келеді екен. Бірақ мен оларды бұрын көрмеппін. Ең алғаш біздің үйге келгенде, мені «балдызжан» деп бетімнен сүйіп амандасты. Әкем Бағыла қайынапасын «Бәбәй» дейді екен. Көптен көріспеген бажалар өткен күнді сөз етіп, бір жасап қалысты.

Әкеммен қауқылдасып, іші-бауырына енген Жанкелді ата сөзінің соңында жұкалап өзінің бұйымтайын жеткізеді. Сөйтсе, олардың көздегені мен екенмін. Жанкелді ата мен Бағыланың жалғыз қыздары Дәметей сол жылы тұрмысқа шығыпты. Қыздың жатжұрттық екенін сонда түсінген атам енді жалғыз ұлы Советті аяқтандырудың қамына кіріссе керек.

«Қыз жат жұртқа жаралған, көзімнің қарашығы жалғыз ұлыма Гүлжиянды айттыра келдім. Біз жерге қарап отырған жоқпыз. Қаласа, көктегі жұлдыздарды Гүлжиянның қолына салып беремін. Оқуды да оқытамыз» деп, алтын тау орнатты ғой. Әкем «Балам жас» деп ынғайларына жығылғысы



келмесе де, ойланып қалды. «Туған шешесі ерте қайтқан, одан басқа үш-төрт шешенің қолында өсті. Анасының туысы ғой, Бәбәй алдағы өмірде туған анасының орнын басар» деп тұжырымға келгендей сыңай танытты. Мен іс тігіп отырмын. Құлағым үлкендердің әңгімесінде. «Әкем оқытамын дейді. Сегіз баласы тұрғанда, шамасы жетсін бе? Әрі өзі Семей пединститутында сырттай оқып жатыр. Енем анамның туысы болса, сөздерінде тұрып, оқытар» деп, мен мына жақта өзімше ой түйіп, бір шешімге келдім.

Сөйтіп, Жанкелді ата мен әкемнің арасындағы саликалы әңгімеден соң, мен бөтен үйдің босағасын аттадым. Осылай алтыншы анам Бағиланың тәрбиесіне түстім.

60-шы жылдары қазақтың ұлттық құндылықтарды берік сақтап, салт-дәстүрімізден айырылмаған кезі ғой. Ол уақытта келін түсіретін үй алдын ала қамданып, шымылдық, шәйнек, леген дайындайды. Жаспын ғой, шымылдықта шаруам жоқ, «Осы шәйнек пен легенді неге дайындайды?» деп ойлайтынмын /Ол келген жерінде леген іздеп жүрмесін деп ененің келінге жасалатын камқорлығы екен/. Ал шымылдықты ашық-шашық жатқаныңды бөгде адамдар көрмесін әрі келінге көз тимесін деген сақтықпен құратынын кейін түсіндім.

Мені босаға аттаған күні шымылдыққа кіргізді. Содан отыз күн - ойын, қырық күн той дегендей, бір ай бойы шымылдықтың ішінде ұстады. Екі бөлмелі жер үйімізге «құтты болсын» айтып келушілер бір толастамай-ақ қойды. Үйге сыймаған қонақтарды көршінің үйіне орналастырды. Кісі аяғы саябырсыды-ау деген кезде атам Досмағамбет молданы алып келіп, үйде Совет екеуіміздің некемізді қиды. 1960 жылы 1 қаңтарда құрылған шымылдық 1972 жылға дейін тұрды. 1967 жылы үш бөлмелі үйге көштік. Совет екеуімізге жеке бөлме тиді. Әр бөлмеде есік болса да, шымылдығымыз сол күйі құрулы тұрды.

1972 жылы 16 қазанда Екібастұзға көшетін болған соң,

шамы ыдықты шештік. Жастығымыздың, пәктігіміздің күәһіндей болған сол шымылдықты Екібастұзда қайтып құрған жоқпыз. Әлі күнге дейін сандығымызда сақтаулы.

Екібастұзға қызметке шақырғанда, біз өзара ақылдасып, Совет алдымен өзі барып орнығып алсын деп шештік. Менің Иристе жұмыс орным үйден үш шақырым қашықтықта. Ол уақытта автобус жүрмейді. Жұмысқа жаяу қатынаймын. Иристен күндері атам биені жегіп, шанамен апарып салатын. «Екібастұздан үй іздесең жұмыс орны, мектеп, автобустың аялдамасы, су алатын жер, дүкен жақын болсын» деймін ғой Советке. Совет сәуірден қазанның аяғына дейін үй іздепті. Ол алғашқыда қонақ үйде, сосын сол кездегі Горсобестің биіктігі, нағашы апамыз Александра Алексеевнаның үйінде тұрды. Одан кейін ата-бабамыздан карама-қарсы құдамыз Ақтас құданікінде болды. Бір күні Ақтас қажының анасы Советке: «Осы сатылатын үй көп, аудан ақша беріп жер, үй де алып жатқандар бар», - десе Совет менің аманатымды айтпашты. Сонда бәйбіше: «Әйеліңнің басы жұмыс істей ме? Қиалада шахтерлар тұрғанда ондай үйді кім береді», - деді. Сол ойдағыдай үй «Арман» кинотеатрының қасында өңдесті.

Екібастұзға көшіп келген бетте Бұхар Жырау көшесінен жер үй сатып алдық. Мен Екібастұз қалалық медицина бірлестігіне медбике болып орналастым. Жұмыстан бес минут қалуға болмайды. Егер кешіксең, «Есіктің сыртында кісі өліп жатыр. Ал сен бес минутқа кешіктін», - деп, көшпені одақ жиналысына салып, мәселенді қарайды.

Көп ұзамай аудан басшыларына пәтер бере бастады. Бізге қазіргі Қазақтелеком мекемесі орналасқан бес қабатты үйдің екінші қабатынан төрт бөлмелі үй берді. Совет пәтердің кілтін алып келген екен, атам мен енем: «Біз жер үйден кетпейміз. Құрқылтайдың ұясындай күркеге барып, қоншақтап отыратын жайымыз жоқ. Кілтті Гүлжиянға көрсетің. Совет, сен Құдайдан сұрап алған жалғызымызсың.

Ертең біреу-міреу екі үйі бар деп көрсетіп жүрсе, соғталып кетесің. Кілтті алған жеріне апарып тапсыр», - деп кеңес беріпті.

Біз бар-жоғы 38 шаршы метр алаңды алып жатқан осы жер үйде 1972 жылдан 1990 жылға дейін төрт баламен, ата-енемізбен бірге тұрдық. Пеш жағып, су тасып дегендей, жер үйдің таусылмайтын шаруасына да көндіктік. 1983 жылы Тасболат үйленді. Келіншегі Шаттық екеуі біздің қолымызда тұрды. «Мына үй тар ғой, кеңірек үйге көшейік» десем, атам жарықтық: «Баяғыда мұндай үйлерде аудан басшылары тұратын. Көңіл кең болса, сыйысармыз» дейтін. Кейін Советке екінші рет тағы да үй берді. Бірақ атамның айтқаны келіп, бір үйде бірнеше отбасы тұрып жатқанымызды елемеген желауыздар «Советтің екі үйі бар. Госстрахтың кеңсесі жоқ. Бір үйін кеңсеге берсін» деп көрсетіпті. Біздің пәтеріміз 5-ші қабатта еді. Бір үйді кеңсе етіп беруге келістік. Олар кейін 5-ші қабатты 1-ші қабатқа ауыстырды. Осы аралықта Тасболат мектепке мұғалімдік қызметке орналасып, аудандық білім бөлімі Шаттық екеуіне пәтер бөлді.

Енем Бағила 1910 жылы туған. Руы - қыпшак алдеке-кожеке. Ата-бабалары «бай, кулак» деп куғындалып, Барабинск жақта тұрған, әкесі Шамшит сонда қайтыс болған. Бірге туған туыстары елге келуге қорқып, Қазақстанның шетіне келіп орныкқан. Тірі қалғандары 1944 жылы біртіндеп елге орала бастаған. Шамшит атаның ұрпақтары М.Жаманбапиновтың «Әйгілі аудан - Ертісім» деген кітабына кірген.

1947 жылы КСРО ның 30 жылдығында Қонақбай ағасымен ер адамдар арасындағы күреске түсіп, Бағила апам Кулпаш Смағұловамен күресіп қарсыласынан басым түскен. Соғыстан кейінгі кез ғой, сыйлыққа бір такта шай берген екен. Сол жерде әйелдер каумалап, бөлісіп алған көрінеді.

1927-1928 жылдары бірінші жолдасын «Халық жауы», «Бай, кулак» деп түрмеге жауып, содан елге оралмапты. Я түрмеде атып тастағаны, я шетелге қашып кеткені беймәлім.

Енем үш баламен жесір қалып, 1932-1933 жылдары аштықтан құтылудың жолын іздеп, отбасын ағайын туыстарын атам Омбыға алып келеді. Атам туыстарымен Омбыда ұн тартатын зауытта жүкші болып орналасады, Сөйтіп, жанын шүберекке түйген атам туған-туыстарын аштықтың құрығынан аман алып қалады.

Сонда әйелі, бір ұлы, бір қызы көз жұмады.

Ауысымдық жұмыста жүрген атамыз шай, сіріңке, сабын әкеліп Ертіске сатады. Ол кезде Ертіс өңірінде бұл заттар қат еді. Рақила деген қайынапасының үйіне түсіп жүреді екен. Бір сапарында Рақила қайынапасы атама «Бас екеу болмай, мал екеу болмайды. Туысымнан қалған екі баласы бар. Сенің балаларыңа жайлы болады» деп, менің Бағила енеммен таныстырыпты. Енемнің шешесі Тәттімнің ағасы Әлімжанның қызы Бәтима Омбыда тұрады. Үш ұлы, төрт қызы бар. Біз Бәтимамен әлі қатынасып тұрамыз.

Бүгінде Бәтима нағашы апамыз, жездей, үлкен ұлы ана дүниелік болды.

«Аштықты, соғысты көрген жоксыңдар. Әр нәрсеге қанағат қылу керек. Ысырап жасамаңдар. Нанның қоқымын шашпаңдар. Шайдың самасын аяқасты төкпеңдер. Біз сол аштық жылдарында жерді үңгірлеп қазған бір бөлмелі үйде төрт отбасы тұрдық. Бөлменің ішін шымылдықпен бөліп қояды. Ыдыс-аяқ жетіспейді. Асты кезекпен ішетінбіз. Алла аштық пен соғыстан сақтасын!» - деп отырушы еді атам мен енем.

Енемнің де, нағашыларының да, ағаларының да домбыра тартып, «әу» дейтін өнерлері бар екен. Аналарынан ерте жетім қалған-ау деймін, енем апамның өлеңі деп: «Ағалар білер ме екен көздің жасын, анадан жетім қалған

карындастың» деген жолдарды домбыраға қосып айтып отыратын.

Нағашылары Әлімжан, Шақай қыпшақ алқұлы руынан.

Бәтима Әлімжанқызын отыз екінші жылдары Омбыдан тауып алған. Ол отыз алтыншы жылдары енемнің қызы Маман, атамның қызы Ләтипа ғана Омбыдан оралыпты. Басқа балалары Омбыда қайтыс болған.

1939 жылдары Ертіске оралғаннан кейін Маман мен Ләтипа да қайтыс болады. «Маман десе Маман еді-ау» деп, енем қызын көпке дейін аузынан тастамай айтып жүрді.

Енемнің сіңлісі Күліш \жолдасы Рақымжан ерте өмірден озған\ канжығалы Абыз-Шомақтан тарайды. Одан 1935 жылы Күләй есімді қыз туды. 1942-1943 жылдары әкем Ханафия мен анам Нақия осы Күліш нағашы апамыздың қолында тұрыпты.

«Сен сегіз айыңда жүріп кеттің. Шашың бұйра. Басың үлкен еді. Басың қай жаққа ауса, сол жаққа қарай құлап қалатынсың» деп айтып отыратын.

Күліш нағашы апам да, қызы Күләй да ерте қайтты. Күләйдің бір ұл, үш қызы бар еді. Үш қызы Екібастұзда тұрады. Ұлы о дүниелік болды. Қарым-қатынасымыз жақсы.

Құттыбике - енемнің кенже сіңлісі. Біз оны «Тәтті апа» дейтінбіз. Жолдасы Мұқыш атасы қасқыртымақ, орманшы руынан (1951 жылы соғыстан жараланып келіп қайтыс болған). Матай атты ұлдарын екі жасында ұрпақсыз қалмасын деп қайынағасы Салыққа беріпті. Кейін өзі Железинкада Қабира деген қызының қолында тұрды. Тәтті апам Бақыт деген немересін алып, көбіне біздің үйде жүруші еді. Бала үйін сағынады ғой, бір күні Совет Шарлаққа ұн тарттыруға баратын болды. Ол кезде асхана қайдан келсін. Біз жолға деп күрешкеге май, қант, шай салып бергенбіз. Екі-үш күннен соң қайтып оралды. Баланың анасын сағынғанын сезді ме Совет «Железинкаға соқтым, Қабира беріп жіберді» деп,

күрешке мен бос сөмкені қолына ұстатты. Іштен тынып жүрген бала әке-шешесін сағынғаны ма, әлгі сөмкеден, күрешкеден айрылсайшы.

Енем де, сіндісі де сол жерде менің анам Накияның ақылдылығын ауыздарының суы құрып әңгімеледі. Мен шатай алмай олардың кателіктерін беттеріне басып: «Сенің де, сіндінің де бастарың жұмыс істемейді. Кісі жалғыз биласып кісіге бере ме» деген едім, екеуі де ұнатпай, мұрындарын шүйірді. Руза, Күліш, Күлшім, Бағыла, Құттыбике осы аттары аталған әйелдердің барлығы шылым шөгетін. Тек Айбике нағашы апам ғана шекпейтін. Енемнен «Неге шылым тартасың?» деп сұрағанымда, «Лепсі болып катты ауырдым. Сүлік салғыздым. Қан алдырдым. Жөтел тек осы шылым шеккеннен кейін басылды. Содан үйреніп көттім» дейді. Ал Тәтті апам мен бір жаққа жиналсам «Алматының Беломорын әкелші» дейтін. «Неге тартасың?» десем, «Енемнің бірінші жолдасы жездем «Шегірту, шынамды тұтатып әкеле қойшы» деп жұмсайтын. Содан бір-екі тартып жүріп, әдеттеніп алдым. Ертең жерлегенде Алматының Беломорын косып салындар» деп кеңкілдеп күлетін.

Тәтті апамның баласы Матай жолдасы Мұқыштың ағасы Синақтың қолында тәрбиеленген. Салық ата алпысыншы жылдары бакилық болды. Жиырма екідегі бәкене бойлы Матай он алты-он жеті жастар шамасындағы талдырмашымен үйленгенде Құттыбике-Тәтті апа: «Матай-ау, сен өмірліктей қызға қайдан ұрындың. Қаршадай қыз ұрпақ жинастыра алмас», деп уайым шекті. Сөйткен Тілеулес жолеміз екі ұл /тұңғыш ұлы қырқына жетпей шетінеп өткен/, үш қызды дүниеге әкелді. Жеті немере, бір шөбере сүлді. Бәрі Павлодарда тұрады.

Қабира бөленің жолдасы да Абыздан тараған, аты жақкенді. Бір ұлы, төрт қызы бар. Қабира Баян деген қызымен Ертісте тұрады. Баянда екі ұл бар, Біреуі Дамир

Павлодарда жоғары оқу орнында студент. Екіншісі Ертісте мектепте оқиды. Ер баласы ерте қайтты. Одан Арман, Әйгерім, Самал деген қызы бар. Келін Әлия балаларымен Павлодарда тұрады. Бақыт, Марал, Қарлығаш Павлодарда. Үйлі-баранды.

Мен тұрмысқа шыққаннан кейін 1965 жылға дейін үйде отырдым. Екінші шешем Шамшиқамар қайтыс болған соң, 1962 жылға дейін екі үйдің арасында жүрдім.

1962 жылы 21 маусымда Тасболат дүниеге келді. Енем жарықтық қызғаншақ адам еді, мен таңғы сағат бес жарымның кезінде босандым. Таңғы сағат 07.00-08.00 шамасында атам мен енем келді. Бұл кезде мені палатаға енді әкелген. Қасымда бала әлі жоқ. Олар естіп қана кете барды. Сағат 11-12-лер кезінде Совет келді. Бала қолымда. Емізуге әкелген баланы Советке терезеден көрсете қойдым. Ол мәз болып, үйге барып, «Баланы көріп келдім» деп айтып қойыпты. Енем «Бізге көрсетпей, Советке неге көрсетеді» деп сыбағамды беруге перзентханаға келді. Екі ортаның ара қашықтығы - үш шақырым. Барыс-қайтысы алты шақырым. Бір уақытта терезені жұдырығымен ұрып жылап тұр. Күреске түсіп жүрген өзі ірі, денелі адамның жұдырығы қандай. Енем шу көтерген соң «Жаңа босанып жатқан әйелге ұрсып жүрген бұл не қылған адам» деп, қасымдағы әйелдердің барлығы жиналды. Ақыры, немересін көріп, көңілі орнына түсті ме, риза болып үйге қайтты.

Менде сүт көп, жай жатпаймын, сүтке жарымаған қасымдағы әйелдердің балаларын еміземін. Аудандық әскери комиссардың әйелі Тәтімнің Әсет деген баласын, ұлты иран келіншектің баласын еміздім. Әсет кейін Тасболатпен бірге педагогикалық институтта оқыды. Екеуі «сүт ағамыз» деп араласты.

Ертеңіне енем келіп «Кеудең қалай, сүт бар ма?» десе, мен кешегі оқиғаның барлығын жіпке тізгендей баяндап бермесім бар ма? Енем мені тыңдап болған соң «Аурудың да,

саудың да баласын емізіп не көрінді. Емізбе!» - деп ұрысты. Маған кеуде сүтін сауғаннан гөрі емізген оңай. Кейін нені айтып, нені айтпау керектігін өмір өзі үйретті ғой.

Тасболаттың тілі шыға бастағанда, енем оған бірінші сөзді «ата» деп үйретті. «Неге олай үйретесіз?» деп сұрағанымда енем: «Бала алдымен «ата» деп айтса, келесіде ер бала туады дейтін. Айтқаны дәл келіп, артынан Бекболат туды. Бекболатты да ата деп үйрете бастағанда мен ренжіп: «Апа, маған қыз керек емес пе?» дегенім бар.

Әкем үйге келгенде енем Тасболатқа оны «Ханафия» деп айтқызатын. Тасболаттың тілі келмей, «Қанапа» дейтін. Енем қанша бауырына тартса да, Тасболат оған жоламайтын. Шымшып алғандай шырылдап жылайтын еді. Атама барса сөйлесіп, күліп мәз болады.

1964 жылы Бекболат туды. Алғашқыдай емес, көп жайды жайып салмай, іште бүгіп қалуға үйрендім.

Содан Бекболатты бір жас сегіз ай еміздім. Сегіз айдан тоғыз айға карағанда, тәй-тәй басып жүрді. Бір жастан асқанда тілі шықты. Екі жасқа таяғанда енем қойнына алып, «Ешкімнің шаруасы болмасын, бұл өзімнің балам» деп бет қаратпады. Бір жерге барса, қалдырмай, мойнына мінгізіп, не қолына көтеріп алып кететін. Бұрын біздің жанымызда жатып үйренген бала кешкісін жатарда бізге қарай жүгіретін. Апасы ұрсып: «Онда не бар, олар сенің жақының ба?» десе, ол: «Неге бармаймын, олар менің мидай жақыным» дейтін.

1966 жылы Бибігүл туды. «Жалғыз қыздан кейін араға отыз жыл салып дүниеге келді» деп, бұл немересіне тағы да жабысты. Маған да керегі сол емес пе, балабақшаға бергенше, үйде ұстаған қолайлы. 1965 жылы машина есептегіш станция ашылып, сонда бір айлық курсты бітіріп, оператор болып жұмысқа орналасқан едім. Бибігүл туған соң, үйде 56 күн отырып, қайтадан жұмысыма бардым.

1970 жылы Айгүл туғанда, Совет: «Апа, енді бұл қызымызды өзімізге бересің бе?» десе, «Саған берем, ал



Аталарым Жангелді, Мырзагелді, Аманбай



Солдан оңға карай: Бағыла, оның колында Бақыт, Тәтті апа, Айкем (Айбике), колында немересі Ибрагим, атам Жангелді, Сүйіндік құда, баласы Мүлкібай, Қомаркен аға, мен (Гүлжиян), Дәметай, Шолпан, Совет. 1961 жыл шілде





Солдан онға карай: Тәтті апам (Күттыбике) Багила енем, күдағи,
Нұрыш апам, Ұмсындық (Татау)



Манти женгей мен Қомаркен аға



Оңнан солға қарай: I қатар Айнаш, Халел қажының шешесі, Ермек, Ербол, Мәнел, Қайрат, қыз жолдас, Гүлжиян, Совет, Гүлмира, Мама Коля (Гүлжан), Роза, Ерлан, Қапар, Есім. Қайраттың үйлену тойында. 1981 жыл



Солдан оңға карай: I катар Майра, Совет, енем Бағыла,
атам Жангелді, мен Гүлжиян
II катар Бибігүл, Айгүл, Шаттык, Дулат



Солдан оңға карай: I катар енем Бағыла, Гүлжиян (колында
тұңғыш немересі Алан), Совет, Айгүл
II катар Бибігүл, Бекболат, Шаттык



Гүлжиянға жок» деп жауап бергені есімде. Жанкелді атамның Дәметай, Совет атты екі баласы бар. Қазақтың келіндерінің жолын ұстап қайын апам Дәметайға қойған атым - «Ағажан».

Дәметай 1938 жылы 9 ақпанда Ертісте туған. Жолдасы Жылқыбай екеуі екі ұл, екі қызды тәрбиеледі. Бұрын Суворов, Аманкелді, Пушкин совхоздарында тұрған. Қазір төрт баласымен бірге Павлодар қаласында тұрады. Екеуі де зейнеткер. Дәметей - Ағажан төрт ай бұрын 1959 жылы қыркүйек айында тұрмысқа шыққан. Жездем ауылда бас бухгалтер, кейін апай қаржыгер, дүкенші болып жұмыс істеді. Үлкен қызы Ләззаттың Ғалия атты қызы бар. Ләззат Ішкі істер басқармасында дәрігер. Ерболат екінші әйелі Анжела екеуі Айдана, Ерқанат атты екі бала тәрбиелеп отыр. Бірінші келіншегінен туған Ризат атасы мен әжесінің қолында тәрбиеленуде. Әзиза шешесімен бірге, үшінші баласы Қайрат келіншегі Гүлмира екеуі үш ұл тәрбиелеп отыр, Талғат, Рахат, Мақсат. Гүлшат жолдасы Ерлан екеуі Жәнел, Жанкелді атты ұл-қызын өсіруде. Ағажан-Дәметай апамыз зейнеткерлікке шыққаннан бері өлең жазады.


Апамның Әбуқожа Жанкелді ұрпақтарына арнаған өлең жолдары төмендегідей:

Бауырларға аманат

Бисміллә деп бастадым,
Елге жайып сырымды.
Өздеріне бауырлар,
Арнадым осы жырымды.

Жаныма жақын ағайын,
Шырқап бір әнге салайын.





Амандық—саулық болсын деп,
Басыңа бақыт консын деп,
Алладан медет тіледім,
Мерейін үстем болсын деп.

Алпыс екінші жыл келгенде,
Шуағын төккен көктемде,
Бағыла ана түс көрді,
Түн ауып, таң жеткенде.


«Әлдекенің, Жолаба кыпшак
Алтыбай баксыдан тарайды ұрпак»,
дегенді айтып, ақ боз атты
Қарт әулие шақша ұсынбак.

Ояна келсе қасында,
Жоқ екен әлгі қарт адам
Бір Аллаға сыйынды.
Шақшаны алған жан анам,

Жорыды жақсыға түсін ана,
Шақыртып жас келінін іле - шала,
«Айналайын, құдайым берді бізге,
Ұрпакты жалғастырмақ екі ер бала».

Төлбасы туса біздің қуанышқа,
Тасболат деп атаймыз, сен таласпа.
Кейінгісі Бекболат деп аян берді,
Ақ боз атты ақсақал таң жуықта.

Осылай Алланың бұйрығымен,
Қуантты Тасболат пен Бекболат.
Араға жылдар салып келді өмірге,
Қарындастар анасына қолғанат.



Күндердің күні болғанда
Жанкелді ата толғанып.
Шақырып алды қасына,
Немерелерін қолға алып.

Мүшел жастан астыңдар,
Өмірге кадам бастыңдар.
Тегіңді калкам, білген жөн,
Соңымыздан ерген жассыңдар.

Үш жүзіне қосылмаймыз қазақтың,
Арғы атамыз тармағынан араптың
Қызылқұмның топырағынан киелі
Бір Алланын өзі қолдап тараппыз.

Қазақтың келіп қаймағы,
Арқаға қонып көреді.
Қызылтауда бас қосып,
Қожаны сонда бөледі.

Қанжығалы елінде,
Сейітқожа ұрпағы.
Исабек, Назар ишандар,
Ақкөлді мекен етеді.

Жағалай қонған Ертісті,
Жолаба, қыпшак, күрлеуіт,
Қайран да менің бабам-ай,
Ертісті мекен етеді.

Бұлтқа мінген қожалар,
Ертісті мекен етеді.



Өтем Шайх бабасы,
Құлыбай қожа баласы.
Әбукожа Әбзілда,
Ертістен мекен табады.

Есен, Қожа, Дүйсендер,
Ертістен мекен табады.

Жолаба қыпшак елінде,
Жазы батыр нағашы.
Бұлтқа мінген кожаны,
Қыпшак десіп жатады.


Сонау бір зұлмат жылдары,
Мырзатай деген ағамыз,
Сібірге қашқан ақтардың,
Қолынан қаза табады.

Мырзатай және Әшімнен,
Рысбике мен Мырзатай,
Төрт туыстан айрылып,
Жан әкем қалды кайғырып.

Тарихтан бәрін білесің,
«Дін апиын», дін бір у.
Баска қауіп төнгенде,
Төске өрледі өншең қу.

Жандай қожа Тіленші,
Ау аткомның бастығы.
Шежірені үлкендер,
Жандайға сеніп тапсырды.





Білмейді деп атаңды,
Жазғыра көрме боталар.
Әкесіз өскен ол жетім,
Шежіреден бейхабар.

Аман-есен ер жетсек,
Шежірені табармыз.
Туған жерге тәу етіп.
Меккеге де барармыз.


Қарт тілегі орындалды,
Институтты тәмамдап,
Ару қызбен үйге оралды,
Немересі Тасболат.

«Ата, міне, келінің,
Аты Шаттық, кіші жүз.
Он батаңды беріңіз,
Үйленбекпіз екеуміз».

«Рұқсат» деді атасы,
Әзір еді батасы.
Асыға күткен осы сәт,
Бағынды ашсын, Тасболат!

Тоқсанға аяқ басканда,
Кіші жүздің жеріне.
Құда түсе барады,
Құрманғазы еліне.

Балам теңін тапты деп,
Баламның бағын ашты деп,
Ешмұрат атты құдамыз,
Құшағын айқара ашты кеп.




Алан атты шөбере,
Келіп еді өмірге.
Ата енесін қуантты.
Көптен күткен немере.

Шөбере сүйіп жан әкем.
Токсанға келген шағында,
Тыныш тауып көңілі,
Аттанды мәңгі сапарға.

Құрсақта жатқан балаға,
Ғалы-Ғайдар деп ат қойып,
Жылына жетпей шалының
Жанына барды Бағила.

Жалғыз бауырым Советтің,
Көзінің ағы менен қарасы.
Мейірбанды ұл-қызы,
Ешкімнің жок таласы.

Әкемнің дәл өзіндей,
Анамның қалған көзіндей.
Бауырларға жыр жазған,
Жалғыз апаң Дәметей.



**Тасболат пен Бекболаттың мерейтойы мен
мүшел жасқа толғандарына арнадым**

Асқар тау кім-кімге де әке деген,
Атаны қайтсін Болат әлпештеген.
Қолға алып бір суретін әкесінің,
«Тәбет» деп мәз-мәйрам боп өлең еткен.

Айналдым Тасболатым, бал тіліңнен,
Көп күттім дәл өзінді құдіреттен.
Елжіреп, жалғызымды әке дейсін,
Қарт атаң мың мәртебе тәубе еткен.

Тасболат, міне бүгін мерейтойың,
Шын жүректен құттықтау менің ойым.
Адамға ең бастысы денсаулық қой,
Бақытпен орындалсын арман-ойың.

Соңынан ерген бауырың Бекболатың,
Ата-анам әлпештеген қос канатым.
Толды ғой өткен жылы мүшел жасқа,
Қосағыңмен қоса ағар, қарақтарым!

Төбем көкке жетті ғой естігенде,
Ата-анаға мейірінді төккеніне.
Әкеден кім аялды қолда барын,
Қажылыққа Меккеге жібергенде.

Айналайын, Шаттық, Ләйла, қарақтарым,
Аттаған ақ ниетпен босағамды.
Ұл-қызбен жалғастырған өздеріңсің,
Әбукожа Жанкелді ұрпақтарын.

Қанаттанып ұштың сен қос балапан,
Тіл-көзден сақтағайсың хак тағалам.
Тумай тұрып аттарыңды аян еткен,
Қолдасын өздеріңді Қыдыр бабам.

**Әкелерің Советпен бірге туған
жалғыз апаларың Дәметай
2002 жыл 21 маусым**

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Екібастұз қаласының тұрғыны Әбуқожа Гүлжиян қажы Ханафияқызы Жанкелді келінін 25 ақпандағы туған күнімен-61 мүшел жасымен шын жүректен құттықтаймыз!

Жастайынан өте зерек, өте ұқыпты Гүлжиянымыз - аттаған босағасында ата-енесінен ақ бата алған келін.

«Алланың сөзі де рас, өзі де рас» деп Абай ата айтқандай. Алланың ақ жолында араб графикасын толық меңгерген. Құранды мүдіртпей оқитын Гүлжиян қажы келініме бақыт тілейміз.

Екібастұз қаласының мұсылман әйелдер лигасындағы еңбегі жемісті болсын деп тілейміз. Той иесіне арнау жырдан үзінді:

Сыйынып мен сөйлеймін құдіретке,
Арнадым осы өлеңді өзімізге.
Советім, айналайын, жалғыз бауырым,
Жолдасың міне толды 61-ге.

Қайырлы, құтты болсын деп айтамын,
Мықты болсын денсаулық және айтамын.
43 жыл шанырағыма тұтқа болған,
Гүлжиян, саған айтпай, кімге айтамын.

Ата-анам әлпештеген жалғыз келін,
Бүгінде ене болған кәрі келін.
Ардақтап мен атыңды әнге қостым,
Жырым да, шашуым да - осы өленім.

Келін боп түсіп едің күні кеше,
Бүгінде толдың міне, бес мүшелге.
Бай-қуат бәрі-бәрі денсаулықта,
Тағы да толшы бауырым үш мүшелге.

Ізгі тілекпен: қайынапан Дәметай

**Жиырма жылдан аса Екібастұз ауданында қызмет
істеген Совет қажы 63 жасқа, Гүлжиян қажы
61 жасқа толып отыр.**

Айтатын тілегім бар осы танда,
Тәңірдің берері бар құлдарына.
Қасиетті Меккеде зиярат қылып,
Қос қажы атандыңдар Алла алдында.

Басшылық атқардыңыз жұмыстарын,
Еселеп өсірдіңіз ел табысын.
Адал еңбек әрқашан зая кетпес,
Бүгінде беріп тұр ғой жемістерін.

Алланың сізге берген ұрпақтары,
Өтеп жүр әке алдында парыздарын.
Білінбей жылдар жылжып өтіп жатыр.
Алпыс үш жас аттады босағаны.

Гүлжиян алпыс бірге қадам бастың.
Келін боп үлкен үйдің шамын жақтың.
Бұл күнде өсіп-өнген елге айналған,
Қызықта жақсылығын ұрпақтардың.

Бөленіп шаттығына балалардың,
Қуанышын бөлісіп ақжаулықтың.
Жүрініз жер бетінде нық кадаммен,
Иманжүзді, ақжарқын, Совет қажы!

Игі тілекпен: Сайлау қажы

2003 жыл

Маратқа арнадым


Бисмиллә деп бастадым,
Толғанып осы толғауды.
Марат, жаным бауырым,
Арнадым саған жырымды.
Бауыр еті баласы,
Перзенті едің ағамның.
Ержеттін-ау ержеттін,
Панасында Алланның.
Бұл дүниеден хабарсыз,
Жөргектегі нәресте,
Айырылып ата-ананнан,
Қалдың-ау, бауырым, керейде.
Әкесі бар баланы,
Әкеден тартып алыпты.
Ұзатып басқаға анасын,
Баласын бауырына салыпты.
Ұзатып басқаға Қайрды,
Баласын бауырына салыпты.
Сәби өсіп ержетіп,
Кәмелетке келгенде,
Мені туған анаммен,
Әкем қайда дегенде,
Не дейді, керей не дейді,
Әкем қайда дегенде?
Түсіріп тағдыр торына,

Баланы күтіп бағыпты.
Бершегінен Алланың,
Комаркеннен алыпты.
Бала түгіл өзінді,
Іздеп алар туысын жоқ.
Жолама маңға, әрмән деп,
Комаркенді қуыпты.
Жолама маңға, әрмән деп,
Қызылтудан қуыпты.
Өзімнен туған бала деп,
Балаға құжат алыпты.
Сайлыбаев Марат деп,
Құжатқа жаздыра салыпты.
Баланы әжеден айырып,
Жетім еткен Нурен.
Әкені баладан айырып,
Зарлатып қойған Нұреке,
Не мақсатқа жетті екен,
Қалима мен Нұреке?!
Сәби, Марат, жаным-ай,
Періште едің періште.
18 мың ғаламның
Иесі Алла емес пе?
Бір Алланың алдында,
Не дейді екен Нуреке.
Ал Маратжан, бауырым,
Сөзден маржан терейін.
Бүрмелемей керейді,
Анығына көшейін.
Керей түгіл қазаққа,
Косылмайды затымыз.
Дін Исламды таратқан,
Арабтан шыққан Қожамыз.
Бұлтқа мінген әулие,

Нәсілі таза қожамыз.
Мырзагелді, Жангелді,
Аманбай хазірет бабамыз.
Тәңірім Алла сақта деп,
Маратжаным Мұқыштың,
Бес уақыт намаз үстінде,
Алладан пәрмен сұраған,
30 жыл бұрын осыдан.
Бабаларды көрдің сен.
Үшінші баба Мұқыш кой,
Ұрпағы баба өзіңсің.
Құдай баска салғаң соң,
Қомаркен әкең төзді ғой.
40 жыл зарлап Марат деп,
Қайғыдан әкең өлді ғой.

**Мәрияштың тәтесі
Сейітбайға арнаған өлеңі**

Жалғанның жарығына көзім салдым,
Қолыма мен бір ғаріп қағаз алдым.
Әкеден жастай қалған екі бала,
Қамығып іштің сырын хатқа салдым.
Бұл сөзім өлең емес іштегі наз,
Ерігіп өлең жазып болмаймын мәз.
Наз қылып сөз жазушы мен Марияш,
Ақ қағаз қолыма алдым, көк қарындаш.
Жазбаймын қуанғаннан бұл сөзімді,
Арасында домалайды көзімнен жас.
Міне өзім 14 жасқа келгенім жоқ,
Қызығын бұл дүниенің көргенім жоқ,
Бірақ та менің өмірім әлі алдымда,
Дүние шолақ екен баяны жоқ.
Шолағын міне білдім бұл дүниенің,



Біреу айтса нанбас едім көзбен көрдік.
Болмады ә дегенше қаратпады,
Тәтежан демін бітіп жүре бердің.
Жан тәтем қапыда өтті дүниеден,
Көп еді көрмегені көргенінен.
Өлшеулі өмір дәмі таусылған соң,
Бейнетпен қалды артында жиған-терген.
Жасаған, айналайын әмірің күшті,
Өзәлдә кім құтылар жазған істен.
Қалған жоқ жұрағатсыз әлі де болса,
Бірақ та ағаш, ағаш ағы басқа.
Тірегім асқар тауым ағатайым,
Қайықпен суда жүзген жағажайға.
Елжіреп жас жүрегім тілек тілеп,
Жалғыздан тірлігіңді мен сұраймын.
Ден сау боп ағатайым тірі жүрсе,
Туысымнан қалған туыс деп көзіне ілсе,
Қарағым, Марияш, Мұқтар қал қалай деп,
Жадап-жүдеп отырсақ қалды білсе.
Бауырым Мұқтаржаным 5-тен асты,
Алтыға алқындырып аяқ басты.
Тірі жүрсе шаңырақтың иесі ғой,
Ей Алла, өзін ие гөр көздің жасын.
Сонымен 1 жыл өтер, 5 жыл өтер,
Сөйте-сөйте Мұқтар бауырым ол да ер жетер.
Қояйын дақ салмайын жүрегіме,
Кімді тәңірім жеткізген тілегіме.

Күлшәйрә Орынбайқызы, Әйтiмбет келiнi

Абдулмұраттың сүндет тойына

Абдулмұрат бауырым,
Мұсылман болдың сен бүгін.
Тойлауға сүндет тойыңды,
Жиылды міне көп қауым.
Алпыстан әрі асқанда,
Қолыма алып ине жіп,
Тойыңа арнап тіктім мен,
Сүндет қоржын өрнектеп.
Бақытты болшы балапан,
Қуантып ата-ананды.
Жарқын болып болашақ,
Ата салты ғажап қой,
Берейін саған батамды.
Тезірек өсіп ер жетіп,
Болшы үлкен азамат!

Қарт апан Дәметай

**Екібастұз қаласының тұрғыны Совет қажы
Әбуқожа тегі Жанкелдіұлы міне биыл 61 мүшел
жасқа толып отыр. Мүшел жасыңмен шын жүректен
құттықтаймыз!**

Байсалды да салмақты, карағым,
Бір өзінді асқар тауға баладым.
Бұлтқа мінген жожа ата аруағы,
Жебей жүр деп бір Алладан сұрадым.
Бірге туған жалғыз бауырым, Совкенім,
Сені ойласам елжірейді жүрегім.
«Момыным» деп еркелетіп өсірген,
Берсін Алла тоқсан жасын әкеңнің.
Ұл өсіріп, қыз өсіріп,
Қызмет жасап халқыңа.

Аға атандың, қарағым,
Аясында ұл-қызынның,
Қажы атандың, қарағым.
Өмір жасың, денсаулығың мықты боп,
Қосағыңмен қоса жаса, жан бауырым!

**Құттықтаушылар: әпкесі Дәметай, жезден
Жылкыбай, жиендерің - Ләззат, Ерболат, Қайрат,
Гүлшат, Ризат Бейсембаевтар әулеті**

*«Өмір деген ағын су зымыраған,
Сол ағыннан өтті зой талай адам.
Қайта оралмас өмірдің қасиетін,
Жастық шақта бар ма екен бағалаған», демекші
Өмір деген бақытың таба алсаң,
Өмір деген шаттығың бағаласаң.
Өмір деген асқар тау көкке өрлеген,*

Жолын тауып шыңына шыға білсең, - дегендей, мен бақытымды таптым. Ол менің сүйген жарым, тіккен отауым, көтерген шаңырағым - тұрағым, ілгері басқан балаларым - жалындаған шырағым, сүйікті ісім еңбегім - қайнар көзім, Отан үшін лүпіл қаққан жүрегім - халқым деп айтқан тілегім, елім деп еңбек еткен күндерім.

Адам баласы өмірде қанша жасағандығымен емес, тағдыр белестерінде, өмір өткелдерінде қаншалықты жарқын із, замандастары мен кейінгі ұрпақтың кәдесіне жарар қанша мұра қалдырғаны, қоғамға жасаған игі істері, адамгершілігі мен ізгілігі, қамқорлығы мен біліктілігі арқылы бағаланса керек.

Мен 1960 жылы 1 қаңтарда Совет Жанкелдіұлына тұрмысқа шықтым.

Менің өмірлік жарым, арқа сүйер тірегім Совет Жанкелдіұлы 1940 жылы 9 ақпанда Ертісте туған. 1957 жылы 7-класты бітірген соң, кәсіптік мектепті механизация саласы бойынша тәмамдаған. Көп салалы комбайншы.

тракторшы мамандығын алып, 1958 жылы Северный совхозына егін салуға барады. Туғаннан бері ұлдарын алысқа жіберіп көрмеген әке-шешесі «Ұлымыз совхозда жұмыс істеп жатыр. Қарны ашып қалады-ау» деп уайымдап, үйіндегі бар тамақты салып, артынан барса керек. Советтің нағашылары сол совхозда бас бухгалтер, екіншісі бөлімшеде жәй бухгалтер екен. Өзі үйінде тұрып жатқан тағы бір нағашысы Төлеубайдың он баласы бар. Ол кезде ауылға Ильич шамы жетпеген. Нағашы жеңгеміз Айша шәйді самауырға ағаш салып қайнатады екен. Ата-енем барған кезде ағаш дымқыл тартып тұрды ма, болмаса басқа себебі бар ма, көпке дейін қайнамай қойыпты. Егістік басынан шаршап келген Совет самауырдың қайнағанын күтпестен, ұйықтап қалыпты. Осы көріністің үстінен түскен ата-енем астық науқаны аяқталған соң, балаларын үйлеріне алып қайтыпты.

Совет 1959 жылы Ертістегі №16 автобазада оқып, жүргізуші мамандығын алады. Мен келін болып түскенде Совет сол базада еңбек етуші еді. Күзгі астық жинау науқанында Суворов, Пушкин, Киров совхоздарынан бидайды тасып, Ертістің элеваторына тасымалдайды екен. Баласынан көз жазуды қаламаған әкесі «Мен қасыңда болайын» деп кабинадан түспей бірге жүреді екен. Бірде түннің ортасында келе жатқанда, машина аударылыпты, осы оқиғадан кейін әке-шешесі Советті ол жұмыстан шығарып алады.

1960 жылы ақпан айында «Қазауылшаруашылығы техникасында» әуелі жүкші, кейін койма меңгерушісі болып жұмыс істейді.

1963 жылы Ертіс аудандық мемлекеттік сақтандыру басқармасына мемлекеттік инспектор болып орналасады. Кейін аға инспектор дәрежесіне дейін өседі.

1972 жылы Целиноград қаржы-несие техникумына түседі. 1972 жылы сәуір айында Екібастұз ауданы ашылып,

Ертістегі қызметінен Екібастұз аудандық мемлекеттік сақтандыру инспекциясының бастығы болып бекітіледі.

1970 жылы «Лениннің 100 жылдығы», «Мемлекеттік сақтандырудың» 50, 60, 70-жылдығы, «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталды. Бірнеше рет ауданның, облыстың, республиканың Құрмет грамоталарымен марапатталды.

1994 жылы Кеңес өкіметі ыдырағаннан кейін аудандық мемлекеттік сақтандыру инспекциясы жабылады. Кейінірек қалалық инспекцияда жетекші маман қызметін атқарады.

1996 жылы зейнеткерлікке шығуына үш жыл қалғанда, 57 жаста қысқартуға ілігіп, жұмыстан босатылды. Дәл осы уақытта Үкіметтің «Ерлер зейнеткерлікке алпыс үш жасында шығады» деген қаулысы шықты. Қас кылғандай зейнеткер жасындағы адамға ешбір мекеме қызмет бермеді. Осындай әділетсіздікпен бетпе-бет келген отағасы 2003 жылы зарықтырып жеткізген зейнеткерлігіне шықты.

1993 жылдан бері қызмет істеп жүрсе де, ораза ұстап жүретін.

1999 жылы намазға жығылды. Сол жылы 17 наурыз бен 4 сәуір аралығында Сауд Арабиясына барып, қажылық сапарын өтеп келді.

2000 жылдан бастап қалалық мұсылмандар мешітіндегі ақсақалдар алқасының тексеру комиссиясына төрағалық етеді.

2000-2004 жылдары Түркия елінен келген Нұх ұстаздан араб әліпбиін меңгерді. Дәріс алғандығы туралы куәлік берілді. Әліпбиді тәмамдағаннан кейін Құран аудары бастады.

2003 жылдан қалалық ардагерлер Кеңесі Президиумының мүшесі.

2003 жылы Екібастұзда ақсақалдар қазылар алқасының мүшесі.

2006 жылы Совет ардагерлер алқасынан Астанаға

скі күндік сапармен барды. Осы сапарында Бәйтеректе, Ақордада болып, Кенесары ханның ескерткішіне тәу етті.

2007 жылы желтоқсан айында Сауд Арабиясына екінші рет қажылыққа барып келді. 11 қазанда Екібастұз мешітінің 10 жылдығында Діни басқарманың мүфтиі шейх Әбсаттар Дербісәлі балаларының мешітті жөндеуде көрсеткен көмегі үшін Совет Жанкелдіұлына өз қолымен алғыс хат тапсырды.

Ата сөзі

Айналайын, Аланым, бауыр етім,
Бақытты болуыңды мен тіледім.
Ұлы атаң сен туғанда алдына алып,
Қуанғаннан алып еді көзге жасын.

Аланым, сүйінішім, қуанышым,
Алла берген сен де бір алданышым.
Қорқыттын сол жылдары ауырғанда,
Қалды ғой шығар-шықпас менің жаным.

Қуанып мен қараймын келбетіңе,
Азамат кәмелетке келгеніңе.
Жүре ғой айналайын, алшан басып,
Қуантып ата-әжеңді келешекте.

Ата-бабаң қасиетті Қожа елі,
Алла сөзін халыққа ала келді.
Тілектерін бабаңның қабыл қылып,
Бақ-дәулет, салтанатты өмір берді.

Ғылым іздеп жат елге сен барасың,
Ақ жол бер деп Аллаға тапсырамын.
Қайта айналып көргенше сағынамын,
Аман бол, қайда жүрсен құлыншағым.

Атаң мен әжең



ШЫН ЖҮРЕКТЕН!

Совет қажы-60 жаста

Айтатын тілегім бар осы тойда,
Алланың берері бар құлдарына.
Қасиетті Меккеге сапар шегіп,
Қос қажы атандыңыз ел алдында.
Басшылық атқардыңыз жұмыстарын,
Еселеп өсірдіңіз ел табысын.
Жақсылық әрқашанда шығар алдан,
Алдыңыз халқыңыздың ақ батасын.
Құдайдың Сізге берген ұрпақтары.
Өтеп жүр ел алдында парыздарын.
Білінбей жылдар жылжып өтіп жатыр,
Босағаны аттады жаңа ғасыр.
Бөленіп қызығына ұрпақтардың,
Той болсын төріңізде ұлан-асыр.
Жарасқан қазағымның салт-дәстүрі,
Қадірлі осы тойдың біз қонағы.
Не жетсін ақ жаулыққа бірге жүрген,
Жасаңыз Гүлжиян мен Совет қажы!

Ізгі тілекпен: Сайлау Ғибатұлы

2000 жыл 8 ақпан

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Екібастұз қаласында тұратын жездеміз Совет әқбар қажы Жанкелдіұлы мен Гүлжиян әқбар қажы Ханафияқызы апамызды 40 жыл бірге өмір сүрген отбасы тойымен құттықтап, өмір қайығымен тағы 40 жыл бірге жүзіңіздер дей отыра, жездеміз Совет әқбар қажының 60 жасқа толған туған күнімен құттықтап, мол бақыт, отбасына амандық, дендеріне саулық тілей отырып, осы өлең жолдарын арнаймыз:

Кұтты болсын 60 деген жасыңыз,
Аман болсын Көкем менен мал басыңыз.
Туыстармен, балалармен бір жасап,
Аман-есен 100-ге келсін жасыңыз.
Имандылық жолындағы ниетіңіз қабыл болсын.
Шаттанып нұр жайнасын көңіліңіз.
Бақытты, ұзақ болсын өміріңіз.
Туыстар мен балалар арасында,
Әрқашанда биіктерден көрініңіз.
Өмірде жақсылық бола берсін,
Шаңырағыңыз шаттыққа тола берсін.
Әрдайым тілегіңіз қабыл болып,
Басыңызға бақ пен дәулет қона берсін.
Табылдың киналғанда қасымыздан,
Сипадың мейірленіп басымыздан.
Әкеміздей болдыңыз ғой, жездешім,
Ыстық көріп басқан әрбір ізінді.
Ардақтаймыз қамқор болған ісінді,
Алдымызда аман-есен жүріңіз,
Көрейік біз сексен-тоқсан, жүзінді.

**Құттықтаушылар: Балдыздарыңыз: Исатай - Айгүл,
Гүлнәр - Әулихан, Ернар, Гүлмайдан - Бектас,
Қайрош - Шәмшия, Дулат - Алтын.**

Шымкент қаласында тұратын жиенім Айгүл мен күйеу бала Бақытжанды туған күндерімен құттықтаймыз. Алдағы уақытта денсаулықтары мықты болып, ешқандай мұқтажсыз өмір сүріп, жүректерін қуаныш пен нұрға толсын. Балаларын Нұрислам, Нұргүл, Накия аман болып, шаңырақтарына бақыт құсы қонсын!

**Шын жүректен тілек білдіруші: нағашы апан
Гүлмайдан, жезден Бектас
2000 жыл 9 ақпан**



Совет - Гүлжиян!


Үй болсаң армандайсың бәрінде,
«Балаларым ер жетсін» деп ойладың.
Олардың да қызығына жеткізді,
Босағана келін түсті тойладың.

Адамның ойлай берсең арманы көп,
Бір Алла сол ойына жеткізсін тек.
Немеренді өсіріп, тәрбиелеп,
Үйлендірдің олар да өміріміздің
Жалғасы болса екен деп.

Қуаныш ортақ болдық тойыңызға,
Адал тілек білдірдік тойыңызда.
Енді міне тағы да кеп отырмыз,
Немереден шөбере көрген тойыңызға.

Сәке, Гүлжиян тойларыңыз құтты болсын,
Қуаныш әрқашанда өмір болсын,
«Аталап» сонына ерер өздеріңмен,
Немере, шөберелер бірге болсын.
Қайролла мен Күлбарамның тілегі сол!
Қуаныш, ниетіміз өздеріңмен бірге болсын!

Қайролла Қостанбеков
17. 08. 2008 жыл Екібастұз қаласы



Шөберем Иасинге

Қуанышка бөлеген,
Тұңғыш менің шөберем!
Иісіне тоймаймын,
Тәтті едің не деген!

Гауһар, алтын, меруерт,
Дүниенің тасы мың.
Өмірдегі ең қымбат,
Сүйсінетін асылым,
Шөберем менің Иасинім!

Немере деген қандай-ды,
Көрсө көңілің самғайды.
Шөбере деген қандайды,
Тәбетің тоймас болмайды.

Екеуі де еркелеп,
Өмір көшін жалғайды.
Ата-әжесі әрқашан,
Аймалаудан талмайды.

Шөберем келді бір жасқа,
Айтайын сырды құрдасқа.
Жақсылық болсын бәрінде,
Көп болсын қазақ марқасқа!

Атасы - Совет қажы, әжесі - Гүлжиян қажы

ИМАНДЫ ҚАРТ

Осы бір иманжүзді азаматпен Екібастұз ауданында жиырма жылдан астам бірге қызмет істедік. Қызмет бабымен жиі араласып тұрдық.


Совет Жанкелдіұлы 1972 жылы Екібастұз ауданы

кұрылғаннан бастап. Кеңес өкіметі ыдырағанша мемлекеттік сактандыру мекемесін басқарды. Ол іскерлік танытып, жұмысқа кабілетті мамандарды топтастыра білді. Қысы-жазы елді мекендерді аралап, шығын болған мал басына, қуаңшылықта шықпай қалған егінге мемлекеттік қаржының босатылуын қадағалап, уақытында көмек көрсетіп отырды. Өз ісіне деген тыңғылықтығымен ел алдында, сол кездегі малшылар алдында беделге ие болды. Уақыттың жыл-жығаны білінген бе? Кеше ғана ат үстінде жүрген азаматымыз уақыт-төрешінің құзырынан аса алмай, пайғамбар жасы 63-ке толды.

Совет қажы Жанкелдіұлы 1940 жылы 9 қаңтарда Ертіс ауданында дүниеге келді. Қожа тұқымына жататын оның ата-бабалары осы өңірде ертеден қоныстанған екен. Кеңес өкіметі тұсында шолақ белсенділер ислам дініне берік қожа тұқымдарына қарсы жұмыс жүргізгенде, қожалар сол мекендеген жерлерінде қай ру көбірек қоныстанса, сол рудың атын алуға мәжбүр болған. Мысалы, Ертістегі қожалар өздерін Жолаба қыпшақ, Ақкөл-Жайылмада тұратындар өздерін қанжығалымыз деп атап келді. Тек Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ғана қожалар тарихи атауларын қайтарып алды. Совет қажының атасы Әбуқожа үлкен молда болыпты. керісінше әкесі Жанкелді ата-анасынан ерте айырылып, оқу оқи алмай, жәй жұмыс істеген. Алла берген қуаттың арқасында Жанкелді ата немере-шөбере көріп, 90 жастан асканда осы қалада қайтыс болды.

Совет кешкі орта мектепті бітірген соң, тракторшы мамандығын алып, еңбек жолын «Северный» кеңшарында бастайды. Кейін Ақмоладағы қаржы-несие техникумын аяқтаған соң, Екібастұз ауданына қызметке жіберіледі. 1960 жылы өзімен көршілес тұратын Гүлжиян Ханафияқызына үйленеді. Жұбайы екеуі төрт бала тәрбиелеп, өсірді. Балаларының барлығы жоғары білім алған.

1980 жылы қызмет кабинетіме Совет келді. Жүзі



жабыркау.

- Сәке, неге реніштісіз?- дедім.

- Тұңғыш немерем Алан қатты наукастанып қалды. Дәрігерлер «Бұл ауруды Венгрияда ғана емдейді» дейді. Соған қажетті қаражатты іздеп, әр мекеменің есігін қағып жүрмін,- деп көзіне жас алды.

Сол немересі бүгінде 17-ге толыпты. Он үш жыл бойы Венгрияда емделіп, сонда оқу оқып, ағылшын тілін меңгерген. Осы жылдардың ішінде баласының қасында болып, барлық ауыртпалықты бірге көтерген Советтің келіні Шаттық қазір қаламызда осындай дертке шалдыққан балаларға арналған бейімделу орталығын ашты. Бұл орталықта науқас он тоғыз бала венгер дәрігерлерінің әдісімен ем қабылдайды.

Балалардың емделуіне, жатын орнына, тамактануына кететін шығынды Шаттық Ешмұратқызы өз мойнына алған. Жуырда осы орталықта ҚР-сы, Денсаулық сақтау министрі Ж.Досқалиев болып, атқарылып жатқан игі істерге ризашылығын білдіріп, орталыққа мемлекет тарапынан көмек көрсетуге уәде берді. Жалпы, Совет ақсақалдың балалары біздің қаламызда осындай қайырымдылық істерімен танымал. Мәселен, олар қаладағы мұсылман мешітін салуға, Ақкөл ауылындағы Исабек ишан атындағы мешіттің құрылысына қаржыдай қомақты үлестерін қосты. Балаларының еңбексүйгіш әрі мейірімді болып өсуіне аналары Гүлжиян Ханафияқызының сіңірген еңбегі зор. Ұзақ жылдар медицина саласында еңбек еткен Гүлжиян Ханафияқызы қазір де қоғамдық істерден шет қалмай келеді. Ол қаламызда құрылған мұсылман әйелдері лигасының мүшесі.

Совет пен Гүлжиян 1999 жылы мұсылмандық парыздарын өтеп, Меккеге барып, әкбар қажы атанды. Бүгінде Совет қажы мұсылмандарға имандылықты уағыздап жүр. Ол қалалық мешіттің алқа мүшесі, тексеру комиссиясының



төрағасы.

- Қырық жылға жуық қызмет істедім. Соның 23 жылын

Екібастұз ауданына арнаппын. Өкінішке қарай, Екібастұз ауданы жабылғалы Екібастұз ауданының зейнеткерлері ескерусіз қалып келеді. Біз басшылардан сый-сияпат дәмеспейміз. Әйтсе де мейрамдарда бір ауыз жылы сөздерін қиса, кәнеки,- деп көңіліндегі кірбінді жеткізді Совет қажы.

Сөз соңында пайғамбар жасына толып отырған, имандылық істерімен көпшілікке мәлім Совет қажыға ұзақ ғұмыр тілеп, жақсы істеріңізді үрім-бұтақтарыңыз жалғастыра берсін демекпіз.

С. Біләлтегі



Қос қажыға арнау

Қос қажы, оң болсын сапарларын,
Бұйырсын шапағаты пайғамбардың.
Қасиетті Мекке мен Мәдинада,
Сауаптан болсын басқан әрбір қадамдарын.

Атақты аталарың Исабек,
Жандарбек пен Әбукожа,
Таратқан жақсылықты шартарапқа.
Талай жан барушы еді шипа іздеп,
Қасиетті Жандарбек қожа алдына.

Қожалар Расулымның елшілері,
Қазаққа Хақтың дінін ала келді.
О, Совет, солардың бір тұяғысың,
Сөз айтқан ел алдында өнегелі.

Қожалар аңызы ел аузында,
Жақсылық ұмытымас ел жадында.
Сенің де мінезің бар соларға ұқсас,
Аз сөйлеп, көп тыңдайсың бас қосқанда.

Сөйлейсін әр уақытта сабыр сақтап,
Айтасың әңгімені ой салмақтап.
Кезің жоқ жалған айтып, сөзге ерген,
Сондықтан да халқын жүр сені ардақтап.

Бұл жалған тұра бермес бір қалыпта,
Мықты болсын денсаулық әруақытта.
Жүріңдер Гүлжиянмен қол ұстасып,
Осы бақыт тұра берсін үлгі боп,
Ақылшы боп ұрпақтарға.

Сайлау қажы Гибатұлы

«Хаж және
умраны Алла үшін
толық
орындаңдар»

(Бақара 2: 196)



Жыл сайын қажылық
парызын өтеу үшін
шамамен 3,5 млн.
мұсылман Меккеге
барады. Солардың
қатарында қазақстандықтар
да бар. Биыл 400-дей адам
қажылық парызын өтеп
қайтты. Біз Алладан осынау
ұлы сапардың жалғаса
беруін тілейміз.



Еліміз Б.Әміреев қажылар мен бірге. Мекке



*Мәдинадағы король Фаһддың Құран
баспаханасы алдында*



*Қажылар Мәдинада Советқажы интервью
беріп тұр "Ақшам! телеарнасынан журналистіне*

Совет,
Гүлжиян



Айгүл, Гүлжиян,
Бибігүл, Тасболат,
Совет, Бекболат



Совет пен Гүлжиян немерелері Нүрислам, Жәмила, Әлия,
Әбукожа, Алмаз, Сәния, Нұргүл,
Абдулмұрат, Накиямен бірге



Совет пен Гүлжиян тұңғыш немересі Аланмен



Оңнан солға қарай: I қатар Рақыш, Советтің алдында
Темірлан, Қапардың алдында Бауыржан, Құлғайша,
Меруерт, Үміт жеңгей, Айгүл, Айнагүл
II қатар Марат, Ринат, Исатай, Гүлжиян, Күлзира,
Гүлмайдан, Тілектес (Тома)



Тұңғыш шөбереміз Иасин мен Шаттық. Иасин әжесі
Гүлжиянның алдында. Совет, Сәуле, Мақпал,
Әлияның қолында Әбдулмансур, Ғалығайдар



Совет, әріптестері Қадиша, Сапия, Люба



Оңнан солға қарай: I қатар Сапия, Гүлжиян, Алма,
Дәметай, Нағима
II қатар Марияш, Совет, Қазкен, Фарида



I қатарда Рақыш, Қапар, Совет, Мұхтар, Марат
II қатарда Балқаш, Тілектес, Гүлжиян, Күлзира



Екібастұз қалалық мешітіне 10 жыл толуына байланысты
Қазақстан Діни басқармасының бас муфтіі шейх Әбсаттар
қажы Дербісәлі Совет қажыға Құрмет грамотасын
тапсырды



Нұрлан Абзалұлы,
Нұрлан Евфратұлы,
Қайролла қажы,
Шейх Абсаттар қажы,
Жұмабай қажы,
Құлмағамбет қажы,
Балтабай қажы, Елтай
Нурсипат қажы,
Женіс қажы, Совет
қажы, Құрбан қажы.
2008 жылы Екібастұз
мешітіне 10 жыл
толғанда



Совет кажы,
 Қожанов Оралбек,
 Әбсаттар кажы
 Дербісәлі,
 Қожанов Бекболат,
 Қасым кажы,
 Жәкәу ақсақал,
 Құдайберген кажы
 2001 жылы



Искак кажы,
 Сайлау кажы,
 Марат Жыланбаев,
 Совет кажы,
 Құсайын ақсақал

Балаларым – қуанышым, бақытым

Тасболат ұлым 1962 жылы 21 маусымда Ертісте туды деп жоғарыда жаздым. 4-кластан 10-класқа дейін №4 мектепте оқып, 1979 жылы Павлодар педагогикалық институтының спорт факультетін бітірді. 1983 жылы дипломымен бірге сол институттың бірінші курс студенті Шаттық атты қызды алып келді. Босағамызды аттаған Шаттық келін: «Атырауға барып, құда түсініздер» деп, демалысқа үйіне кетті.

Атырау алыс жер. Сексен бестегі атам өнер шығарып: «Құда түсуге өзім барамын, бала сендердікі емес, менікі» деп, белсенділік танытып, менің Дулат бауырымды ертіп, Атырауға аттанды. Ол жақтағылар тоқсанға таяған қарияны көріп, таңғалғандарын жасыра алмай: «Балаң мен келінің бар ма? Неге сені жіберген?» деп сұрапты. Сөйтсе атам: «Олар неге келу керек? Бала менікі. Мен келдім. Ұлым мен келінімді кейін көре жатарсыңдар», - деп жауап беріпті.

Атам құда түсуге кеткенде, мен өзімді қоярға жер таппадым. «Апыр-ай, атам жолды көтере алмай, ауырлап қалса қайтемін?» деп ойлағанда, түн ортасында ұйқым шайдай ашылушы еді.

Сонымен бірге баламды да уайым қылдым. «Жайықтан Қыз Жібекке барған Төлеген сияқты бір Бекежан шығып, балама қастандық жасай ма?» - деп ойлағанда, түн ұйқым бұзылатын. Оның үстіне баламның қайын жұртын көрмеген соң, «Қалай қарсы алар екен?», «Адам - сөйлескенше, жылқы - кісінескенше», «Ел елдің заңы басқа, иттері қара қасқа» демекші, беріп жібергендерімді туыстар ұқсатып бере ала ма, ол жақ риза бола ма?» - деп ойым сан саққа бөлініп, олар келгенше, екі апта бойы ұйқы көрмедім.

Сонымен пойыздатып атам да жетті. Құда болысып, төс қағысқаннан кейін екі жақ өзара келісіп, 21 тамызда

Атырауда, 27 тамызда Екібастұзда той өткізуге шешім қабылдапты.

16 тамызда Атырауға Шаттықты әкелуге Советтің апасы Дәметей, Дәметейдің қайнысының баласы Арман, менің сінлім Гүлнәр күйеуі Қаражанмен, баласы Мұрат, (жездемнің інілері Қаражан, баласы Мұрат), Қайрат жиен бірге барды. Ешмұрат құдамызды туыстары, достары, ағайындары қас-қабағынан-ақ түсінеді екен. Ол атам Жанкелдімен онашада келісім жүргізген соң, келін алуға келгендерге оң қабақ танытып, жақсы қарсы алыпты.

Келесі жылы Совет, мен, әкем үшеуіміздің Атырауға жолымыз түсті. «Құдаң туысындай, құдағиың сырласындай болсын» дегендей, жақын туыстай болып кеттік.

Құдамыз Ешмұрат Сүйінішұлының руы - Кіші жүз. Қызыл құрт мырзадан тарайды. Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Ганюшкино ауылында тұрады екен.

Қазір құдамыз қайтыс болды. Құдағиымыз Алма ноғай-казак. Құда-құдағиымыз үш қыз, бір ұл тәрбиеледі. Қыздары Раиса, Шаттық, Айгүл. Ұлдарының есімі - Мұрат. Раиса Павлодар облысы Қашыр ауданы Песчаное ауылында Асаев Ерлан атты жігіттің шаңырағына келін болып түсті. Қазір Екібастұзда тұрады. Гүлфайрус, Ермұрат атты екі баланы тәрбиелеуде. Айгүл Едик атты жолдасымен, Айнұр, Еркебұлан, Іңкәр атты балаларымен Ганюшкинде тұратын. Қазір Екібастұзға көшіп келді.

Мұрат пен Гүлзиралар да балалары Аслан, Жансумен бірге Ганюшкинде тұратын. Қазір олар да Екібастұзға қоныс тепкен.

Тасболат 1983 жылы институты бітірген соң, №2 спорт мектебінде бокстан жаттықтырушы болып жұмыс істеді. Педагогика институтта әскери кафедра болмағандықтан, 1985 жылы қыркүйек айында әскер қатарына алып кетті. Шаттық соң жылдың 28 қарашасында толғатып, перзентхананың гинекология бөліміне түсті. Ертеңіне ертелетіп барсам,

Шаттық босаныпты. Алты жарым айлық ер баланы дүниеге әкеліпті. Содан нәрестеге әркім өзінше ат қоямын деп таласты. Ақырында, Тасболаттың әскерден жіберген хаты бойынша сәбиге «Алан» деген есімді бердік.

1985 жылы Шаттықтың аяғы ауыр кезде енем тағы түс көреді. Сол аксақал тағы да түсінде «Келінің ер бала көреді, атын Ғалы Ғайдар қой» депті. Бірінші бала жарық дүниеге шыққанда апам «менің атымды қойыңдар» дегенде, атам «Әй, өзің әулие болмай отыршы, бала алыста аландап жүр емес пе. Есімін Алан деп қоямыз» деп тоқетерін бір-ак айтты \Кейін Алан мешітке барып азан шақыртып, өзінің атын Ғалижан деп өзгертті\.

1988 жылы Шаттық тағы жүкті болғанда, енем Тасболат пен Шаттықты алдына отырғызып, сұқ саусағын безеп: «Смотри бала, бір рет жолымды бердім. Енді ер бала болса, атын Ғалы Ғайдар қойыңдар» депті. Енем сол жылы ақпанда дүниеден озды. Шаттық енем қайтқан соң, бес күннен кейін тынышталды. «Атын кім қоясыңдар?» - десе, Тасболат пен Шаттық: «Апамның атын қоямыз» деп безек-безек етеді.

Алан 1,5 жастан асканда, дәрігерлер оған «балалар сал ауыруы» деген диагноз қойды. Содан үш жасқа дейін Совет екеуіміз баланы Алтай мен Карасукқа, Меркеге дейін апарып емдеттік.

1987 жылы өткізілген марафонда бізден ширақ біреу Америкаға берілген жолдаманы алып кетті де, Аланға Пете атындағы Венгро-Мәскеу институтына жолдама берді. Қолына жолдама тиген соң, Шаттық Аланмен бірге Мәскеуге барып ем қабылдады.

1989 жылы өзім жұмыс істейтін медициналық бірлестіктен Алматыдағы «Көктем» санаторийіне жолдама алып, баланы анасы Шаттықпен бірге жібердім.

1995 жылы Алан мен Ғайдар №4 мектепке барды. 2000 жылы 6-класты Венгрияда оқыды. 10-класты Венгрияда тәмамдап, 11-класты №6 лицей мектебінде аяқтады.



Мұнда біз де қарап жатпадық. Облыстық денсаулық сақтау департаментінің бастығы Бочковскийдің қабылдауына бірнеше рет кіріп, Суворовтан Шідертіге келген Жоғарғы Кеңестің депутаты Видикерге жолықтық. Ол кезде екі ел арасындағы келісім бойынша Екібастұздан Венгрияға көмір тасымалдап, сауда жасайды. Біз барған адамдардан Венгриядағы Пете институтына жіберуге мүмкіндік бар деген жауапты естіген соң, сол кездегі қалалық партия комитетінің I хатшысы, Жоғарғы Кеңестің депутаты Третьяковтың қабылдауына кірдік. Ол біздің өтінішімізді мұқият тыңдағаннан кейін «Венгрияға көмірді сатумен айналысатын коммерциялық директор Еркен Әубәкіровпен жолығыңыздар» деп, арызымызға қол қойып берді. Ергеніне Еркен Қапасұлына келдім. Ол «Өзіңіз барасыз ба?» деп сұрағанда, мен «Жоқ, нәрестенің анасы Шаттық өзі барады» дедім. «Маған келсін. Қандай құжаттар әзірледі, қайда бару қажеттігін өзім түсіндіремін» деді. Содан Шаттықты жібердім.

Еркен Әубәкіров Шаттыққа «Жолға шығар алдында құрмалдық беріңдер» деп кеңес беріпті. Оны естіп алған Алан ем алуға барған сайын «Ата, құрмалдық бер» деп отыратын болды.

Сөйтіп Алантай 1991 жылдан 2003 жылға дейін Венгрияда үзбей емделіп, өзі аяғынан жүруге жарады. 1993-1994 жылдары емдеу акысының 50 % компания төлеп отырды. Кейін олар төлеуден бас тартқан соң, Тасболат Аланның еміне акшаны өзі төледі.

Алланың ісіне шара бар ма, Алантайдың денсаулығы итасы екеуіміздің жанымызға қатты батты. Алан үш жасына дейін біздің камкорлығымызда болды.

Алан ана сүтін емген жоқ. Біз оны балалар асханасында дийындалатын «биолакпен» асырадық. Мына оқиға әлі есімде.

Алан бес айға толғанда, Атыраудан Шаттықтың әке-



шешесі, Шаттықтың ата-әжесінің бауырында өскен әкесінің інісінің ұлы Самат қонаққа келді. Ата-әжесінің бауырында өскен бала шал-кемпір қайтыс болғаннан кейін туған әкешесіне бармай, Ешмұрат құданың қолында қалса керек. Содан бері біз де Саматты Шаттықтың туған бауыры деп танитын едік. Олар келгенде Тасболат та, Бекболат та әскерде. Бибігүл Қарағандыда мед. институтта оқиды. Айгүл 10-класты бітіріп, түлектер кешіне дайындалып жатыр еді \Көйлек тіктіріп жатқан ол киімін өлшеуге тігін цехына кеткен\.

Ата-енеміз тірі.

Сәске түс. «Сенбі күні асхана сағат 12.00-ге дейін жұмыс істейді. Ертерек барып, баланың тамағын алып келіңдер» деп, Шаттықты бауыры Саматпен бірге асханаға жібердім. Түс екіндіге ауды. Келін мен құда бала жоқ, бесінге таман екеуі келді. Биолақты алғаннан кейін екеуі дүкен аралаған, «Қазақстан» кинотеатрына кірген. Бір кезде кинода отырғанда Самат: «Шалтанбай, /Шаттықты «Шалтанбай» дейтін/. Сүтіміз іріп кетті ме? Алан жылап жатқан шығар деген соң киноны соңына дейін көрмей, үйге ертерек қайттық», - деп келіп тұр. Құдай мені небір сынақтан өткізді-ау. Тасболатқа «Пединститутта әскери кафедра жоқ. Оқуыңды бітірген соң, әскери міндетіңді өте. Асықпай үйлен. Бірақ біреудің баласын маған әкеліп тастап кетпе. Өзің жоқсың. Мен біреудің бабын таба алам ба, ертеңгі күні келіспей қалсақ, мен кінәлі болам ғой» дейтінмін. Қолында ата-енем, екі қызым, бір ұлым бар. Қайсысынан ши шығып қалар екен деп қауіптенетінмін. Сөйтіп, Тасболат әскерден аман-есен оралып, келіншегін, ұлын қолына тапсырдым.

Бүгінде Шаттық өзі де немере сүйді. «Аланды 23-24 жаста көрдің. Әлия он сегізде ғана. Жақсысын асырып, жаманын жасырып, білмегені болса кешірімді бол, қарағым» деп айтып отырамын.

Алан 2004 жылы Екібастұздағы Қазақстан-Ресей университетіне түскен, оны жауып тастаған соң,

Новосібірдегі институтты үздік бағаға бітіріп шықты.

2007 жылдын 1-10 қазан аралығында Сауд Арабиясына барып, умра қажылықты өтеп келді. Қадір түнін де сол жерде өткізді. Венгер, ағылшын, неміс, орыс, қазақ тілдерін жақсы меңгерген Алан Шаттық Венгрияға келген немістерге тілмәштык қызмет көрсетеді дейді. Түркиядан келген ұстаз Нұхтан дәріс алды. Араб графикасын оқып, әліппені бітірді әрі қарай Құранға түскен. Қазір Құраннан түсініктеме беретіндей шамаға жетті. Бес уақыт намазын қаза қылмайды. Дінге берілгендігі сонша, жұма намазынан қалып көрген емес. Қалаға келген кезде атасы екеуімізге «Дұға оқып отырындар», деп ақыл-кеңес береді.

2008 жылы біз, отағасы екеуіміз қатты сырқаттанып, Астанадағы ғылыми орталықта емделдік.

Осы орталықта бізге операция жасалынатын болды. Бірде өзінің жұмысымен Астанаға келген Аланымыз 20 мың теңгеге қой сатып алып, мешітте жүрген міскіндерге «Атам ауруханада жатыр. Жақында оған операция жасайды. Операция жасалынып, оңалғанша бір жұма бойы тілек тілеп, Алладан атама жеңілдігін сұраныздар. Мына сойған қой атамның жолына құрмалдық» деп, етті бәріне бірдей қылдай бөліп таратып беріпті.

Немереміз тілеуімізді тілеп, құрмалдық беріп жатса, бізде не арман бар. Ұрпақтарыма Алла разы болсын дейміз.

Алан туғанда атам марқұм: «Немеренің алды Тасболатты 63 жасымда көрдім. Тасболатымның мектепке барғанын, оқығанын, үйленгенін көрсем деп едім, Алла оған да жеткізді. Шапағаты мол Алла маған шөбере де сүйдірді. Тәубә! Тәубә! Енді өлмесем, тірідей апарып көміп тастасандар да ризамын», - деп отырушы еді шүкіршілік етіп. Атамның шын тілегі Алланың құлағына жетті ме, Алан бір жарым жасқа толғанда дүниеден қайтты.

Тасболаттың екінші ұлы Ғалы Ғайдар енем қайтқасын бес күннен кейін дүниеге келді.

161

Енемнің Аланға қоямын деген есімі Ғалы Ғайдарға бұйырды. Ғалы Ғайдар екі жастан асқанда Шаттық Аланды Венгрияға емдетуге әкетті.

Ғалы Ғайдарымыз күн өткен сайын тәтті қылықтарын көрсетіп, атасы екеуімізді қуанышқа бөлеп өсіп келе жатты. Немерем кішкентай болса да зерек, аңғарымпаз мінездерімен өзіне тартатын. Түнде біздің жанымызда жататын немереміз іштей анасын сағынады екен. Кейде: «Что-то мама долго не едет», - деп, Шаттықты елегізіп іздейтін.

Бірде телевизор қарап отырса аракідік «Страна Советов, Казболатов, Ғайдар» деген сөздер айтылыпты.

Маған ентелей жүгіріп келген Ғалы Ғайдар «Апа, про деда говорят, про меня говорят, про папу говорят, а про тебя не говорят» \Совет, Тасболат, Ғайдар\ демесі бар ма. Баланың сөзіне сүйсінген біз мәз-мәйрам болып күлдік. Ол да бір дәурен екен!

Алан мектепке екі жыл кеш барған соң, Тасболат бітірген №4 мектепте Ғалы Ғайдармен бірге 1-ден 5-класка дейін оқыды. 5-10 кластарды Венгрияда аяқтады. 11-сыныпты №6 лицей мектебінде тәмамдады.

Оқуды бітіргеннен кейін ол да Алан секілді Қазақстан-Ресей университетіне түскен еді, артынан оқу орны жабылған соң, Венгрияда жалғастыруға тура келді.

2007 жылы үйленді. Келіншегі Әлия да №6 лицей мектебінің түлегі. Қазір екеуі де Венгрияда оқиды.

2008 жылы 2 маусымда шөбере сүйдік. Тасболат - ата, Шаттық әже атанды. Үш ұл сүйген олар алғаш қыз немере көргенде, қуаныштарында шек болмады. Өздері нәрестелі болғандай, қызды ешкімге көрсеткілері жоқ.

Шаттық шөберемізді 21 маусымда Венгриядан өзі алып келді. Келген бетте Ысқак молданы шақыртып, баланың есімін «Иасин» деп азан шақыртып қойғыздық. Ысқак молда: «Осы жасымда «Иасин» деген атты алғаш рет естіп отырмын», - дейді балаға азан шақырып, атын қойған соң

таңғалғанын жасырмай.

Иасин шөбереміз дүниеге келгенде, біз демалыс орындарының бірінде едік. Телефон арқылы хабарды жеткізіп, сүйінші сұрағанда, қасымыздағы демалушылар да қуанышымызға ортақтасты. Қарағандылық акын, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі Қазбек Бексұлтанов ертеңінде қолымызға өлең жазылған бір парақ қағазды ұстатты. Оқысақ бесік жырының желісімен шөберемізге жазылған арнау өлең екен:


Шөбереге арнау

/Екібастұз қаласы Д. Қонаев көшесінде тұратын Совет қажы Әбуғожиновтың 69 жасында көрген шөбересіне арналған тілек/

Алдыңа алып тербеткен,
Әжең сенің айтады ән.
Тыныш жата ғой, төсекте,
Тыпырлайсың қайтадан,
Әлди, әлди, шөберем-ай.

Әлдилеймін қалқаны,
Танауының талпағы.
Әжесінің шәлдесі,
Атасының қалпағы-қалпағы,
Әлди әлди шөбере-ай.

Асыл, асыл, асыл-ай.
Көк жиегі жасыл-ай.
Жақсы болсаң шөберең,
Тыныш жатсаң осылай,
Әлди-әлди шөберем...



Әлдилеймін шөберем,
Бесігіңді тербеттік.
Еңбегімді өтерсің,
Ертең сен де ер жетіп.

Шөберем менің шөберем,
Ғасырлардан асатын.
Ұша берсең, керемет,
Айға да сен жетесің.

Әлпештеймін өзінді,
Ел қорғаны болсын деп.
Ақ жүзіннен нәр алып,
Жүрегіме толсын деп.

Жақсы болсаң шөберем,
Парызыңды өтерсің
Сый-құрметке бөленіп,
Максатыңа жетерсің.

Әлди-әлди шөберем,
Бесігіңді тербеттім.
Өзіңнен қуат нәр алып,
Көкке құлаш сермеймін,
Алтын-дана шөберем.

Аспан ашық ай жүзін.
Көк жүзіне барады.
Таң сәулесі арайлап,
Тереземнен қарады
Қуанышым шөберем.

Шөбереме айтарым,
Бойың десе, бойың болсын,
Ойың десе, ойың болсын,
Түрің десе түрің,
Болашақта өсерсің,
Алатаудың ақ шыңына жетерсің.

Тасболаттың үшінші баласы Әбукожа 1994 жылы 13 сәуірде туған. Ол 4-сыныпқа дейін сол №4 мектепте оқыды. 5-6-сыныптарды Венгрияда, 7-сыныпты қайта сол мектепте жалғастырып, биыл 8-сыныпқа көшті.

Әбукожа 2007-2008 жылдары жасөспірімдер арасындағы 54 кг-дық салмақ дәрежесінде Павлодарда, Қарағандыда, Ресейдегі спартакиадаларға қатысып, бірнеше рет жүлделі орындарды, кубоктар мен медальдарды иеленді.

Алғашқы келінім, бүгінде қызымдай болып кеткен Шаттық 1962 жылы 29 желтоқсанда Атырау облысы, Құрманғазы ауданына қарасты Ганюшкино ауылында туған. Сонда орта мектепті аяқтаған соң, 1981-1982 жылдары Павлодар педагогикалық институтына түсіп, 1983 жылы 27 тамызда біздің қасиетті шанырақтың босағасын аттады. Кейінгі жылдары оқуын күндізгі бөлімде жалғастырып, 1985 жылы сырттай бөлімге ауысты. Сол жылы №3 мектепте қазақ тілінен сабақ берді.

1985 жылы Алан, 1988 жылы Ғалы Гайдар, 1994 жылы Әбукожа атты немерелеріміз жарық дүниеге келді. Шаттық 1991 жылдан Аланмен, 1995 жылдан Гайдарды. Әбукожаны алып, Венгриямен екі ортаға жол салды. Бір барған сапарында екі-үш ай, кемінде бес-алты айға дейін сонда тұрақтап қалатын. Гайдар оқу жасына іліккенде, оны еріксіз біздің қасымызда қалдырады да, өзімен бірге Әбукожаны алып кететін.

2006 жылы Алан орта мектепті №6 лицей мектебінде тәмамдады. Алан қайда болса, Шаттық та сол жерден

табылатын.

2001 жылдан Венгриядағы Пете институтында Аланмен бірге 14 жылды өткізген Шаттық пен Тасболат елге оралған соң Әбуғожиновтар әулеті атынан «Әлем» балалар реабилитациялық орталығын ашты. Халық игілігі үшін жасалған тың бастаманы сол кездегі ҚР-ның Премьер-Министрі Д.К.Ахметов, министр Айткүл Самақова қолдап, салтанатты ашылуына қатысты. Алматы, Павлодар, Астана қалаларынан келген комиссиялар да игілікті іске ұйытқы болған Тасболат пен Шаттыққа шын көңілдерінен алғыстарын жаудырды.

Бұл орталықта жылына 20-25 бала емделеді.

Балалардың осы еңбегі ескерусіз қалмай, Шаттық келінім «Қазақстан Республикасының 10 жылдығы» медалімен, бірнеше рет Құрмет грамоталармен марапатталды.

Тоқырау жылдарында кәсіпкерлікке бет бұрған Тасболат «Заманбанк» ЖАҚ іргетасын қалады. Қазір осы банктің президенті.

2000 жылы Екібастұз ауданы Ақкөл совхозында өз қаражатына Исабек Ишанның мешітін салдырды.

Сондай-ақ, ұлдарым Тасболат пен Бекболаттың түрлі жағдайларға тап болған адамдарға емделуге, жоғары оқу орнында оқуға, қайырымдылық концерттеріне, спортшыларға демеуші болып жүргендерін мерзімді баспасөздерден оқып отырамын.

Ақкөл совхозында сегіз үй өртке оранғанда, ұлдарым 100 мың тенгеден 800 мың теңге ақша. әр шаңыраққа телевизор, тоңазытқыш, шаңсорғыш, DVD сатып әперді.

Сонымен бірге Әлкей Марғұланның, Жандарбек қожаның, Олжас Сүлейменовтің мерейтойларын өткізуге қаражат бөлді.

Әйтсе де көңілге түйткіл салатын жай – қалаға әртістер келсе, «Пәлен билеттің ақшасын төле» деп, биліктегілер балаларды ығыр қылады. Оны айтпағанның өзінде бүгінде

кітап шығаруды кәсіп еткендер «Сені жаздым, әкен мен шешеннің суреттерін бердім» деп, ашықтан-ашық алақан жайып, ақша талап етеді екен. Тіпті, сен әке-шешенді қажылыққа жіберіп жатырсың, біздің де баруымызға көмектессеңші» деп, міндетсінетіндер пайда болыпты.

Тасболат өзі Бокс Федерациясының вице-президенті болған соң, Екібастұз өңірінен шыққан талантты спортшыларға үнемі қолдау көрсетіп, ақшалай көмектесіп жатады. Баласын мақтай береді демесін міне облыстық жаттықтырушының жазғаны:

«Облыстық бокс федерациясы бүгінде аймақтағы спортшылардың ел ішіндегі болсын, халықаралық турнирлерге болсын, барып қатысып қайтуларына қолдан келген көмектің барлығын жасап отыр. Федерацияның вице-президенті Тасболат Абғужинов - аса қамқор азамат. Алдағы қаңтар айында Қазақстан чемпионаты өтеді, оған облыстан ел құрамасының мүшелері 57 келі салмақта Асылбек Оспанов, 60 келіде Азамат Смағұлов және 64 келі бойынша Сергей Скакун қатысады делінуде. Оларға қоса тағы бірнеше спортшы жарыста бақ сынайды. Сәтті өнер көрсетсе».

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті жаттықтырушысы Р. Вахитов
«Сарыарқа самалы» № 142 (14480),
10 желтоқсан 2009 жыл

Азарованың чемпионаттан кейін денсаулығы төмендеп, шетелде бірнеше операция жасатып, емделуіне Тасболат көмектесті.

1996 жылы АҚШ-та бокстан өткен олимпиадаға Тасболат пен Бекболат та қатысты.

Тасболат 2000 жылы Австрияда өткен олимпиаданы сол елге барып, өз көзімен көрді.

2004 жылы Афинадағы олимпиадаға ұлы Әбукожамен




бірге барды.

Немереміз Әбуқожа да әкесінің, ағасының жолын қуып, спорт жолын қуды. Ол Павлодар, Қарағанды қалаларында, Ресейде бокстан өткен жарыстарға қатысып, жүлделі орындарды иеленді. Бірнеше рет арнайы кубоктармен, медальдармен марапатталды.

Адам құдайдан бала сұрағанда «Балама сана бер, сана бермесен, ала бер» деп тілейді ғой. Алла жар болып, біздің балаларымыз ата-анасына, халқына жанашыр, қамқор болып ержетті. Ертеректе «ауырып өле қалсам, осы жерге қоя салындар» дейтінмін ұлдарыма. Сонда Тасболат: «Гүлжиян, я тебя под стекло положу. Руками не трогать деп жазып қоямын» деп менің өтінішімді жеңіл әзілге айналдырады. Не керек, ұлымның жақсылығын көзімнің тірісінде көріп жатырмын. Бізге істегені Алладан, балаларының алдынан қайтсын!

Балаларымыз ержеткен соң, біз де мәуелі бәйтеректей жапырағымызды жайып, тамырымызды тереңге жібердік. Балаларымыз өрісін жайып, немерелеріміздің алды жеке отау тікті. Құданы құдай қосады дегендей, бұрын Болат пен Тасболат тонның ішкі бауындай достықтары жарасып, жақсы араласса, балаларының арқасында жылы қарым-қатынас орнап, құдай қосқан құда болды. Болаттың анасы Бәтиманы екі-үш рет баласының үйінде көргенім болмаса, аралас-құраласымыз жоқ еді. 2007 жылы құдандалы болған соң, Бәтима ананың салиқалы, сабырлы жан екендігіне көзім жетті. Өзі де текті жердің қызы ғой. Адам тегіне тартпай қоя ма?! Аз уақыттың ішінде туған анамдай бауыр басып кеттім. Он бала тәрбиелеп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған, барлық баласын, немере-шөберелерін өз қасына үйіріп ұстаған әзиз анадан 2008 жылы акпанда айырылып қалдық. Көпті көрген асыл ананың жолын балаларына берсін деп тілейміз.

Біз ата-енемізбен көздері тірісінде сыйласып, төрт



баламызды қатардан қалдырмай оқыттық, жеткіздік. Біреуден ілгері, біреуден кейін тұрдық. Бірде жетті, бірде жетпей жататын. Тұрмыстың тауқыметін өз көздерімен көрген балалар кейде: «Нанға май, үстіне повидло жағып, баклажанның икрасын жеп өстік қой», - деп сол бір күндерді еске алып отырады. Тасболат пен Бекболат болса: «Алла бізге несібемізді берді, біз енді халыққа қарайласамыз» деп тәуба етеді.

Үлгі болар істері Тасболаттың,
Енбегімен қорғауда ел намысын.
Жұмыссыз жүрген жастар қиын кезде,
Асырады көмегімен жанұясын.
Совет қажы бас болды бала ісіне,
Үйретті әр жұмысқа жас кезінде.
Адамға қайырымды болсаң шырағым,
Бөленесің Алланың құрметіне.
Міне бүгін Тасболат ел баласы,
Кемтарға көмек беру ол арманы.
Мол қаржыны шығарып өз жанынан,
Жөндеп берді «Нұрды», бала Ордасы.

Сағадат Әбікеев.

Сарғайған газет беттері сыр шертеді

«Әлемнің» игі істері

«Әлем» сауықтыру орталығының құрылғанына үш жылға жуық уақыт болды. Мұнда сал ауруына шалдыққан балалар емделеді. Орталықты ерлі-зайыптылар Шаттық Сүйінішева мен Тасболат Әбуғожиновтар құрып, бүгінде қалыпты қызметін қамтамасыз етуде. Әр мереке сайын «Әлемде» балаларды зор қуанышқа бөлейтін шаралар өткізу. игі дәстүрге айналған.

Қ. Қаламбаева, 08.04.2004 жыл



В боксе еще все впереди

Телевизионщикам повезло – как раз в это время Тасболату Абгужинovu позвонила сама героиня торжества. Таня, кажется, несколько растерялась от многочисленных поздравлений, но голос был жизнерадостный. Пообещала приехать на День города, если позволит график.

Есть в Экибастузе, как известно, еще один претендент на олимпийскую лицензию – боксер Дмитрий Готфрид.

Как обстоят дела у нашей боксерской надежды, «Голосу Экибастуза» рассказал Тасболат Абгужинov, основной спонсор воспитанника Юрия Шадрина и Владимира Шульги.



Тасболаттың құдасы Болат, құдағны Сәуле



Совет, Сәуле, Гүлжиян, Бәтима құдағи, Алма, Сәуле
құдағидың анасы



Тасболаттың үйлену тойы



Тасболаттың енесі Алма, Бибану, Болаттың анасы Бәтима.
Бибігүлдің енесі Тәжігүл, Бекболаттың енесі Мәрияш,
Мүслімнің енесі, Болаттың апасы Ләззат немересімен,
Бәтима апаның келіні Нәбира



Тасболат пен Шаттық немересі Иасинмен



Совет қажы мен Гүлжиян қажы, немерелері Ғалығайдар,
Әбукожа, Алан, жиені Қайрат



Құда түсу сәтінен көрініс



Екінші ұлымыз Бекболат 1964 жылы 21 тамызда Ертіс ауданында туды. 1971-1972 оқу жылдарында Ертісте 1-сыныпты бітірді. 1972-1973 оқу жылдарында 2-сыныпты Екібастұздағы №4 мектепте жалғастырды. 1982 жылы 10-сыныпты бітіріп, 1986-1987 жылдары әскери борышын өтеді. Оны Павлодардың индустриалдык институтының 3-курсында оқып жүргенде, әскер қатарына шақыртты. Бекболат жастайынан бокспен айналысты. Бокс саласында айтарлықтай жетістіктерге жетті. Ұлым білдей бір кәсіпорынның басшысы болса да, адамгершілік туын жоғары ұстап келеді. Кішіпейіл, мейірімді Бекболатым әкесін қалай тыңдаса, ағасы Тасболатты да құрметтейді, алдынан кесекөлденең өтіп көрген емес. Бекболат Тасболатсыз, Тасболат Бекболатсыз істі бастаған емес. Үнемі өзара келісіп, ақылдасып отырады. Біз Тасболатқа емделу, курорт туралы сөз қозғасақ, оны әрі қарай жүзеге асыратын - Бекболат. 1992 жылы Ләйля Қуанышбекқызына үйленді. Келініміз Шаттық Атыраудың қызы, қыздарымыз Бибігүл мен Айгүл Шымкентке тұрмысқа шыққанда Совет қынжылып: «Осы бізге жақыннан құда болуды жазбаған ба?» деген еді. Алланың құлағы шалғандай, бізге көршінің қызы бұйырды. Бекболат екеуі бір мектепте оқыған. Құдамыз Қуанышбек қанжығалы руынан тентек. Құдағиымыздың есімі - Мәрияш. Мен Мәдина, Айна, Нағима, Рәбиға құдашалармен медицина бірлестігінде бірге қызмет істеген едім. Құда бала, құдашалар бір мектепте оқыған сыныптастар. Келінім «Сарыарқа» сауда үйінің директоры. Бекболат пен Ләйляның Әлия, Сәния, Абдулмұрат, Әлислам атты ұл-қыздары бар. Балаларының бәрі де мектеп оқушылары. Бекболат «Гамма» ЖШС-нің, «Сарыкөл», «Талдыкөл», «Екібастұз» кеніштерінің президенті.



«ОЗАТТАР МАРАПАТТАЛДЫ»

Баянауыл аудандық мәдениет үйінде 2004 жылдың қорытындысы бойынша аудандық әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан озат мекемелер мен кәсіпорындарды және жеке тұлғаларды марапаттауға арналған салтанатты жиын болып өтті.

Онда «Озат мектеп», «Озат мұғалім», «Озат дәрігер», «Озат шопан», «Озат шаруа кожалығы», «Озат жылқышы» осы сияқты әр саланың озаттары аудан әкімінің алғыс хаттары және арнайы сыйлықтарымен марапатталды.

Осындай құрметке ауданның әлеуметтік-экономикалық өмірін баспасөз беттерінде кеңінен көрсеткені үшін «Сарыарқа самалы» газеті бас редакторының орынбасары Өскенбай Тастемханов та ие болды.

Салтанатқа аудан әкімі Қ.Шәкіров те қатысып, аудан жұртшылығына демеушілік көрсеткені үшін Б.С.Әбуғожиновқа /«Гамма» ЖШС-і/, Ә.Б.Жұмаеваға /Майкөбен-Вест ЖАҚ/, Б.И.Апахановқа /Құрылыс-жөндеу ЖШС-і/ алғыс хаттар табыс етіп, иықтарына шапан жапты.

Б.Мұратов, облыстық «Сарыарқа самалы» газеті

Өрге басқан өндіріс

Мереке қарсаңында аудан әкімі «Гамма» ЖШС және «Керегетас» кенішінің басшылары Әбуғожинов Бекболат Советұлын, Өтебаев Айдар Нүсіпұлын шын пейілмен құттықтап, сый-кәде тапсырды.

«Гамма» ЖШС-і туралы аудан әкімі Қорабай Шәкірұлының жылы лебізіне қанықаннан кейін, шығыс жақ іргеміздегі «Гамманың» ірі өндіріс буынының бірі - «Сарыкөл» көмір кенішіне іс сапармен арнайы бардым. Директор Қайрат Қамариденұлы бөлек жүріп өмір сүруге болмайтындығына, біріккеннің тірлігі тегеурінді екендігіне әсте күмәнданбайды. Сондықтан да ол өз әріптестеріне үлкен құрмет сезімімен қарайды. Бір мақсат мүддесіндегілердің

түсіністікпен жұмыс жасауын қалайды. «Гамманың» басшылары Бекболат пен Тасболат Әбуғожиновтардың ұстанымы да осындай екенін айтты.

«Гамманың» басты тұлғалары - Тасболат пен Бекболаттың маңдай терінің, тынымсыз камкорлығының арқасында ойдағыдай қызмет жасауымызға мүмкіншілік туғызылғанына дән ризамыз», - дейді «Сарыкөл» кенішінің директоры Қайрат Қамариденұлы.

Халқымыз «жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген. Кәсіпкер жігіттер Тасболат пен Бекболат Әбуғожиновтар төңіректегі елді мекендерде тұратын тұрмысы төмен отбасыларына жалпы көлемі 5 мың тоннадай отынды жыл сайын тегін таратады екен. Сонымен қатар Жеңіс мерекесінде қарттар күні «Бірлік» ауылының 22 адамына ақшалай көмек берілді. Соғыс ардагерлері мен тылда еңбек еткендерге және 37 мүгедек адамдарға 8 тоннадан тегін көмір таратылды. Мұнан басқа 134 отбасына отын арзандатылған бағамен босатылды. Мұндағы Бекен ұста атындағы мешітті ашылғаннан бері отынмен камту да біздің мойнымызда.

«Гамманың» тыныс-тіршілігі барған сайын кеңіп келеді. Салыстыру үшін айтайық, басқасын сөз қылмағанда қазір «Сарыкөл» кенішінің өзінде 200-ден аса адам жұмыс істейді. Бұлардың орташа жалақысы 40 мыңнан асып отыр.

Баянауыл ауданына қарасты «Жанатілек» елді мекенінен кейін жазық далаға көлбей орналасқан тағы бір ауыл алыстан мен мұңдалап тұрады. Бұрынғы «Жайма», қазір «Қаратомар» деп аталатын ауылдың жағымды тыныс-тіршілігі арнайы ат басын бұрғандарға бірден байқалар еді. Елдімекен аудан орталығынан шеткері орналасқанымен тұрғындар қолдағы барды ұқсата пайдаланып, өз қам-қарекетін жасап, бүгінгі заман көшіне ілесіп келеді. Жақында жолым түсіп, сол ауылда, яғни «Қаратомарда» болып, онда атқарылып жатқан игілікті істерді көзім көрді.

Қашанда ауыл тіршілігі бірқалыпты сарында. Көп өзгермейді. Қолы қимылдағанның аузы қимылдап, жазда ерінбей еңбек еткендер қыстан қысылмай шығып жататыны аян. Батырбек Алдабергенов есімді азамат басшылық ететін «МТС Жайма» ЖШС-і - елді мекеннің ажарын арттырып тұрған шаруашылық.

Осы үстіміздегі жылы ғана серіктестікте жаңадан 14 еңбек орны ашылып, 66 адам тұрақты және маусымдық жұмыспен қамтамасыз етілді. Жұмыскерлердің ең төменгі айлық еңбекақысы 24-25 мың теңге көлемінде. Серіктестік өз жұмыскерлерімен қатар ауыл тұрғындарына да елеулі көмек көрсетіп, қол ұшын берумен келеді.

«МТС Жайма» ЖШС 2003 жылы аудан әкімінің қолдауымен екібастұздық «Гамма» ЖШС-нің инвестициялық көмегімен егіншілік пен мал шаруашылығын дамыту мақсатында құрылған.

Бүгінгі таңда оның иелігінде 34000 гектар жер бар. Оның 11400 гектары - егістік алқабы. Шаруашылықтың өзінде бес астық комбайны, үш шынжыр табан, бір К-700, бір Т-150, бір ЮМЗ-6 тракторлары және басқа да көптеген ауыл шаруашылық техникалары бар. 2004 жылы лизинг арқылы МТЗ-82 тракторына қол жеткізді. Биыл 34 миллион теңгеге екі бірдей жаңа астық комбайнын және жалпы құны 5,9 миллион теңгеге басқадай агрегаттар сатып алды.

Қалалық «Отарқа» газеті, 2009 жыл, 31 қазан

«... Қазақтың ұшы-қиыры жоқ кең даласының асты-үсті толы мол қазына екені бүгінде әмбеге аян. Екібастұз өңіріне келсек, бұл өңір өзінің тас көмірімен төрткүл дүниеге мәшһүр болған. Кеңес Одағы кезінде ірі-ірі көмір кеніштері мемлекет қаржысына игеріліп, орасан өндірістік қуатына жеткені де есімізде. Ол кеніштер бергін даяр қалпында шетелдік жеке меншік компаниялар қолына көшті. Мұның бәрі еліміз тәуелсіздік алып, жоспарлы экономикадан

нарықтық экономикаға өткен ауыр кезеңде шарасыздан жүзеге асырылған үдеріс еді. Алайда осы тұста-ақ мемлекет елімізде шағын және орта бизнесті дамытуға айрықша мән беріп, кәсіпкерлерге қолдау көрсете бастады. Осылайша, кәсіпкерлер буыны қалыптасып, нығайған соң бірқатар өнеркәсіптік жобаларды іске асыруға кірісті. Екібастұз өңіріндегі осындай кәсіпкерлер қатарының алдында ағайынды Тасболат пен Бекболат Әбуғожиновтар жүр. Бизнестің түрлі саласын меңгеруден түскен табысты көмір өндіруге бағыттаудың берекелі боларын түсінген кәсіпкер жігіттер Екібастұз өңірімен шектесіп жатқан Баянауыл ауданының Бірлік ауылдық округі жеріндегі «Сарыкөл» мен «Талдыкөл» кеніштерін игеруді қолға алды. 2001 жылдың 10 қарашасында «Сарыкөл» кенішінде кен аршу жұмысы басталып, жыныстың алғашқы шөміші алынды...»

Қалалық «Отарқа» газеті, 2008 жыл, 28 тамыз

Көмірден - керамикалық кірпіш

Кәсіпкерлік ілкімділікті талап етеді. Бизнеспен шұғылданған адам ісі оңғарылуы үшін сол өңірдің тыныс-тіршілігін тамыршыдай дөп басып, сезіне білуі керек. Сөйтіп, пайдалы іске қаржы құйса, еңбегі зая кетпейді. Осы орайда өңірімізге аты танымал кәсіпкер Бекболат Әбуғожинов құрылысқа аса қажетті керамикалық кірпіш шығаратын зауыт салуға бел буып, үстіміздегі жылдың сәуір айында «Вершина» ЖШС-нің құрылысшылары оған білек сыбана кірісіпті. Жоспарланған жұмыс ауқымы небәрі 9 айдың ішінде еңсеріліп, зауыт ғимараты салынып, технологиялық құрал-жабдықтар орнатылып, қажетті мамандар әзірленген. Осылайша, Екібастұз өңірінде тағы бір кәсіпорын дүниеге келді. Жаңа кірпіш зауытының ашылуы 24 желтоқсан күні өтіп, бұл оқиғаға облыс әкімі Б.Ә. Сағынтаев қатысты. Мәртебелі қонақты «Гамма» ЖШС-нің бас директоры

Б.С. Әбуғожинов күтіп алып, ішке бастады. «Вершина» ЖШС-і кірпіш зауытының атқарушы директоры Әлібек Владимирулы Қуанышев аймақ басшысына зауыттың жалпы құрылымы, технологиялық құрал-жабдықтары және өндірілетін өнімі жайында әңгімелеп берді. Осыдан кейін облыс әкімі Б.Сағынтаев жаңа кірпіш зауытын іске қосып, өндірістің гуілдеген үні төңіректі кернеп, салтанатты рәсімге қатысушы қонақтар мен жұмысшылар қошемет білдірді. Бұл жолы зауыттың бірінші кезегі пайдалануға берілді және мұнда жылына 25 млн. дана керамикалық кірпіш өндірілетін болады. Ал зауыттың жалпы өндірістік қуаты екі есеге көп. Жаңа зауыт «Вершина» ЖШС-нің өз каражаты мен «Заманбанк» АҚ-ы бөлген несиелік қаржыға салынған. Мұнда 85 адам жұмыс істейтін болады. Технологиялық құрал-жарақтар Қытайдан әкелінген және бұл құрылғыларды орнатып, іске қосуға сол елдің инженерлері мен реттеуші мамандары қамтылыпты.

Айтпақшы, жаңа кірпіш зауытының өңірдің экологиясын жақсартуға тигізер септігі де бар. Өйткені, керамикалық кірпіш шығаруға қажетті шикізат көмір қалдықтары болып табылады. Ал мұндай көмір күлі мен шлагының төңіректегі кеніштерде, тіпті «Гамма» ЖШС-не қарасты кеніштерде де жеткілікті екені белгілі. Кен үйінділеріне жіберілетін жыныстың біршама бөлігі кірпіш шығаруға пайдаланылатын болса, төңіректің экологиялық тазалығы жақсара түспек.

Атқарушы директор Ә. Қуанышевтің айтуынша, керамикалық кірпіш өндіріс стандарттарына сәйкес, қалыптық формалары әртүрлі және беріктігімен ерекшеленеді. Сонымен бірге жаңа өнімнің сатып алу бағасы да өңір құрылысшылары үшін қолайлы болмақшы. Мәселен, жаңа кірпіштің бағасы бұған дейін Астана мен Семейден сатып алынып жүрген кірпіш бағасынан біршама арзан, шамамен 20-21 теңге мөлшерінде. Зауытты салушылар өнімді қайда өткізу мәселесін де тиянақтап

қойыпты. Үстіміздегі жылы Екібастұз қаласында Отын-энергетика салсы үшін техникалық кадрларды дайындау жөніндегі аймақаралық кәсіби орталық құрылысының басталғаны мәлім. Осы құрылысқа алдағы жылы 12 млн. дана кірпіш қажет екен. Осы орайда «Вершина» ЖШС-нің басшылығы мен аталмыш құрылыс мердігері арасында ниеттестік келісім жасалыпты. Сонымен қатар керамикалық кірпішті әлеуметтік нысандар мен тұрғын үй құрылысында да пайдалануға болады.

Зауытпен танысканнан кейін берген сұхбагында аймақ басшысы жаңа кәсіпорынның ашылуына оң баға берді.

- Биыл Павлодар қаласында да кірпіш шығаратын зауыттар ашылды. Әйтсе де мына зауыттың жөні бөлек. Себебі жергілікті жердің ерекшелігі ескерілген. Шикізат көмір қалдығынан алынады және жаңа технологиялар пайдаланылады. Міне, кәсіпкерлерге осындай ізденістер, жанашылдық керек. Өнімнің өзіндік құны арзанға түседі, ал бұл бәсекелестікті тудырады,- деді разы көңілмен Бакытжан Әбдірұлы.

**Ж. ЖӘЛЕЛҰЛЫ, қалалық «Отарқа» газеті ,
2010 жыл, 1 қаңтар**

Әбуғожиновтар әулеті

Бүгінде мейлінше іскерлік, адамгершілік, имандылық және жетім-жесірлер мен кедей-кепшікке үздіксіз қарайласып келе жатқан айырықша қасиеттерімен екібастұздықтардың құрметіне бөленген атақты Әбуғожиновтар әулетінің түпкі төркіні - Ертіс ауданы екенін жерлестеріміздің бірі білсе, бірі біле қоймауы мүмкін.

Бұл әулеттің қазіргі кезде үлкені Совет қажы мен оның жұбайы Гүлжиян қажы - Ертіс ауданының тумалары. Екеуі де еңбек жолын Ертіс ауданында бастады. Совет - ұзақ жылдар бойы мемлекеттік сақтандыру мекемесінде инспектор, ал Гүлжиян аудандық ауруханада медбике қызметін атқарды.

Өз қызметінде едәуір тәжірибе жинақтаған әрі беделді іскер Совет 1972 жылы Екібастұз қаласында мемлекеттің сақтандыру мекемесін басқару лауазымына ауыстырылды. Сол жылдан бастап Екібастұз қаласы ерлі-зайыпты Әбуғожиновтардың құтты қонысына айналды.

Бұл отбасының елге танымал екі ұлы - 1962 жылы туған Тасболат, 1964 жылы туған Бекболат та Ертіс ауылында дүниеге келгендер. Балалықтың бал дәуренін Ертіс ауылында өткізгендер. Екеуі де мейірімділік, қайырымдылық, адамгершілік қасиеттерді ата-аналарынан мол дарыта алғандар.

Үлкен ұлы Тасболат Павлодар педагогикалық институтының түлегі. Әуелінде ол - әйгілі спортшы ретінде танылды. Бокстан спорт шебері атанды. Жаттықтырушы да болды. Оны спортшылар бокстан Павлодар облыстық федерациясының президенті етіп сайлайды. Сондай-ақ ол - «Заманбанк» акционерлік қоғамының Екібастұздағы филиалының президенті.

Ол имандылық орындарына көмектесудің тамаша үлгісін көрсетіп келеді. 2000 жылы ол өз қаражатымен Ақкөл ауылында Исабек Ишан мешітін салдырып берді. Екібастұз қаласында мешіт ғимаратын салдырғанда да елеулі үлес қосты.

Оның имандылық жолындағы бұл игілікті істеріне Сауд Арабиясының королі ризашылығын білдіріп, алғыс хат жолдады. Осы үшін араб мемлекеті королінің арнайы шақыруымен Тасболаттың ата-анасы Совет пен Гүлжиян Меккеге барып, Әқбар қажы атағына ие болып оралды.

Тасболаттың інісі Бекболат та ағасына еліктеп, бокспен айналысты да, бірінші дәрежелі спортшы деп танылды. Ол Павлодар индустриалдық институтының түлегі.

Қазіргі кезде Бекболат «Талдықөл», «Сарыкөл» «Орталық» деп аталатын көмір кеніштерінің бас директоры. Екібастұз қаласының 45 жылдық мерейтойында ол «Шахтер

даңқы» белгісімен марапатталды. 1996 жылы ол Америкада өткізілген «Атланта-96» олимпиадасына қатысты.

Екібастұз қаласының мектептері, балабақшалары, мешіттері, сол сияқты материалдық көмекке зәру отбасылар ағайынды Әбуғожиновтардың қамқорлығында деуге болады.

Бұл ағайындылардың Ертіс ауданынан қоныс аударғанына 35 жылдай уақыт өтсе де, туған жерге деген ыстық сезімдерін суытпаған тәрізді.

Ертіс ауылында 2002 жылы мешіт ғимараты тұрғызылғанда, оның негізгі құрылыс материалдарын және елу мың сом қаржысын осы ағайындылар берген.

Әрбір қыста Ертіс ауылының мешітін жылыту үшін 70 тонна көмір керек екен. Бұл шығынды соңғы жеті жылдан бері ағайынды Әбуғожиновтар өз міндетіне алып келеді.

Олар шахтадан Ертіс мешіті үшін жеті жыл сайын қажетті 70 тоннаның орнына 130-140 тонна көмір босатады екен. Мешіт имамы бұл көмірдің жартысын көмір тасымалдайтын көлік иесіне төлейтін көрінеді. Егер мешітіміздің жылыту шығынын Әбуғожиновтар мойнына алмаса, біздің, ертістіктердің күшімен жылытудың өзі қиынға соғатынын айта кету керек.

Осы әулеттің ұйытқысы болып отырған абзал ана Гүлжиян қажының қоғамдық істердегі белсенділігі де сүйсінерліктей. Ол Екібастұз қаласындағы мұсылман әйелдері лигасының мүшесі ретінде қыруар іс атқарып келеді. Оның имандылық тақырыбына жазған мақалалары жергілікті баспасөздерде жиі жарияланады.

Ал «Иманды отбасы болу - ақ некеден бастау алады» тақырыбына жазылған кітапшасы Екібастұздың мұсылмандарына тегін таратылды.

Әбуғожиновтар әулетінің ұйытқысы болып отырған Совет пен Гүлжиян Меккеге екі реттен барып қайтты. Балаларын да имандылық жолына баулады. Гүлжиянның әкесі Ханафия

ақсақалдың Меккеге барып қайтып, қажы атануына және бірнеше кітап бастырып шығаруына мүмкіндік жасады.

Ертістіктердің мақтанышы болып отырған бұл әулеттің бұдан былай да Ертіс ауданына деген ыстық ықыластарын таныта береді деп сенеміз.

Мұбарак Жаманбалинов, аудандық «Ертіс дидары» газеті, 2007 жыл, 6 желтоқсан

Ауылым - алтын бесігім

Ертіс ауданының 80 жылдық мерейтойына әдейі шақырылған жерлестер – Совет қажы мен зайыбы Гүлжиян апа әуелі аудан орталығындағы «Ержан» мешітіне ат басын тіреп, сәлем етіп, намаз оқыды.

Туған жердің топырағын басқан жерлестер, осы жердің тумасы Совет Жанкелдіұлы №2 қазақ мектебін бітіргеннен кейін 1959 жылы Северный совхозының «Төбелес» ауылында тракторшы болған, одан кейін аудан орталығындағы автобазада жүргізуші болып еңбек еткен. Целиноград қаласының қаржы техникумына түсіп, қаржыгер мамандығын алғаннан кейін Ертіс ауданының қамсыздандыру бөлімінде қызмет істейді.

Жұбайы Гүлжиян Ханафияқызы да осы жердің тумасы. Мамандығы - фельдшер, аудандық ауруханада қызмет істеген. 1960 жылы бас қосып, төрт бала сүйген, ата-енені аялаған ардақты келін, аяулы ана бүгінде 13 немере, бір шөбере сүйіп отыр.

Балалары Тасболат, Бекболат - жоғары білімді азаматтар. Халқына қайырымдылық жасап, қолдау көрсетіп жүретін мейірімді жандар. Қазақстан Діни басқармасының бас Мүфтиі Әбсаттар Дербісәлі қажыдан алғыс хат алған. Жер-жерлерде мешіттер салуға қолдау көрсеткен. Екібастұз

каласының Ақкөл ауылындағы мешітті өз каражаттарына тұрғызса, Ертіс ауылының «Ержан» мешітінің жылдағы қысқы отынын көтеріп отырған да - осы азаматтар. Қыздары Бибігүл мен Айгүл - жоғары білімді дәрігерлер, ақ халатты абзал жандар.

Ерлі-зайыпты Әбуғожиновтардың үш жұрты да Ертіс ауданының тумалары.

- Ел шетіне келгенде көзге жас оралып, көңіл толқиды. Балалық балдәурен, жастық өмір, қилы кезенді бастан өткерген туған жердің біз үшін орны ерекше. Балаларға да туған жердің ерекшелігі мен құндылығын құрметтеп,

Ата-баба қонысын қасиет тұтуды құлақтарына сіңіріп, бойларына қондырып жүреміз», - дейді ардақты әже Гүлжиян қажы.

Совет Жанкелдіұлы 1972 жылы Екібастұз ауданының қамсыздандыру бөліміне басшылық қызметке ауысып, одан қалалық бөлімнің басшысы болып 1996 жылға дейін қызмет атқарған.

Жанкелді ақсақал, Бағыла бәйбішенің көзі тірісінде құдандал болған уақытта мен мектепте оқитын едім. Жанкелді ақсақалдың кескін-келбеті әлі көз алдымда. Оны жұрт кеңпейіл, ақылға бай, парасатты адам деп бағалайтын. Баланы да, дананы да құрметтей білген, алыстан болжап, алдын ойлап отыратын, қанағатшыл ақсақалдың ақ тілегі мен мол мейірімнің кең пейілінің есесі бүгінгі күні ұрпағының бақытымен еселеніп отырғандай. «Не ексең - соны орасын» деген сөздің терең мағынасы осы отбасынан өрілгендей.

Елге келген жерлестер құр қол келмей ауданның қонылтақтау, аз қамтамасыз етілген, көп балалы отбасыларына көмек болсын деп 1000 тонна көмірдің тегін берілетіні жөніндегі құжатты әкелгенін де бір сөзінде атап өтті.

Аудан мешітіне де Меккеге барғанда арнайы ала келген қағбаның суреті салынған матаны сыйға тартты. Айта

кетер бір жай, Совет және Гүлжиян 1999 жылы алғаш рет қажылыққа барған еді. Биылғы жылы да екінші рет қажылық сапарға барып қайтты, сонда арнайы ала келген сыйлық.

Өз тарапынан аудандық мешіттің бас имамы Қосман қажы да Қажылар әулетіне ризашылығын білдіріп, тәрбиелі де мейірімді ұрпақ өсірген ата-анаға алғысын жаудырып, иықтарына шапан жапты.

Ата-баба аруағына құран оқытып, «өлі риза болмай, тірі байымас» деген қағиданы қатты ұстанған қажылар діні мен тілін құрметтеп, дінін қатты ұстанатын адамдар.

Қ. Алхамбекқызы, «Ертіс дидары» газеті

Ақкөлде мешіт ашылды

Қарашаның үшінші жұлдызы. Күн бұлыңғыр, аспанды тұтастай бұлт торлаған. Жер лайсаң, ауа дымқыл. Соған қарамастан Ақкөл ауылы тұрғындарының танертеннен-ақ көңіл-күйлері көтеріңкі, жүздері жайдары. Ауылдың еңкейген қартынан, еңбектеген баласына шейін бүгін ашылғалы отырған мешіттің ауласына жиналған. Жан-жақтан Ақкөлге қарай құйылған көлікте де қисап жоқ. Бір-бірімен төс қағысып амандасып, «Алла жар болсын» деген қалың ел аппақ күмбезді ақ мешіттің босағасынан аттап ішке еніп, садақа салып, шашуларын беріп, сыртқа қайта шығуда. Міне, ғибадат үйін ресми ашу сәті де келіп жетті. Ақкөл ауылының әкімі Ержан Сағынтаев жиналған халықты айтулы оқиғамен құттықтап, бұдан кейін жаңа мешітке Исабек ишанның аты берілгенін, ал облыстық мұсылмандар діни басқармасының мешітке имам қылып Ғаббар қожа Айдарбекұлын тағайындағанын хабарлады. Бұл хабарды халық шексіз ризалықпен әрі қошеметпен қабылдады. Өйткені Исабек ишан - Ақкөл-Жайылма жерінде ислам дінін уағыздаған, есімі тарихта қалған киелі де әулие адам. Исабек ишан дүние салғанда шығарған жоктауында

шежіреші Мәшһүр-Жүсіп оның халыққа тигізген шарапатын былайша жырлаған:

Жан еді-ау ғарызы жеткен құдайына,
Жарлы барса байыған маңайында.
Бақ-дәулет, ырыс-несіп болып еді-ау,
Нашардың ғаріп пенен талайына.
Ток болған тоңдырмастай жалаңашқа,
Ас болған, таусылмастай қарны ашка.
Арымас ат, жаяуға көлік болып,
Дерттерге дауа болған басқа-баска.

Осындай ғазиз жанның есімімен аталған мешітке Исабек ишанның тікелей ұрпағы Ғаббар қожаның ие болуы имандылық нұрының ғасырдан-ғасырға тарала берерінің жарқын айғағы емес пе?!

Жалпы, бұл күні мешіттің ашылуымен аккөлдіктерді құттықтаушылар көп болды. Сөз кезегі Әбукожа ұрпақтары Тасболат, Бекболат, Қайратқа жеткен кезде халайық сілтідей тына қалды. Бұл сәулет өнерінің тамаша үлгісі - жаңа мешітті өз қаржыларына салдырған азаматтарға және олардың ата-анасы Совет әкбар қажы Жанкелдіұлы мен Гүлжиян әкбар қажы Ханафияқызына аккөлдіктердің көрсеткен ыстық ықыластары, өлшеусіз құрметтері еді. Ағайынды жігіттердің атынан сөйлеген Қайрат жамағатты құттықтаған соң, Тасболат пен Бекболат мешіттің кілтін оның имамы Ғаббар қожаға тапсырды.

Мешіттің салтанатты ашылу рәсімінде оның жобасын жасаған Нұрлан Селжантегі, құрылысын жүргізген Арысұлан Селжантегіне де айрықша ілтипат көрсетілді. Мұндай ілтипаттан ғибадат үйін салуға көмек көрсеткен «Аккөл» ЖШС-нің басшысы Дүйсенбек Зындаұлы, құрылыстың басы-қасында болып, құрылысшыларға жағдай жасаған зейнеткер Қабыш Арынұлы да құралақан қалмады. Жоғарыда аталған адамдардың есімдері мешіт қабырғасына бекітілген мәрмәр тақтаға жазылды.

Мешіт имамы Ғаббар қожа, осыдан төрт жыл бұрын дүниеден озған Жандарбек қожаның ұлдары, Исабек ишанның ұрпақтары Ақкөл орта мектебінің мұғалімі Қанат пен Ақтоғай қалашығындағы мұсылмандар мешітінің имамы Ахметолла қажы мешітті салдырған, онын құрылысын жүргізген, сондай-ақ заттай, ақшалай көмек көрсеткен адамдарға алғыстарын айтып, тарту-таралғыларын жасады. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген емес пе? Мешіт имамы Ғаббар қожа әруақтарға дұға бағыштап, ақсақалдар жұма намазына жығылды. Жалпы, бұл Әулиелі Ақкөлде ақ түйенің қарны жарылған күн болды. Ауыл адамдары да, жер-жерден келген қонақтар да көл-көсір пейілдерін танытып, шашуларын атап жатты. Осы шашу мен садақадан жиналған қаражаттың жартысын мешіт имамы ауыл тұрғындарымен келісіп, Екібастұз қаласындағы жетім балалар және қарттар үйіне беруді ұйғарды. Салтанатты рәсім аяқталғаннан кейін жиналған халыққа тегіс ас берілді. Ас беру кезінде Ақкөл орта мектебінің мұғалімдері, ауыл адамдары ата дәстүрге лайық қонақжайлылықтарын көрсетті: «Ауыл адамдары әрқашан осындай ауызбірлікте болып, Исабек ишан мешітінен тараған шапағат төңіректі нұрландырып тұрсын» деген тілекпен қалаға атбасын бұрдық.

**Ж. Сәдуақас,
Екібастұз қалалық «Отарқа» газеті**

Исабек ишан мешіті

Бұдан екі ай бұрын Екібастұз қаласынан Әбуқожа ұрпақтары - Совет әқбар қажы балаларымен бас болып, Ақкөл-Жайылмада мешіт құрылысын бастап еді. Жуырда ғана біз сол мешіттің салтанатты ашылу, тұсаукесер тойынын куәгері болдық.

Мешіт - Исабек ишан мешіті деп аталды. Ол тегін емес. Ишан деген - діни сопылық ілімді уағыздаушы, мұсылман

қауымының басшысы және дін ғұламасы деген сөз. Діни орталықтарға, яғни Меккеге, Мәдинаға, Бұхараға, Стамбулға барып, білім дәрежесін таныта білген мұсылмандар ишан атағына ие болған. Осындай адамдарымыздың бірі - Аккөл-Жайылманы мекен еткен Исабек ишан. Ол туралы Исакеңнің шәкірті - Мәшһүр-Жүсіп Көпеев өзінің ұстазына арнаған жоктау бәйітінде: «Исакемдей ишан жоқ бұл Арқада» деген.


Исабек ишан ата имандылық сәулесін шашқан, оның ізгілікті ісі осы уақытқа дейін жалғасын тауып келеді. Исабек атамyzдың көптеген қасиеттері өзінің шөбересі Жандарбек атаның бойына дарыды.

Заманның қысылтаяң уақыттарында да, Қызыл империя кезінде де қарапайым кісілерден бастап, ел басқарған азаматтарға дейін, басы ауырып, балтыры сыздаса, шипа мен бата іздеп, осы киелі жерге келіп жүрді. Аккөл - Жайылмада мешіт ашылу рәсімі тойына ата аруағын сыйлап және қасиетті бабамыздың мешітінде жұма намазын оқимыз деп, көптеген имамдар мен қажылар, азаматтар келді.

Тілек білдіруші көпшілік осы Әулие ата мешіт ғимаратын салдырған демеушілерге, құрылысшыларға алғыс айтты. Олар: Екібастұз қаласының азаматтары - Совет қожакбар қажы Әбуқожа тегі, жұбайы Гүлжиян экбар қажы Ханафияқызы, олардың балалары -Тасболат пен Бекболат, ағайынды Нұрлан мен Арысұлан Селжантегі, Аккөл азаматтары - Қабыш Арынұлы, Дүйсенбек Зындаұлы.

Тойға қатысқан қауымның ризашылығымен жаңа ашылған Әулие бабамыздың мешітіне имам болып, Исабек ишан ұрпағы Ғаббар ақсақал сайланды.

**Сансызбай Әкімбекұлы,
облыстық «Сарыарқа самалы» газеті**



Зор сауап мешіт салу мұсылманға

Құтты болсын Ақкөлім қасиеттім,
Әулиеңе мұсылман жұрт бас иетін.
Барша жұртың орындап отыр бүгін,
Исакемнің мұратын, өсиетін.

Орта жүзге нұр болып дін таратқан,
Ағылған халық келіп шартараптан.
Исабек Ишан ата беріп кеткен,
Сусындап жүрміз әлі шарапаттан.

Зор сауап мешіт салу мұсылманға,
Мұндай іс жарасады жақсыларға.
Гүлжиян-Совет әкбар қажыларым,
Үлгі болды мешіт сап басқаларға.

Қостады жақсы істі балалары,
Қаржысын бөліп берді, аямады.
Тасболат, Бекболатпен қос қыранды,
Әулиелі Ақкөлім аялады.

Жандарбек ата еді ауызға алған,
Мешіт салсам дегенді қылып арман.
Ұрпақтарың орнатты асылдарың,
Арманың осы болар орындалған.

Тойыңыз тойға ұлассын дархан елім,
Әулиелі, киелі Ақкөл жерін.
Шанышқан атамыздың ақ таяғы,
Берекесін тасытты дүйім елдім.

Дәмет Бабылбекқызы



Бекболат пен Тасболаттың бокс секциясындағы жаттықтырушысы Юрий Никитич Шадрин



Совет кажы мен Гүлжиян кажы келіні Ләйлә мен немерелері Абдулмұрат, Әлия, Әлиислам, Саниямен



Бекболат әке-шешесімен



Бекболат Ғаббар Айдарбекұлы кожаға мешіттің
кілтін тапсырды



*Думе-ата мешіт ғимаратын
 салдырған Әбуқожа ұрпақтары:*

*Совет әкбар-қажы Жанкелдіұлы
 Тұлжиян әкбар-қажы Ханафияқызы
 балалары - Тасболат, Бекболат*

Құрылысын жүргізушілер:

*Нұрман Селжан тегі
 Қабдыл Арыңұлы
 Дүйсенбек Зындаұлы
 Арысұлан Селжан тегі*



Үшінші баламыз Бибігүл 1966 жылы 6 желтоқсанда Ертіс ауылында туды. Екібастұздағы №4 мектепті бітірген соң, 1992 жылы Қарағанды медицина институтын тәмамдады.

1992 жылдан Екібастұз санитарлық-эпидемиологиялық станциясында дәрігер болып қызмет етті. Сонау жылдардағы нарықтың қиыншылық кезеңінде сауда саласына ауысты.

2003 жылдан Астанада тұратын, қазір Екібастұзға қоныс аударды.

1992 жылы Шымкент облысы Созақ ауданына Тұрсынбаевтар әулетінің кенже ұлы Мұхитқа тұрмысқа шыққан. Мұхиттың руы - қоңырат. Мұхит пен Бибігүл үш бала тәрбиелеп отыр. Тұңғыштары Жәмила 10-12 жастан ән айтуға әуестеніп, 2005 жылы Ұлы Жеңістің 60 жылдығына орай өткізілген «Тамаша-думанға» қатысып, өнер көрсетті. «Тұрсынбаева Жәмила» атты екі-үш ән дискісін шығарды. Жәмила Тұрсынбаева Венгриядағы испан-ағылшын-венгер мектебінде оқыды. Қазақ, орыс, венгр, ағылшын тілдерін жетік білетін ол қазір испан тілін үйренуде. Қазір 11-класты Екібастұзда оқып жатыр. Алмаз 8-класта, Әмина 2-класта оқиды.

Мұхиттың әкесі 1,5 жасында қайтыс болыпты. Құданың Рәбиға атты қарындасы жеті баланы оқытып тәрбиелеп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып отыр. Ағасы қайтыс болғанда әке-шешесі тірі екен. Әкесі жалғыз ұлының қайғысын көтере алмай, бір жылға жетпей дүние салыпты. Шешесі 7-8 жылдан соң қайтыс болыпты. Мұхиттың шешесі Тәжігүл ата-ене, қайын сіңлісі, 7 бала, барлығы 11 жанмен жолдасынан жас қалды. Қазірде көп бейнеттің зейнетін көріп отыр.

Әнші қыздың асқақ арманы

Мен Жәмиламен ең алғаш қаладағы мейрамханалардың бірінде таныстым. Көпшілік алдында өзін еркін ұстап, ән



күдіретін сезініп, тындарманның жүрегіне жеткізе орындап тұрған талдырмаш бойлы, сүйкімді қыздың әуезді үні құлаққа жағымды естіледі. Керімсал әннің иірімі терең, жоғары тынысты сәттерінде жас қыздың еңтікпей, бірқалыпты деммен әнді шырқау шегіне жеткізе аяқтағанына сүйсінген өнер сүйер қауым тәңті болысып, ду қол шапалақтады.

Бірнеше айдан соң әнді шырқау мәнерімен, тамаша дауысымен ерекше әсер қалдырған Жәмиламен тағы да кездесудің сәті түсті.

Жасөспірім қыз табиғилығымен, жанының тазалығымен, биязы мінезімен бұрынғыдан да сүйкімді көрінді.

- Жәмила, сен неше жасыңда ән айта бастадың?- деп сұрағанымызда ол:

- Мен 4-класка дейін Екібастұзда оқыдым. Содан кейін оқуымды Астанадағы №22 орта мектепте жалғастырдым. Менің көңіл түкпіріндегі әнге деген құштарлығымды оятқан музыка пәнінің мұғалімі З.Т.Зайфуллина болатын. Бастауыш сыныптарда оқып жүргенімде, Екібастұздағы «Ақ көгершін» байқауына қатысып, I орынды жеңіп алғаннан кейін менде өз-өзіме деген сенімділік пайда болды,- дейді Жәмила Тұрсынбаева.

Жәмила өнер десе ішкен асын жерге қоятын отбасында туып-өскен. Әкесі Мұхит көңілі түскенде әуелетіп ән салғанды ұнатады. Ал анасы Бибігүл кезінде Глинка атындағы музыкалық мектептің баян класында оқыған.

Жәмиланың өнерге деген қабілетін байқаған ата-анасы оны 2004 жылы Алматы қаласында өткен «Бозторғай» сайысына апарды. Осы сайыста Жәмила композитор Бейбіт Оралұлының әуеніне жазылған «Астана» әнін орындап, жүлделі 3-ші орынды иеленеді. Жәмила осы сапарында қазақтың күміс көмей әншісі Бибігүл Төлегеновамен, белгілі әнші Алтынай Жорабаевамен және қазақтың киножұлдыздары Құман Тастанбеков, Меруерт Өтекешовамен жақынырақ танысады.



Өнер жұлдыздарынан бата алған Жәмила ендігі өмірінде өнерді серік етуді мақсат тұтты.

- 2005 жылы Астана қаласында өткен «Нұрлы нөсер» байқауында екі бозбаламен бірге тірі дауыста Абайдың «Өзгеге көңілім тоярсың», «Көзімнің қарасы», «Айттым сәлем, Қаламқас», «Желсіз түнде жарық ай» әндерін попури ретінде орындадық. Байқауға Б.Төлегенова, Е.Хасанғалиев, төрелік жасады. Өзіме бұрыннан есімі қанық Рәбиға Аманжолованын байқауды жүргізгені мені шабыттандырды. Осы байқау өміріме үлкен өзгеріс әкелді. Менің дауысым сопрано-альтқа жатады. Байқаудан кейін менде опера әншісі атануға деген құлшыныс пайда болды. Әрине, опера - күрделі жанр. Бұған кез келген әншінің тәуекел ете алмасы анық,- дейді жасөспірім қыз нық сеніммен.

Жәмила Тұрсынбаева бүгінде Венгриядағы испан-ағылшын-венгер мектебінде оқиды. Қазақ, орыс, венгр, ағылшын тілдерін жетік білетін ол қазір испан тілін үйренуде.

- Мектебімізде вокалдан Тольди Мария деген білгір маман дәріс береді. Менің мектепті бітірген соң консерваторияға түсемін деген талабымды Мария да құптайды. Мен бірде Марияға Шәмші әндерін тыңдатқан едім, ол керемет танқалды. «Мынадай композитор туған өлкеде ән айтпаудың өзі күнә» деп, қазақ өнеріне жоғары баға берді. Бірде Венгрияға қазақ халқының мақтанышына айналған опера әншісі Майра Мұхаммед симфониялық оркестрімен келгенде, залда ине шаншар орын болмады. Мадиярлар Майраның өнеріне қайран қалып, талантына бастарын иді. Майраның концертінде отырғанда, мен қазақ болып туғаныма мың алғыс айттым. Майра апамыз шетелдерде еліміздің мерейін өсіріп, абыройын асқақтатып жүр. Б.Төлегенова, Майра Мұхаммед апаларымыздың салған сара жолы менің өмірдегі орнымды айқындауға ықпал етті,- дейді Жәмила тебіреніп.






Жәмила - отбасындағы үш баланың тұңғышы. Өзінен кейін Алмас деген бауыры ержетіп келеді. Ал сіңлісі Әмина дегенде Жәмиланың шығарда жаны бөлек.

- Алыста жүргенде туған жердің, туған-туысыңның, қадірін өзгелерден артық сезінеді екенсің. Мен үйге келгенде көбіне ата-анамның, бауырларымның қасынан ұзап шыққым келмейді,- дейді жас әнші.

Қазақ, орыс, италия, француз, испан классикалық операларын сүйіп тыңдайтын Жәмила Тұрсынбаеваның ендігі арманы - әлем мойындаған ұлы әншілердің шығармашылық жолын жалғастырып, қазақ халқын дүние жүзіне таныту.

Д. ЕРҒАЗИНА,
Екібастұз қалалық «Отарқа» газеті





Бибігуль мен
 Мұхиттың үйлену
 тойы





Мұхит, Әмина, Дархан, Совет, Әбукожа, Гүлжиян,
Тәжігүл, Ләйлә, Бибігүл, Әлия, Алмаз, Жәмила,
Сәния, Мұхтар



Дастанның үйлену тойы



Жәмила әртістермен бірге



«Нұрлы нөсер» байқауында танымал тележүргізуші
Рәбиға Аманжолова
Жәмилаға бас жүлдені тапсырып тұр



Төртінші баламыз - кенжеміз Айгүл 1970 жылы 21 қаңтарда Ертіс ауылында туған. Екібастұз қаласында №4 мектепті бітіріп, 1992 жылы Қарағандының медициналық институтын тәмамдады. Жас маман ретінде Шымкент қаласына жолдамамен барып, СЭС-те қызмет істеді.

Сол жылы 27 тамызда Шымкент қаласының тұрғыны руы дулат Бақытжан Бердиев деген жігітпен шаңырақ көтерді. Бақытжан екеуі Нұрислям, Нұргүл, Нақия /менің анамның аты/ атты ұл-қыздарды сүйді.

2000 жылдан Екібастұзда тұрады. Қазір «Гамма» ЖШС-де директор.

Нұрислям 10-сыныпта, Нұргүл 8-сыныпта, Нақия 5-сыныпта оқиды. Бақытжанның әкесі 1991 жылы дүниеден өтті. Құралбек құданың жылын Айгүл келін болып түскен жылы желтоқсанда берді. Құдағиымыз Ақжарқынның үш ұлы, бір қызы бар. Шымкент облысы Совет ауылында тұрады. Құда мен құдағи - мұғалімдер. Құдағиымыз зейнеткер. 11 немере сүйді.





Лаура Бакытжан
мен Айгүлдін
үйлену тойында

Совет қажы мен
Гүлжиян қажы
немерелері
Нұрислам,
Нұргүл,
Нақиямен





Бекболат кыздары Әлия, Сәниямен Шымкентте конақта



Шымкентте. Айгүл, Нұрислам, Сәуле, Гүлжиян, Қабира,
Лаура, енесі Акжарқын



Айгүл әке-шешесімен, балаларымен



Солдан онға
карай: кіші
күйеу балам
Бакытжан
(марқұм),
Нұрислам және
Совет қажы



II тарау

**ШЕТЕЛ
САПАРЫНДАҒЫ
ЖОЛЖАЗБАЛАР**



ҚҰПИЯСЫ КӨП ФИЛИППИН АРАЛДАРЫ

«Атың барда желіп жүріп ел таны» демекші, 2007 жылдың көктемінде Филиппин аралдарына жолымыз түсті. Жас келген сайын адамды ауру меңдей түседі екен. Сонғы кездері ақсақал екеуімізді дерт жиі айналдырып, дәрігердің алдын босатпайтын болдық. Оның үстіне дәрігерлер де сан түрлі диагноз қойып, үрейімізді ұшыратын. Бірде ауруханада ем қабылдап жатып, отандық телеарналардың бірінен отандастарымыздың Филиппинге барып, сондағы бір емшіден ем алып, құлан-таза айығып шыққандығы туралы хабарды естідім. Арнайы дайындалған хабарда халық емшілері жайлы көптеген мағлұмат берілді. Тындап отырып, таң-тамаша қалдым. Осы хабардан кейін мен Филиппин елі, ондағы емшілер жайлы мәліметтер жинастыра бастадым. Қызық болғанда, жақын араласып жүрген танысымыз біраз жыл бұрын Филиппинге барып, емделіп келіпті. Оның Филиппинге барған сапарынан кейін сауығып кеткенін естігенде, хабарда айтылғандарға иланбасқа шарам қалмады.

Сөйтіп, біз де Филиппин аралдарына барып, емделіп қайтуды жөн деп шештік. Балалардың арқасында сапарға дайындығымыз ұзаққа созылған жоқ. Балалар қажетті құжаттардың барлығын дайындады.

Филиппин еліне Алматы-Дубай әуе жолымен шықтық. Біріккен Араб Әмірліктерінің астанасы Дубайға бару үшін «Боинг» ұшағына отырдық. Сегіз жүзге тарта жолаушылар тасымалдайтын «Боинг» Дубайға дейін екі сағат ұшты.

Менің таңқалғаным, қазір ұшақта ұшып келе жатып, ішімдік атаулыны іше беретін болыпты. Қасымыздағылардың біразы мартини, виски дей ме, түрлі алкогольді ішімдіктерді ішіп отырды. Бұрынғы кезде ұшақта ішімдік ішпек түгілі, ішімдік ішкен адамға ұшаққа отыруға тыйым

салынатын. Мен сүйкімді келген стюардесса қыздардың бірінен «Дубай араб мемлекеті емес пе, оған баратын ұшақта ішімдік бергендерің қалай?» деп сұрап едім, ол: «Ұшақта ішуге болады, ал жерге қонған соң ішімдік ішуге рұқсат берілмейді»,- деп жауап берді.

Дубайға жеткен соң, әуежайда әлгі ұшақта кездескен қыз қазақстандықтарға Филиппинге баратын ұшаққа отыру жолын көрсетіп жіберді. Ең ұзақ жол осы екен. Филиппиннің астанасы Манила қаласына дейін ұшақ Дубайдан сегіз сағат ұшып барады. Әуе жолымен жүріп дағдыланбаған адамдарға сегіз сағат тез өте қоймасы белгілі. Әйтеуір белгіленген уақытта Боинг Манила қаласының халықаралық әуежайына қонғанда ғана жерлестеріміз «уһ» деп бір демін алды.

Әлемде халық жиі қоныстанғандығы жағынан Манила - он бірінші орынға табан тіреген ірі қала. 10 492 000-нан астам тұрғыны бар үлкен қаланың ішінде бес қала бар көрінеді.

Арнайы жолдамамен ем қабылдауға ниет еткен қазақстандықтар мен ресейліктерді туристік агенттіктің бір адамы қарсы алып, Себу қаласына екі сағат «Боинг» ұшағымен, емделетін орынға автобуспен екі сағат жүріп барды.

Себу - Филиппин мемлекетінің аса ірі қалаларының бірі. Жерлестеріміз іздеп барған Пиандос емші емделушілерді осы жерде қабылдайды екен.

Емдеу орталығы теңіз жағалауындағы «Алегро» демалыс пансионатының аумағында орналасқан. Біз кең де жайлы үйге қоныстандық. Үйдің бөлмелері әсем безендірілген, мұнтаздай таза, пансионат қызметшілері мұнда келушілердің жағдайын жасап-ақ қойыпты.

Халық емшісі Роми Пиандос дейтін Филиппин жігіті екен. Жасы қырыққа тақап қалған. Кішкене ойнақы көздерінен от шашып тұратын секілді. Мығым денелі. Сөзі салмақты. Бір қарағаннан-ақ оның діндар адам екенін аңғаруға болады.

Айналасындағылармен ашық-жарқын амандасып, ерекше ілтипат көрсетті.

Емші ем процедураларын бастамас бұрын келгендердің барлығын бір залға жиып, келушілердің өз дініне қарай дұға оқуларын сұрады. Жаратқанның жалғыз әрі баршаға ортақ екенін баса айтқан ол Совет қажыға бұрылып: «Мұсылман дінінің өкілі ретінде сіз оқыңыз, ақсақал» деп өтінген соң, ол айтқанын екі етпеді. Ресейден келгендер өздерінің Иса пайғамбарына жалбарынып жатты, католиктер өз нанымы бойынша дұға оқып, Жаратқаннан шипа сұрады. Бұдан соң емші келгендерді жеке-жеке қабылдап, массаж жасап отырып, диагностика жүргізді. Дәрігерлердің осыған дейінгі біршама диагноздарын айна-катесіз айтып шықты. Қалай ауырып, ауырған кезінде нендей күйде болатынына дейін тап басып айтып бергенде, еріксіз басымызды шайқадық. Осыдан кейін уақыт белгілеп, емдік операцияларын бастады. Әйелдер мен кішкене балаларды түске дейін, ер адамдарды түстен кейін қабылдады.

Қолына ешбір құрал ұстамай-ақ тек он саусағымен ғана адамның іш құрылысына түрлі операциялар жасап, келушілердің бірінің бүйрегінен тас алып шықса, енді бірінің миына ұйып қалған қанды алып тастап, осының бәрін көзіңше жасап жатқанда, тілің байланып қалады екен.

Филиппиндіктер скальпельсіз операция жасайтын емшілерді «хилерлер» деп атайды екен. Хирургиялық жолмен емдеу әдістерін ешбір пышақ не болмаса өткір затсыз іске асыратын хилерлер бұл елде өте көп. Роми Пиадос та хилер. Жергілікті халықтың айтуынша, оның аға-бабалары да осындай қасиетті жандар. Осыдан біраз жыл бұрын Ромидың саусақтарының қасиетті күшін жапондар зергтемек болып, оны өздеріне шақырған деседі. Алайда емші олардың ұсынысын қабыл алмай: «Мен өз халқыма анағұрлым қажетпін!» деген көрінеді. Мол табысқа сатылмаған отандастарын филиппиндіктер ұлттық

мактаныш санаған.

Наукасына шипа іздеп барғандардың қатарында жасы жетпіс беске келген украин әйелі болды. Оны емделуге келіні алып келген екен. Келіні бұл жерде бұған дейін де болып, аяқтарынан жүре алмай қалған қызын емдеткен екен. Алла сағатын салып, қызы сауығып, жүре бастаған соң, әйел көп жылдан бері наукастанып жүрген енесін де емдеп жазбақ болған. Соңғы уақытта тәбеті болмай, тамақ ішуден қалған бұл әжей бірер сеанстан соң аз-аздап тамақ іше бастаған. Алғашқы күнгі сеанста Советпен Ромидің алдына бірге кіріп, оның қалай емдейтіндігін өз көзіммен көрдім. Емші көптен бері қан қысымының жоғарылауы мазалап жүрген Совет қажының басынан сипап отырып, екі саусағын тас төбесіне сұғып кеп жібергенде, қан білінді. Отағасы болса, бетімді қан жуып кетті дей береді. Мен тек емшінің қолынан ұйыған қанды ғана көрдім. Емшінің көмекшісі дәке беріп, қанды сүртіп тастады. Әлгі жерде тіпті кішкентай да сызат көрінген жоқ.

Біреулер мұны сиқыр дейді, ал өз көзіңмен көргеннен соң, оның үстіне Ромидің емінен ауруынан айығып кеткен адамдар өз туыстарын, жора-жолдастарын алып келіп жатқанда, бұған сенбеске болмайды.

Себу - елдің ең үлкен курортты қаласы екен. Себу қаласы орналасқан Себу аралы бір кездері Филиппиннің астанасы болған. Қала қазіргі астана Маниладан 578 шақырым жерде. Филиппин елін әлемге танытқан осы Себу аралы десек те болады. Оның толқынды жағажайлары, тропикалық сан алуан өсімдіктері, жыл бойы пісіп тұратын жеміс-жидектері, ротан өсімдігінен өріліп жасалатын жиһаздары, жартылай бағалы тастары, жалпы табиғаты мұнда келуші туристердің басты қызықтайтын көріністері.

Мұхиттың нақ ортасында орын тепкен аралда бірінен бірі өткен жүздеген отельдер бар. Барлығы дерлік әлемдік стандарттарға сай, соңғы үлгі бойынша жабдыкталып,

209

туристерді тартуға ықпал етеді.

Табиғаттың сұлулығын тілмен жеткізіп айту қиын. Ем сеанстарынан босағанда, біз қаланы аралап, жағажайларда демалдық. Дүниежүзінің әр жерінен келген туристер өте көп. Біз барған кезде, ақпан айында, мұндағы ауаның температурасы әдеттегіден салқындау болды.

Мұхит жағалауында тынығып, су астындағы тіршілікті көзімізбен көрдік. Су жәндіктерінің көптеген түрлерін тамашаладық.


Халқына келсек, елдің туризмі мықты дамыған. Дегенмен тұрғындарының тұрмысы орташа, тіпті төмен деп айтуға болады. Халқының дені күріш өсірумен, балық аулау кәсібімен айналысады.

Филиппин - дамушы ел. Ауыл шаруашылығы саласына негізделген елдің экономикасы тұрақты даму үстінде. Ел президенті Глория Макапагал –Арройо 2020 жылға қарай Филиппинді әлемдегі ең озық мемлекет етемін деп уәде берген. Қазірдің өзінде Филиппин Азия Даму Банкінің мүшесі, Халықаралық Валюта қорына және Дүниежүзілік Сауда Ұйымы сияқты басқа да халықаралық ассоциацияларға мүше болып отыр.

Дінін айтсақ, елде христиандар көп. Филиппин елін Шығыс Азиядағы жалғыз христиан мемлекеті дейтіні, мұндағы халықтың 90 пайызы христиан дініндегілер.

1521 жылы аралға әйгілі теңізші, саяхатшы Фернандо Магеллан келіп, бұл жерлерді Испанияға қарасты деп жариялады. Сөйтіп, христиан дінін енгізе бастаған.

Жергілікті халық бізге тым ұсақ болып көрінді. Кішкентай көліктеріне оншақтысы сыйып кетеді. Совет қажы: «Мен бір джипке бес қазақты сыйғыза алмаймын, мыналар болса, бәрі тиеліп, кішкене ғана жеңіл көлікпен жүре береді ғой» деп, таң қалғанын жасырмады. Сонда қасымыздағы мәскеулік: «Қазақтарының әрқайсысы 80-100 келі болар, филиппиндіктердің салмағы бір тоқтыдай ғана ғой», -деп




күлді.

Филиппиндіктер қытай, малай, испан, американ және араб қандарының қоспасынан шыққан деседі. Сондықтан бұл ел көп тілді, 80-ге жуық диалект бар. Бұл елде ағылшын, португал тілдері ұлтаралық қарым-қатынас тілдері болып саналады.

Тіл демекші, алғашқы күндердің бірінде ем қабылдауға келген мәскеуліктермен бірге мейрамханаға бардық. Су жағалауы болған соң, әрине, мұнда балық, бақа-шайннан жасалатын тағам түрлері өте көп. Үлкен аквариум тәріздес шыны ыдыстарда жүзіп жүрген балықтардың, болмаса бақа-шайнның қолыңмен көрсеткенін алып, көзіңше пісіріп, қуырып береді екен. Мұндайды біз көрмегенбіз ғой. Кәдімгі сиыр етінен жасалған тағамға тапсырыс беріп болған соң, аудармашы қыз әлдебір жұмыстарымен шығып кетті. Алдымызға ас әкелінді. Содан не керек, бір нәрсе жетіспейтін секілді. Филиппиндіктер тағамды нансыз жейді екен. Біз үшін дастархан сәні - нан. Орысымыз бар, өзгеміз бар, даяшыдан нан сұрамақ болдық. Қасымыздағылардың бірде-бірі ағылшын тілін білмейтін болып шықты. Даяшыға «нан» дегенді түсіндіре алмай, әбден әлекке түстік. Ақыр аяғында нанның суретін салып көрсеттік қой. Даяшы сол кезде ғана түсінді.

Бұдан түйетін түйін, көп тіл білген адамға артықтық етпейді. Біз бұған дейін де Еуропаның бірнеше мемлекетін араладық. Балаларымыз, әсіресе немерелеріміз ағылшын тілін жақсы меңгерген. Әрине, адам алдымен ана тілін білуі тиіс. Содан кейін өзге тілдерді үйренгені жөн. Жастарға айтар ақылым, бос уақыт табылса, оны тіл үйренуге жұмсаған жөн.



САУД АРАБИЯСЫ

1999 жылы Сауд Арабиясына қажылық сапармен барып қайттық. «Мың рет оқығанша, бір рет өз көзіңмен көр» деген, осы сапардан алған әсерімді сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Әйтсе де ретімен бастайын.

Қазақстандықтар араб еліне Алматы қаласынан аттандық. Біз отырған «БОНГ» алып әуе лайнері Сауд Арабиясынан келген болатын. Алатаудың баурайындағы әсем қаладан «Алматы-Жидда» бағыты бойынша әуеге көтерілдік. Алып ұшақ лезде әуеге көтеріліп, Алматы алақандағыдай болып көрінеді. Бірер минутта бұлттан асып, биікке самғаған ұшақ алты жарым сағат ұшып отырып, Жидда қаласының әуежайына келіп қонды. Араб елінің Қазақстанмен уақыт айырмашылығы үш жарым сағат шамасында екен. Жидда қаласына жұртшылық әуе арқылы да, автомобильмен де ағылуда.

Қысқасы. Жидда - тоғыз жолдың торабында жатыр. Ұшақтан түсісімен «Вольво» автобусына отырып, 90 шақырым жердегі Мекке қаласына бет алдық. Араб еліне келгендегі алғашқы таңқалдырғаны - тас жолдың соншалықты тақтайдай түзулігі. Әсіресе, жолдың тегістігі автобуста келе жатқанда жақсы әсер қалдырады.

Сауд Арабиясы - тәуелсіз мемлекет. Елді Король басқарады. Мемлекеттік діні - ислам, ал туының түсі - жасыл, ұлттық валютасы - риал.

Халқы

Халқының саны 21,5 миллион. Оның 60 пайызын арабтар қалғанын ауғандар, пәкістандықтар мен үндістер құрайды. Елдің астанасы - Эр-Риял қаласы. Үлкен қалалары: астанасы Риял, Мекке, Медине, Жидда, Мина, Муздалифа. Мемлекеттік тілі - араб тілі. Ағылшын тілі елдегі екінші кең тараған тіл болып саналады. Араб елі аудандық, округтік, тайпалық кеңестер болып бөлінеді екен. Жергілікті Жоғарғы

Соты Шарифат деп аталады. Елдің басты байлығы - мұнай. Экспортқа шығарылатын басты тауары да - осы мұнай. Елде негізінен құрма ағаштары, бидай, арпа, жүгері өсіріледі.

Саяси салада әлеуметтік үйлесімділіктің болуының негізі - бір Аллаға сыйыну, барлық мұсылмандардың туысқандығы мен бірлігін уағыздау. Елде исламдық этикалық принциптерді қатаң сақтайды. Арабтар сән-салтанат пен пайдақұмарлықты айып санайды.

Климаты

Біз наурыздың 21-і күні Жиддаға табан тірегенімізде, ауа райы +48 градусты көрсетіп тұрды. Ал Арафат тауларында +52 градус болса, шілде мен тамыз айларында күннің ыстығы +60,+70 градусқа дейін көтерілетін көрінеді. Мемлекеттің басым бөлігін шөлді құм алып жатқанына қарамастан теңіз суын тұшытып, одан қала берді Антарктидадан алып айсбергтерді кемемен сүйретіп әкеліп, халқын ауыз сумен, егістіктерін суармалы сумен қамтамасыз етіп отыр.

Жалпы ел құмды, шөлейт аймақта орналасқанымен, жасыл желекке бөленген. Біз болған Жидда, Мекке, Медина қалалары жап-жасыл, тіпті әр ағаштын түбіне арнайы суаратын қран орнатылып қойылған. Мәселен, қалада 1000 ағаш өсіп тұрған болса, әрқайсысының түбінде бір-бір қран бар. Әуе айналып жерге түскендей аптап болғанымен, күннің ыстығын онша сезінбеуге де болады. Өйткені әсіресе, Арафат тауларына келгенде халық аптапты сезінбес үшін төбеден арнайы су бүркіп тұрады.

Қағба тасы

Қағба тасын алғаш рет көруім. Тас жеті қат жер астында дерлік төменде орналасқан. Қағбаның аумағы 1955 жылы кеңейтіліп, жаңартылып, жөндеу жұмыстары 1996 жылы аяқталыпты. Қағбаны қоршай айнала Бейт-Уллах ғибадатханасы орналасқан. Ол Әл-Харам мешіті деп аталады. Мешіттің аумағы 356 мың, ал биіктігі 89 метр. Оның тоғыз мұнарасы фосфор оты сияқты көгілдір нұрға бөленіп

тұр. Мұнда бір мезгілде 1 млн. адам құдайға құлшылық ете алады. Негізі есігі төртеу де, қосымша есік саны - 45, эскалатор саны - 11, әжетхана мен жуынатын орынның ұзын саны - 9 мың.

Қажылық

Қажылық - жыл сайын Сауд Арабиясының Мекке шаһарында Зұлхижже айының 7-13 жұлдызы аралығында өтетін діни әдет-ғұрып. Мекке-Мүкәрамма деген теңеу бар. Ол «аса қадір тұтатын» деген ұғымды білдіреді. Мекке – Мүкарамма - Адам Ата мен Хауа Ана өмір сүрген заманда Ибрагим пайғамбар ұлы Исмайыл екеуі салған, уағыз айтқан, Мұхаммед пайғамбардың кіндік қаны тамған жер.

I деректе Әл-Мәсхид Әл Хорам субхана Алла Тағала ен алдымен үй салып, 2 мың жыл кейін жерді жаратты. Сол жерді Үйдің астына айналдырып әкелген дейді.

II дерек Адам Ата /с.ғ./ жаратылғанға дейін субхана Алла Тағала періштелерге Үй салуға әмір берген екен. Періштелер Үйдің жәннатын қызыл түсті асыл лағыл тастардан тұрғызыпты. Адамдар күнаға батқаннан кейін жәннаттың бұл тасы кара түске айналған.

III деректе Алла Тағала Адам Ата мен Хауа Ананы жерге түсіріп, Үй тұрғыздыртқан.

IV деректе Адам Ата қайтыс болғаннан кейін Үйді ұлы Шит салған.

V деректе Нұх пайғамбардың заманында жер бетін топан су қаптап, алғашқы үйдің іргетасын шайып кеткен. Содан субхана Алла тағала Ибрагим пайғамбар мен оның баласы Исмайылға /ғ.с./ Әл Қағбаның ірге тасын көтеруге Жебірейіл періште арқылы әмір жіберген екен. Ибраһим Үйдің іргетасын көтергенде Исмайыл: «Жаратқан иеміз, бізден қабыл ал, өйткені сен бәрін естисің, білесің», - деген екен.

Әл-Қағба дегеніміз - төртбұрышты тас ғимарат, 9 мұнаралы, биіктігі - 89, көлемі - 145 шаршы метр. Шығыс

бұрышында қара тас бар, күміспен жиектелген, биіктігі 1,5 метр. Солтүстік бұрыш - Ирак бұрышы, батыс бұрыш - Шам елі, ал оңтүстік - Иәмен бұрышы деп аталады. Солтүстік-шығыс қабырға жерден 2 метр биіктікте орналасқан. Мекке қаласындағы халық саны 1,5 млн. болатын болса, қажылыққа келгендер 2-2,5 млн шамасында. Ер адамдар әдетте ақ киім, ал әйелдер ақ, қара, жасыл киім киеді. Пәкістан, Иран мен Ирак елдерінен келген әйелдер ақ, қара, жасыл түсті киімдер киіп, жүздерін паранжамен жауып жүреді.

Біз Қағбаға тәу етіп жүрген кезімізде 16-20 жас аралығындағы бірыңғай жасыл түсті киім киген ұзын саны 30-40-тай қыз бала келді. Ұмытпасам, оларды малайзиялықтар деді ғой деймін. Қыздардың алды-арттарын ерлер орап алған. «Бұлар неге бұлай жүр?» деп сұрасам: «Иманды орда - анадан» деп бұл ел де қыз балаларын үш мәрте қажылыққа апармай, ер адаммен некеге тұруға рұқсат етпейді» деп түсіндірді.

Қағбаның есігіне қарама-қарсы Ибраһим пайғамбардың /ғ.с./ табанының ізі қалған тасты Ибраһим макамы дейді. Ол қара тасқа қарсы бетте Зәмзәм құдығы бар. Қағбаның сырты алтынмен жазылған сүрелер мен дұғалар жазылған жібек матамен қапталған. Ол Кисуә деп аталады. Жібек мата жыл сайын Зүлқиже айының 9 жұлдызында ауыстырылады. Кисуәнің ең басты бөлігі - ситарь-әл-Қағба есігінің пердесі.

Зәмзәм құдығы

Сигараның биіктігі - 6,5 м., ені - 3,5 м. Оған да Құран аяттары жазылған.

Ибраһим пайғамбардың Сара деген әйелі құрсақ көтермеген соң, оны һажар деген күтуші күң қызға үйлендіреді. Һажар ер балалы болып, есімін Исмайыл қояды. Сара болса қызғаныштан Һажар мен Исмайылды шөл далаға, Ас-Сафа, әл-Мәруә тауларына апарып тастайды. Ішер астары таусылып, емшек сүті тартылып, бала тамақ сұрап жылайды. Һажар Ас-Сафаның төбесіне шығып, айналасына

қарағанда қарсы беттегі әл-Мәруә төбешігінде ағып жатқан суды көреді. Жүгіріп келсе, сағым екен. Шөлдеп, сусаған Һажар Ас-Сафа мен әл-Мәруаның арасында әрі-бері жеті рет жүгіреді. Қажыға барғандар да сол 1,5 шақырымдай жерді 7 рет шапшаң басып өтеді. Екі жасыл төбешіктің арасынан 800 метрдей жерді жүгіріп жүріп, Һажар субхана Алла Тағалаға дұға етеді. Сөйтіп жылап жатқан баласына келсе, нәрестенің тебініп жатқан өкшесінің астынан су атқылап жатқанын көреді. Міне, осы бұлақты Зәмзәм бұлағы дейді. Ал II дерек бойынша Мұхаммед пайғамбардың атасы Абдәл Муталиб һашим ғажайып түс көреді. Түсінде біреу «Тайнбаны қаз» деп 3 түн бойы айтады да, «Ол не?» деп сұрағанда, ғайып болады. Төртінші түні әлгі адам «Зәмзәмді қаз, оның суы ешқашан таусылмайды, ол қажылардың шөлін кандырады. Зәмзәм суы ақ қауырсынды қарғаның жанындағы құмырсқа илеуінің қасында» дейді.

Мекке

Мекке қаласында 1,5 млн. халық тұрады. Қаланың шығыс жағы таулы да, батысы ойпатты келеді екен. Қала көшелеріне мәрмәр тас төселген. Халқы бірыңғай аппак матадан тігілген көйлекпен жүреді. Жыл сайын қажылыққа келгендердің саны 2-2,5 миллионнан асып жығылады. Қажылар аяқ киім киеді. Ихрәмнан шыққаннан кейін /иһрәм - тәуап жасаған уақытта киетін қажы киімі/ ер адамдар тігісі жоқ екі бөлек матаны түйреуішпен түйреп бекітеді, оның бір бөлігі кіндіктен төмен, екінші бөлігі нықтан кіндікке дейін, ал әйелдерге тігілген киім киюлеріне болады. Әйелдердің қолдары мен бет-әлпеттері ғана ашық. Бастарына салған орамал мен жаулық шашы мен тамағын көрсетпейтіндей шалбар тобыққа дейін болуы шарт.

Пәкістан, Иран, Ирак, Араб елдерінің әйелдері беттеріне паранжа жауып жүреді. Олар киімді Мұхаммедтің сүннеті бойынша киеді. Меккеде халық қай көлікке мінсе, жайнамазы мен тасбихы жанында, азанды естісе болды, үлгерсе Әл-

Харам Мәсидтің ішіне, үлгермесе сыртында да /нәрселері солай қалады/ бала-шаға, кәрі-жас түгел намазға жығылады. Тіпті 4-5 жасар бала қасында, намаз оқып жатады. Намаз біткен соң, орындарына келіп қайтадан саудаларын істей береді.

Мұнда біздегідей бағдаршам көргеніміз жоқ. Көшедегі адамдар құмырсқадай құж-құж етеді. Жер астындағы туннельдерде қара нөпір халық. Бір ғажабы, елдің көптігіне карамастан жаяу жүргіншіні қакқан автокөлікті көргеніміз жоқ. Көшедегі көліктерге «сабыр» деп қолынды көтерсең болды, біздегі МАИ-дің ала таяғын көргендей бағынып, тоқтай қалады.

Ұрының қолын шауып тастайды

Ұрлық деген де жоқ. Есіктен шықсан саудагерлер, /өзбек, ұйғыр, үндіс т.б. ұлттар/ жайма базар тауарларын қатар-қатар көше бойымен жайып қойғанын көресің. Ал дүкендері түнде де жұмыс істейді. Қажылық кезде ғана ма, әлде әрдайым солай ма, әйтеуір құлып салынған дүкен көргенім жоқ.

Біздегідей күзетші, сигнализация деген атымен жоқ. Қажылыққа барған бір ақсақал құран, базарлықтар алып мейманханаға келгенде әмияны ұмыт қалғаны есіне түседі. Іле сауда жасаған дүкенге келіп сұраған екен, қайтып беріпті. Ал шарифат бойынша біреудің ұрлағанына екі куәгер табылса, ұры өз ұрлығын мойындаса, оның бірінші ретте 1 қолын, 2-ші ретте екінші қолын шауып тастайды екен. Арафа күні Арафат тауына көтерілгенде қолы жоқ жандар домалап, қайыр садақа тілеп жүргенін көрдік.

Ұлттық тағамдары

Ұлттық тағамдары - күріш пен тауық еті. Күнделікті дастарханда шырын су, көкөніс пен жеміс-жидек молынан пайдаланылады. Құрбан айтында ғана 3 күн бойы қой етін берді. 7 адам бірігіп түйе, сиыр шалуға да болады. Арабтар нандарын «Пайғамбардың шелпегі» деп атайды. Біз шелпекті майға пісіретін болсақ. Олар таңдырға майсыз

пісіреді. Шелпектері сондай тәтті, әрі жұп-жұқа.

Теледидардан тек діни хабарларды ғана көреді

Елде теледидардан тек діни тақырыптағы хабарларды көреді. Ал сүннетке жатпайтын жерлерін алып тастайды. Елде Еуропа телеарналары мүлдем көрсетілмейді.

Кәмелетке толмаған қыз баланың түнде жалғыз жүруіне тыйым салынған

Сауд Арабиясында полицияның жұмысы исламдық мінез-құлық қағидаларына сәйкес келмейтін әрекеттердің алдын алуға, болдырмауға бағытталған. Мәселен, ауызға тіс тазалайтын мисуак салуға, танымайтын әйелмен сөйлесуге, орынсыз күлуге, ашу шақыруға, айғайлауға болмайды. Әйелдер шаштарын (шаштан періште қорқады) көрсетпей орамал тартады. Мұсылман әйелі бөтен ер адамға жүзін көрсетпейді, паранжамен жабады. Кәмелетке толмаған қыздың кешке немесе түнде көшеде жалғыз қыдыруына тыйым салынған. Дәрекі айқай-шуды тоқтату т.т. ең әуелі полицияның ескертуімен немесе шара қолдануымен шектелетін мәселе.

Корольдің қолын алуға кезекке тұрады

Қолмен амандасу сүннет болғандықтан, Корольдың немесе мұрагер бекзадалардың қолын алу үшін 30-40 шенеунік лауазымдары бойынша кезекте тұрады. Белгіленген тәртіп бойынша олар әуелі қолы немесе иықты, ал жасы келгендері маңдайдан сүйеді.

Мас болса темір тордың ар жағынан бір-ақ шығады.

Сауд Арабиясының қай қаласына барсаң да, қай азық-түлік дүкеніне кірсең де сөреде тұрған арақ-шарапты көрмейсің. Ішімдік ішіп көшеге шыксаң 6 жыл мерзімге түрмеге жабады. Темекі де бей-берекет сатылмайды. Жалпы темекі шегетін арабтар аз. Арабтар сыпайы, карапайым және өте қонақжай.



Пайғамбарымыздың мешітінде оқылған намаз 1000 намаздан артық

Медине мен Жиддадан 420 шақырым Мұхаммед Пайғамбардың мешітінде бір мезгілде 730 адам намаз оқиды. Пайғамбардың түйесінің шөккен жері Құбба мешіті Мұхаммед (ғ.с) Әбу-Бакір, Осман, Әли ғ. Саламдар мен сахаба, шейіттер осы жерде жерленген. Ухуд тауы да осында. Ол жердегі амалдардың дәрежесі өте жоғары болады. Пайғамбардың мешітінде оқылған намаз мәсжид Хорамнан баска жерде оқылған мың намаздан артық. Ал-Хорамда оқылған бір намаз – 100 мың рет оқыған намазға пара-пар.

Мединенің ыстық ауасына сабыр етсе, «киямет күні шапағат етем, зиратты зиарат етіндер және әдепсіз сөз сөйлемендер» деген пайғамбар хадисінде. Сонымен Мекке Мединадағы 12 күніміз бітіп, үйге қайтатын уақыт та жетті. Сәуір, Нұр, Рахмет тауларына да бардық. Нұр тауы алғашқы Құран кәрімнен Ғалак сүресі түскен жер. Рахмет тауы - Адам Ата мен Хауа Ананың алғашқы болған жерлері. Сәуір тауы - Әбу Бәкір мен Мұхаммед пайғамбардың мүшріктерден қашып тығылған үнгірі. 12 күндей жұмақта жүргендей сезінген біз Мекке-Мединамен кимай қоштастық. Әлі де сонда жүргендей әсердемін.



МҰСЫЛМАННЫҢ БІР ПАРЫЗЫ - ҚАЖЫЛЫҚ

2007 жылы 5 желтоқсаннан 2008 жылғы 1 қаңтар күндері аралығында Алла нәсіп етіп, екінші рет Әбуқожа тегі Жанкелді әулетінен үш адамға Сауд Арабиясына қажылық сапарды бұйыртты.

Немереміз Алан Тасболатұлы Совет қажы немересі 2007 жылы 1-10 қазанда Умра қажылықты орындап, қадір түнін Меккеде өткізді.

Біз, ақсақал Совет қажы екеуіміз жоғарыда жазғандай, 1999 жылы 14 наурыздан 4 сәуір аралығында Сауд Арабиясына барып, мұсылмандықтың бір парызы - қажылық сапарымызды атқарып келген едік. Араға 8-9 жыл салып, тағы да Сауд Арабиясына жолымыз түсті.

5 желтоқсан күні түнгі сағат 3-тердің шамасында Алматыға ұштық.

6 желтоқсан күні күндізгі сағат 12.00-де Мұсылмандар Діни басқармасына бізді жинап, қажылық шарттарды түсіндірді. Бұл жолғы сапарды ұйымдастырған Шымкентте құрылған «Асыл мақсат» фирмасы екен. Бізді жол бастаушымыз Әбсаттар қажымен таныстырып, барлық құжаттарымызды сол кісінің қолына ұстатты.

Айта кетерлігі, Екібастұз мешітінде алты жылдай қызмет істеген Құлмұхаммед қажы екібастұздықтарға ерекше ілтипат көрсетіп, Мединаға ұшатын ұшаққа дейін шығарып салды. Меккеден оралғанда да, рейстердің кешіккеніне қарамастан вокзалдың басында қарсы алды. Сондай-ақ, ел азаматтары Елтай, Солтан, Едіге, Қанат бауырларымыз да бауырмалдылық танытып, көңілімізде жылы әсер қалдырды. Арабиядан ұшып келгенде, Елтай бауырымыз Алматыда іскерлік сапарда жүр екен. Өзі күтіп ала алмаса да бізді қарсы алуды бауырларына тапсырыпты. Алматыда екібастұздық қажыларға ас беріп, жолдарына тәбәрік болсын деп 100

доллардан үлестірді. Елтай бауырым жылда өз қаражатымен 8-10 адамды қажылыққа жібереді.

Негізгі әңгімеге көшсек, 7 желтоқсанда түнде Тегеранға ұштық. Онда бізді мұсылман бауырлар ашық-жарқын қарсы алды. Мұсылман елдерінің бір ерекшелігі - мұнда ер, әйел адамдарға арналған дәрет алатын жер, намаз оқитын бөлмелер арнайы жабдықталған. Ұшақпен ұшып келген 200 кісіні тегін тамақтандырып, дем алып, намазымызды оқыған соң, тіркеу жұмыстарын бастады.

Мединаға 8 желтоқсан күні ұшып жеттік. Біз орналасқан мейманхана Пайғамбарымыз /с.ғ.с./ мешітінен алыс емес екен. Алаңсыз қажылық парыздарыңды өтеу үшін барлық жағдай жасалған.

Біз бір бөлмеде мен, Бибану қажы, Тұрымтай қажы, Жақсылық қажы, Айман қажы, Мәпіш қажы, Мәктай қажы орналастық. Мединада Пайғамбарымыз /с.ғ.с./ мешітіне барып, бес уақыт намаз оқыдық, Сахабалар жерленген зиратқа барып, зиярат еттік. Үлкен соғыс болған Ухуд тауына, Куба мешітіне бардық. Пайғамбарымыз /с.ғ.с./ мешітіне жете алмасаң, мейманхананың дәл жанында «Біләл» мешіті бар. Сонда намаз оқисың. Пайғамбар /с.ғ.с./ мешітінде Айша анамыздың /р.а./ үйінде Мұхаммед Пайғамбар /с.ғ.с./ мінберімен жерленген жерінің арасы «Жәннат бағы» деп аталады. Ол жерге егер шамаң келсе, күнде баруға да болады. Біз үш-төрт рет бардық. Сол жерге барған халық намаз оқып, Мұхаммед /с.ғ.с./ Әбубәкір /р.а./, Омар /р.а./ үшеуіне сәлем беріп, қабіріне зиярат ету үшін түнгі сағат 3-тен барады екен. Бірде Қасым қажы ағамыздың бәйбішесі Бибану апа екеуіміз әулиелер жатқан жерге таксимен бардық. Артынан білсек, апамыз таксидің ішінде таяғын, мен жайнамазымды ұмытып кетіппін. Біз Пайғамбарларға сәлем беріп, зираттарына зиярат етіп, Құран Қатымды, сол мешітте бесін, екінті намазымызды оқып, мейманханаға оралғанда, жайнамаз бен таяқты таппай қалдық. Бибану

апамыз «Таяқ - шалымның көзі еді» деп жыларман күйге түскен соң, біз жатқан қабаттың екінші жағында орналасқан ер-азаматтар Совет қажы, Сағидолла қажы, Серік қажы, Уажит қажы, Уажит Мекежанұлы, Мекежан Сарманұлы біздің заттарымыздың қайтарылуына мұрындық болды. Көп ұзамай әлгі таксиші таяқты да, жайнамазды да әкеп берді. Мединада 8 желтоқсаннан 15 желтоқсанға дейін болып, Михатқа барып, Икрамға кірдік. Ғұсыл құйынып, екі рәкат намаз оқып, ләббәйкамызды айтып, таммату қажылыққа ниетімізді жасап, Меккеге аттандық. Мекеде 1300-1500 метрдей жерде Қағбада орналастық. Тәуап жасауға жаяу барамыз. Бұл жолы да жеті әйел жұбымызды жазбай Мединадағыдай бір бөлмеде орналастық. Ер адамдар да бір бөлмеге жайғасты.

Біз 1999 жылы Меккеге барғанымызда, Сауд Арабиясындағы Қазақстан елшісі Бағдат Әмриев бізбен кездесу өткізген еді. Осы жолы да 16 желтоқсан күні Меккедегі Қазақстан Елшілігінде Қазақстан Тәуелсіздігінің 16 жылдығына орай елші Қайрат Ламашәріповпен кездестік. Осы кездесуде Сауд Арабиясының қажылық істері жөніндегі министрі, Қазақстан Мұсылмандар Діни басқармасынан Қазақстан қажыларын бастап барған Мекежанов Балтабай Уажитұлы және т.б. мемлекеттерден өкілдер болды.

Осы кездесуде 1910 жылы алғаш рет КСРО-ның Сауд Арабиясындағы Төтенше және Өкілетті елшісі ретінде қызмет атқарған Нәзір Төреқұловты еске алып, рухына құран бағышталып ас берілді.

17 желтоқсан күні Минада қонып, 18 күні кешке дейін отбасымызға, халқымызға, патшамызға, өзімізге денсаулық, Отанымызға тыныштық, байлық, патшамызға сабыр, әділдік тіледік.

1999 жылы біздің елден қажылыққа 200 адам барса, сегіз-тоғыз жылдан соң, имандылық жолына түсушілердің саны

артып, қажылыққа ниет еткендердің саны 4300-ге жетіпті. Нақты деректерге жүгінсек, осы Екібастұз қаласынан 2007-2008 жылдары 41 адам қажылыққа барса, жалпы қажылардың саны 104 екен. Соның ішінде 5 адам бес рет, екі адам 4 рет барыпты. Ал үш, екі рет барғандар жетіп-артылады. Кешке Муздалифаға келіп қонып, осы жерден шайтанға тас атуға 49 тас теріп алдық.

19 желтоқсан күні Минаға келіп, шайтанға тас атуға бардық. Бізде 19 желтоқсан айт күні деп есептелсе, Арафа күні онда 18 желтоқсан бірінші айт күні болып саналады. Совет қажы бұл сапарында анасы Бағила Шамшиденқызы үшін бәдел қажы болып барды.

Бағила Шамшиденқызы 1908 жылы туған. 1988 жылы дүниеден өтті. Мен де анам Нақия Ахметжанқызына сауабы тисін деп бәдел қажылықты орындадым. Алла қабыл қылып, сауабын аналарымызға тигізсін.

Біз тәммәту қажылыққа ниет еткен едік. 15 желтоқсан күні Ихрәм кигеннен кейін Қағбаға келіп, Умра қажылықтың тәуабын жасадық. Қағбаны жеті рет айналып, әл-Сафа мен әл-Мәруаның арасын 7 рет жүгіріп өттік. Сосын ерлер сақал-мұртты қырып, тырнақты алып, кәдімгі киімдерін киді. Минадан Арафатқа, Муздалифадан Минаға қонып жүріп, 19 желтоқсан күні шайтанға тас атқан соң, Құрбан шалдық. Осыдан кейін үлкен қажылықтың тәуабы басталды. Қағбаны жеті рет айналасың, Ибраһим жанында екі рәкат намаз оқисың. Зәмзәм құдығына қонып, су ішкен соң демаласың. Сосын Сафа мен Мәруаның арасында 7 рет жүресің. Тәуабта не әл-Сафа мен әл-Мәруада жүргенде, азан шақырылып, намаз уақыты болса, намазымызды оқып, тоқтаған жерден қайтадан жалғастырасың. Сағи біткен соң тағы зәмзәм бұлағына барып, зәмзәм суын ішесің. Мейманханаға келген соң, ғұсыл құйынып, киімді жуып, ихрамнан шығасың. Осымен үлкен қажылық орындалды. Біз үйге 28 желтоқсан күні кешке бір-ақ қайттық. Ертеңгілік 29 желтоқсан күні

коштасу тәуабын жасадық. Қайтадан иһрамға кіріп, ләббайканы Қағбаға дейін айттық. 20,21,22,23,24,25,26,27,28 күндері біз бос болдық. 20 желтоқсан күні үлкен қажылық тәуабы туралы екі рет айтылды. Тәмәту қажылықта шешенді. Умра қажылықта ниетінді айтып, Қағбаны жеті рет сағи өтесін. 21 желтоқсан күні Шәкім анам үшін Умра қажылық тәуабын, сағиын орындадым. Совет қажы анасы үшін Қағбаны, сағиді орындады. Умра мен үлкен қажылық 20 желтоқсанда сол үйден ниет қылып шыққан кісіге орындалады. Анасына I Умра мен үлкен қажылықты орындаған Совет қажы: «Әкем үшін Умраны орындауға шамам жоқ, сен орындашы» деген соң, 22 желтоқсан күні Жанкелді атам үшін Умра қажылық орындадым. Сонымен бірге бала кезімде мені бауырына басқан Кәбіш атама және оның екінші әйелінен туған ұлы Жұмабай үшін Умра қажылық орындадым.

25 желтоқсан күні Накия анамның әкесі Ахметжан нағашы атама және Накия анамның шешесі, әжем Ұмсындық Смағұлқызына, екінші әжем Әліш Сыздыққызына Умра қажылықты орындадым.

28 желтоқсан жұма күні таксимен ертеңгілік сағат 09.30-да Қағба сыртына келдік. Жұма намазына кіруге ине шаншар орын жоқ, әйтеуір сағат 10-да мешітке кіріп, сағат 11-ден 40 минут кеткенде, Қағбаға өтіп, тәуапты бастадық. Намазға отырған кісілер болмаса, Қағба айналасында кісі аз. Сағат 12-ден бес минут өткенде, Қағбаны жеті рет айналып шығып, әрі қарай өте алмайтын болған соң, Қағбанын қабырғасының жанында жұма намазын өткіздік. Алла қуат беріп, Совет қажы Қағбаны өз аяғымен айналып шықты. Біз күміспен көмкерген қара тастың дәл түбінде отырдық. Намаз аяқталған кезде әсіресе жастар күміспен көмкерілген жерге сары масадай жабыла кетті. Біз зәмзәм бұлағына барып, беті-қолымызды, аяқтарымызды жуып, зәмзәм суынан қанып ішіп, сағиді орындап, таксимен мейманханаға келдік.

Мен сегіз күн бойы Умра қажылықтың барлық шарттарын түгел орындау үшін таңғы сағат 6-да тұрып, ғұсыл кұйынып, ихрамымды киіп, екі рәкат намазымды орындап, ләббәйкамды, ниетімді жасап, сағат 10-ның кезінде Қағбаға тәуапқа кіріп, намазымды оқып жүрдім. Намаздыгерді 5-6 айналымды Қағбаның қабырғасында оқимын да, жетінші айналымды бітіріп, Ибраһим махамының қасында екі рәкат намазымды оқып, Зәмзәм бұлағына барып, беті-қолымды, аяқтарымды жуып, Зәмзәм суын тоя ішіп, сағиға барамын. Сағида жүргенде ақшам болып қалады да, оны оқып сағиды бітіріп, тағы зәмзәмға барып, жуынып, құптанды оқып, дем алып, мейманханаға жаяу келгенше сағат 13.30-14.00 болады. Сегіз күн бойы кестені бұлжытпай орындадым. Мен жалғыздан жалғыз сегіз күн бойы түнгі сағат екілердің кезінде үйге оралып жүргенде, көше толы халықтан сескенгенім жоқ. Осында келгендердің жүзінен өзім секілді қажылық парызды дұрыс орындауға ниет қылғандарын байқадым. Сөйтіп, Алланың берген қуатымен шамамыз келгенше қажылықтың барлық шарттарын орындадық.

Біз 1999 жылы келгенімізде Рахмет тауына, Адам Ата мен Хауа анамыз жәннаттан қуылғаннан кейін кездескен жеріне, Бірінші Құраннан Фалак сүресі түскен жер Нұр тауында болған едік. Биыл тауға шығуға аяғымыз жарамай, бара алмадық. Барсақ көптік етпес еді.

29 желтоқсанда ертеңгілік қоштасу тәуабын орындадық. Осы күні кешке Жиддадан Тегеранға ұштық. Жиддада Корльдің сыйлығы деп бір-бір Құраннан берді. Тегеранға келген соң, намаз оқып, шай-пайымызды ішіп, 2,5 сағаттан кейін Алматыға ұшып кеттік. Алматыға келсек, күн салқын. Жүгіміз келмеген. Вокзалда еш жағдай жоқ. Біз де мұсылман елміз ғой. Алматы вокзалында дәрет алатын жерді, намаз оқитын бөлмені, шай қоятын орынды қарастыратын кез жетті. Дубай, Тегеран, Сауд Арабиясында халыққа қажетті жағдай жасалған. 4300 қажы Алматыға келдік. Жағдайдың

жОҚТЫҒЫНАН ЖҮКТЕРДІ КҮТІП, ОСЫ ҚАЛАДА ЕКІ-ҮШ КҮН БӨГЕЛУГЕ
тура келді.

یتشرف

السید / خیرات لاما شریف

سفیر جمهوریة كازاخستان لدى المملكة العربية السعودية

بدعوتكم لحضور حفل الاستقبال الذي سيقام تكريماً لحجاج كازاخستان
وذلك بمشيئة الله يوم ١٦ ديسمبر ٢٠٠٧ الموافق ٦ ذوالحججة ١٤٢٨ هـ
في تمام الساعة الثامنة مساءً
في فندق مكة إنتركونتيننتال

الرجاء في حالة الاعتذار الاتصال على ٥٦٩٠٩٨٨٦٧.

Тәуелсіздігін тойлау қарсаңында Сауд Арабиясындағы
Қазақстанның бірінші елшісі Нәзір Төреқұловқа құран
қатым берілетін болғандықтан, Қазақстанның Сауд
Арабиясындағы төтенше және өкілетті елшісі Қайрат
Ламашариповтың жіберген шақыру билеті



Kairat LAMA SHARIF
Ambassador
of the Republic of Kazakhstan



خيرات لاما شريف
سفير
جمهورية كازاخستان

P.O.Box 94012 Riyadh 11693
Kingdom of Saudi Arabia
e-mail: office@kazembgulf.net

Website: www.kazembgulf.net

Tel: +966 1 470 18 39
Fax: +966 1 454 73 04
Mobile: +966 506 28 99 73

هاتف: ١٧٠ ١٨ ٣٩
فاكس: ١٥١ ٧٣ ٠٤
حوال: ٥٠ ٦٢٨ ٩٩ ٧٣

www.kazembgulf.net

ص.ب. ٩٤٠١٢ الرياض ١١٦٩٣

المملكة العربية السعودية

بريد إلكتروني: office@kazembgulf.net

موقع إلكتروني: www.kazembgulf.net

2007 жылы 16 желтоқсанда Меккеде берген визиткасы

Қажылық сапардан кейін


Алланың нұры жаусын!

Қарт шежіреші Ханафия Асқарұлы «Ертіс өрендері» атты кітабында менің бабаларым туралы мынадай деректер келтіріпті:

«... Сарман қажы өз заманында өте жоғары сауатты әрі софы аса діндар болған. Ол Орта жүздің Қанжығалы руынан.

Сарман Меккеге әйелі Інкәрмен бірге аттанған. «Қызылағаш» болысынан Сарманмен бірге Меккеге қажылыққа он екі адам барады.

Өз қаржысына Сарман Меккеден үй сатып алады. Бірақ Меккеде Сарман да, әйелі Інкәр да қайтыс болады. Бірге барғандар Сарман қажының Меккедегі бір сахабаға ақша, пұл беріп, үйді күтіп, өз мүлкіндей сақтап ұстауды тапсырғандығын айтып келеді. Келесі жылы баласы Досжан Меккеге қажылыққа барады. Сахабаға жолығып, әкесі Сарман қажының үйі, мүлкін жалдап қалдырғанын айтса, алғашқыда әлгі бәдәуи «Білмеймін, борышты тапсырыс жоқ, бар қалдырған мүлкі міне», -деп кітабын береді. Сөйтсе, Сарман қажы кітап шетіне баланы жалдап, оған шартты түрде ақша бергенін жазған екен. Бәдәуи бала қатты ұялып «Сарманның тымағын», «Дәлел хайрат», «Қара жабу» үшеуін беріпті. Сонда үш қымбат затты қайтарып тұрған балаға Досхан қажы «Сен ұялма, маған ұмытылмас жақсылық істеп тұрсың. Әкемнің асыл мұрасын сақтап бердің және үйін жүдетпей, өз үйінде күтіп ұстапсың, қызметін Алладан қайтсын» деп тағы да қаражат берсе керек. Сөйтіп, Меккеден Арқаның әулиесі, Ақкөлдің азаматы Сарман қажы сатып алған атақты Құнанбай қажы арнайы салдырған үй секілді Меккеге барғандарға қонақ үй болып қалады. Бұл ақиқатты Ақтоғай ауданы «Шідерті» ауылында тұратын Әубәкір молда зор мақтанышпен әңгімелеген еді...», - деп жазыпты. Мен атамның Меккеде жүргенінде Абайдың әкесі



Құнанбай қажымен де дос-жар, дәмдес-тұздас болғанын үлкен адамдардан естіген едім.

Алланың ақ жолына түсіп, мұсылмандықтың бес парызын өтеп, сүйектері қасиетті Меккеде қалған ұлы атамыз бен әжеміздің сол мүліктері қазір үйде сақтаулы тұр. Қазір өзім де жасым ұлғайған шағымда Алланың ақ жолына түсіп, Құран кітаптарын оқимын. Екібастұздағы мешітке барып, діни сауатымды аштым. Бес уақыт намаз оқып, ораза ұстап, дегендей, Құдайға құлшылық етіп жүрмін. Жә, мен мұның бәрін мақтаныш ретінде айтып отырған жоқпын. Аллаға шын ниетіммен құлшылық қылсам, намаз ұстасам, бұл менің Жаратушы иеміз алдындағы парызым. Менің айтайын дегенім, соңғы жылдары, әсіресе еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бергі уақытта қазақтардың арасынан қасиетті Меккеге барып, мұсылмандық парыздарын өтеп, қажы болып келіп жатқан азаматтар баршылық. Бұл-қуанарлық та, құптарлық іс. Жағдайы келіссе, ешкімге қарыз-парызы болмаса, көзің тіріде қасиетті Меккеге барып, пайғамбарымыз Мұхаммед ғ.с.с. үйін, Қағбаны. Адам ата мен Хауа анамыздың табандары тиген жерді көру, мұсылмандық парызды өтеу баға жетпес дүние ғой. Сол Меккеге қажылыққа барған жерлестеріміздің бірі - Совет қажы мен әйелі Гүлжиян. Гүлжиян жоғарыда аталған кітаптың авторы Ханафия ақсақалдың қызы. Гүлжиян Ертістің жағасында өскен, менің атам Сарманды біледі екен. Ақкөлдегі мешіт ашылғанда Екібастұздағы мешіттің имамы Арғын Бабылбектегімен бірге Совет қажы мен Гүлжиян қажы да келген еді. Сонда мен осы кісілерге жолығып, атам мен әжемнің Меккеде қалғанын айтқан едім. Олар Меккеге қажылыққа барғанда атам Сарман мен әжем Іңкәрдің әруақтарына тәжім қылып, атап Құран оқыпты. Кім-кімге болса да ата-бабасы, ата-анасы қымбат қой. Оның үстіне ол адамдар Алланың ақ жолында, Меккеде жүріп, ата-бабанды еске алса, тәжім етсе, қайтіп тебіренбессің?! Мен Совет



қажы Гүлжиян қажының осындай ізгі ниеттерін естігенде, Меккеден атам мен әжем тіріліп келгендей қуандым.

Қазақ «Өлі риза болмай, тірі байымайды» дейді. Марқұмдар орындарынан бір-бір аунап түскен шығар. Қасиетті Мекке жеріне табан тіреп тұрып, әруақтарынан айналайын атам мен әжеме Құран оқыған Совет қажы мен Гүлжиян қажыға өзімнің, бала-шағамның және Сарман қажының әулетінің атынан үлкен алғысымды білдіремін. Сіздерге Алланың ақ нұры жаусын!

Мекежан Уәжит Сармантегі, Ақкөл ауылы



1999 жылы елші Бағдат Амриевпен кездесу



1999 жылы Арафат тауында Адам-Ата мен Хауа ананың жұмақтан қуылғаннан кейін бірнеше жылдан соң кездескен жері. Құлпытастың қасында Әмір қажы, Бақыт Тұрсынбайдың анасы, Гүлжиян, Жеңіс, Амангелді, Иранғайып, 31 каналдың журналисі Жұлдыз, «Шапағат-Нұр» журналының редакторы Ертай Ерناзар



Әси Жабағин Ақкөл ауылындағы
Исабек ишан мешітінің ашылуына қатысты



1994 жыл Түркістанда



2007 жылы қажылықта. 2007 жылы елшімен кездесу



2008 жыл Түркістанда



Мешітте Құран әліппесінен дәріс алу



Совет аксақалдар алқасында



Қазақстан халқы Кіші Ассамблеясының 5 жыл толуына және “Достық” үйінің ашылғанына 1 жыл толуына байланысты Қазақстан халқы Кіші Ассамблеясы Павлодар облыстық бөлімшесінің төрағасы Қанат Дәржұманов орынбасары Г. Наурызбаевамен бірге арнайы келіп, сол кездегі қала әкімі В. Набитовскиймен, Совет қажымен, Халел қажы және өзге де қадірлі аксақалдармен мерекелік дастарханда бас қосты



Прагадағы жұмбақ тас, 2000 ж.



Чехословакия. Прага - 2000 ж.



2003 жыл «Белокуриха» курорты



2004 жылы «Белокуриха» курортында



2005 жылы Филиппин аралы, Себуде

Четверть века прослужила Гульжиян Ханафиевна Абгужинова на санитарно-просветительской работе, воспитала не одно поколение энтузиастов этого дела.

Жизнь ее была не из легких. Родилась, когда шел второй год Великой Отечественной войны, в Иртышске Павлодарской области. В сорок четвертом ушел на фронт ее отец, год спустя умерла мать, и до четвертого класса Гульжиян воспитывалась в семье дяди, пока тот не передал девочку отцу, вернувшемуся с войны и имевшему новую семью, где было девять детей. Гульжиян стала десятой.

Закончив школу, восемнадцатилетняя девушка вышла замуж, и путь в жизнь они стали пробивать вместе с мужем. За четыре года у них появились два сына - Тасболат и Бекболат. Их мама все время мечтала найти какую-нибудь работу и нашла-таки, прежде закончив курсы операторов счетно-клавишных машин: стала трудиться в машинно-счетной станции Иртышска.

В шестьдесят шестом у Тасболата и Бекболата появилась сестра Бибигуль. А у мамы была еще одна мечта - стать медиком. Закончив двухгодичные курсы, Гульжиян стала заведующей прививочным кабинетом в Иртышской районной больнице. В семье появился четвертый ребенок - Айгуль.

Потом мужа перевели в Экибастуз, и Абгужиновы стали горожанами, Гульжиян получила место в центральной поликлинике, в кабинете контроля за занимающимися физкультурой и спортом. А когда при поликлинике был открыт кабинет санитарного просвещения, она перешла сюда и работала здесь до того момента, когда ей, как матери четверых детей, назначили пенсию.

Ее делом было организовывать лектории, готовить санитарных инспекторов, которые вели профилактическую работу на предприятиях. И сейчас, и тогда медики работали

по принципу: болезнь легче предупредить, чем лечить. Вот этим и занималась наша Гульжиян Ханафиевна. Молодые медсестры шли к ней за советами. Их наставнице в 1987 году было присвоено звание “Ветеран труда”, имеет она немало грамот и благодарностей.

Все ее жизненные успехи стали возможны благодаря ее же упорству и трудолюбию. Дети подарили ей тринадцать внуков, у всех жизнь устроена. А бабушка с мужем по приглашению Короля Саудовской Аравии совершили в 99-м году хадж к мусульманским святыням. Невзирая на возраст, она изучает арабскую графику, берет уроки у преподавателя из Турции.

С 60-летием Вас, Гульжиян Ханафиевна!

М. НАУМОВА,
председатель Совета ветеранов
22 февраля 2002 г. “Голос Экибастуза”

Он бірінші бөлім

«Алтын тойға» тарту

/Палестина-Израиль-Стамбул сапарынан/

Алла нәсіп етіп, балалардың қолдауымен 2009 жылы 21 желтоқсанда Әл-ақса мешітін көруге Павлодардан Алматыға, Алматыдан Стамбул арқылы Телабибке, одан Иерусалимдегі Әл-ақса мешітіне бет алдық. Стамбул әуежайында 6-7 сағаттай кідіретін болғандықтан мың жарым жылдық тарихы бар көне Солтан Ахмет мешітіне барып, зиярат еттік. Солтан Ахмет мешіті Қара теңіздің жағасында салынған. Жергілікті тұрғындар мешіттің тарихы туралы төмендегідей әңгімелейді: Сол заманда патша Солтан Ахмет мешітін алтыннан тұрғызуға әмір берген. Нөкерлері

әрі ойлап, бері ойласа да, қазынадағы алтынның құрылысқа жетпейтінін біледі. Шарасыз күйге түскен нөкерлерге бір данагөй ақсақал: «Сендер алтын іздеп, әуреге түспендер, одан да алты мұнаралы мешіт салыңдар. Патша мұның мәнісін сұраса, жауабын өзім беремін», - депті. Күндердің күнінде мешіт құрылысын өз көзімен көруге келген патша «Мешітті неге алтыннан тұрғызбадыңдар?» дегенде, данагөй ақсақал: «Біз алтын емес, алты мұнаралы мешіт салу қажет деп ұқтық», - деп уәж айтыпты. Данагөйдің тапқыр жауабын естіген патша дінкесі құрып, үнсіз келісіпті.

Стамбул мен Алматының уақыт айырмашылығы төрт сағат, Стамбул мен Телабибтің де айырмашылығы төрт сағат екен.

22 желтоқсанда Телабибке ат басын тіредік. Иерусалим мен Телабибтің арасы 50 шақырым. Біз ол жерге шағын автобуспен бардық. Біздің жолбастаушымыз Аманкелді Еренғайып деген азамат еді. Алматыдан Сәуле Тәшенова, Астанадан Дәмеш қажы және Дәмеш апаның баласы Арыстан қажы барды. Дәмеш апа он екі бала тәрбиелеген батыр ана. Айтуына қарағанда, балаларымен екі рет қажылыққа барыпты.

Желтоқсанның 22-нен 23-не қараған түні Иерусалимдегі Құддысқа келдік. Ертеңгілік ғұсылымызды құйынып, дәретімізді алып, Әл-ақса, одан Омар мешітіне бет түзедік. Әл-ақса мешітінде әуедегі тастың тілек тілейтін жері темір тормен қоршалған. Біз оң қолымызды тордың арасынан өткізіп, Астанадағы аялы алақан сияқты тасқа оң қолымызды салып, өзімізге, бала-шағамызға, немерелерімізге, бүкіл мұсылман қауымға, Отанымызға тыныштық, ынтымақ тіледік.

Мұсылман қауымның Мекке мен Мәдинадан кейінгі тілегі қабыл болатын жер-осы Иерусалимдегі мешіттер екен. Осы жерде Мұхаммед /с.ғ.с./ пайғамбарымыздың сақалы бар екен, бірақ біз оны көрмедік. Сұрастырып білсек,

пайғамбарымыздың сақалын тек қана Қадір түні көрсетеді екен.

Осы күні мешіттің астындағы үнгірге түсіп, тәубе, шүкір намазын оқып, тағы да тілек тіледік. Сонымен бірге Мұхаммед /с.ғ.с./пайғамбар ғарышқа көтерілерде ұшып барған пырағын байлап кеткен жеріне бардық.

Сөйтіп, Әл-акса мешітінен шығып, ғазіреті Омар мешітіне келдік. Осы жерде ғазіреті Омар мешітімен қатар үш діни ағымның, яғни еврей, христиандардың шіркеулері де орын тепкен екен. Сол жерде ағашқа керіп өлтірілген Иса пайғамбардың суретін іліп қойыпты. Аңыздарға сенсек, Салахидин Аюби Иерусалимді жаулап алғанда, христиандар шіркеудің кілтін бермепті. /Олардың библиясында Иерусалимді арабтардың жаулап алатыны, сонымен бірге кілтті беретін кісінің шапанында 17 жамау болатынын да суреттеп жазған/ Шіркеу қызметкерлері Салахидин Аюбиге: «Сен кілт беретін адам емессің, ол адам өзі келеді, біз кілтті өз қолына береміз», - деген көрінеді. Сөйтсе, ол адам ғазіреті Омар екен. Христиандар Омарды жылы қабылдап, шапанындағы он жеті жамауды санапты. Әбден көздері жеткен соң, кілтті ғазіреті Омарға тапсырған. Содан бері осы шіркеуге арабтар ие. Бүгінгі күнге дейін шіркеуді христиандарға жалға беріп келеді. Христиандардың түсінігі бойынша ағашқа керіп өлтірген Иса пайғамбар әлі күнге дейін тірі, ол ғарышқа ұшып кеткен. «Үш-төрт жылдың ішінде жерге оралуы тиіс. Еврейлер Иса пайғамбар біздің дінді қолдайды десе, христиандар «жоқ, ол біздің дінге берілген деп сендірсе, арабтар керісінше «Иса пайғамбар жерге мұсылман болып оралады», - деп болжайды-мыс.

Аңызға сенсек, Иса қай дінді қабылдаса, жер бетінде сол дін үстемдік құрады екен.

24 желтоқсан күні Бифлейф қаласында Ибрагим /Абрам/ пайғамбардың - Сара анамыздың баласы Исақ пайғамбардың, Исақ пайғамбардың әйелі Рафта

анамыздың қабірлеріне барып, зиярат еттік. Содан кейін Иса пайғамбардың табанының ізі түскен Бифлейфке келген едік, патриарх Рим папасы т.б. христиандардың лауазымды тұлғаларды қабылдап жатқандықтан, біз межелеген жерімізге барудың сәті түспеді.

25 желтоқсанда христиандардың Рождество мерекесі басталды. Осы күні кешке теледидарды қарап отырсақ, бір жас еврей әйел папаны ілтипат көрсетпек болды ма, тамағынан буындырғандай көрінді, мұны күтпеген папа жерге құлап түсті де, оны дереу зембілге салып, ауруханаға алып кетті. Біз мұны Израиль мен Палестина халқы өзара жауласып, соғысқанда Рим папасының еврейлерді қолдамағанынан осындай әрекетке барған шығар деп түсіндік.

25 желтоқсанда Мұса пайғамбардың қабіріне барып, зиярат еттік. Нұх қауымының қарғысқа ұшыраған жері-Ирефин көне қаласындағы Өлі теңізде шомылдық.

26 желтоқсанда Иса пайғамбардың саясында демалып, пайғамбарлармен кеңес құрып жүрген 2000 жылдан аса жасаған қарт ағашты барып көрдік. Исаға пайғамбарлық қасиет 40 жасында конған.

Ағашқа таяу жердегі Моисей төбешігіне шықтық. Мұнда зәйтүн ағашы өседі екен. Осы зәйтүн ағашының түбінде Ғұзайыр пайғамбар 100 жыл ұйықтап тұрған екен. Мініп келген есегі әлдеқашан өліп, сүйегі қурап қалған. Пайғамбар оянғаннан кейін есегіне ет бітіп, баяғы қалпына келіпті. Үйіне келсе, бала, немере-шөберелері әлдеқашан бақилық болған, шөпшек-жұрағаттары ғана қалған.

27 желтоқсан күні Иса пайғамбардың суға түскен жері - Иордан өзеніне келдік. Иордан өзені христиандар, католиктер қажылық жасайтын жер екен. Бізде зиярат жасаған соң, Қағбаны жеті рет айналып жүгірсе, олар зиярат жасаған соң, Иордан өзеніне жеті рет сүңгиді екен. Біз Санкт-Петербург, Мәскеу, Германиядан келген христиандар, католиктермен бірге Иерусалимдегі қонақүйде бірге жатқан едік. Сонда

олар бұл сапарын бізге парызымызды өтеуге келдік деп түсіндірген еді. Көп ұзамай олармен Иордан өзенінде кездесеміз деп кім ойлаған.

Біз бұл жолы ауа райының қолайсыздығына байланысты Иордан өзенінде шомылған жоқпыз. Әрі өзенде жылан, мүйізді балықтар, кішкентайлары құмырсқа сияқты біз көрмеген түрлі балықтар мен ондатра секілді ірі, терісі жылтыраған домалақ балықтар жүргендіктен суға түсуге тәуекел етпедік. Суға аяғыңды салсаң, балықтар қасыңа жетіп келеді. Кісіден қорықпайды да үрікпейді. Адамдар тамақ беріп, жаман үйреткен. Біз дәретімізді алып, суға беті-қолымызды, аяғымызды жудық. Ал католик, христиан дініндегі немістер, ағылшындар болса, ештеңеге қарамай, суда шомылып жүрді. Мәриям анамыздың қабіріне барып, зиярат еттік.

Осы күні еврейлер де біздің Құрбан айт секілді үлкен діни мейрамды - “Шабат” мерекесін атап өтті. Иерусалимге келсек, еврейлер сырнайлатып, кернейлетіп, таң атқанша секіріп биледі.

28 желтоқсанда сапарымыз аяқталып, Телавив-Стамбул-Алматы ұшағына отырып, Павлодарға желтоқсанның 29-нан 30-на қараған түні келдік. Сол түні Екібастұз қаласына оралдық.



Ибрагим Пайғамбар әйелі Сарамен қатар жатыр



Дәмеш қажы, Сәуле Ташенқызы, Аманкелді қажы,
Совет қажы, Гүлжиян қажы

Арыстан қажы,
Дәмеш қажы,
Сәуле Ташенқызы,
Совет қажы,
Гүлжиян қажы



Әл-Ақса мешітіндегі
әуедегі тастың тілек
тілейтін жері темір
тормен қоршалған





Әл-Акса
мешітіндегі қыбла



Әл-Акса мешітінің
сыртқы көрінісі

Йордан өзеніндегі
балықтар



Иса Пайғамбар
саясында демалып, өзге
пайғамбарлармен кеңес
күрған 2000 жылдық
қарт ағаш





Әуедегі тастың асты



Телавив қ.





Ибраһим /Абрам/ пайғамбардың ұлы Искак /Исаак/
пайғамбардың зираты



Астана. “Бәйтерек” монументі



III тарау

АЛТЫ ананың тәрбиесін алған



Ұшқан ұя

Асқар ақсақалдың киелі шаңырағын имене аттаған Нақия өзін сол сәтте ерекше бақытты сезінген еді. Павлодар педагогикалық училищесінің алғашқы түлегі, қасы-көзі киылған, еріні алқызыл гүлдей үлбіреген әдемі бойжеткенге құрбылары қызыға да қызғана қарады. Қызықпағанда ше, сүйген жары Ханафия да құрдастарының алды, Алматыдағы екі жылдық мұғалімдер институтын бітірген жас ұстаз. Оның үстіне ауылдастары Ханафияның шаңырағын кие қонған, құтты орда деп білуші еді.

Жас келіннің жүріс-тұрысына, биязы мінезіне тәнті болған көрші әжей бірде Нақияны қасына шақырып алып: - Айналайын келінжан, өзің бір келісті бала екенсің. Әйтсе де біліп қойғаның жөн Асқар атаңның шаңырағынан жеті атадан бері құт арылмаған. Киелі шаңырақтың құтын қашырмағайсың, қызым,- деген еді аналық мейіріммен.

Ойы зерек, сұңғыла Нақия әже сөзінің астарын түсіне қойды. Асқар атасының шаңырағына деген елдің алабөтен ықыласын жас та болса зердесімен ұғынған жас келіншек бірде мұның мәнісін күйеуінен суыртпақтап сұрап көреді. Қызыл империяның дәуірлеп тұрған кезінде дін, шариғат туралы ашық айту қайда. Әйтсе де жас келіншегінің өтінішін аяқсыз қалдырғысы келмеген Ханафия бұл шаңырақтан 4 сопы шыққанын, 16 адам қажылыққа барғанын там-тұмдап жеткізеді. Ойы озық, білімді күйеуі жұрт көзінен жасырып, жеті атасын тарататын шежіре де жазып жүр екен.

- 1890 жылы ұлы бабамыз Мәнән Мекке-Мәдинеге барып, қажылық парызын өтепті. Ал 1905 жылы Сәлмен бабамыз қажылыққа ниет еткен. Осылай кеңес өкіметі орнағанша, ата-бабамыз үзбей қажылыққа барып, Аллаға құлшылық жасаған. Ертіс өңірі жұртшылығының біздің шаңырақты киелі деп тануының сыры осында,- деді Ханафия келіншегінің ойлы жүзіне байыппен қарап, Келешек балаларымның анасы ретінде, Нақия, айтайын дегенім, сен

біздің үйде атадан балаға мирас болып келе жатқан екі заттың бар екенін білгенің жөн, - дейді мұқабасы тозыңқыраған қалың кітапты қолына алып, - Мына кітап “Араб әліппесінің грамматикасы” деп аталады. 1902 жылы Санкт-Петербург қаласында жарық көрген, ал бұдан ертеректеу басылған “Мұхамедия” деген мына кітапта сүннет-әнгімелер жазылған. /2007 жылы “Араб әліппесінің грамматикасы” кітабын Гүлжиян апа Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы Әбсаттар қажы Дербісәлінің өз қолына тапсырады. Ал “Мұхамедияны” қаламыздағы тарихи-өлкетану мұражайының 10 жылдығына тапсырады. Авт./ Бұл екі кітап та шанырағымызда құнды заттардың бірі болып табылады. Алда не күтіп тұрғанын кім білсін. Әйтсе де осы екі кітапты, мен жазып жүрген шежірені көзіннің қарашығындай сақтағайсың,- дейді жанары ұшқын атып.

1939 жылы Ханафия мұғалім әскер қатарына алынады. Өмір сынынан өтпеген бейбітсүйгіш жас жігіт алғаш рет қолына қару ұстап фин соғысына қатысады. Майданда ауыр жараланған Ханафия елге оралғанда сұрапыл соғыс басталған кез-тұғын. Елдің тұрмысы ауыр, кемпір-шал, әйелдер “Бәрі де майданға!” деген ұранмен күн-түн демей еңбек көрігін қыздырып жатыр екен. Жұмыс күші тапшы. Майданнан оралған Ханафия ақсап қалған мектеп жұмысын қалпына келтіру үшін басшылық тізгінді ұстайды. 1942 жылы ауыр жұмыстан еңсесі езілген ауылдастары Ханафияның үйіндегі қуанышқа жиналады. Ауылдастары Ханафия мен Нақияның қуанышына ортақтасып, тұңғышы Гүлжиянның шілдеханасын атап өтеді.

Сол жылы тұңғышын бауырына басқан Нақияның көңілі әлденені сезгендей ерекше шаттық күйге бөленеді...

1945 жылы Ханафия қайтадан өмір мен өлім айқасқан қан майданға аттанады. Сол жылы майдангердің отбасына қайғы бұлты үйіріледі, ауыр жұмыс титығына жеткен Нақия екінші ұлына 40 күн толғанда 21 жасында мәңгілік мекенінде

тыныс табады.

Еліне жеңіспен оралған майдангерді қаралы хабар күтіп тұрған еді. Екі жасар Гүлжияны ағайындарының қолында. Шаңырағының орнын сипап қалған Ханафия ішінен кимаса да, ағайындарының кеңесімен қызын немере ағасы Кәбіштің тәрбиесіне береді. Кәбіштің бәйбішесі бұрын бала көтермеген Шәкім Сатыбалдықызының аналық мейірімі оянып, сүйкімді қызды бауырына басады. Сәбидің алаңсыз күлкісі тағдырына ренішті ерлі-зайыптылардың сүреңсіз өміріне жан бітіреді.

- Шәкім анам мені қанаттыға қактырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай аялап өсірді. Есім кіріп, оң-солымды таныған шақта ала таңнан жұмысқа баратын әке-шешем мені оятпай, есікті сыртымнан жауып кететін. Бетімнен қакпай өсіргендіктен бе, еркелеу өскен мен ұйқыдан оянған бетге алдымен есікті тартып көремін, сыртынан жабылғанына әбден көзім жеткен соң, терезенің шынысын сындырып сыртқа шығатын едім. Ол уақытта шынының кымбаттығы өз алдына, оны алыстан жеткізудің машақаты жеткілікті еді. Шыныны сындырғаным үшін әке-шешем сазайымды беретін, соңынан амалсыз ат аркасы қияннан шыныны сатып алып, терезеге қайта салушы еді. Алғашқыда мені өздерімен ертіп, жұмыс басына апарып жүрді. Оқиға ұмытыла бере тағы да сыртымнан жауып, мені жалғыз қалдыратын болды. Сонғы жаза ауырлау тиді білем, енді мен сыртқа шығудың басқа әдіс-айласын ойлап таптым, төбеге өрмелеп, шаңырақтағы саңылау арқылы жерге дік ете түсетінмін. Тентектігіме түсіністікпен караған үлкендер: “Мына қызға дауа жоқ екен” деп бастарын шайқайтын.

Біздің балалық шағымызда ел салт-дәстүрді, әдеп-ғұрыпты берік ұстанушы еді. Ол кезде сабын қат. Ауылдың әйелдері жиналып бір үйде алабота деген шөпті, қайыңның қабығын, малдың іш майын қосып шаш жуатын және кір жуатын сабын қайнататын. Неге екенін кім білсін, сабын

қайнатып жатқан үйге бөгде адамның, әсіресе қыз баланың кіруіне рұқсат етілмейтін. Дәстүр бойынша егер қыз бала тыйым салынғанын біле тұра үйге кірсе, онда көйлегінің етегін жыртып жіберетін. Соғыстан кейінгі уақыт қой. Қазіргідей көп көйлек қайдан келсін. Соны біле тұра менің әуесқойлығым жеңіп, сабын қайнатылып жатқан үйге әдейілеп кіретінмін. Ондағы әйелдер мұның көйлегі жоқ екен деп қарап тұрсын ба, көйлегімнің етегін қак айыратын,- дейді Гүлжиян апа балалық шағын сағынышпен еске алып. Уақыт зымырап алға жылжиды. “Суворов” кеңшарының 4-бөлімшесінде тұлымшағы желбіреп өсіп келе жатқан Гүлжиян осы ауылда бастауыш класты бітіреді. Кәбіш пен Шәкім өзара ақылдасып, қыздарының білімін одан әрі аудан орталығындағы он жылдық мектепте жалғастыруын қалайды.

- Бұл мектепте әкем оқу ісінің меңгерушісі қызметін атқаратын. Ағайын-туыстардан орталықта әкемнің үйі ғана болғандықтан Кәбіш әкем мен Шәкім анам менің Ханафия әкемнің үйінде тұрып оқуыма еріксіз келісімдерін берді. Әкемнің екінші рет үйленген кезі. Маған енді үшінші шешеге бауыр басуға тура келді. Кейінгі шешем 9 бала көтерді. Сөйтіп, шешемнің көнілін табамын, бауырларым мен сіңділеріме қараймын деп жүргенде, өзім де бойжеткенімді сезбей қалдым. Әкемнің қолына барғаннан кейін өз үйлеріне ат ізін салмай кеткеніме Кәбіш әкем мен Шәкім анам өкпелеп, менімен қатыспай қойды. Мен үйіріме қайта қосылған соң, бауырындағы баласынан тірідей айырылған әкем Кәбіш қайтадан төсек жаңғыртты. Кәбіш әкемнен туған бауырыммен мен тонның ішкі бауындай араластым. Бүгінде бауырым да дүниеден озды. Бауырымнан қалған балалармен араласып тұрамын,- дейді Гүлжиян апа сол бір күндердің тұңғығына бойлап.

Отбасы бақыты

Орта бойлы, жүзі аппак, танадай көздері күлімдеп

тұратын келбетті бойжеткен он жетіден он сегіз жасқа аяқ басады. Көрген адам көз салмай өтпейтін сүйкімді қыз өзі қатарлас жігіттердің көз құртына айналғалы қашан. Жаз айының жаймашуақ күндерінің бірінде шешесі жүн түтіп, Гүлжиян іс тігіп отыр еді. Есікті салдырлата ашып көшенің келесі бетінде тұратын Жангелді ақсақал саңқылдай сөйлеп, әкесі Ханафины онаша әңгімеге шақырады.

Қыз деген қу келеді емес пе? Гүлжиянның қолы істе, құлағы әкесі мен Жангелді ақсақалдың әңгімесінде. Сөздері анық естілмесе де, “Ел Ханафияның үйінде аяулы қыз өсіп келе жатыр. Қыздың падишасы деген соң, Гүлжиянды ұлыма айттыра келдім. Қызынды алақанымызда ұстаймыз. Оқимын десе жолы ашық. Қаласа аспандағы айды да, күлімдеген күнді де сенің қызыңның қолына саламыз. Жалғыз ұлымыз Советтен аянарымыз жоқ” деген еміс-еміс естілетін сөздерінен әңгіме ауанын ұға қойды. “Анам Нақия дүниеден ерте озды. Екінші шешем Шәкім маған өкпелі. Кәбіш әкемнің тоқалы - екінші шешем Қамия Қосыбайқызының өз баласы десе шығарда жаны бөлек. Өз әкемнің жағдайы анау. Оған екінші әйелінен туған 9 баланың мехнаты да жетіп-артылады. Елдің айтуына қарағанда, мемлекеттік сақтандыру мекемесінде жұмыс істейтін Совет текті тұқымның баласы көрінеді. Тәуекел. Етегінен ұстап көрейін. Бәлкім бағым жанар”, - деп төргі бөлмеде отырған Гүлжиян да іштей өз ойымен әлек. Үлкендер бір байламға тоқтады ма, ауызғы бөлмедегілердің әңгімесі саябырсып, үнсіздік орнады. Ересектердің ендігі назары өзіне ауғанын сезген қу қыз ойын ешкімге сездіргісі келмей, тігін машинасының құлағын айналдыра жөнелді.

Біреудің аяғының ұшынан басып, қасына келгенін сезген қыз басын көтерсе, шешесі екен.

- Қарағым, Жангелді атан бізбен құдаласқысы келеді. Бұйымтайы өзің екенсің. Совет те осы өңірдегі мақтаулы жігіттердің бірі. Әрі оның анасының сенің туған шешен

Накияға туыстығы бар. Анаңның немере апасы сені өзектен теппес, - дегенде, іші бұлк ете түскен қыз көп сөзбұйдаға салмай:

- Жаксы, апа. Мен келістім. Советке тұрмысқа шығамын, - деді қысқа ғана.

Жангелді қарт әкесіне берген уәдесінде тұрды. Аузын ашса көмейі көрінетін анкылдаған ақсақалдың парасатты бәйбішесі Бағила Шәмшиденқызы әлі 18-ге толып үлгермеген жас келінін босағаны аттаған күннен бастап аналық қамқорлығына алды. Тағдырына шүкіршілік еткен кемпір-шал ұлы Совет бір жакқа жиналса “Қарағым, сен де қалма, бірге бар”, - деп екі жактан кеу-кеулеп бұны да күйеуімен ертіп жіберетін.

Екеуі отасқан алғашқы жылдары Гүлжиян өмірлік жолдасы Советтің сөзге берік, ұстамды жігіт екеніне көз жеткізеді.

Ұлдарын көргенді отбасының қызына үйлендіріп, көңілдері жайланған ата-енесі Гүлжиянның өз үйіне барып, қолқабыс жасап тұруына бәлендей қарсы бола қойған жоқ. Алайда “Жұт - жеті ағайынды” деп қазақ тегін айтпаған ғой. Қызын құтты орнына қондырып, енесін енді тіктеген Ханафияның басына тағы да бақытсыздық орнайды. Екінші әйелі, тоғыз баланың анасы Шәмшиқамар Жүнісқызы Әмре қажы немересі ағайын-туысты қайғыға батырып, мезгілсіз дүниеден озады.

Шешесінің қазасы өмірдің кермек дәмін татқан Гүлжиянның жүрегіне айықпас жара салады. Босаға тіреп қалған әке, аналарынан айырылған шиеттей жас балалардың көз жасы балалықпен енді қоштасқан жас аруға оңай тимеді. Анадан жетім қалған бауырлары мен сінлілерін қиын кезде демеп, қасіретін теңдей бөліскен өмірлік жары Советтің азаматтық тұлғасын Гүлжиян сол кезде жақынырақ таниды.

Қариялардың көптен күткен тілектері де қабыл болып

1962 жылы тұңғышы Тасболат, араға жылдар салып Бекболат, оның артынан іркес-тіркес екі қыз бала жарық дүние есігін ашты. Жангелді ақсақал онашада “Біздің ұрпақ өспеді-ау” деп қамығып, кеудесін қара мысық тырнағандай күй кешетін-ді. Сондайда тотыққан жүзіндегі әжімдері тереңдеп, көзінде ауыр мұң тұнушы еді.

Үйіне бақ пен ырыс ала келген жас келінді атасы мен енесі тәңірінің сыйындай қабылдады. Алғашқы нәрестесін дүниеге әкелген Гүлжиян ата-енесінің ықпалымен Павлодар медициналық училищесінің Ертіс ауданында ашылған филиалында оқиды. Училищені тәмамдаған соң, осындағы емханаға жұмысқа орналасады.

- Ертістегі үй мен емхананың арасы үш шақырым. Үйге үш рет қатынаймын. Қазір есептесем, мен күніне 12 шақырым жол жүреді екенмін. Енем кәрі, балалар жас, жұмыстан келген соң үйдің шаруасын жүгіріп жүріп атқарамын. Сиыр сауамын, сүт тартамын, бау-бақшаны күтемін, балалардың кір-қоңын жуамын. Әйтеуір тыным жоқ. Дастархан басында кеңінен көсіліп әңгімелесуге уақыт тар. Күнұзақ балаларды қарайтын енем екі қолын артына салып, менің соңымнан жүріп әңгімесін айтады. “Сенің анаң Нақия әйел біткеннің көріктісі еді, ақылы, ажары, білімі өзіне сай еді” деп бастайды да, одан әрі әжем Ұмсындық жайлы әңгіме қозғайтын. Енемнің әңгімелеуінше, әжем он қолынан өнер тамған өте ісмер болыпты.

“Гүлжиян, сен жақсылардың көзісің, ананның, әжеңнің елге сыйлы адамдар болғанын білуге тиістісің” дегені есімде қалыпты. Шамасы, анам Нақияның есімі өшіп қалмасын, жадында сақтасын деген оймен құлағыма сіңіре берген ғой деп ойлаймын осы күнде”, - дейді Гүлжиян апа енесін жылы лебізбен еске алып.

Зерделі қыз енесінің тәлімін көріп, тұрмыстық қажетті кәсіпті жылдам меңгереді. Шұлық тоқиды, құрт қайнатып, ірімшік пісіреді.

Жангелді қарияның алпыстан асканда көрген немересі Тасболатқа ерекше мейірімі түссе керек. Бала аяғын апылтапыл басқан кезде атасы немересін жанынан бір елі қалдырмайды екен. Бірде баланың атасының аяғына оралғы болғанын қаламаған келіні Тасболатқа:

- Сен ешқайда бармайсың. Үйде қал,- деп, киіндіре қоймаса керек. Келінінің сөзін құлағы шалған атасы: “Бағила, ендеше сен де шешін. Біз де қонаққа бармаймыз”, - депті көңіліне ауыр алып.

Бір қызығы, Тасболатты атасы, Бекболатты әжесі еншілеп алыпты. Атасының баласы Тасболат әжесіне жуымайды екен. Ал Бекболат болса әжесінен бір елі айырылмайтын көрінеді. Ел де Тасболатты атасының, Бекболатты әжесінің баласы деп санайды екен. Осыдан барып екі немересіне ауылдастары әзілдеп “Шалов”, “Кемпіров” деп ат қойыпты. Сол жылдары кеңестік кезеңнің талабымен “орыстандыру саясаты” күшіне енгенде, Гүлжиян апанын балалары ұлттық тәрбиенің иісі аңқыған күпі киген кара шал мен кимешекті бәйбішенің бауырында өсіп-жетіледі.

Жана орында

1972 жылы 1 сәуірде Совет Жанкелдіұлы жаңадан құрылып жатқан

Екібастұз аудандық сақтандыру мекемесіне басшылық қызметке ауысады. Артынша 16 қазанда Гүлжиян Ханафияқызы ата-енесімен, төрт баласымен көшіп келеді. Өз кәсібін жақсы меңгерген Гүлжиян Ханафияқызы қалалық медицина бірлестігіне қарасты санитарлық-ағарту бөлімінде нұсқаушылық қызмет атқарады.

- Біз “Шанхай” шағын ауданындағы жатаған үйлердің бірін сатып алдық. Құркылтайдың ұясындай кішкентай үйде ата-енем, балаларымызбен тұрып жаттық. Біраз орныққан соң, ауылдан білім қуған туыстардың балалары бізді сағалап, қолымызға келді. Үй толы жан. Өз туыстарым - екінші шешем Қамиядан, үшінші шешем Шамшиқамардан,

төртінші шешем Шәрбан Жұмабайқызынан туған балашар маған жақын жүрді. Уақыт өте келе енем Бағила да анамның орнын басты. Мен анамның жақын туысы - Бағила енемді алтыншы шеше ретінде мойындадым.

Жұмыстан келген соң, дамыл таппай тамақ істеуге кірісемін. Шәйді ауылдағыдай самауырға қоямын. Ата-енем тамаққа күріш, макарон салғанды ұнатпайды. Атам жарықтық “Күріш ішімде өсіп кетеді” деп күріш қосылған асты аузына салмайтын. “Қанша ғұмырлары қалды дейсің” деп қарт ата-анамның көңіліне қараған мен көбіне илеген камырдан есіп тамақ пісіретінмін. Сөйтіп, ата-енеммен шәй деспей, отыз жыл бір шатырдың астында тұрып, соңғы сапарларына өз қолыммен аттандырдым”, - дейді отбасының ұйытқысы болған Гүлжиян апа.

Иә, жайшылықта әйел адамның от басы, ошак қасындағы күйкі тірлігі ескеріле бермейді ғой. Гүлжиян апа 60 жасқа толғанда кезінде осы үйде жатып оқыған ағайынның балалары “Біз Гүлжиян апаның кеңпейілділігін үнемі еске аламыз. Залда қаз-қатар тізіліп жататын едік. Кейде ине шаншарға орын табылмайтын. Апамыз бізді бөтенсінбей, өз балаларындай көрді, төсегімізді салып, барын алдымызға қоятын. Біз осы үйде қанша жыл тұрсақ та, апамыздың қабақ шытып, зекігенін көрмеппіз”,- деген еді шынайы ақтарылып.

Қазақы ортадан келген Гүлжиян апаның балалары алғаш қалаға келген уақытта бір ауыз орысша білмейтін. Заман ауанына бейімделген ата-анасы Тасболатты орыс мектебіне оқуға береді. Балабақша есігін ашып көрмеген зерделі бала аз уақыттың ішінде орыс тілін меңгеріп, үздіктердің қатарынан көрінеді. Ағасынан үлгі алған Бекболат, Бибігүл де сабақты жақсы оқып, ата-анасының мерейін өсіреді. Оқу озаттарының суреттері “Құрмет тактасынан” орын алады. Айтпақшы, 1980-ші жылдары медицина қызметкерлерінің арасында “Балалардың коммунистік тәрбиесі” атты

калалық ғылыми-практикалық конференция өтеді. Мектеп мақтанышына айналған балаларды тәрбиелеп отырған ана ретінде Гүлжиян Ханафияқызы да осы конференцияға қатысады.

Гүлжиян Ханафияқызының жұмыстағы міндетіне кәсіпорындарда профилактикалық шараларды жүргізетін санитарлық инспекторларды дайындау кіретін. Осы уақыт аралығында Гүлжиян апа жастарға ақыл-кеңесін беріп, дұрыс бағыт-бағдар сілтеді. Гүлжиян апаның ұзақ жылғы еңбегі ескеріліп, 1987 жылы “Еңбек ардагері” медалімен марапатталады.

Шоктығы өскен Гүлжиян апаның ұлы Тасболат мектеп қабырғасында жүріп, кәнігі спортшы ретінде таныла бастайды. Бокстан спорт шебері атанады. Кейін жаттықтырушы да болады. Кейін оны спортшылар Павлодар облысы федерациясының президенті етіп сайлайды.

Орта мектепті бітірген соң Тасболат Павлодар педагогикалық институтына оқуға түседі. Институтты жақсы тәмамдаған Тасболат сол жылы отбасын қуанышқа бөлеп, Атыраудың ару қызы Шаттық Ешмұратқызына үйленеді. Жангелді ақсақал мен Бағыла әже үшін ақ түйенің қарны жарылады. Немеремді кеш сүйдім деп уайым қылып жүрген қария енді шөбересін тағатсыздана күтеді.

Тасболат әскер қатарында. Өмірлеріне шаттық сыйлаған жас келінге ерекше ықыластары ауған ата-әже, ата-ене дүниеге шыр етіп атұстар келгенде, төбелері көкке екі елі жетпей қуанады. Нәрестеге ат ойластырып жүргенде, қиыр шеттегі Тасболат “Сәбиге Алан деген есімді беріңіздер” деген үшбу хат жолдайды. “Кұдай-ау, Аланы несі?» деп аңтарылған бәйбішесіне ақсақал “Онда тұрған не бар? Балам ол жақта аландап жүр ғой. Ендеше көңілін алаң қылмайық, айтқаны болсын”, - деп бір-ақ шешеді. Әйтсе де ежелгі сактардың дәуірінде “алан” атты рухы биік, жауынгер рудың болғаны ешкімнің де ойына келмейді.

Жігіттің жақсысы-нағашыдан

“Бақытсыздықтың артында қуаныш күлім қағады”, дейді халық даналығында. Осы баланың дүниеге келуімен камкөңіл күй кешкен Әбуғожиновтар отбасы Тасболат әскери міндетін өтеп, елге оралғанда, бір серпіліп қалады.

90-шы жылдардың ортасында Тасболаттың тасы өрге домалап, Екібастұз өңіріндегі айтулы азаматтардың біріне айналады. Иmandылық орындарына көмектесудің тамаша үлгісін де осы Тасболат көрсетеді. 2000 жылы ол өз қаражатымен Ақкөл ауылында Исабек ишан мешітін салдырады. Сонымен бірге Екібастұз қалалық мешітінің құрылысына да қомақты үлес қосады.

Тасболаттың имандылық жолындағы бұл игілікті істеріне Сауд Арабиясының королі ризашылық білдіріп, алғыс хат жолдайды. Араб мемлекеті королінің арнайы шақыруымен Тасболаттың ата-анасы Совет пен Гүлжиян Әбуғожиновтар Меккеге барып, Ақбар қажы атанады.

2007 жылы сәуір айында ақкөлдiктер төтенше қасiретке тап болады: ауылда 8 үй өртке оранады. Адамгершілікті ту еткен ағайынды Тасболат пен Бекболат қайырымдылық шарадан тыс қалмай, әр отбасына бір тоназытқыш, DVD, шаңсорғыш, телевизор және 100 мың теңгеден ақша береді. Тарихи деректерге қарағанда, Гүлжиян апамыздың арғы аталары - Абыз-Шомақ, тек ең әйгілі бай емес, би, көсем, қолбасшы ретінде қазақ халқының тарихында өшпес із қалдырған адамдар. Абайдың замандасы Нармамбет Орманбетұлы бір жиында қазақ данагөйлерін төмендегідей сипаттапты:

Дiн иесi Құнекен /Құнанбай/,

Ел иесi Қазекен /Қазанғап/.

Елдi аузына қаратқан,

Сөз иесi Сағекен/Сакқұлак/.

Атығай мен Қарауыл,

Оған жетер қай ауыл?

Абылайды хан көтерген,
Төрт құбыласы сай ауыл.
Батырсыз мейрам жай ауыл
Айтыңдаршы кімің бар
Абыз-Шомақтай бай ауыл?!- деген екен.

“Абылайды хан көтерген үш жүздің той-жиынында Абыз-Шомақ екі мыңнан аса сояр жылқы табынын, отар-отар ісек, қой айдап әкелген екен.

Күніне жылқының өзінен 90 ту бие, есепсіз қой сояды. Абыз-Шомақтың жомарттығына риза болған Абылай хан:

- Абыз-Шомақ маған айтар бұйымтайларыңыз, сұрақ-тілектеріңіз бар ма?- деп сұрапты.

“Тойда бұйымтай айтылмайды ғой, әйтсе де мал жайылымы өте тар, Аллаһ берген мал басы бар еді. Бізге Ертіс өзені бойынан малымызға жайылатын жер және жайлау, қыстық коныс берсеңіз екен”,- депті.

Абылай хан Абыз-Шомаққа Ертіс өзені бойынан “Ханкелді”, “Кенжебай”, “Шопы”, “Боқты көлін”, “Қарақұдық”, “Қараөткел”, “Сарыбай” жерін беріпті”. /“Руханият” газеті. №14, 15-31 шілде, 2006 жыл/.

Баянауланың Сабындыкөл басында қазақ-қалмақ соғысында жеңіске жеткен Сабалақ бағыр өзінің шын есімі - Әбілмәнсұр, әкесінің аты Көркем Уәли сұлтан екенін жариялайды. Сол жерде жиылған қауым оның “Абылайлап” жауға шапқанын ескеріп, есімі Абылай болсын, өзі хан болсын, ордасы Көкшетау болсын” деген пәтуаға келеді.

Бұл жөнінде Олжабай Сакқұлақ немересі “Сабалақ” поэмасында:

Баянаула Сабындыкөл басында,
Үш жүзге шықты Абылай хан сайланып.
Мәжіліс күткен сыйы, құрмет еткен жері -
Қанжығалы Абыз-Шомақ ауылында еді...

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Ж. Артықбаевтың “Қазақта Абыз-Шомақ мырзалар болған”

атты еңбегі әдеби туындыларда сомдалған бейнелерді тың деректермен, жаңа мұрағаттық материалдармен байыта түседі.

2005 жылы қазан айында Баянауылдың Сабындыкөл жағасындағы “Абылайжартаста” ”Абыз-Шомақтың” құрметіне тас белгі орнатылады. Тасқа “Бұл белгі 1734-ші жылы қазақ-қалмақтың соғысында ұлы ерлік жасаған Абылай сұлтанның құрметіне Қанжығалы руының билері Абыз бен Шомақтың Баянаулада өткізген шүлен тойын еске алуға арналады. Бабаларының ерлік және елдік істеріне риза ұрпақтарынан” деп қашап жазылған.

104 жас ғұмыр кешкен Боқты би Шомақұлы өз дәуірінде дәулетті адам болған деседі. Алып тұлғалы Боқты би әрі шешен әрі көсем болса керек. Заманында 12 әйел алған Боқтының ұрпақтары он екі рулы болып, мұсылман дінін таратқан. Боқтының әйелі Толғанай бәйбішеден туған балалары - Бейсембай, Сәлмен қажылар қасиетті Құранды жатқа білетін қарилар болған. Сәлмен қажының көріпкел, әулиелілігі туралы көнекөз қариялар жыр етіп етіп баяндайды

Қажылық сапар

1999 жылы Гүлжиян апа қажылар әулетіндегі үрдісті жалғастырып, Ислам дінінің ту тіккен жері-Сауд Арабиясындағы Мекке мен Мәдинаға барып киелі орындарға зиярат етеді. Гүлжиян апа қағба тасын сүйіп, Зәмзәм бұлағынан зәмзәм суын ішеді. Сағи-ас Сафа мен әл-Мәруә төбешіктерінің арасында жеті рет жүгіріп, Арафат күні Арафат тауына барады. Құрбандық шалады. Діни рәсімдерді адал көңілмен атқарғаннан кейін Минадағы үш жамратқа тас лақтырады. Меккеге қайтып келіп, соңғы рет әл-Қағбаны жеті рет айналып, тауаф әл-уадағ әдеп-ғұрпын орындайды.

Тағылымы мол өмір кешкен Гүлжиян Ханафияқызы зейнеткерлікке шыққан соң, қол қусырып отырмай,

мұсылман әйелдер лигасының мүшесіне кіріп, қоғамдық жұмысқа белсене араласады. Ұрпақ тәрбиесіне өз үлесін қосқан ананың “Ата-баба дәстүрін сақтайық”, “Сәбиді бесікке бөлеу”, “Қырқынан шығару, тұсау кесу”, “Балаңызға азан шақырып ат қойдыңыз ба?”, Қазақ халқының әдеп-ғұрып, салт дәстүрлерінен”, “Ерің - сенің пірің”, “Қыз жат жұртқа жаралған” атты мақалалары қалалық және облыстық, республикалық газеттердің бетінде жарық көреді. Гүлжиян апаның “Иманды отбасы болу - ақ некеден бастау алады” атты шағын кітапшасында да қыз-келіншектерге ой саларлықтай тәлімді дүниелер мол. Кітапты жылы қабылдаған көрермендерден Гүлжиян апаның атына алғыс хаттар ағылады.

Ойлап қарасаңыз, өмір - көзді ашып-жұмғанша өте шығатын қысқа кезең. Осы өмірді мәнді өткізіп, қарттыққа абыроймен жету - екінің бірінің пешенесіне жазылмаған.

Өмірде өз соқпағын салып, өзіндік қалыбын сақтап қалған Гүлжиян Ханафияқызы бүгінде қарттық белесті бағындырып отыр. Жақында шөбере сүйген Гүлжиян апамыз уақыт салған өрнектен тек қуаныштың іздерін көре білді. Апамыз сонысымен де бақытты.

Д. ЕРҒАЗИНА



Бірінші анам Накия



Екінші анам Шәмшикамар



Үшінші анам Шәрбан



Төртінші анам Шәкім



Бесінші анам Қамила



Алтыншы анам Бағила



IV таран

АРНАУЛАР






Пожелание

25 февраля 42 года
Тепла и солнца ждала земля,
Ждала перемен природы.
Три дня до весны и рукой подать.
Оно уже близко и близко,
Но мама больше не может ждать
Дочь родилась в Иртышке.
Родилась маленькая Гульжиян
В године лихой войны,
В степи бескрайней густой бурьян
Тревожные видит сны.
Спустя два года погибла мама.
В природе бывает так.
И жизнь заставляет порой упрямо
Всю волю собрать в кулак.
Уходит на фронт дорогой отец,
И дядя Кабыш заменил
Тепло двух родительских сердец,
Отдав много добрых сил.
В совхозе «Суворовском» детство прошло,
Всякое было в судьбе.
Начальная школа - хороший старт,
Спасибо за все тебе.
А вот 53-ий далекий год,
Совхоз «10 лет Октября»,
Судьба предлагает еще поворот,
И вновь как всегда не зря.
Закончила школу без лишних хлопот,
На первое января
Вышла замуж на Новый год.
С Советом судьбу разделяя,
Счастливые годы, семейный очаг,
Любовью сердец обогрев,

Любви настоящей не стихнет никак
Считал Абгужинов Совет.
И вскоре родился сынок Тасболат,
Родители счастьем полны.
За ним появился родной Бекболат.
Надежды былой целины.
В шестьдесят шестом родилась Бибигуль,
Улыбкой весь дом озарив.
В семидесятом - малышка Айгуль
Родилась, сердца покорив.
В Иртышской больнице сестра Гульжиян
Работала, как могла.
В семьдесят втором в город Екибастуз
Дорога семью увела.
Начальник госстраха,
Большой новый дом
По улице Ермака,
И жизнь завертелась, забила ключом,
Порой оглушая слегка.
Как много в том доме
Встречали гостей,
Поили, кормили с душой,
Если среди них кто-то был холостой,
Играли и свадебный той.
Кайрат и Майра, Гулмайдан и Кайкен,
Дулат, Тлеуберди и Андрей
Во взрослую жизнь из родительских стен
Ушли как от лучших друзей.
Наш милый, любимый родной юбиляр
Отличницей в школе была,
Ее уважали и юный, и стар,
Такие вот были дела.
Любила вязать, вышивать кружева,
Искусно владела шитьём.

Весь день со светла болит голова,
Вот так до сих пор и живем.
Быть мамой и бабушкой, женой и сестрой,
Быть в жизни основой основ,
Хранить чистоту и блистать красотой -
Девиз юбиляра таков.
Родить и взрастить, обучить четверых
Достойных, послушных детей
Не каждому в жизни так сильно везет
В большом океане страстей.
Тринадцать внучат, самый старший Алан
Шестнадцать отмерил уже.
Уже повидал много западных стран
На юном своем рубеже.
Законный итог в жизни каждому дан,
К нему подошел юбиляр
Ислам, Ораза и великий Коран -
Вот высший таинственный дар.
Уже девять лет каждый год Ораза,
Священный и правильный пост.
К Аллаху свои обращаем глаза,
Он нас в этой жизни вознес.
Как мать и сестра и достойная дочь
Любила отца и детей,
В лихую годину беду гнала прочь.
Как выразить преданность ей?
Как маму, подругу, сестру и коке
Хотим выше солнца поднять,
Прильнуть к ее нежной и доброй руке,
Всем сердцем спасибо сказать.

Темиртас Курмангалиев



Анаға тілек

Соғыс жылы болатын - ақпан айы,
Күннен жылу тілеген жер қарайды.
Тоңы жібіп, сөгілгенде мұз көбесі.
Шақырып ерке көктем қол бұлғайды.


Тым жақын шуақты жыл мезгілінде,
Бір үміт бар ананың көңілінде.
Сәулелі ақ Ертістің жағасында,
Іңгәлап Гүлжиян апа келді өмірге.

Қайнаған соғыс жылдарында,
Шексіз дала боранның құшағында,
Үрей билеп, күдікті түс кіргенде,
Ілікті ана сұм ажал құрсауына.

Қарсы келер күш бар ма табиғатқа?
Жігерінді жанысың сын сағатта,
Әке болса аттанды қан майданға,
Кәрі-жасқа ес болды Кәбіш аға.
Өшірмей шамшырағын шаңырақтың,
Бел буды күш-жігерін аямауға.

Суворов кеңшарында балалық шақ,
Өтіп еді ұмытылмас қызықты сәт.
Алтын ұя мектебі ауылдағы,
Өмірдегі алғашқы баспалдағы.
Білім алып, өмірден орнын тапқан,
Шәкірттері сағынышпен еске алады.

Ал енді сонау алыс 53-ші жылдары,
Қазанның он жылдығы атындағы кеңшары.
Тағдыр бұрып тағы өмір ағынын,
Тарқағандай көрінеді қайғы-мұң.



Мектепті тәмамдады ойдағыдай,
Көңіл енді осымен жайланғандай.
Сол жылдың бірінші қаңтарында,
Отау тікті Советпен өзіне сай.

Отбасында бақытты шақ басталды,
Жетелейді үкілі үміт жастарды,
Махаббатты аялаған жұбайлар,
Оңашада жүрек сырын ақтарды.


Шыр еткенде Тасболаттай тұңғышы,
Бір - бірінен сұрасты жұрт «Сүйінші!»
Көп ұзамай келді өмірге Бекболаты,
«Атұстар» деп қуанған-ды үй іші.

Алпыс алтыншы жылы Бибігүлі туылады,
Күлкісімен қуанып бар жанұяны.
Жетпісінші жылы бүлдіршін Айгүлі,
Шалқытты шат көңілдей дарияны.

Ертістегі дәрігерлер ұжымында,
Қажымай еңбектенді Гүлжиян ана.
Жетпісінші жылдары отбасымен,
Орын тепті Екібастұз қаласына.

Отағасы көрсетіп тәжірибе, білімін,
Басқарды қаладағы сақтандыру бөлімін.
Орталықта бой көтерген жаңа үй,
Ұмыттырды өткен күннің белгісін.

Құт-береке орнағаны осы ғой,
Шаңырақтан арылмады жиын-той.
Салт бастыны жұптастырды эз ана,
Бойдақтарды үйлендіру сауап қой.



Қайрат пен Майра, Қайкен мен Гүлмайдан,
Дулат және Тілеуберді, Андрей де үй болған.
Жолы болып, өз бакытын тапқандар,
Құтты ұяны қарашаңырақ деп атаған.

Аяулы да қайырымды анамыз,
Қайратына әлі қайран қаламыз.
Құрметтейді үлкені де, кішісі.
Үлгі тұтар ортадағы данамыз.

Ою ойып, сырмақ сыру дәстүрін,
Игерді ол тігіннің де қыр-сырын.
Балаларды жеткізсем деп күні-түн,
Еңбектенді дамыл таппай, еш тыным.

Әйелдің бар міндетін мойнына алған,
Ел анасы жұртына болды қорған.
Адалдықтың ақ туын берік ұстап,
Ата -баба үрдісін жалғастырған.

Биікке қанат қаққан төрт перзенті,
Өнегелі әрі іскер боп ер жетті.
Зор үміті ата-ананың ақталып,
Саналы ұрпақ көсегені көгертті.

Тәңірі қолдап сүйді он үш немере,
Ең үлкені Аланы еді бөлекше.
Тәубә қылды Алла қуат бергенін,
Аралады талай батыс елдерін.

Бес парызын орындаған ананы,
Жаратқан ием желеп-жебеп қолдады.
Қажылыққа барғандағы сапары,
Сәтін салып, шын ниетін оңдады.

Ардақтап балаларды, отағасын,
Берік қылды үйінің босағасын.
Тағлымды ғұмыр кешкен Гүлжиян апа,
Ақтады ата-ененің оң батасын.

Күн нұрындай жақсының жақсылығы,
Шуақ төкті айналаға мейірімді үні.
Бас иеміз ана деген құдіретке,
Құтты болсын мерейлі туған күні!

Аударған Юлат Жұмаділов

Бесік жыры

Шөберем толды бір жаска

Тұңғыш менің шөберем,
Жүрегімде бір жүрген.
Жанарыңнан нұр ойнап,
Қабағыннан күн күлген.
Қайың ба екен, тал ма екен,
Шекер ме екен, бал ма екен.
Бұл дүниеде Иасиндей,
Тәтті бала бар ма екен?
Мойыныма асылған,
Қоңыр козым - Иасинім.
Сипайыншы басыңнан,
Сүйейінші бетіңнен.
Мұрын, көзің, құлағың-
Сұлуын-ай бәрінен.
Айым, күнім, шуағым,
Жұлдызым менің, жарығым.
Өзіңсін менің өленім,
Айналайын, Иасинім.
Жұбанышым күн-түні,
Қуанышым, үмітім.
Шөберем менің, Иасинім,

Айдын көлдің құрағы-ай,
Жанарымның шырағы-ай,
Былдырлаған тілің-ай,
Желкілдеген гүлім-ай.
Жүрегімнің жылуы-ай,
Жан сезімнің тұнығы-ай.
Желбіреген тұлымың,
Сыңғыр қағып тұр үнін,
Құмарымды қандырған,
Құртақандай құлыным.
Қылығымен алдайды,
Тілі тәтті балдай-ды.
Әжесінің сонынан
«Кәмпит бер» деп қалмайды,
Қызғалдақтай қаулаған, асқар тауым,
Айналайын шөберем,
Әжесінен аумаған.
Балдай тәтті балдырған,
Сүйсе мейір қандырған.
Жалығатын емеспін,
Саған айтар ән-жырдан.

Ұлы әжесі Гүлжиян

Тойға тарту

Ағамыз жасап отыр бір қызық той,
Шөберені көрген де бір қызық қой.
Немере де оқуды тәмамдапты,
Құдай берген бұл да бір ырзық қой.

Тойыңыз құтты болсын, Совет аға,
Бір сөзбен айтып болмас сіздің баға.
Құдайға ниет қылған шын жүрекпен,
Қожаның тұқымысыз жетпес баға.

Кешірімді, кең пейіл Совет аға,
Айтқан сөзі кетпейтін айдалаға.
Денсаулық пен зор бақыт мен тілеймін,
Жол да болсын жүретін ойдағыдай.

Тасболат пен Бекболат қос қанатын,
Табыс тауып елді де басқаратын.
Тәуелсіздік келген соң құдай берді,
Кезің жоқ дұшпандардан жасқанатын.

Алланың ризығы таусылмасын,
Ауру-сырқау ешқашан қаусырмасын.
Парасат, иман және тәубе болып,
Алланың сізге, бізге нұры жаусын!

Игі тілекпен інііз Жұмағали Қоғабаев

Мәдина мен Меккенің өзін көрдім

Жолыңыз кейінгіге үлгі болсын,
Имандылық ниетіңіз кабыл болсын.
Жақын-туыс, балалардың ортасында,
Өміріңіз қайырлы, құтты болсын.

Мерейтойың алдағы бола берсін,
Қуанышты жанұяң көре берсін.
Немере, шөберелер үйге толып,
«Әжелеп» әрқашанда соңына ерсін.

ҚАЙРОЛЛА, КҮЛБАРАМНЫҢ тілегі сол,
Ниет, тілегіміз өздеріңмен бірге болсын!

Қарт ұстаз Қайролла Қостанбеков

Асыл женеше

Мен бірде «Отарқа» газетін оқып отырып, Гүлжиян қажы Ханафияқызы жайлы мақалаға көзім түсті. «Кісі болар кісіні кісесінен танысың, кісі болмас кісіні мүшесінен танысың» деген халық мақалы Гүлжиян қажыға қаратып айтылған ба дерсің. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, мен де осы жеңгем туралы өз ойымды білдірейін деп едім.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Саясат күнде өзгереді, дін - мәңгілік» деген сөзі бүгінде канатты сөзге айналды.

2000 жылы Совет ағамыз бен Гүлжиян апамыздың балалары имандылық жолын ұстанғандықтарын көрсетіп, Ақкөл ауылында Исабек ишан бабамыздың мешітін ашты. «Адамның адамшылығы бастаған ісінен көрінеді» деп Абай ағамыз айтқандай, Тасболат пен Бекболат әлі күнге дейін сол мешітке қамқорлық жасап келеді. Бұл да болса азаматтықтың белгісі.

Анамыз дүниеден өткенде Әбуғожиновтар отбасы бізге демеу болып, қайғымызды бөлісіп, зират басына кірпіш әкеліп, анамның басын көтеруге көмектерін аямады.

Әкеміз ауырып, дәрігерде жатқанда да, қасына жиі-жиі барып, қалін сұрап, дәрігерлермен сөйлесіп, бізге ағалық қамқорлық көрсетіп, жанашырлық танытты.

Ата-анамыз бақиға озғаннан кейін бізді қайраттандырып, бауырларына тартты, жылы сөздерімен демеді.

Осындай имандылық жолмен жүрген бұл әулеттің ұйытқысы абзал ана Гүлжиян қажы. Жеңгеміз өте ибалы, инабатты жан.

Келінім Ғалия тиышталғанда шашуымен бірге қой сойып әкеліпті. Бұрынғының салт-дәстүрімен анамның шапанын қалап алды. Гүлжиян апаның шапанға қарап қалмағаны белгілі ғой. Бірге жүрген жастар, көрші-қолан жеңгеміздің қазақтың ежелгі дәстүрін жаңғыртқанын көріп, сүйсініп, риза болдық. Ойлап қарасам, біріншіден, шапанды балаларына.

немерелеріне ырым етіп алса, екіншіден ұлтымыздың дәстүрін жастарға үлгі-өнеге етіп көрсетті.

2006 жылы әкеміз Қаббар қожа қайтқасын Совет ағамыз «Мешіт бос қалды-ау, енді оған кім ие болады?» деп уайымдаса керек. Сонда Гүлжиян жеңгеміз «Қаббар ағаның балалары Кәкім мен Мырзағалиға айтып көрсейші, мүмкін әке жолын жалғастырар» деп ақыл қосыпты. Бірде маған Совет ағамыз қоңырау шалып: «Қалаға келгенде маған жолығып кет, бір мәселені шешу керек», - деді. Жолыққанда «Екі бауырыңмен сөйлесіп көр. Не айтар екен?» - деді.

Совет ағаның бұйымтайын жеткізгенде Мырзағали үй шаруашылығынан аса алмайтынын айтып, бірден бас тартты.

Кәкім «Қолымнан келсе көрейін. Келмесе мені қыстамаңыздар», - деп келісімін берді. Кәкім сол кездегі Екібастұз қалалық мешітінің наиб-имамы Қайролланың көмегімен әліппені игеріп, содан кейін «Мәшһүр - Жүсіп» атындағы мешітте үш айлық өтілімін оқып шықты. Қазір Кәкім Ақкөл ауылындағы Исабек ишан бабамыздың атындағы мешіттің имамы.

Біз кейде әке-шешемізді сағынғанда, ата-анамыздың көзін көрген, тумаса да туғандай болып кеткен ақылшы әрі қамқор Совет ағамыздың үйіне барып, жүздесіп, ұлағатты әңгімесін тыңдап, көтеріңкі көңілмен үйге қайтамыз.

Ағамыз да өз кезегінде телефон арқылы хабарласып, хал-жағдайымызды біліп жатады.

«Жақсыменен жанассаң, мейірімге толар жүрегің» демекші, мен қазақ әйеліне лайықты Гүлжиян жеңгеме басымды ие отыра, барша қазақтың қыз-келіншектері осы кісідей әділ, әдепті, мейірімді, қайырымды болса екен деймін.

Мерейіңіз үстем болып, абыройыңыз арта берсін, менің асыл жеңешем!

Қалимаш Қаббарқызы



1956 ж. 14 жаста



1960 ж. 18 жаста



1967 ж. 25 жаста



1987 ж. 45 жаста



2002 ж. 60 жаста



Медучилищенің І курс студенттері, 1-топ, 1967 ж.



Балаларға коммунистік тәрбие беруге арналған
ғылыми конференцияда



Екібастұз орталық емханасының қызметкерлері



Евпатория курорты 1976 ж.



2008 ж. Еңбек ардагері
Гүлжиян кажы



1980 жылы “Көгілдір Ыстыккөл” курортында



Адмирал Нахимов. 1976 жыл, Севастополь қаласы





Гүлжиян апа 1976 ж. Ялтада



1978 жылы Ташкентте



2002 жыл. “Мойылды” курорты



2009 жылы Жасыбайда





2009 жыл.
“Сарыағаш”
курорты



2009 жыл.
Бурабайдағы
Абылайхан
ескерткіші қасында



1978 жылы Бурабайдағы Жұмбақтаста



1973 жыл. Москва. Кремль





Солдан оңға қарай 1954 жылы 5-сыныпта класс жетекшіміз болған Мұнзия Садыкова (фото 2007 жыл), Совет кажы, мен, 1972 жылы Екібастұз медицина бірлестігіндегі әріптесім әрі сол кезде Екібастұз орталық емханасында басшылық қызмет атқарған Балжан Әкібайқызы



Баянауылдағы Әлкей Марғұланның 100 жылдық тойы





Жандарбек атаға 100 жыл. Ақкөл ауылы



Әлкей Марғұланның 100 жылдығында ата-бабасының зиратының басында құран оқылды. «Степной» совхозы



2003 жыл. Кіші Ассамблея мүшелері «Достық» үйінде



2006 жылы Астанада



2004 жылы Наурызда «Нұр» емханасы тіккен киіз үй



Ертіс ауданына 80 жыл



Мәшһүр-Жүсіп кесенесінің ашылуы



Әлем
қазақтарының
I Құрылтайына
қатысқан
мемлекеттердің
тізімі көрсетілген
ескерткіш-белгі.
Астана - 2006
ж. “Бәйтерек”
монументі

СӨЗ СОҢЫ

Өзім жайлы жоғарыда жеткілікті деректер келтіргендіктен, көзі қаракты оқырман менің жүріп өткен жолыма, қандай өмір мектебінен өткеніме өз бағасын бере жатар деп ойлаймын.

Тірлік болған соң өмірдің күнгейін де, көлеңкелі жақтарын да көп көресің... Сірә, тіршілік тауқыметін ерте тартқандар қамшы сабындай қысқа ғұмырдың мән-мағынасын төрт құбыласы түгел, қайғысыз-мұңсыздардан гөрі тереңірек ұғады, білем. Таршылық, жоқшылық адамды шынықтырады ғой. «Адамның басы - Алланың добы» демекші, алты шешенің тәрбиесін көру де - әу баста менің пешенеме жазылған тағдырым болса керек. Осы орайда қалыптасу жолымдағы айрықша із қалдырған кейбір оқиғаларға тоқталуды жөн көрдім.

Мен сұрапыл соғыстың өршіп тұрған кезінде - 1942 жылдың 25 ақпанында дүниеге келіппін.

Әкемнің жақын туысы Кәбіш атам оң қолына оқ тиіп, саусақтары бүрісіп, соғысқа жарамсыз ретінде елге оралады. 1933-34 жылдары Сапия деген әйелі мен екі баласынан бірдей айырылған Кәбіш әкем кейін Әмина атты әйелге үйленіпті. Өкінішке қарай, Әмина ері от пен оқтың ортасында жүргенде, Суворов кеңшарының №1 бөлімшесінде тұратын жігітпен көңіл жарастырып, /аты-жөнін ұмыттым/ тұрмысқа шығып кетеді. Бір қызығы, Әмина шешеміз сол кісіден көрген 7-8 баласының бәрін Кәбіш әкемнің фамилиясына, яғни Баязитов етіп жаздырады. Соғыстан аман-есен оралған атам еңсесін түсірмей, қайта шаңырақ көтеріп, Шәкім шешеме үйленеді.

Ері майданда, өзінің аяғы ауыр Нақия екі жасар мені Кәбіш атамның қолына беруді ұйғарады. Мен Кәбіш атамның үйінде балалық бал дәурен шағымды алаңсыз өткіздім. Бастауыш сыныпты бітірген соң, сол ауылда оқуды әрі қарай жалғастыру мүмкін болмағандықтан Кәбіш әкем мен

Шәкім шешем мені амалсыз аудан орталығында тұратын әкем Ханафияның тәрбиесіне берді. Мен 1953-1954 оқу жылынан бастап, 1958-59 оқу жылында Ертіс ауданындағы Иса Байзақов совхозында М.Горький атындағы мектепте он жылдықты тәмамдадым.

2008 жылы Баянауылда тұратын Қазақ ССР-ның 10 жылдығы атындағы совхозда 5-класта оқығанда класс жетекшіміз болған /Қазан мұғалімдер институтының математика факультетін бітірген/ Мүнзия Садықовамен кездестім. 2008 жылы Баянауылға барып, 55 жыл өткен класс жетекшімді мұғалімдер күнімен құттықтап, немерем Жәмиланың орындауындағы «Ұстазым» әнінің дискісін сыйладым.

Бала болсам да әлі есімде, тар заманда әр үйге салық салынатын. Ел қолда бар тамағын, киім-кешекті көмек ретінде майданға жіберетін. Ауыл адамдары таңмен таласып, жұмысқа ерте барушы еді. Елдің тұрмысы өте жүдеу болатын. Қара жұмысқа көндіккен жұрт «Жеңіске жетеміз» деген үмітпен өмір сүріп жатты. Ол уақытта қолында барлар жылқысын, сиырын, өгізін арбаға жегетін. Жылына бір рет совхоздың директоры Штирлицтің машинасындай «Пикаб» автокөлігімен ауылымызға келіп-кететін.

Сондай-ақ ауылымыздағы Шәмен атаның Алматыдағы інісі «Волга» машинасымен ауылға қонаққа келетін. «Алматыдан қонақ келді» дегенде, біз, бала-шаға бірдененен құр қалғандай, сол үйге баратынбыз. Шәмен атаның бәйбішесі балалар дәмін татсын деп бүтін алманы төртке немесе сегізге бөліп, бәрімізге үлестіріп беретін. Сол кездегі алманың дәмін-ай! Тіл үйіреді.

Екінші оқиға. Ауылдағы жалғыз велосипед Аушахман молда атамыздың үйінде ғана болды. Атамыздың балалары велосипедті тепкенде, мен соңдарынан жүгіріп отыратынмын. Патефонды да мен алғаш рет атамыздың үйінен көрдім. Үйіне барғанда, үстелдің үстіндегі темір жәшіктен

кісінің сөйлегені, әдемі ән естілетін. Мен бастапқыда ан-таң қалып: «бұл адам қай жерден сөйлеп тұр?» деп үстелдің асты-үстіне үнілетінмін.

Атамыз Қызыл империяның дүрілдеп тұрған кезінде имандылық жолын ұстанып, бес уақыт намазын қаза қылған емес. Атамыздың Шитім, Шәрипа, Ажар, Мәриям атты төрт әйелі бір шаңырақтың астында тұрды. Бүгінде атамыздың Нұрғайша, Биғайша атты қыздары Ертісті мекендейді.

1949 жылы 1-класка бардым. Ол уақытта 1-3 класс, 2-4 класс бірге оқитын.

Еңбекке тәрбиелеуді мақсат тұтты ма, жазда оқушыларды егіс алқабына апарып, арам шөп жұлдыратын. Үш бұрышты өлшеуіші бар бригадир бізге «Мынау бидай, оны жұлма, мынау арам шөп оны жұлғындар» деп көрсететін.

Күзде бидайды орып, желге ұшырады, бізге үйілген бидайдың шетіне жиналған шөп-саламды сыпыртатын. «Осы жұмысты істесеңдер, еңбек ақыларыңды төлейміз» деп бізді алдаусырататын. Темкен деген бухгалтер біздің үйімізбен көрші тұрды. «Темкен есепші ақша береді» дегенді естіп алған мен күнде үйіне барып, «мен қанша ақша таптым» деп маза бермейді екенмін.

Егінді орған соң, ересектер масақ теруге барады. Мен де үлкендерден қалыспай, масақ терісуге барамын да, шашып-төгіп бес-алты масақ теремін де, үйге келген соң, бәрін өзім тындырдым деп мақтанады екенмін. Масак теру - бір бейнет. Шешем масактан алған бидайды кептіреді, құс жеп кетпесін деп, маған күзеттіріп қояды екен. Масакты аяғына дейін күзетуге шыдамым жетпей, мен ойнап кетеді екенмін. Осы үшін анам талай рет сазайымды берді.

Ол уақытта әр үйде тастан жасалған диірмен болатын. Атам диірменді шыңдап береді де, апам диірменмен ұн тартып, нан пісіретін. Кәмпит, қант деген тапшы. Апам жұмсақ етіп собалақ пісіріп береді. Мен оны білегіме іліп алып, шетінен тістеп жеп жүретінмін.

Бүгінгідей молшылық қайда. Қыс уақытында бір-екі отбасы бір тайыншаны, жылқыны 4-8 үй бірігіп, бөліп алатын. Сонын өзінде ағайын-туыстардың бір-біріне деген пейілдері түзу еді. Барға шүкіршілік етіп, үлкендерге сыбаға жіберіп, балаларға бүйрек пісіріп беретін.

Бірде 2-класта оқып жүргенде, апам Қызыл сарайда тұратын Рамазан атама «Атаңа сыбаға апарып бер» деп мен арқылы беріп жібергені есімде. Адамдардың көңілдері таза болғандықтан ба, үйлерінен құт-береке арылмайтын.

Мен туған анамнан ерте көз жазып қалсам да, Кәбіш атам мен Шәкім шешемнің арқасында жетімдіктің не екенін білмей өстім. Балалыққа салып, тентектік көрсеткенімде, үлкендер «Мына баланы отқа, суға түсірмей, қалай өсіріп жатырсыңдар» деп бастарын шайқайтын.

1945 жылы еліміз фашистік Германияны тізе бүктіріп, көп кешікпей өз әкем Ханафия елге жеңіспен оралды. Кәбіш атамның үйіне келген әкем көп кәмпит-тәттілер, маған сұр түсті неміс пальтосын әкелді. Мен осы пальтоны 10-11 жасқа дейін кидім. Папам Кәбіш атамның үйіне жиі келетін. Әр келген сайын мені бауырына басып, айналып-толғанып, таң атқанша құшақтап жатады.

Әке жылуына, мейіріміне бөленген мен сол сәтте өзімді шексіз бақытты сезінетін едім.

1960 жылы 1 қаңтарда ата-аналарымыздың келісімімен Ертіс ауылында тұратын Совет Жанкелдіұлымен шанырақ көтердік. «Тас түскен жеріне ауыр» деген ғой. Ақ батамен босаға аттаған соң, келін боп түскен жеріме тастай батып, судай сіңуге тырыстым.

1967 жылы Ертістегі медициналық училищеге түсіп, оны үздік бітірдім. 1969 жылдан 1972 жылдар аралығында Ертіс аудандық ауруханасында, 1972 жылдан 1993 жылға дейін Екібастұз медицина бірлестігінде қызмет істедім. 1993 жылы зейнеткерлік демалысқа шықтым. Еңбегім жанып, «Еңбек ардагері» медалімен, бірнеше рет Құрмет грамоталарымен



марапатталдым.

2002 жылы Мұсылман әйелдер лигасында басқарма мүшесінде, 2007 жылдан Әжелер тобындамын. 2007 жылы «Екібастұздың 50 жылдығы» медалін тапсырды.

Біз осы уақыт аралығында төрт бала: екі ұл, екі қыз өсіріп, ұлды ұяға, қызды кияға қондырдық. Бүгінде осы балалардан 13 немере-жиен, 1 шөбере сүйдік.

1999 жылы қажылыққа барып, мұсылмандықтың бес парызының бірін өтедім. 2002 жылы Мұсылман әйелдер лигасында мен жалғыз қажы едім. Қазір 6 қажы бармыз.

Лиганың Жарғысымен танысып отырсам онда «Лига мүшесі шариғатты, неке қиюды, ұлттық салт-дәстүрлерімізді насихаттау қажет» деп жазылыпты. Жарғының мәтіні маған да ой салды. Міне, содан бері қалалық «Отарқа», облыстық «Сарыарқа самалы», республикалық «Ислам және өркениет» газеттерінде «Араб елі», «Ерің - сенің пірің», «Қалжа», «Шілдехана», «Бесікке салу», «Тұсау кесер», Азан шақырып, ат қойдың ба?», «Сүндетке отырғызу» тақырыптарында мақалаларым жарық көрді. Жас жұбайларға тәлім-тәрбие, кеңесші болсын әрі елу жыл отасқан жұбайлардан жастарға естелік болсын деген мақсатпен жоғарыда аталған мақалаларымды жинақтап, 2003 жылы «Иманды отбасы болу - ақ некенің бастауы» деген кітапшаны бастырып шығардым. Кітапшаның орысшаға аударылып, толықтырылған нұсқасы 2010 жылы қиғтар айында жарық көрді.

Гүйіндей келгенде айтарым, 2010 жылы Совет отағасы екеуіміздің бір шаңырақ астында тату-тәтті ғұмыр кешіп жатқанымызға жарты ғасыр толды. Аллаға шүкір, балалардың арқасында жастайғы бейнеттің қартайғанда зейнетін көріп, өз өмірлеріне шүкіршілік қылып, әдемі қартайып отырған бақытты отбасылардың біріміз. Біздің мақтанышымыз - балаларымыз ата-аналарына тарту ретінде «алтын тойымызды» атап өтпек. Той-байлыққа мас болып,



барлыққа тасығаннан жасалмайды, көпке - үлгі, жастарға өнеге қылып айта жүретіндей тәрбиелік мәні бар шара. Бұл тойды қанаттыға қактырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсірген перзенттерінің ата-анаға деген құрметі мен алғыс сезімінің шынайы көрінісі деуге де болады.

Өмірдің өткелдерінен жұбымыз жазылмай, сүрінбей өтсек те, уақыт шіркін жүзімізге өз өрнегін салып үлгерді.

Аллаға шүкір, тағдырыма ризамын. Кеңес үкіметі кезінде кәсіподақ ұйымы демалысқа шыққанда денсаулығына қарай шипажайларға жолдама беруші еді. Сол жылдарда біз Қырымда, Севастопольде, Симферопольде, Ялтада, Алуштада, Алушкада, Горзуфта, Кавказда, Мин. Воды, Питегорск, Кисловодскіде. Украинада, Миргородта, Кабардино-Балқарияда, Киргизияда, Голубой-Иссыккуль, Алтайда. Белокураихада бірнеше рет демалуға мүмкіндік алдық. Москвада ВДНХ-да Арасан-Капал, Барлық Арасанда. Алакөлде, Сарыағашта бірнеше рет, Өскеменде «Уба» шипажайында, 1991 жылы еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін шетелге шығу мүмкіндігіне ие болдық. Балалар Чехославакия, Филиппин аралдарына, мұсылманның 5 парызының бірі қажылықты өтеу үшін екі рет Сауд Арабиясына жіберді. Міне, 50 жылдық отасқан тойымызға 4 қасиетті жерге жолдама берді: Түркияда Ахмет Солтан мешітінде болып, Палестинада әуедегі тасты тамашалап, Израилда Өлі теңізге шомылып, Иордан өзенінде беті-қолымызды шайдық.

Кеңес үкіметіне, тәуелсіз Қазақстан Республикасына, балаларымызға, Аллаға ризамыз, тәубе, рахмет. «Таршылықта жеген құйқаның аузыңнан дәмі кетпес». «Таршылық адамды шынықтырады, баршылық адамгершілікті ұмыттырады» дегендей, қазір баршылықта өмір сүріп жатсақ та, таршылықта шыныққанымызды ұмытқан емеспіз.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ.....	3
Қыпшақ Алдеке Қожекелер шежіресі.....	7

I ТАРАУ

Қалыптасу жолында

Бірінші бөлім

Анам Нақия.....	10
-----------------	----

Екінші бөлім

Нағашым Ақпан.....	15
--------------------	----

Қанжығалы Абыз-Шомақтың шежіресі.....	17
---------------------------------------	----

Үшінші бөлім

Түп қазығым - өз жұртым.....	19
------------------------------	----

Әкем Ханафия

Төртінші бөлім

Сүйеу болар бауырың, сыздағанда балтырың.....	69
---	----

Бесінші бөлім

Өкіл әкем Кәбіш пен Шәкім анам жайлы.....	74
---	----

Шежіре.....	97
-------------	----

Алтыншы бөлім

Шаңырағым шаттық мекенім - қайын жұртым.....	100
--	-----

Жетінші бөлім

Балаларым - қуанышым, бақытым.....	156
------------------------------------	-----

II ТАРАУ

Шетел сапарындағы жолжазбалар

Сегізінші бөлім

Құпиясы көп Филиппин аралдары.....	206
------------------------------------	-----

Тоғызыншы бөлім

Сауд Арабиясы.....	212
--------------------	-----

Оныншы бөлім

Мұсылманның бір парызы - қажылық.....	220
---------------------------------------	-----



Он бірінші бөлім

“Алтын тойға” тарту.....239

III ТАРАУ

Алты ананың тәрбиесін алған.....250

IV ТАРАУ

Арнаулар.....266

Сөз соңы.....291

